Гуманистік тәрбие гуманистік көзқарастың жалпы адамзаттық құндылықтарының әлеуметтік ұйымдастырылған интериоризация процесі ретінде қарастырылады. Гуманистік тәрбие айтарлықтай дәрежеде кәсіби-этикалық өзара жауапкершілік метақағидасының жүзеге асырылуымен де байланысты болғандықтан, жеке тұлғаның көзқарасы мен рухани дүниетанымына ықпал етеді. Мұның негізінде жатқан заңдылыққа сәйкес педагогикалық процесс қатысушыларының адамдардың тағдырына, қоғамның болашағына деген жауапкершілікті өз мойындарына алуға дайындығы олардың гуманистік өмір салтын ұстанып, педагогикалық этика нормаларын сақтайтындарын көрсетеді. Бұл қағида жеке тұлға педагогикалық процесте қалыптасқан жағдайлар ағысына көніп кете бермей, керісінше, бұл жағдайларды өзі жасап, өз стратегиясын алға тартып, саналы және жоспарлы түрде өзін-өзі кемелдендіре алатындай іште орныққан белсенділікті талап етеді.

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін реформалауда жаңа педагогикалық парадигмалардың ішінде гуманистік парадигма тұлғалық-бағдарлы дамыту тұжырымдамасын қолдайтын бірден-бір бағыт болып табылады. Бұл бағыт бойынша студенттердің гуманистік көзқарасын қалыптастыру шараларының күтетін нәтижесі тәрбие әрекеттерінің жалпыадамзаттық және табиғатпен үйлесімділігін қамтамасыз ету. Аталған шараны жүзеге асыру тетігі ретінде тәрбие мазмұнының құндылық негіздерін, яғни этникалық және рухани-мәдени құндылықтарды ұлттық ерекшеліктер негізінде анықтап жүзеге асырған дұрыс. Сонда ғана тәрбиенің өмірмен байланыстылық, сабақтастық, мазмұндық және жүйелілік принциптері жүзеге асады, күтілген нәтижеге қол жеткізіледі деп есептейміз.

Жеке тұлғаның бағдарлы дамуының табиғатпен және жалпыадамзаттық құндылықтармен үйлесімді қалыптасуы оның рухани дамуының көрсеткіші болады. Философиялық түсінік бойынша руханилықтың ең негізгі өлшемдерінің бірі – адамның жақсылыққа қарай талпынысы. Жақсылықтың ізгіліктік және гуманды сипаты туралы Қ. Әбішев былай дейді: «жақсылықтың ешбір айнымайтын өлшемі – адамдардың әлеммен қатынасында да, өзара қатынастарда да олардың ешқашан өшпес құндылықтар екенін мойындап, жалпы дүние болуының негіздерін сақтау, қастерлеу және оны бұзатын, оны былғайтын, оны тәрк ететін нәрсенің бәрін де жамандық деп қарау». Тәрбиенің гуманистік сипатын ашатын рухани құндылықтар ұлттық мәдениетпен ұштасқанда ғана жас ұрпақтың гуманистік көзқарасын қалыптастыру мүмкін болатындығы С.Ұзақбаева және К.Кожаметованың жоғары мектеп студенттері мен оқытушыларына арналған «Педагогикалық пәндерді оқытуда қазақ этнопедагогикасының материалдарын пайдалану» атты оқу құралында көрсетілген. Онда қазақ этнопедагогикасының тәлім-тәрбие мұраларының гуманистік сипатының

басымдығы «нағыз жігіт», «әдепті қыз» тұлғаларын қалыптастырудағы ізгіліктік мазмұнының ұлттық ерекшелігінен көрінеді.

Қазақ этнопедагогикасы негізінде қалыптасқан ұлттық педагогика жүйесі алдында тұрған ұлы міндеттерді іске асыру үшін, жеке тұлғаның стандартты емес, еркін тұлға түрде дамуын, оның талантын, білімінің мәнін ашу және ғылымның сырларына ену; «жоғары моральдікке, ойланып істеген істерге, сұлулыққа, жоғары рухани көздерге» ұмтылатын тұлғаның қалыптасу мүмкіндіктерін зерттеу; «ақиқаттың көптігін табиғи құбылыс ретінде тани білетін, басқаның көзқарасын сыйлай білетін тұлғаны тәрбиелеу»; сонымен қатар бұл педагогикалық құбылыстар бағынатын заңдарды зерттеу үшін кәсіби, ғылыми және халық педагогикасының рухани және өнімді «механизмін» қалыптастыру қажет деп саналып отыр.

Соның негізінде халық педагогикасының тәрбие құралдары арқылы әрбір адам ұмтылатын идеалды құрып қана қоймай, адамның күшті, ақылды, батыл болуының өте мәнді шарттары анықталуы қажет. Бұл шараға сәйкес халықтың тәрбие беру жүйесінің гуманистік дәстүрлері ғылыми педагогиканың дамуына оңды әсер жасауы тиіс.

Қазақстанда көп ұлтты мемлекет ретінде тәрбиенің барлық аспектілерін есепке алуы арқылы көп мәдениетті (полимәдениетті) азаматтарды тәрбиелейтін маманды толыққұнды дайындаудың міндетті шарты ретінде этномәдениеттің басқа ұлт мәдениеттерімен үйлесімді дамуының қажеттілігі өсіп отыр. Сол себепті елімізде ұлттық мектептің алдында тұрған мақсаттарға жету үшін келесі мәселелері қарастырылып отыр:

- теориялық негізделген дидактикалық жүйені құру, онда этносфера және адам... толық мазмұнында білім алып, ұлттық мәдениетті қайта жандандыруға көмектесуі тиіс; осы жүйенің негізі ретінде, мектептің этносоциуммен, этникалық диаспорамен ара-қатынасын іске асыратын жүйенің бөлігі ретінде оқулық-әдістемелік базаны түзу, ана тіліне, музыкалық, эстетикалық, көркемөнерлік-қолданбалы мәдениетке; тарихқа, дәстүрлерге оқыту және басқа да өз халқының басқа халықтардың мәдениетімен қатынасындағы рухани құндылықтарға тарту;

- тәрбиеленушілерге басқа халықтардың этномәдениеттік құндылықтары үшін білім алуларына мүмкіндік беру;

- әрбір этнос және барлық халық үшін толығымен тарихи құндылығы бар мейрамдарды өткізу процесіне балалар үшін ұлттық әдет-ғұрыпты игеруге мүмкіндік жасау.

Осы белгіленген мазмұнда бір жетекші орынды гуманитарлық пәндер алуы тиіс деп санаймыз. Адам өз бойында ұлттық мәдениетті алып жүруі тиіс және өзін-өзі халқының бір бөлшегі ретінде сезінуі қажет. Бұл жағдай түрлі тәрбие шараларында өз сипатын тауып, студенттердің гуманистік көзқарасын дамытуда құнсыз материал бола алады, мысалы: «Тәрбиелеу – құнсыз байлық», «Сәби - құндылық, бірақ одан да құндысы – оны тәрбиелеу болып болады» атты мақал-мәтелдер соның кепілі.

Халықтың идеалды адам туралы көзқарасын, жеке тұлғаның терең гумандық тәрбиесі және әлемді қабылдауының негізі қалыптастырылған, ол қазақ этнопедагогикасының дәстүрлерінде өзінің сипатын таба алады. Тәрбиелеудің халықтық дәстүрлерін зерттеу және ұғыну нәтижесінде гуманитарлық дайындаудың сапасын көтеру, болашақ педагогтің гуманистік көзқарасының қалыптасуына және дамуына көмектесу жүзеге асады, яғни Г.Н.Волковтың: «Зердесіз – дәстүр жоқ, дәстүрсіз - мәдениет жоқ, мәдениетсіз – тәрбие жоқ, тәрбиесіз - руханилық жоқ, руханилықсыз - тұлға жоқ, тұлғасыз – халық жоқ» деген ұлағатты сөздері гуманистік көзқарас қалыптастыру мақсатының ізгі ниеті екенін көрсетеді.

Қазақ жеріндегі дәстүрлі түркі мәдениетінің рухани байлығы ежелгі өркениеттердің мәдени құндылықтарымен астасып жатады. Сондықтан біздің аймақтағы дәстүрлі мәдениетке тән нәрсе тұлғаны абстрактілі нүкте ретінде түсінушілік емес, дәстүрлі өмірдің ағымын өзінде жинақтаушы терең күшке ие адам келбетінде қарастыру болып табылады. Бұл қоғамның нақты тұтастығын сақтау үшін қажет дүниелер еді. Әсіресе, үлкенді сыйлау сияқты әдет-ғұрыптар сол қоғамның ырғағын, тарихи тәжірибесін жандандырып отыру үшін қажет еді.

Осы дәстүрлі мәдениетке сай «Адам мен Әлем» қатынасын айқындайтын, даналық ұстанымдарына негізделген, дүниені рухани игеру формалары қалыптасты. Бұл құбылыс жайлы Ж.К.Қаракөзова мен М.Ш.Хасановтардың пікірі көптеген зерттеушілер үшін іргелі қағидаға айнала бастады. Олар: «Қазақ мәдениеті бұл - әлемді өзінше философиялық тұжырымдау, тереңдігі бойынша отырықшы мәдениеттерден кем түспейді. Бұл мәдениет өзіндік түсініктерден, бірақ түсінуге тырыскандардың бәріне ашық. Қазақтар өздерінің иемденгендеріне онша үлкен мән бермеген; өздерінің білімдеріне де, дүниетанымына да, өйткені әлемге философиялық қатынас олар үшін өмірлік қалып қана болатын».

Сондай дәстүрлі қоғамның құрылымының ғасырлар бойы шаңырағын шайқалтпай ұстап тұрған, халық мұраларының тарихи процесінде жоғалып кетпеуіне себепші болған құдірет – адамгершілік принциптеріне негізделген руханилық болатын. Гуманистік, этикалық принциптердің қазақ жерінде ежелден келе жатқан дәстүрі басымды рөлі жөнінде Қ.Ш. Нұрланованың еңбектерінде айтылған.

Қазіргі модернизациялану заманында қазақтың рухани құндылықтары сақталуы мүмкін бе? Әлде жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдылығын мойындап қана алға жылжуымыз керек пе? Міне, осыдан «Бізге қандай діл керек?» – деген сұрақ туындайды. Оған елбасымыздың «...бүгінде қазақ санасына ұялаған әлемдік ахуалдың қаншалықты маңыздылығына қарамастан, ең «басты діл» діни де емес, өркениеттік те емес, ұлттық діл болу керек», – деген пікірін келтіруге болады.

Жалпыадамзаттық құндылықтардың классикалық халықаралық жүйесі типологиясы бойынша С.Пеппер құндылықтарды әлеуметтік, мәдени, тұлғалық, биологиялық тірі қалу құндылығы деп жіктеп,

Парсонстың төрт саладан тұратын әлеуметтік іс-қимыл жүйесіне сүйенуді (мәдениет, қоғам, тұлға, ағза) жөн деп санайды. Р.Вильямс мақсат-құндылық пен құрал-құндылықтардан басқа, доминанта-құндылықтар болғандықтан, оларға бағынышты-құндылықтар болады деген пікірді білдіреді.

Ресчер ұсынған құндылықтарды анықтау типологиясын адамның әр түрлі қажеттіліктері, мүдделері мен қалауларына байланыстыра қалыптастырады. М.Рокич өзінің еңбектерінде құндылықтардың екі тобы бар екенін айтады: біріншісі адам көзімен көретін, нәрсе түріндегі құндылық болса, екіншісі әлеуметтік сананың, өзіндік сананың элементі ретіндегі құндылықтар.

Осы соңғы терминалды құндылықтардың ішінде интраперсональді, яғни адамның жеке басына байланысты (жанды құтқару, өмір мәні сияқты мәселелер) және интерперсональді, яғни әртүрлі топтарға бағытталған (әділдік, бауырмаластық сияқты мәселелер) салалар бар.

Біздің пайымдауымызша, осы терминалды құндылықтар жүйесі негізінен, қазіргі қазақ қоғамындағы рухани құндылықтар жүйесін құрайды.

Өйткені, құндылықтар жүйесінің әр түрлі элементтері болып есептелетін жеке, топтық, қауымдастық, жалпыадамзаттық құндылықтар иерархиясы - бүгінгі Қазақстан жағдайында белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік мәселе. Одан адамның жеке басының тұлғалық құндылығы жалпыадамзаттық құндылықпен сәйкес келіп жатса, онда әлеуметтік болмыста үйлесімді ахуал қалыптасар еді деген ой қалыптасады. Себебі, жалпыадамзаттық құндылықтар, шынайы діни құндылықтар сияқты (оларды дін атын жамылып, адамдарды алалауға, бір-біріне қарама-қарсы қоюға шақырып жүрген іс-әрекеттермен шатастырмау қажет) адамдардың «Эгосына», өзіміздікіне қызмет етпейді. Олар моральдық жағынан тазаруға, тәубаға келуге, гуманистік іс-қимылдарға шақырады. Ал жеке бастық немесе топтық құндылықтар (оның этникалық, әлеуметтік қауымдар, ұйымдар түріндегі формалары болсын) көбінесе өзінің шектеулі мүдделерін қорғау мақсатында қалыптасады. Сондықтан, олар өздерінің кейбір жағымсыз іс-әрекеттерін ақтап алуға бейімділік танытумен болады.

Міне, құндылықтар теориясының классикалық түсініктерінде де жеке тұлғаның гуманистік көзқарасын қалыптастыру оның рухани дамуының мазмұнына байланысты екендігі анықталынып отыр. Олай болса, зерттеу жұмысымыздың міндеттерінің ең бастысы халқымыздың рухани құндылықтарының мазмұнын анықтау болып табылады. Олардың ішінде қоғамдық формациялардың ауысу кезеңдеріне төтеп беретін бұлжымас, өзгермейтін құндылықтар болады. Сондықтан, рухани құндылықтарды адамның шынайы болмысының нығаюына игілікті әсер ететін, оның тұлғалық өзек болатын еркіндігін жасампаздықпен, шығармашылықпен паш етуге мүмкіндіктер ашатын Ақиқаттың нұрлы құбылыстары деуге болады. Рухани құндылықтардың материалды құндылықтардан айырмашылығы әрбір жанның ішкі әлеуетін ашуға көмектеседі, жалпы рухани үйлесімдікке қызмет етеді. Ол әлеуметтік дүниеден әділетсіздікті, үйлесімсіздікті күшпен емес, ыстық ықыласпен, жүрек жылуымен, нұрымен орнына келтіруге, түзеуге тырысады. Сондықтан оларды жалаң Зердемен, қарапайым логикамен түсіндіріп беру мүмкін емес болады.

Бұл ойдың негізгі тұптамасы Қазақстандағы халықтар арасындағы «өзара кірігу үрдісінің іргетасы ұлттық мемлекеттілік болып табылады», – деген тұжырымда жатыр. Әрине, енді ғана тәуелсіздігін алған ел үшін бұндай бағдардың тарихи-әлеуметтік қажеттілігі зор. Дегенмен де, ұлттық кейіппен, мазмұнмен қоғам дамуы, ділдің өрістеуі шектелмейтіні де белгілі. Сондықтан ұлттық діл жалпыадамзаттық құндылықтардан сусындап, ақиқаттың Шынайы рухани дамуымен астасып жатса ғана үнемі жаңғырып отыратынына күмән келтіруге болмайды. Бұл орайда адамзат тарихында өздерінің қайталанбас ізін қалдырған ғұлама ойшылдардың рухани мұрасын зерттеу және олардың тәлімдік ойларын жас ұрпақты тәрбиелеуде пайдалану үлкен маңызы бар әрекет болып табылады. Өйткені, Қорқыт, Асан Қайғы, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Иасауи, Махмуд Қашқари, Абай, Шәкәрім, т.б. сияқты тұлғалар өз заманының рухани байлығын өз дүниетанымдарында қордалайды, жүйелейді, халқына паш етеді.

**Омарова С. М.
Есеналина Н. Т.
Астана қ.**

ОҚУШЫЛАРҒА САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗУДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Мектеп әдістемесінде сабақтан тыс жұмыс екі бағытта жүргізіледі: оқу пәнімен байланысты және оқу пәнімен байланыссыз, сабақтан тыс түрі. Пән бойынша жүргізілетін сабақтан тыс жұмыс оны үйренуді тереңдете түседі. Ол оқушылардың сабақтан алған білімдерін толықтыра түседі, қосымша мәліметтер береді, сабақты түрлендіруге көмектеседі. “Бұл жұмыс кейде сынып оқушыларының жартысын ғана қамтуы мүмкін. Бірте-бірте ол басқа оқушылардың қызығушылығын да оятады” [1].

Сабақтан тыс жұмыстардың қай түрі де, бірдей бағдарламаны қажет етпейді. Ол оқушылардың күнделікті, ағымдағы қызығушылығын ескеріп отыру керек. Соған сәйкес мұғалім де сынып оқушыларының ынта-ықыласын бақылап, ескеріп отыру қажет.

Жалпы, сыныптан тыс жұмыстар мектептің пән бағдарламасын кеңейтуге, қосымша мағлұматтар арқылы оқушы танымын тереңдетуге бағытталады. Кез келген сабақтан тыс жұмыстар топтық, жеке, тұтас оқушылар санын қамти отырып, түрлі формада жүргізіледі. Ол үйірме, олимпиада, жарыс, сайыс, ойын түрінде өтеді. Оған қажетті жоспарлар мен көрнекілік-танымдық құрал-жабдықтар әзірленеді. Кейде театрландырылған көрініс түрінде де өткізіледі. Бұл жұмыс түрлерінде оқушылардың қосымша бейім-қабілеттері де көрінеді. Мәселен, сабақтан тыс жұмыстар үстінде, оқушылар көркем мәтіндер оқиды, жаттайды, рөлдік ойындар жүргізеді, газет-журнал материалдарын таңдайды, сурет салады, жұмыс жүргізілетін орынды безендіреді. Сонда, оқушы тапсырманы жауапты орындауға, ұжым ішінде жұмыс істеуге үйренеді.

Мұндай жұмыс процесінде оқушының жеке белсенділігі жоғарылайды. Мұндай пікірді зерттеуші – әдіскерлер Л.П. Аристова, Х.И.Лийметстер де білдіріп, оқушылардың белсенділігі мен мінез-құлқының қалыптасуына сабақтан тыс жұмыстардың мәні үлкен екенін айтады [2]. Оқушының оқыту процесіндегі және сабақтан тыс жұмыс үстіндегі белсенділігі, оның үлгеріміне де, мінез-құлқы мен қабілетіне де тікелей әсер етеді. Бұл жөнінде зерттеуші Д.Сейдуалиев мынадай тұжырым жасайды: «В структуре работы учение занимает определенное место процедуры, пронизывая при этом системы взаимосвязанных реакций каждой личности, осуществляемых ею в целях преобразования предмета учебного труда в конечный его результат. Поэтому не случайно учение трактуется как конкретная форма познавательной деятельности, в которой ученик наиболее полно может проявить свою способность и склонность, реальную учебную возможность и усидчивость в достижении намеченных целей предстоящей работы. Именно в процессе активного учения ребенок конкретно осознает значимость, ценность усваиваемых знаний как пути подготовки себя к труду и жизни» [3]. Сабақтан тыс жұмыс оқушылардың оқыту процесіндегі игерген білік-дағдыларын тереңдетіп, олардың қабілеттік мүмкіндіктерін, шығармашылық ізденістерін ұштауға негіз болатыны анық.

Әрине, сабақтан тыс жұмыс түрінде оқушының өз еркімен қызыға орындаған әрекеті алдыңғы кезекте болмақ. Оқу процесі, егер оқу материалының мазмұны оқушының таным белсенділігі мен өздік тұрғыда жұмыс істеуін жетілдірсе ғана тиімді болады. Мұғалімнің бұл кезеңдегі негізгі міндеті, ол оқушыға тапсырма мен іс-әрекетті тек қана ұсынушы емес, ол оқу жұмысының неғұрылым оңтайлы, күш пен уақытты соншалықты сарп етпейтін жайын назарда ұстауы тиіс. Бұны жүзеге асыру үшін мұғалім сабақтан тыс жұмыстың мазмұнын терең, мәнді етіп ұйымдастырып, оқушылардың тірек белсенділігін пайдалануы керек.

Осы ретте, оқушылардың ерікті түрдегі белсенділігі мен қызығушылығы жұмыстың нәтижелі болуына үлкен әсерін тигізеді. Оқушылардың сабақтан тыс ұйымдастырылатын ерікті түрдегі әрекетіне, олардың ішкі қажеттігі, қызығушылығы, мақсаты, қабілеті, ізденісі мен ұмтылысы қозғау салады. Сонда «ерікті түрде әрекет ету» деген сөздің мағынасы қандай болмақ. Бұған кең түрде, түрліше жауап беруге болады. Мәселен, «бұл алдына қойған мақсат-міндеттің айқын, әрекетті өз еркімен еш қиындықсыз орындау» десе, кейде «еріктілік – бұл өз еркімен, өз қызығушылығың арқылы» белгілі бір әрекетті, қанағаттана жүріп орындау дейді [4].

Қазіргідей ғылым-техника жаңалықтары дамыған қоғамда әрине, оқушыларды үйірменен, табиғат құбылысына бақылау жасап, саяхатқа шығумен қызықтыру күрделі. Алайда, оқушыға сабақтан тыс атқарылатын жұмыстың мән-маңызы тереңдей ұғындырылып, әр түрлі формада жүргізілсе, қандай да оқушыны қатыстыруға мүмкіндік бар. Бұл ретте, профессор Р.Г. Лемберг мұғалім тәрбие құралы мен әдіс-тәсілдерді дұрыс саралай алса, бұл жұмысты пайдалы түрде ұйымдастыруға болатынын айтады [5]. Оқыту практикасында кейбір мұғалімдер оқушыға сабақтан тыс жұмыс үстінде тым еркіндік беру, оқудың жүйелілігін, игеруге тиісті материалдық түсініктілігін төмендетеді дейді. Алайда, психологтар, кейбір мінез-құлықтағы, тәртіптегі ауытқушылық оқушыларға ерік бермеуден, еркіндікті шектеуден туындайды дегенге саяды. Шынымен де, оқушы, мұғалімнің басшылығымен сабақтан тыс тапсырманы орындап, оның нәтижесін бірлесе талқылап, мадақтау болса, оның көңілі өсіп, өзіне қанағаттанушылық сезімі оянбай ма? Ендеше, кез келген жағдайда, оқушыға тапсырма беріп, деңгейіне қарай талаптар қоюдан тартынбаған жөн. Сабақтан тыс жұмыс түрлерін мектеп, сынып ішінде де, одан тыс жерлерде де ұйымдастыруға болады. Соның ішінде экологиялық білім мен тәрбие мазмұнын қамтитын жұмыс түрі өзінің жан-жақтылығымен ерекшеленбек. Себебі табиғатты көзбе-көз бақылау, соған сәйкес әрекеттер атқару, табиғат аясында жұмыстар жүргізу, табиғатпен етене араласу, оны ұғып-түсінуге тиісті мағлұматтармен, материалдармен танысу - оқушыға аса қызықты болмақ. Онда оқушы бойында әсерлену, қызығу, болжау, бақылау, түсіну, қорытынды шығару сияқты тізбекті қасиеттер орныға түседі.

Табиғатты оқытып-үйретуде мұғалімдер тек қана сыныптағы сабақпен шектелсе, онда оқушылардың білімін бір жақты етеді. Ол міндетті түрде сыныптан тыс жұмыстың, мектептің негізгі міндеттерін шешуге көмегін тигізетін алуан түрлерін қолдануы тиіс. Оның сыныптан тыс жұмысының басты бағыты – бағдарламада қаралған білімді тереңдету, балалардың табиғатқа ұқыпты қарауы және оны пәрменді қорғауға тәрбиелеу. Сыныптан тыс экологиялық жұмыстар жүргізу үрдісінде қарапайым заңдылықтар анықталады, табиғаттың жекелеген түрлері мен құбылыстарының арасындағы байланыстар анықталады, сан алуан табиғат кешендері қарастырылады. Бұл жұмыс балалардың табиғаттың бір тұтастығы туралы түсініктерін кеңейтеді. Балалардың дүниетанымының, ғылыми көзқарасының дұрыс қалыптасуына жағдай жасайды.

Экология ғылымы – табиғат қорғау ғылымының негізгі бастау бұлағы. Табиғат қорғау ғылымын, оның қағидаларын, заңдарын, табиғатты өмірлік қажетімізге пайдалануды міндетті түрде орындауымыз қажет.

Экологиялық тәрбие беру мақсатындағы сыныптан тыс жұмыста оқушылардың пәннен алған білімдерін дамытуға және тереңдетуге, оқу іс-әрекетінде белсенділіктерін арттыруға, табиғатты қорғауға байланысты берілген экологиялық материалдарды меңгеруіне, оқушылардың табиғат құбылыстарына бақылау жүргізуіне, белгіленген әдебиеттерді оқуына мүмкіндік береді. Сондықтан тек қана кешенді түрде жоғарғы дәрежеде шеберлікпен ұйымдастырылған экологиялық мақсаттағы сыныптан тыс жұмыстар сабақ үрдісімен байланыстырылып жүргізгенде нәтижелі болады. Демек, мектеп қабырғасында оқушыларға табиғат экология жайында тиянақты білім беріп, оларды табиғат қорғау тәжірибесінен өткізсек, мақсат түбегейлі орындалады. Оқушылар саналы түрде өмір бойы табиғат қорғау ісімен айналысатын болады. Соңғы жылдары оқушыларға экологиялық білім беретін бағыттағы авторлық бағдарламалар орталық баспа орындарында жарық көре бастады. Мәселен, Т.В.Власова, В.А.Еремина, Г.Пристула жазған «Табиғат пен адамның өзара қатынасы», Ұ.Ә.Есназарованың «Географиядан экологиялық негіздегі бағдарлама», А.Н.Жировтың «Геоэкология» деген орта мектепке арналған авторлық бағдарламасы оқушыға экологиялық тәрбие беруде маңызды орын алады. Мазмұндық жағынан бір-біріне жақын аталған бағдарламаларда антропогендік ландшафт, геоэкологиялық, әлемдік және аймақтық мәселелері мен табиғатты тиімді пайдалану, табиғат қорларын игергенде қоршаған ортаны ластамау туралы түсініктер көптеген еңбектерде көрсетілген. Осыған байланысты оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беруде сыныптан тыс жұмыстарды мынадай бағыттарда жүргізуге болады.

Сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың экологиялық білім мен тәрбиелілігін қалыптастыру мұғалімнің жеке басына, оның жалпы кәсіби білімі мен шеберлігіне және сыныптан тыс түрлі көпшілік-қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру қабілетіне байланысты. Осылардың бәрі бір-бірімен үйлесімді, байланысты жүруі оқушыларға сыныптан тыс жұмыстарда экологиялық тәрбие беруге мүмкіндік береді. Оқушылардың экологиялық тәрбиелілігін қалыптастыруға бағытталған сыныптан тыс жұмыстың ішінде үйірменің орны ерекше, себебі экологиялық білім беру жүйесінде үйірме жұмыстары ерекше міндетті атқарады. Мынадай міндеттер оқу үрдісі мен сыныптан тыс уақытта экологиялық-теориялық оқып-үйренуге мүмкіндік туғызады:

- оқушылар теориялық материалды меңгергенде экологиялық және табиғат қорғау мәселелерін дұрыс бағалай алатын практикалық дағдыларын дамытуды ұйымдастыру;

- оқушылардың экологиялық қабілетін жетілдіре түсу үшін олардың әрқайсысының жеке мүдделеріне сәйкес көзқарастарын және іс-әрекеттерін іске асыруға мүмкіндік жасау;

Сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың экологиялық білім мен тәрбиелілігін қалыптастыру, мұғалімнің жеке басына, оның жалпы кәсіби білімі мен шеберлігіне және сыныптан тыс түрлі көпшілік қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру қабілетіне байланысты. Осылардың бәрі бір-бірімен үйлесімді байланыста жүруі оқушыларға сыныптан тыс жұмыстарда экологиялық тәрбие беруге мүмкіндік береді.

Осындай сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар барысында экспериментальды сынып "Біз табиғатты сүйеміз", «Табиғат – ана, мен - бала», «Ата-бабам табиғат туралы не айтты?», «Бөлме өсімдіктері», «Көкорайға бөленген мектебім» атты альбомдар шығарды. Мектептерде өткізілетін экологиялық мазмұндағы апталықтар мен кештердің негізгі мақсаты - қоршаған ортаны қорғау идеяларын кеңінен тарату, осы мәселелерге қатысты оқушылардың қызығушылығын ояту және оларды табиғатты қорғау бойынша практикалық істерге бағыттау. Сонымен қатар осы жұмыстың тәрбиелік мәні оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру екенін ұмытпауымыз керек. Тек экологиялық мәдениетті адам ғана қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты тиімді пайдалану мәселелерін шешуде ұрпақтарымыздың алдында өз жауапкершілігін сезіне алмақ.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімімен қабылданған «Қазақстан Республикасының Экологиялық қауіпсіздігінің тұжырымдамасы» //Егемен Қазақстан. – 1996. - 1-маусым.
2. Экологиялық жаршы. - 2002. - №7.
3. Сағымбаев. Экология негіздері. - Алматы, 1995.
4. Боголюбова С.А. Экология. – Москва, 1997.
5. Бродский А.К. Краткий курс общей экологии. – СПб, 1999.
6. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. - Алматы, 2000.

ЛОГИКО-АЛГОРИТМИЧЕСКАЯ ЛИНИЯ В КУРСЕ МАТЕМАТИКИ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

Одной из основных целей дисциплины математика является формирование и развитие мышления, прежде всего, абстрактного мышления, способности к абстрагированию, умения работать с абстрактными, неосознаваемыми объектами. В процессе изучения математики формируются и важнейшее качества личности. В частности, в наиболее чистом виде может быть сформировано логическое (дедуктивное) мышление, алгоритмическое мышление, многие качества мышления – такие, как сила и гибкость, конструктивность и критичность и т.д.. Среди общих целей математического образования центральное место занимает развитие абстрактного мышления, включающего в себя не только умения воспринимать специфические абстрактные объекты и конструкции, но и умение оперировать с такими объектами и конструкциями по предписанным общим и конкретным правилам. Необходимым компонентом абстрактного мышления является логическое мышление – как дедуктивное, в том числе и аксиоматическое, так и продуктивное – эвристическое и алгоритмическое мышление.

Формирование алгоритмической грамотности должно осуществляться на основе логических знаний и умений учащихся. Учитывая связи между элементами логической и алгоритмической грамотности, необходимо разработать план реализации логико-алгоритмической линии в курсе математики начальной школы. Для этого необходимо формировать и развивать у учащихся следующие умения: умение сравнивать, узнавать предмет по данным признакам, устанавливать отношение общего и частного, умение распределять предметы по определенным признакам на группы, умение получать умозаключение, обосновывать его. Для формирования алгоритмического мышления, его дедуктивной составляющей необходимо научить понимать сущность алгоритма и его свойств, наглядно представлять (изображать) алгоритм, познакомить с основными типами алгоритмов, развивать умение четко исполнять алгоритм, преобразовывать его, умение выбирать рациональный алгоритм, умение составлять алгоритм и проверять его правильность.


Рассмотрим возможности реализации логико-алгоритмической линии при изучении математики. Для уточнения смысла логических связей, знания точного смысла слов «и», «или», «все», кванторов «каждый», «некоторые» целесообразно использовать первые уроки математики при изучении раздела «Простейшие представления». С помощью контрольных вопросов, заданий выясняется, правильно ли учащиеся понимают смысл слов «и», «или», «все». Учащимся разъясняется смысл указанных слов с помощью различных слов к имеющимся рисункам. Например, верно ли, что все изображенные треугольники – красные, все круги – синие, некоторые квадраты – белые? Задания такого типа формируют умение правильно использовать слова «и», «или», «все», «некоторые». Для проверки понимания смысла введенных слов учащиеся могут дать интерпретацию для каждого из ответов и путем сравнения с данными рисунками указать правильный ответ.

Сравнивая рисунки, учащиеся овладевают приемом сравнения. Термин «сравнить» обычно используется в двух смыслах: для установления количественных отношений и для установления отношения сходства и различия объектов, групп объектов. Важно, чтобы учащиеся овладели приемом сравнения на качественном уровне. Задания на сравнение, определение общего или различного, можно усложнять, увеличив число сравниваемых фигур, число свойств у одинаковых фигур, выделяя общий признак группы предметов: форма, цвет, размер и т.д. При выполнении этих заданий путем анализа и сравнения фигур в каждой группе выделяют общие и отличительные признаки всех фигур.

Для формирования умения узнавать предмет по данным признакам полезны следующие задания: поиск соответствующих фигур в предложенном ряду и поиск недостающих фигур. В заданиях такого вида на основе сравнения и анализа выявляется закономерность в расположении фигур, чисел, исходя из которой формулируются существенные признаки искомой фигурой (числа) и в соответствии с ними указывается искомая фигура (число).


Общеизвестно, что развитие логического мышления связано с развитием речи. Поэтому при выполнении рассмотренных выше заданий важно научить учащихся уметь объяснять, как выполнено задание, в каком порядке, как сравнили фигуры, какой результат получили. Целесообразно также предлагать задания, в которых требуется найти ошибку при продолжении ряда фигур, чисел, при заполнении матриц, таблиц. Для формирования умения выделять ряд, вид, видовое отличие следует предлагать задания, устанавливающие отношения общего и частного. Известно, что результат действия во многом зависит от того, насколько человек осознает алгоритмическую сущность своих действий. С первых уроков учащиеся встречаются с алгоритмическими предписаниями в виде словесного описания: алгоритм перехода улицы, алгоритм распорядка дня и т.д. Учащимся доступны и другие способы описания алгоритмов: таблица, граф-

схемы, блок-схемы. При табличном способе задания указывается способ ее заполнения, что готовит учащихся к восприятию идеи описания циклических процессов. Алгоритмические процессы можно уже с первого класса рассматривать в виде граф-схемы, блок-схемы.



В этой простейшей линейной граф-схеме узлы фиксируют состояние алгоритмического процесса, а стрелки – производимые преобразования. В блок-схемах узлы обозначают прямоугольниками для описания выполнения действия.

Например, решение круговых примеров.



Задание круговых примеров в таком виде подготавливает учащихся к использованию граф-схем. Выполняя такие задания, учащиеся учатся соотносить схему с введенными обозначениями и убеждаются в том, что в зависимости от введенных обозначений меняется и конечный результат. При изучении темы «Сложение и вычитание в пределах десяти» можно использовать игру «Вычислительные машины», граф-схемы в виде дерева, характеризующие разветвляющийся процесс. При рассмотрении арифметических действий в пределах сотни, можно использовать блок-схемы, описывающие разветвленный и циклический процессы. Такие задания, связанные с наглядным изображением алгоритмов, способствуют совершенствованию вычислительных навыков и знакомят с различными способами задания алгоритмов. Для отработки особых случаев, например, действий с нулем и единицей, можно использовать граф-схемы, в которых числовые данные и некоторые отношения заполнены частично, что также совершенствует вычислительные навыки и является иллюстрацией такого свойства алгоритма, как массовость. При решении задач по данной граф-схеме можно интерпретировать задачу, составлять ее текст.

На протяжении всего периода обучения у учащихся формируются умения исполнять алгоритм, алгоритмическое предписание, умение преобразовывать алгоритм, выбирать среди них рациональный. Для развития умения составлять алгоритм и проверять его, необходимо формировать следующие умения: выявлять способ действия, выделять основные элементарные действия, планировать структуру выделенных действий, умение организовывать поиск данных, умение правильно записывать алгоритм. Все эти умения очень важны для изучения курса математики.

Например, выявление способа решения задачи важно потому, что большинство предлагаемых в начальной школе задач имеет алгоритмическую структуру и очень часто достижение результата действий зависит от того, на сколько решающий осознает ее. Эти же умения развиваются и при решении комбинаторных задач, которые обычно предполагают практическое выполнение. Особенность этих задач в том, что они имеют не одно, а множество решений, и при их решении необходимо осуществлять перебор в рациональной последовательности. При решении задач с недостающими данными, а также составлении задач самими учащимися, формируется алгоритмическое умение организовывать поиск данных.

Следует отметить, что для формирования логических и алгоритмических умений не требуется специальных уроков. Такая работа должна проводиться на каждом уроке при выполнении различных заданий, решений задач и примеров. Предлагаемые выше задания – лишь один из путей реализации логико-алгоритмической линии курса математики в начальной школе.

ШИЕЛЕНІСТІ БАСҚАРУ ӘДІСТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНУ

Күнделікті қарбалас тіршілікте болып жатқан құбылыстарға әрбір адамның өзіндік көзқарасы, таным-түсінігі болады және олар әркез бір-біріне сәйкес келе бермейді. Егер осы құбылыстар мен іс-әрекеттер белгілі бір әлеуметтік топтардың қызметіне тікелей қатысты болса, онда олар өз мақсаттарына орай қимылдауға көшерде істеген істері қарама-қайшылыққа әкеледі. Бір жақтың әрекеті екінші жақтың өз мақсатына жетуіне кедергі жасайды. Сондықтан екі жақ бір-біріне жаулықпен қарайды немесе екінші жақтың ісін ретсіз деп санайды. Өз кезегінде екінші жақ қарсы қимылға көшеді де, алғашқы жақтың іс-әрекетіне теріс баға береді.

Бір-біріне бағытталған осындай қақтығыстың нәтижесінде шын мәніндегі шиеленіс басталады. Шиеленісті мұзтаумен салыстыруға болады. Қарсы жақтардың іс-әрекетін мұзтаудың үстіңгі бөлігі деп қарасақ, сырт көзден жасырын жатқан, шиеленістің негізгі себептері мен мақсаты болып есептелген жайлар мұзтаудың суасты бөлігі ретінде қарастырылады.

Шиеленіске қатысушы бір жақтың амалдарын екінші жақтың өздеріне жасалған қастандық деп қарайтын іс-әрекеттің түрлері:

- өзге жақтың жоспары мен ниетінің іске асуына тікелей немесе жанама түрде бөгет жасау;
- өздеріне жүктелген міндеттемелерді орындамау;
- өз иелігіне жатпайтын нәрселерді басып алу немесе қасақана ұстап отыру;
- мүлкі мен абыройына тікелей не жанама түрде зиянқестік жасау (мысалы, абыройына тиетін өсек-аяң тарату);
- адамның қадір-қасиетін кемсіту;
- адамды өзі қаламайтын әрекеттер жасауға мәжбүрлеу немесе қорқыту;
- күш көрсету.

Жанжал тудыратын әрекет жасаушы тіпті біреуге қарсы іс жасап отырмын деп ойламауы да мүмкін. Ол өзінің іс-әрекетін қалыпты не кездейсоқ жағдай ретінде қарастырады. Бұндай жағдайлар ашық әңгіме тұсында айқындалады және жанжалды бәсеңдетуге септігін тигізеді. Ал кейде екі жақтың бірінің өз іс-әрекетін ақтау амалдары екінші жақтың сенімсіздігін тудырады. Қарсыласының ақталуын олар өтірік, қулық-сұмдық деп бағалайды да, қарым-қатынас одан әрі ушыға түседі.

Сонымен, шиеленісті қарым-қатынас дегеніміз - бірінші жақтың іс-әрекетіне екінші жақтың қарсы көтерілуі [1].

Шиеленіс жағдайында бір жақтың іс-қимылы екінші жақтағыларға едәуір әсер етеді. Оның мәнісі – екі жақтың бірі зиян шегуімен қатар, қарсыласына соққы беретін іс-әрекетті жоспарлай бастайды.

Шиеленіске қатысушылардың бір жағының іс-қимылдары екінші жақтың әрекетіне өзгерістер енгізеді. Осылайша, қарсылас жақтар бір-біріне әсер ете бастайды.

Шиеленіс кезеңіндегі қарсыластың ықпалы екінші жақты күйзеліске ұшыратады. Себебі ол екінші жақтың жоспарын, идеялар мен мақсаттарын жоюға бағытталады.

Шиеленістің ушығуына байланысты қарсыластың әсер ету қарқыны үдей түседі. Жанжалдың аса ушыққан кезеңінде жай уақытта көңіл бөліне бермейтін жайттар да адамды қатты күйзелтеді. Қарсыластардың бір-біріне әсері әрқилы формада көрінеді. Оларға еліктеу, сендіру, иландыру және т.б. қосуға болады.

Шиеленісті басқару (реттеу) дегеніміз – шиеленісті туындатуға себеп болған жайттарды жоюға не шектеуге, оған қатысушылардың мінез-құлқына түзету енгізуге бағытталған мақсатты іс-әрекет [2].

Шиеленісті басқару әдістерін бірнеше топтарға бөлуге болады.

Олар :

- тұлғашылық, нақтырақ айтқанда, жеке тұлғаға әсер ету әдістері;
- структуралық немесе ұжымдық шиеленістерді жою әдістері;
- тұлға аралық шиеленістерге қолданатын әдістер;
- келіссөз;
- агрессиялық қарсы әрекет. Бұл әдіс ең соңында, жоғарыдағы әдістер өз мүмкіндіктерін толық пайдаланып біткенде қолданылады.

Тұлға ішілік әдіс өзіндік мінез-құлықты дұрыс ұйымдастыра білуді, өзгенің көмегіне сүйенбей, өз пікірін жеткізе білуді қарастырады. Кейбір авторлар «мен - пікір айту» тәсілін қолдануды ұсынады. Бұл тәсілдің мәні – нақтылы бір затқа деген көзқарасын басқа кісіге ешқандай талап қоймай, оны айыптамай жеткізе білу. Сол арқылы оның пікірін өзгерту.

Бұл тәсіл арқылы адам өзгені жауықтырмай-ақ өз позициясында қалады. «Мен - пікір айту» тәсілі кез-келген жағдайда пайдалы. Ол, әсіресе адам ашуланып, разы болмай тұрғанда өте тиімді. Айта кетерлік жай, бұл тәсілді қолдану үшін белгілі бір дәрежеде тәжірибе мен дағдыны игеру қажет.

«Мен – пікір айту» - қалыптасқан жағдай туралы тұлғаның өз пікірі мен тілегін айтуына мүмкіндік беру. Аталған тәсіл, әсіресе біреуге өз ойын айтқысы келгенімен, ол қалай қабылдайды деп тартынып тұрған сәтте өте пайдалы.

Мысалы, таңертең жұмысқа келгенде жұмыс үстеліңіздегі қағаздардың шашылып жатқанын көрдіңіз делік. Сіз бұндай жағдайдың қайталанбауын қалайсыз, бірақ басқа қызметкерлермен арадағы қарым-қатынасқа сызат түспеу жағын да ойлайсыз. Бұндай жағдайда сіз: «Менің үстелімдегі қағаздарды әлдекімнің шашып кеткені жүйкеме тиеді. Бұдан былай қағаздарымның орын-орнында тұрғанын қалар едім» дейсіз. «Меннің» әлгіндегі мәлімдемені құрастыруы мынадай құбылыстардан тұрады: оқиға, индивидтің реакциясы, тұлға үшін тиімді нәтиже.

Оқиға. Қалыптасқан жағдай қолданатын әдіске байланысты субъективтік және эмоционалдық әсірелеусіз қысқаша сипаттама беруді қажет етеді. Сөйлемді былайша бастауға болады: «Маған дауыс көтергенде...», «Менің үстелімдегі заттарды шашып тастаса...», «Басшының шақырғанын маған жеткізбесе...» т.б.

Индивидтің реакциясы. Айналадағылардың кейбір ісі сіздің жүйкеңізге тиетіндігін ашық айту олардың сізді дұрыс түсінуіне көмектеседі. Ал сіз оларға қарсы шықпай «мен»нің атынан сөйлер болсаңыз, ондай реакция айналадағылардың мінез-құлқының өзгерісіне әсер етеді. Реакция эмоционалды болуы мүмкін: «мен сіздерге ренжідім...», «сіздер мені түсінбейді деп есептеймін...».

Тұлға үшін тиімді нәтиже.

Индивид шиеленістің қорытындысы туралы пікір айтқанда, бірнеше нұсқа ұсынғаны дұрыс. Жөнімен айтылған «мен-пікір айту» қарсыластың тек бұл жаққа тиімді жұмыс істеуін талап етпейтіндей болса, онда басқаша шешімдер жасаудың мүмкіндіктері бар екендігін білдіреді.

Структуралық (құрылымдық) әдістер.

Структуралық әдістер, негізінен шиеленістерге ықпал ету үшін қолданылады. Ұйымдық шиеленістер өкілеттілікті дұрыс бөлмеуден, еңбекті ұйымдастырудағы кемшіліктерден т.б. туындайды. Бұл әдіске жұмысқа қойылатын талаптарды түсіндіру, координациялық және интеграциялық механизмдер, жалпы ұйымдастыруға байланысты талаптар, марапаттау механизмін тиімді пайдалану жатады.

Жұмысқа қойылатын талаптарды түсіндіру.

Аталған әдіс шиеленісті болдырмау немесе оны басқарудың тиімді жақтарын қарастырады. Әрбір маман өзіне қандай талап қойылатынын, қандай міндеттерінің бар екенін, оған жүктелген жауапкершілікті өкілеттілігінің шегін, жұмыстың кезеңдерін айқын білуі қажет. Бұл әдіс қызметтік инструкциялар жасап, басқару сатыларына қарай жауапкершілігі мен құқықтарын бөліп көрсету арқылы жүзеге асады [3].

Координациялық механизмдер ұйымның құрылымдық бөлімшелерін пайдалана отырып, қажет болған жағдайда олардың арасындағы даулы мәселелерді шешуге араласады. Аталған әдістің мақсаты - жалпы ұйымдастыруға арналған талаптарды жасап, мақсатын белгілеу. Сонда қызметкерлердің барлық күш-жігері бірігіп, табысқа жетуге жұмылдырылады.

Марапаттау жүйесі.

Ынталандыру шиеленісті жағдайды басқару әдісі ретінде қолданылуы мүмкін.

Адамдардың мінез-құлқына тиімді әсер ете алса, ынталандыру әдісі арқылы шиеленістің алдын алуға болады. Маңыздысы - марапаттау жүйесі жағымсыз қылық жасағандарға қолдау көрсетпесе болғаны.

Тұлғааралық әдіс.

Шиеленісті жағдай басталар алдында немесе басталғаннан кейін оған қатысушылар әрі қарай жасалатын іс-әрекет пен мінез-құлықтың формасы мен стилін таңдап алады.

Психологияда кикілжің қарама-қарсы бағытталған, бір-біріне үйлеспейтін күштердің, пікірлердің, тараптардың, мүдделердің, мақсаттардың және олардың жетістіктерінің тәсілдері туралы түрлі түсініктердің қақтығысы ретінде анықталады.

Ұйымдағы шиеленістер кіші топтардағы сияқты ұйымның өмір сүру процесіндегі заңды да табиғи фаза болып табылады. Кез келген кикілжіңді талдау кезінде ұйымда кикілжіңге қатысушылардың мінез-құлықтарының шынайы мотивін ашу, олардың мүдделері мен мақсаттарын, кикілжіңді басқаруға болатын тәсілді табу қажет.

Шиеленістерді олардың ұйымға әсері бойынша және оларды шешу тәсілдері бойынша айырады. Сондай-ақ конструктивті шиеленістер де болады. Конструктивті шиеленістерді ұйымдастыру - өндірістік мүдделері саласында жүріп өтеді және ұйымның даму мәселелері мен принциптік жақтарын қозғайды.

Ұйымдағы шиеленістер өндірістік-ұйымдастыру, жеке-тұлғалық және мінез-құлық факторларының әрекетінен пайда болады. Шиеленістерді ұйымдастыру ұйымның талаптары мен лауазымдық және қызметкерлердің нақты мінез-құлқының талаптары арасындағы сәйкес келмеушілік көрініс бергенде пайда болады [4].

Сондай-ақ шиеленістер қызметкерлерге қойылатын талап нақты, айқын, қарама-қарсы болған жағдайда пайда болады. Ұйымдағы шиеленістердің басым көпшілігі басшылардың кінәсінен пайда болады, басшының лауазымдық міндеттерін тиімді бөлмеу, олардың орындайтын қызметі мен тапсырмаларының

көлемі мен сапасы, қызметкерлердің жеке қасиеттері арасындағы сәйкестікті қамтамасыз етпеуінен пайда болады.

Қызметкерлердің өндірістік міндеттерді жүзеге асыруына қатысуы шиеленістердің шиеленісуін төмендетеді.

Өндірістік шиеленіс көбінесе басқару мен еңбекті ұйымдастырудың төмен деңгейі нәтижесінде пайда болады. Өндірістік шиеленістерді жеңу жаңа техника мен жаңа әдістермен техжолына енгізумен байланысты.

Ұйымдағы тұлғалар арасындағы шиеленістер адамдардың мүдделерінің, көзқарастарының, дағдыларының келіспеуі, сәйкес келмеуі салдарынан, сондай-ақ біреудің әрекетіндегі немесе соған қатысты дұрыс емес түсініктер, өзара бағалаудағы айырмашылықтар, жеткілікті емес түсініктер салдарынан пайда болады.

Психологияда басқа адамдармен шиеленістерге баруды жасайтын мінез-құлықтың бірнеше белгілерінің бірнеше топтары болады, олар:

- өзінің мүмкіндіктерін дұрыс бағалау;
- мәселені шешу тәсілдері, көзқарастары, басқаға өз пікірін жазу;
- айналасындағыларды кінәлау;
- өзінің пікірі мен ойын айтарда ұстамсыздық таныту, шектен тыс принципшіл болу;
- консерватизм, ойлаудың тоқырауы, ескі дәстүрлер, сенім, тұжырымдарға «қатып» қалу;
- арсыздық, өзінің міндетін басқаларға айтуға ұмтылу, әріптестеріне көмектеспей;
- тұлғаның эмоциялық қасиетінің топталуы: бірбеткейлік, ызаланғыштық, өзімшілдік.

Даулы жағдайда мына төмендегідей даму сатысы бөлініп ерекшеленеді:

- карама-қарсы мүдделер, мотивтер, құндылықтар, мінез-құлық ережелері пайда болып, көрінеді.
- өздерінің мүдделері мен мақсатын дауға қатысушының сезінуі,
- дауды шешу немесе басқа деңгейге өту.
- дауласушы тараптарға қарай, ұйымдағы даудың жүру деңгейін аңғаруға болады.

Даудың табиғатына байланысты даулы жағдайды шешу мен дауды алып барудың психологиялық тәсілдері мен тиімді стилін дайындау қажет. Психологияда дауды шешу мен оны алып барудың бес стилі мен стратегиясы бөлініп алынған, Томас Килмен торы деп атайды [5]. Бұл модель 1970 жылы құрылған, оған төрт негізгі стилдер – бәсекелестік, бейімделу, әріптестік, бас тарту мен бесінші аралық стиль – компромисс жатады.

Ұйымдағы шиеленістер. Томас Кирмен торы.

Бәсекелестік стилі		Әріптестік стилі	Белсенді әрекет
	Келісімге келу стилі		
Бас тарту стилі		Бейімделу стилі	Пассивті әрекет
Біріккен әрекет		Жеке әрекет	

Шиеленісті жағдайдан шығу үшін алдымен оны туындатқан себептерді жою қажет. Олай болса, бұл міндетті тек ынтымақтасу стилі ғана толық жүзеге асыра алады деген қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер

1. Козер Л. Конфликт: протекание, способы разрешения, поведение конфликтующих сторон; П иностр. психология . Т.1. - М., 1993.
2. Панасюк А.Ю. Управленческое общение: Практические советы. - М., 1990. - 112 с.
3. Зигерт В. Шиеленіссіз басқару. - М., 1990. - 156 б.
4. Туксанбаев А. Қазіргі кездегі мектеп басшыларының басқарудағы негізгі міндеттері // Қазақ мектебі: Бүгінгі жағдайы мен даму болашағы. – Астана, 2002. - 107 б.
5. Конфликты в коллективах и пути их преодоления. Методические разработки. - Л., 1991. - 44 с.

ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН В ВУЗЕ

С конца 80-х годов советские подходы к преподаванию социально-гуманитарных дисциплин, основанные на марксистско-ленинской методологии, исчерпали себя, стали неадекватны социальной и политической реальности, мешали привитию гуманистических норм и ценностей современного образования. Легализации нового социально-гуманитарного знания способствовала и мощная волна культурно-информационных вызовов глобализации. Задачей социально-политического образования в первые постсоветские годы было формирование не просто специалиста, а гражданина демократического общества, способного самостоятельно, активно и ответственно действовать на разных социальных уровнях [1, 44].

Но уже с конца 90-х годов эта задача оказалась нивелирована. Правящие элиты, все более ориентирующиеся на подданническое политическое участие, оказались не заинтересованы в воспитании политически грамотных и потому неудобных для манипулирования граждан: наблюдается тенденция к уменьшению часов на социально-политические дисциплины, выведение их в новых ФГОСах из блока базовых в блок дисциплин по выбору. Способствовало этому и гносеологическая ситуация - по мнению экспертов, наиболее слабо познавательный интерес формируют учебники по лингвистике, религиоведению и политологии, а также по социологии и эстетике, а уровень доступности материала по этим дисциплинам не высок [2, 242-243]. С другой стороны, благодаря непрерывным и не всегда оправданным реформам происходит снижение качества образования, его фундаментальности, и попытки сохранить его уровень чаще всего требуют жертвовать объемами именно социально-политических дисциплин. Сами общественные процессы не стимулируют у студентов мотивацию в получении социально-политических знаний. А не мотивированный студент плохо осваивает информацию, не способен к творческому поиску, применению полученных знаний для критического анализа общественно-политических процессов. В этой связи возникает проблема актуализации получения социально-политических знаний, их популяризации в молодежной среде. Этой цели служит проблемно-ориентированный характер социально-гуманитарного образования, базовым принципом которого является ориентация на самостоятельную работу студентов и активные методы обучения [3]. Рассмотрим несколько методических приемов, которые могут быть полезны для решения указанной проблемы.

Одним из наиболее наглядных методов изложения материала является использование графических средств – схем, графиков, блок-схем, фигур, изображений, широко используемых не только в учебной практике, но и в научном познании (н-р, философский операционализм) [4]. Использование структурно-логических схем (СЛС) при изучении политологии и социологии – апробированный и хорошо зарекомендовавший себя метод, имеющий значительный методический и дидактический потенциал, особенно при применении современных технических средств (электронные доски и пр.). Использование СЛС систематизирует и дисциплинирует мышление, расширяет диапазон возможностей студентов для восприятия и усвоения учебного материала за счет стимуляции зрительной памяти, образного мышления, развивает системное мышление, формирует познавательный интерес и обеспечивает большую емкость запоминаемой информации за счет ее концентрации [5].

Моделирование общественно-политических ситуаций можно осуществлять в форме деловых игр (например, моделирование электоральных процессов, референдумов), переговорных ситуаций, анализа определенной социально-политической ситуации. В частности, для полиэтничного сообщества актуальны методы, формирующие толерантность межэтнической и межконфессиональной коммуникации и диалога культур. Именно социально-гуманитарные дисциплины, в первую очередь, должны выступать средством поликультурного и национально-ориентированного образования, которые являются взаимодополнительными в условиях глобализации и мультикультурального общества [6].

В связи с подключением Российской Федерации к Болонскому процессу, внедряется Интернет-тестирование как одно из условий аккредитации вузов. Среди многих недостатков тестирования, о которых говорят специалисты, один особенно важен именно для социально-политических дисциплин – он не способствует формированию навыков понимания и глубокого анализа социально-политических процессов. Кроме того, тестирование бессмысленно, если оно не обеспечено большим массивом тестов и соответствующим количеством компьютерных мест.

Интерактивные методы преподавания социально-гуманитарных дисциплин находят все большее применение в учебном процессе [7]. Практика подтвердила, что интерактивная версия проблемно-поискового метода в преподавании социально-политических дисциплин повышает мотивацию студентов к заинтересованному освоению учебного материала. Традиционные средства реализации этого метода могут быть дополнены различными тренингами, моделированием переговоров, выборов и т.п. Ряд материалов и

методических приемов в русле новейших педагогических технологий, повышающих эффективность преподавания (эссеистика, методы анализа текстов, ролевые игры, кейс-стади и др.), предлагаются украинскими коллегами [8].

Специалисты отмечают «слабую практикоориентированность» социально-гуманитарного знания, преобладанием когнитивных навыков в обучении над деятельностными [9, 193]. Представляется, что преподаваемые дисциплины в этой связи должны содержать актуальный проблемный материал общественно-политических процессов, дать «систему понятий, позволяющих адекватно объяснить и оценить меняющуюся социальную ситуацию» [10, 237]. Речь идет о формировании навыков критического мышления у студентов, осмысления основных ценностей современного общества на актуальных примерах, которые непосредственно затрагивают каждого из представителей молодого поколения (например, проблема коррупции, терроризма, социальной справедливости и т.п.). Использование метода конкретных ситуаций [11], несомненно, способствует повышению мотивации к изучению социально-политических дисциплин.

Было бы полезно чтение спецкурса по социально-политическому регионоведению (н-р, нами разработан спецкурс «Социокультурная и политико-правовая характеристика Северо-Кавказского федерального округа» для повышения квалификации служащих судов, или спецкурс «Политический процесс в современной России», читаемый для аспирантов. Подобная практика широко распространена на Западе, например, в США пользуется популярностью интегративный учебный курс «Переосмысливая Америку» [12, 24]. Подобные учебные курсы, помимо прочего, имеют задачу формирования гражданственности. По мнению А. В. Макарова, в России слабо реализуется воспитательный потенциал социально-гуманитарного образования, особенно если учитывать такую перспективную цель, как «формирование у выпускника компетенций гражданственности» [9, 194-195]. С одной стороны, «студенты не чувствуют необходимости воспитывать у себя гражданские качества» [10, 207]. С другой стороны, сложившаяся политическая система «суверенной демократии» и «вертикали власти» не позволяет в полной мере реализовывать на практике получаемые гражданские компетенции.

Жеке тұлғаның үйлесімді дамуына мүмкіндік беретін, білім ордаларында жоғары ізгілік мұраттардың ең құндысы – руханилық–адамгершілік тәрбие берудің ошағы «Өзін-өзі тану» пәні. Елімізде соңғы ширек ғасыр шамасында болған өзгерістер қоғамдық сананың барлық түрінің мазмұнына, рухани-адамгершілік бағдарларына өзгерістер енгізді. Бүгінде рухани қатер төндіретін түрлі факторлар мен құбылыстар: сырттан алып сын көтермейтін дүниелерді пайдалану, дәстүрлі емес діни ағымдардың етек алып еркінсуі; қатыгездіктің табиғи көріністері; өзге елдің салт-дәстүрлеріне еліктеушілікке жол берілуі, т.б. жағдайлар мұндай білім бағдарламасына мұқтаждық тудырды. Пәннің әр тарауы, әр тақырыбы болашақ ұрпақтың бойына рухани адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпыадамзаттық құндылықтарды, адамгершілік принциптері мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген. Осы пән арқылы студенттердің өз-өзіне қатынастары өзгерді, өзін-өзгелерді құрметтеу пайда болды.



«Өзін-өзі тану» білім бағдарламасын жүзеге асыруда түрлі әдістемелік тәсілдер, педагогикалық құралдар, ғылыми-әдістемелік қағидаттар қолданылады. Сабақ білімнің әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану сияқты түрлі салаларынан алынған мазмұнды материалдарға негізделіп құрылады. «Өзін-өзі тану» пәні жалпыадамзаттық адамгершілік нормаларын меңгеруге, қарым-қатынастың этномәдени дәстүрін ұғынуға, өзге адамдармен тіл табысу тәсілдерін үйренуге мүмкіндік береді. Мұның бәрі, тұтастай алғанда, дамыта оқыту міндеттеріне жатады.

Өзін-өзі тану сабақтарында мұғаліммен ашық диалог жүргізіледі, әлеуметтік-рөлдік ойындар мен тренингтерде адамдардың өзара қарым-қатынас әлемі зерттеледі, өмірлік бақылаулары бойынша пікір алмасады, қоғамға қызмет етудің практикалық дағдылары дамытылады.

Кім болса да жақсы өмір сүруге тырысатыны белгілі. Абай Құнанбаевтың «ақыл мен жүректі бірдей ұста» деген сөзінен жақсы өмірдің бейнесін көруге болады. Адамның адамға қажеттілігі оның бақытының кепілдігі іспеттес. Адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасау барысында өз бойларындағы қалыптасқан құндылықтарды көрсете алады. Адам өз күшіне сеніп, өз табиғатымен үйлесімділікте, сәйкестікте болғанда, өз ақылына жүгінгенде ғана бақытқа жетеді. Ақылды адамның жаны да, рухы да таза болады, олар өмір сүруден қорықпайды, — деп өзін-өзі тану сабақтарында студенттермен пікірлесу қажет.

«Өзін-өзі тану» пәні сабақтарында Абай Құнанбаевтың қарасөздерін, М.Әуезовтің, А.Ы.Алтынсариннің шығармаларын оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдердің бірі – «Даналық тағылымы» оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, оқу материалын эмоционалдық-бейнелі тұрғыдан қабылдауға ықпал етеді. Ы.Алтынсариннің «Әдеп» әңгімесінде бай:

— Тақсыр, осыншама біліміңіз бар ғалымсыз, сөйте тұра осындай бір мұжыққа бас иіп, неге сәлем бердіңіз? — деп сұрады. Сонда ғалым кісі тұрып:

— Ешбір ілім-білім үйренбеген сонша иіліп, әдептілігін көрсеткенде, мен онан әдепсіз болып қалайын ба? — дейді [2; 104]. Адамға қатысты өмірлік қандай да бір мәселені алсақ та, қарым-қатынас ұғымы бар. Адамгершілік тұрғыдан тәрбиелілік жақсы, жағымды қарым-қатынаспен, ал адамгершілікке жат қылдық, тәрбиесіздікпен, яғни жағымсыз қарым-қатынаспен астасатыны белгілі. Сондықтан да адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасау кезінде адамдық қасиеттерді құрметтеуі, қарым-қатынастың адамгершілік нормаларын сақтауы және оны қалтқысыз орындауы, ешуақытта ренжітпеуі, дөрекілік көрсетпеуі, ыңғайсыз жағдайға қалдырмауы, жылатпауы адамгершілік белгісін танытады. Адами қарым-қатынас жасау – адамгершілік белгісі екендігін түсіндіре келе, студенттерге тапсырма беруге болады. Әрбір топ мүшесі таза параққа өз бойындағы жағымды және жағымсыз қасиеттер мен мінездерді тізбектеп жазып шығады. Енді күнді бейнелеуге тырысады. Күн нұрының қысқа шуағы жағымсыз, ал ұзын шуағы жағымды қасиеттер болуы тиіс. Осылайша әркім өзіне сипаттама береді. Күн нұрының ұзын шуақтары мол болса, оның бетшесі де әдемі, ал олай болмаған жағдайда жағымсыз мінездерді жоюға күш жұмсалуды тиіс. Әрбір адамның жақсы қасиеттері болады, өз бойыңыздағы асыл қасиеттерді бағалаңыз және қабылдаңыз, ол қасиеттер сіздің өз күшіңізге сенімділік береді және қиын сәттерді жеңе білуге көмектеседі. Ешқашан өз қабілеттеріңізді төмендетпеңіз, — деп қорытынды жасалады.

Студенттерге бір-біріңізге қандай тілек тілер едіңіздер, таза параққа жазыңыздар деген тапсырма беріледі. Осыдан кейін төмендегідей сұрақтар туындайды: сіз өзіңізге не тілер едіңіз, басқаларға ше? Сіздің тілегіңіз сол адаммен алыс-жақын қатынасыңызды білдіре ме? Тілек тілеу арқылы ол адамға жақындығыңызды сездіруге тырысасыз ба, әлде шешендігіңізді көрсетесіз бе? Адамдар бір-біріне материалдық байлық тілей ме, әлде рухани байлық тілей ме?

Барлығымыз да жақсы адам болғымыз келеді. Біз жақсы ой ойласақ, ісіміз де адал болмақ, одан бақытқа толы өмірге аяқ басамыз, ал керісінше болса, бақытсыздыққа тап келеміз. Күнделікті таңертен ұйқыдан ояғанда: «Бүгінгі күнім ерекше болады», — деп ойласаң, көңіл-күйің де көтеріңкі болады. Студенттерді жағымды ойлауға үйрету, өзі туралы жағымсыз ойлардан құтылу, өзін сүю, өзін неғұрлым азырақ сынауға тырысу, өз бойынан жақсы қасиеттерді іздеу керектігін сабақта үнемі қолданғанда, студенттердің мінез-құлқын, тұлғалық қасиетін дамытады.

«Жарқын өмір игілігі – жақсылық» атты тақырыпты өткенде адами құндылық ретіндегі «жақсылық», «қайырымдылық» ұғымдарының мәнін ашу, адамның өзі мен оны қоршаған әлемді бағалау қабілетін дамыту үшін, студенттердің назарын ананың жүрегі, ананың мейірімі, ананың махаббаты, ана алдындағы парыз туралы мәтін үзінділерімен таныстырып, жақсылық жасап, қайырымдылық көрсетуді аналардан үйрену қажеттігіне аудару үшін, «Мейірімділікті анадан үйрен» дегенді қалай түсінесіздер? Анаға тағы қандай қасиеттерді қосып айтады? Табиғат, Жер ұғымдары неге ана түсінігімен қосарланып (Табиғат-ана, Жер-ана) айтылған? — деп сұрақтар беріп, «... жақсылық ...атаулының бәрі ананың ақ сүтінен тарайды» деген пікірге өз ойларын білдіріп және «Біз – бақыттымыз, сондықтан біз басқаға жақсылық жасайтын қайырымды жандармыз!» деген Н.Ә.Назарбаевтың сөзін дәйексөз ретінде талдады. Студенттердің назарын жақсылық жасау адамның ғана қолынан келетінін, өйткені ол мейірімділіктен, қайырымдылықтан, қамқорлықтан, махаббаттан, ізгілік пен игіліктен тұратынын, осының барлығы бойынан табылатын адам нағыз адам болатынын, өміріміздің жарқын да нұрлы, шуақты, мәнді де сәнді болуы үшін айналаңа, өзіңе жақсылық жасау қажеттігін, қиналғанда көрген жақсылық өмір бойы есінде сақталып қалатынын айтып түсіндірдім.

«Жан дүниемнің жайдары шуақтары» атты тақырыпты өткенде: Сіз бүгін қандай жақсы сөздер естідіңіз? Ол сөздер Сізге қалай әсер етті? Сіз бүгін кімдерден жағымсыз сөздер естідіңіз? Сізге қалай әсер етті? Сіздер бүгін кімдерге жағымды сөздер айттыңыз? Сіздің көңіл-күйіңізге кімдер және нелер ықпал етуі мүмкін? — пікірлесу үшін сұрақтар қоямын.

«Жүректен-жүрекке» әдіс-тәсілінде студенттер шеңберге тұрып, ата-анасына, туыстарына, достарына, жақындарына деген сүйіспеншілік сезімдерін жақсы тілектерімен білдіреді. Осы пән арқылы студент бойына мейірім мен рахымшылдықтың, адамгершіліктің, әділдіктің, шынайылықтың дәнін себуге болады. Болашақ ұрпақтың бойына рухани адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік принциптер мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген. Жас ұрпақтың қабілеті мен мүмкіншілігін жан-жақты ашып, адамгершіліктің биігіне көтеретін, ізгілік пен сұлулықтың шын мағынасын түсінуге, шынайы мейірімділік пен ақиқатқа ұмтылуға, өз өмірін жоғары мәнмен өткізуге жетелейді.

Әр студентті керемет рухани күш иесі деп қарап, оның шетсіз шексіздікті үйренсем деген ұмтылысына уақытында көңіл бөліп, демеу жасасақ, қуаттандырсақ, жүрегі нұрға толы, жан-жағына шуағын шашып тұрған мейірімді, адамгершілігі мол, үнемі талпынып тұратын, өз елін, жерін, тілін, отбасын сүйетін, еңбекқор, адал адам тәрбиелеп шығарымыз сөзсіз.

1. Назарбаева С.А. Бөбек қоры. Өзін-өзі тану. Жоғары оқу орны оқырушыларына арналған әдістемелік құрал. – А., 2003.
2. Ахметов Х.Х. И. Алтынсарин. Избранные сочинения на казахском языке. – А., 1955.
3. Әбдіғапбарова Ұ.М., Нұркеева С.С. Өзін-өзі тану. Колледж оқытушыларына арналған әдістемелік құрал. – А.: Бөбек, 2010.
4. Игенбаева Б.Қ. Мен адаммын. – А., 2000.
5. Меңжанова А. Тәлім-тәрбие жұмысын ұйымдастыру. – А., 1998.

Халықова А. М.
Астана қ.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне еруге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін педагогикалық кадрларды дайындаудың сапасын арттыруды талап етіп отыр. Дамыған елдердің оқу жүйесінде кеңінен қолданыла бастаған «құзыреттілік», «құзырет» терминдері жаңа білім стандарты ұстанған басты бағыт ретінде біздің еліміздің білім беру жүйесіне ене бастады. Мұндай аса жауапты білім деңгейіне жету үшін оқу үдерісін соған сай ұйымдастыра білетін, мектеп оқушыларына білімді өз бетінше еңбек етіп алатындай күйге жеткізе алатын, өзі де осы аталған құзыреттіліктерді меңгерген, кәсіби-дидактикалық құзыреттілігі қалыптасқан мұғалімдер даярлау міндеті тұр.

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында біздің қоғамымызда өздігінше шешім қабылдай алатын және оны жүзеге асыра алатын әлеуметтік белсенді, шығармашыл тұлғаға сұраныс күшеюде. Осыған орай, әр тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы да арта түседі. Жоғары дәрежелі кәсіби құзыреттілік болашақ маманның бәсеке қабілеттілігін арттырады. Өздігінше, еркін ойлау қабілеті бар, тәрбие білім беру процесін модельдей алатын, тәрбие беру және білім берудің жаңа технологиялары мен жаңа идеяларын өздігінше іске асыра алатын болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің деңгейін арттыру өзекті мәселе, себебі, біріншіден, кәсіби құзыретті мұғалім мектептің тәрбие, білім беру процесінде шығармашыл оқушылардың қалыптасуына дұрыс әсер етеді; екіншіден, өзінің кәсіби қызметінде жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады; үшіншіден, кәсіби мүмкіндіктердің іске асуына ықпал жасайды. Жаңа үлгідегі білім беру мекемелері: лицей, гимназия, оқу пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер осыған дәлел бола алады.

Кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу процесі кәсіби білімнің, біліктіліктің, іс-әрекеттің қалыптасуын қамтиды, ұстаздың жалпы мәдени дамуын, өзінің көзқарасының және тұлғалық кәсіби құнды қасиеттердің қалыптасуын қамтиды. Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне еруге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін педагогикалық кадрларды дайындаудың сапасын арттыруды талап етіп отыр. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың жалпы заңдылықтары О.А.Абдуллина, Н.Д.Хмель, М.Н.Сарыбеков, Б.Т.Кенжебеков, А.П.Сейтешов, Қ.Бөлеев, М.А.Құдайқұлов, А.К.Қазмағамбетов, С.Ә.Әбдіманапов, В.А. Кан-Калика, Н.В.Кузьмина, К.М.Левитан, В.А.Сластенин, А.И.Щербаков және т.б. жұмыстарында сарапталған. Мұғалімге қажет кәсіби білім мен біліктілікті, болашақ мамандардың педагогикалық-психологиялық, кәсіби құндылықтарын қалыптастырудың әдістерін О.А.Абдуллина, К.Әбдімажитұлы, А.Шоқыбаев, Б.Р.Айтмамбетова, А.І.Аманқұлов, В.И. Загвязинский, В.А. Кан-Калик, Н.В. Кузьмина, Ю.Н. Кулюткин, А.А.Леонтьев, Н.Д.Никандров, А.И.Пискунов, З.И.Равкин, В.А.Сластенин, А.И.Щербаков және басқалары зерттеді. Ж.Ы.Намазбаеваның тұлғаның даму ерекшеліктерін қалыптастыру туралы еңбегінен; кәсіби өзіндік анықтауға әсер ететін когнитивті қабілеттер жайлы С.М.Жақыповтың еңбектерінен көруге болады.

XIX ғасырдың соңында отандық педагогикалық психологияда П.Ф.Каптерев көрсеткендей, педагогикалық іс-әрекеттің табысты болуының маңызды факторларының бірі мұғалімнің «тұлғалық сапалары» болып табылады. Мақсатқа ұмтылу, табандылық, еңбексүйгіштік, қарапайымдылық, байқағыштық, шешендік, әртістік мінез, эмпатия, шеберлік, педагогикалық мәдениет, жоғары кәсіпқойлық т.б.

П.Ф.Каптерев «Оқыту ахуалында мұғалім бірінші орын алады, оның қандай да бір сапалары оқытудың тәрбиелік ықпалын жоғарылатады немесе төмендетіп отырады», - деп көрсеткен.

Ол арнайы мұғалімдік қасиеттерді көрсетеді:

- 1) мұғалімнің ғылыми дайындығы;
- 2) жеке мұғалімдік талант;
- 3) педагогикалық әдеп пен педагогикалық өнер;
- 4) ақыл-ойлық қасиет;
- 5) тұлғалық, адамгершілік-еріктік қасиеттер.

Мұғалімнің психологиялық-педагогикалық дайындығы (В.А.Сластенин, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, Л.М.Митина, В.Леви) сипаттамаларын есепке ала отырып, оқушылардың бойында мұғалім мамандығына қызығушылықты арттырып, бағыттаудан бастау алған жөн. Педагог іс-әрекетінің басында кәсіби бейімделуі мен құзырлылығы аса маңызды. Болашақ мұғалімнің қалыптасуы оның кәсіби талап қою деңгейін, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру тұрғысында жоғарылатуды қамтиды.

Әдебиеттер

1. Барсай Б.Т. Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі.
2. Зимняя И.А. Компетентность человека – новое качество результата //http: www.bigpi.biysk.ru.
3. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру //П.ғ.д. ... диссертация. - Қарағанды, 2005.
4. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология /Жалпы ред. басқарған А.Қ. Құсайынов. – А.: Мектеп, 2007. - 256 б.

Нургазиева Н. М.
Астана қ.

ГУМАНИТАРЛЫҚ КОЛЛЕДЖ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КРЕАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Демократиялық қоғамның дамуы тұлға құндылығы, оның креативтігін дамыту мәселелерінің көкейтестілігін болжайды. Демек, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі ең алдымен оқытудың жоғары сапасы мен студенттерді бәсекелестіктің жаңа нарықтық жағдайында еңбекке дайындау, жастарды тәрбиелеуді қамтамасыз етуге бағытталуы қажет. Еңбек нарығында креативті ойлайтын құзыретті мамандарға сұраныс көбеюде. Сондықтан, педагогтар заманауи нақты мәселелерді шешуде қажетті білім, білік, дағды, тәжірибе, құзыреттілікті студенттердің меңгеруіне жағдай жасау үшін маңызды білім беру жүйесін ұйымдастыру мен дамытуда соны бағдарларды белсенді іздестіруде.

Соңғы уақытқа дейін құзыреттілікті қалыптастыру білім берудің міндеті болмады. Нәтижесінде жалпы білім берудегі әлеуметтік және тұлғалық бейімділіктің табыстылығын қамтамасыз ете алмады. Бұл еңбек әлемінен білім беру әлемі үшін тың идеяларды іздеуге әкеліп соқты.

Құзыреттілік кез-келген кәсіби әрекеттің өз бетіндік әмбебап құрамдас бөлігі ретінде қарастырыла бастаған. Сондықтан құзыреттілікке қалай үйрету мәселесі туындады. Сөйтіп, құзыреттілік мәселесі білім беру саласында да маңызды орынға ие болды. Бұл, ең алдымен еңбек және басқару жүйесіндегі өзгерістермен байланысты.

Сондықтан гуманитарлық колледж оқушыларының кәсіби креативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру қазіргі кәсіби білім беру жүйесінде аса өзекті мәселе болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабында білім беру жүйесінің міндеттерінің бірінде «жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» екендігі атап көрсетілген.

Осы тұрғыда қазіргі заман жағдайында кәсіптік білім беру жүйесінде жаңа сапаны, қоғамдық мәртебені көтеру керек, яғни, маңызды міндеттердің бірі креативті, кәсіби құзыретті мамандарды дайындау.

Соңғы жылдары құзыреттілік мәселелеріне арналған құнды зерттеулер жасалу үстінде: А.Н.Ахулкова, С.И.Архангельский, Т.Н.Шайденкова, А.И.Пискунов, О.А.Абдуллина, И.В.Гришина, В.В.Погодин, О.Ю.Ипатьева және басқалар.

Қазақстандық ғалымдар Б.Т.Кенжебеков, С.И.Ферхо, Ж.К.Ахмадиева, А.Б.Издилеуова, М.В.Семенова, Ш.К.Жантлеуова, Г.У.Сыздықбаева, С.З.Байхонова, Ж.Ж.Турсынова, М.А.Галымжанова, Ш.Т.Мұқанбетова, Г.И.Муратова, А.Р.Турганбаева, Б.Қасқатаева және басқалары құзыреттілік мәселесін түрлі қырынан зерттеген.

Осы зерттеулердің арқасында соңғы жылдары кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің даму заңдылықтарын түсінуге қадам жасалды. Бірақ, отандық және шетелдік ғылыми педагогикалық-психологиялық зерттеулерді талдау гуманитарлық колледж оқушыларының кәсіби креативтік құзыреттілігінің динамикасы, оның бастапқы деңгейінің әлі де арнайы зерттеу пәні болмағаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Сөйтіп, студенттердің кәсіби дайындығы процесінде кәсіби креативтік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі бүгінгі таңда теориялық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді, біздің республикамыздың әлемдік деңгейдегі білім беру кеңістігіне енуіне, оқытудың кредиттік жүйесі мен сапа менеджментінің сапасының енгізілуіне байланысты ерекшеліктерді ескере отырып, саналы түсінуді қажет етеді. Аталған қарама-қайшылықты шешудің бір жолы колледждердің білім беру жүйесінде болашақ маманның кәсіби креативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық және тәжірибелік шешімдерін табу болып табылады.

Педагогикалық құзыреттілік мәселесіне қатысты заманауи әдебиеттерді талдау «құзыреттілік», «педагогикалық құзыреттілік» ұғымына берілген бірдей анықтаманың жоқ екенін көрсетті.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде «құзыр - қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деген анықтама беріледі. С.И.Ожеговтың сөздігінде «құзыреттілік - белгілі бір мәселені жан-жақты білу» деп сипатталады.

Шетел түсіндірме сөздігінде «құзыретті» сөзін құзыреттілікке ие қандай да бір мекеме, тұлға немесе біреуге қатысты мәселе мен сұраққа қатысты құзырлы деген мағынаны білдіреді. Competens (латынша) – сәйкес, қабілетті. Competere – талап ету, сәйкес болу, жарамды болу. Competence (ағылшынша) – қабілет деген түсініктеме берілген.

«Құзыреттілік» ұғымының мәні бірқатар құрамдас мәнді құрайды: әрекеттің табысты болуы үшін білімнің болуы, мамандық үшін білімнің маңыздылығын түсіну, іскерліктердің жиынтығына ие болу, еңбек міндеттерін шеше білу, кәсіби әрекетке шығармашылықпен қарау, жұмыста тәжірибелі болу.

Адамға өзінің кәсіби, жеке және қоғамдық өміріндегі жаңа жағдаяттарда алға қойған мақсатына жетуге бағдар жасай алуы құзыреттілік немесе басты құзыреттілік деп аталына бастады.

«Құзыреттілік» ұғымының құрамдас мәнінің бірі - педагогикалық шығармашылық. Педагогикалық шығармашылық мәселесі - педагогиканың өзекті тақырыптарының бірі. Басқа саладағы шығармашылық мәселесінен мұғалімнің шығармашылығы соны, әлеуметтік құнды, жаңаны жасауды мақсат етпеуімен ерекшеленеді. Бұған себеп - мұғалім өнімінің үнемі тұлғаны дамытушы болатындығы. Мұғалімнің шығармашылық әлеуеті екі компонент негізінде қалыптасады: педагогикалық кәсіби және әлеуметтік тәжірибе. Арнайы білім мен дайындықсыз педагогикалық шығармашылықтың болуы мүмкін емес. Көптеген ғалымдар мен педагогтер педагогикалық әрекеттің өзін шығармашылық әрекет деп санайды.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінің «Педагогика және психология» бөлімінде креативтік (лат. creatio – жасау) – адамның шығармашылық дарын деңгейі, шығармашылық қабілеті деп көрсетіледі.

Философиялық сөздікте креативтік - creatio – ойлап табу, жасап шығару делінген. Ойлап табу қабілеттілігі, проблема мен ситуацияны жаңа, өзгеше көзқараспен қарайтын шығармашылық қабілет.

Білім беру жүйесінің тиімді көрсеткіші баланың дамуы болуы керек. Зерттеушілердің пікірі бойынша, білім беруде дамытудың тиімді және маңыздысы - тұлғаға бағытталған оқыту. Бұндай оқыту тек біліммен ғана қаруландырып қоймай, ең алдымен оқушылардың танымдық шығармашылық күштерін қалыптастырады. Зерттеушілердің бұл пікірімен келіспеу мүмкін емес. Мысалы, Е.Л.Яковлева креативтікті дамыту тұлғалық дамудың басты көрсеткіштерінің бірі, тек қана креативтік адамның өзінің даралығы мен бірегейлігін көрсетеді.

Практикалық аспектідегі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру мазмұнды түрде инновациялық практикада қорытындыланатын білім беру мен тәрбиелеу процесін үлгілеуден көрінеді. Тұлғаның креативтік әлеуеті саналы іс-әрекетте дамитын болғандықтан, білім беру әрекетінде өзіндік тұлғаның креативті процеске тиімді кірісуі үшін жағдай туғызу керек.

Оқушылардың кәсіби креативтік құзыреттілігін қалыптастыруды сабақтың пәндік мазмұны арқылы ғана емес, оқу факультативтері, арнаулы курстар, үйірмелер арқылы да жүзеге асыруға болады. Сөйтіп, оқу, тәрбие процесінде жананы іздеу мен табу ретінде ой пайда болады, қалыптасады, дамиды.

Педагогикада құзыреттілік ұғымына деген қызығушылық білім беру нәтижесін талқылаумен байланысты шиеленісе түсті. Педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне деген қызығушылық оның маңыздылығы мен өзектілігін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология /Жалпы редакциясын басқарған А.Қ.Құсайынов. – А., 2007. - 256 б.
2. Ожегов С.И. Словарь русского языка /Под ред. П.Ю.Шведовой. - М., 1987. - 797 с.
3. Словарь иностранных слов. 18 изд. - М., 1989. – 624 с.
4. Хуторской А.В. Ключевые компетенции. Технология конструирования //Народное образование. - 2003. - № 5. - С. 55-61.
5. Устич Л.Ф. Формирование профессиональной компетентности специалистов в системе образования взрослых //Автореф. дис. ... к.п.н. - Калининград, 2004. - 25 с.
6. Зеер Э.Ф. Психология личностно-ориентированного профессионального образования. – Екатеринбург: Урал. проф. унив., 2000. – 258 с.
7. Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Мищенко А.И., Шиянов Е.Н. Педагогика. Учебное пособие. – М.: Школа-Пресс, 2000. – 512.

8. Холодная М.А. Психология интеллекта: парадоксы исследования. – Томск, 1997. - 397 с.
9. Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. - М., 1997.
10. Молчанов С.Г. Профессиональная компетентность в системе повышения квалификации// «Интеграция методической работы и системы повышения квалификации кадров» Материалы всероссийской научно-практической конференции. Ч.1. - Челябинск, 2003. – С. 3-7.
11. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру //П.ғ.д. ... диссертация. - Қарағанды, 2005.

Сулейменов А. М.
г. Астана

КАДРЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ

20 лет независимости Казахстана – это 20 лет строительства институтов государственной службы, без которых трудно представить современное государство. Государственную службу в республике несут 87 358 человек. Это гордую, почетную миссию может нести не каждый. Государственная служба прошла сложный путь становления системы подготовки кадров.

Государственные органы советского Казахстана имели годами налаженные связи с центрами подготовки и переподготовки управленческих кадров России, Украины, Белоруссии. Заключались договоры на обучение и повышение квалификации управленцев и специалистов, не только в Казахстане, но и за пределами республики. Существовал определенный алгоритм, согласно которому областные комитеты, областные управления направляли заявки на подготовку и повышение квалификации руководящих кадров и специалистов в отраслевые министерства Казахской ССР. В соответствии с заявками, руководящие кадры и специалисты районных управлений проходили повышение квалификации в специализированных высших и профессиональных учебных заведениях СССР по соответствующим специальностям.

Время диктовало объективные перемены, и Казахстан нуждался в своих кадрах и соответствующих учебных заведениях по подготовке государственных служащих. Таким образом, в Алматы Постановлением Совета Министров Казахской ССР от 2 марта 1989 года № 81 был образован Республиканский межотраслевой институт повышения квалификации руководящих работников и специалистов при Совете Министров Казахской ССР.

В начале 1991 года Кабинет Министров Казахской ССР принял Постановление № 160 в соответствии с которым, «в связи с необходимостью переподготовки кадров для рыночной экономики сохранить функции Республиканского межотраслевого института повышения квалификации руководящих работников и специалистов при Совете Министров Казахской ССР, переименовав его в Республиканский межотраслевой институт повышения квалификации руководящих работников и специалистов при Кабинете Министров Казахской ССР» [1]. Фактически это было единственное учебное заведение подобного профиля. В Казахстане не было других структур, которые бы занимались подготовкой и переподготовкой кадров для государственной службы. Поэтому необходимость в учреждении такого характера была актуальной.

Политические процессы начала 90-х годов привели к распаду СССР и образованию Республики Казахстан. Но в условиях экономического кризиса молодое государство не смогло финансировать систему повышения квалификации государственной службы. В результате отработанные связи оказались разорваны, сократилось государственное (бюджетное) финансирование системы переподготовки государственных служащих. Система переподготовки и повышения квалификации управленцев в Казахстане переходного периода была деформирована. В тяжелых условиях экономического кризиса Правительство республики сумело сохранить отраслевой институт повышения квалификации государственных служащих. Институт активно продолжал работать, с каждым годом улучшая учебную программу за счет новых дисциплин. Если в 1991-1992 году было всего 12 спецкурсов, то в 1992-1993 году их стало уже 24. Спецкурсы появлялись, отвечая на «вызовы времени». Среди них такие как «Акционерные общества: порядок и проблемы их создания и функционирования», «Рынок ценных бумаг», «Создание и деятельность инвестиционных приватизационных фондов» и др. [2]. А в 1993-1994 году количество курсов увеличилось до 26, включая новые дисциплины Института: «Документирование управления», «Внутренняя политика РК», «Координация работы правоохранительных органов», «Совершенствование методов государственного финансового контроля», «Молодежная политика РК» и др. [3].

В системе высшего образования республики были образованы вузы нового формата. В Алматы на базе бывшей Высшей партийной школы был образован КИМЭП (Казахстанский институт менеджмента, экономики и прогнозирования), ориентированный на подготовку высокообразованных специалистов в сфере мировой экономики. Для подготовки управленческой элиты, свободно ориентирующейся не только в сфере экономики, но и в сфере международного права, владеющей новыми информационными технологиями, современными методиками ведения документооборота была образована Национальная высшая школа государственного управления (НВШГУ) [4]. Учебный процесс был организован по модели одногодичной магистратуры Школы государственного администрирования Франции (ЕНА). Организационно-

методическую помощь в процессе функционирования НВШГУ оказало посольство Франции. За три года Школой был подготовлен 81 специалист для сферы государственного управления [5].

Импульс дальнейшим преобразованиям в Институте положил Указ Президента Республики Казахстан от 26 декабря 1995 года «О государственной службе». В данном указе Глава государства обратил внимание на необходимость формирования и развития системы переподготовки и повышения квалификации государственных служащих.

В связи с этим, Постановлением Правительства Республики Казахстан от 10 января 1996 г. № 49 Республиканский межотраслевой институт повышения квалификации руководящих работников и специалистов при Министерстве экономики Республики Казахстан был преобразован в Институт переподготовки и повышения квалификации государственных служащих при Правительстве Республики Казахстан, возложив на Институт: «переподготовку и повышение квалификации государственных служащих, разработку учебных планов и программ переподготовки и повышения квалификации государственных служащих с учетом категорий должностей и квалификационных классов, осуществление координации и методического руководства отраслевыми институтами и курсами повышения квалификации государственных служащих, рассмотрение проектов по подготовке и переподготовке государственных служащих за рубежом, предлагаемых министерствами и ведомствами и т.д.» [6].

В апреле 1996 года Институт переподготовки и повышения квалификации государственных служащих при Правительстве Республики Казахстан был определен головным учебным и научно-методическим центром по переподготовке и повышению квалификации государственных служащих Республики Казахстан.

В соответствии с Постановлением Правительства Республики Казахстан «О наборе слушателей в ИПГС при Правительстве Республики Казахстан» от 24 сентября 1997 года № 1371 в Институте была проведена большая организационно-методическая работа, необходимая для приема слушателей по специальности 0704 «Государственное и муниципальное управление» факультета переподготовки госслужащих, как для заочного, так и для дневного отделения с присвоением квалификации «Магистр государственной службы» [7]. Таким образом, Институтом был выбран курс на стационарное последипломное второе высшее образование.

Послание «Казахстан-2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев» стала фундаментом модернизации государственной службы и кадровой политики государства в целом. Стратегия развития государственной службы была представлена Президентом Республики Казахстан в долгосрочном приоритете «Профессиональное государство, ограниченное до основных функций». Глава государства сформулировал свое концептуальное видение: «создать эффективный и современный корпус государственных служащих Казахстана, преданных делу и способных выступать представителями народа в достижении наших приоритетных целей».

Для реализации задач, поставленных в Стратегии «Казахстан-2030», Указом Президента Республики Казахстан от 18 сентября 1998 года № 4078 путем слияния НВШГУ при Президенте Республики Казахстан и Института переподготовки и повышения квалификации государственных служащих при Правительстве Республики Казахстан была создана Академия государственной службы при Президенте Республики Казахстан. Современная система подготовки кадров для сферы государственного управления состоит из нескольких блоков:

- Академия государственного управления при Президенте РК, включающая Магистерскую программу Института государственного и местного управления,
- Программы переподготовки и повышения квалификации государственных служащих Института переподготовки и повышения квалификации государственных служащих,
- Программы Национальной школы государственной политики,
- Программа «Болашак»,
- Программы высших учебных заведений по подготовке бакалавров и магистров по специальности «Государственное и местное управление»,
- «Назарбаев университет».

История формирования и развития аппарата управления в Казахстане берет начало с конца 80-х гг., когда еще никто не думал, что рухнет СССР и на его руинах вырастут молодые государства. Создание эффективной, слаженно функционирующей системы подготовки государственных служащих – это достижение, которое далось стране нелегко. Успешное реформирование казахстанской государственной службы, а это признают международные институты и эксперты – результат согласованной и эффективной работы Администрации Президента, депутатов Сената и Мажилиса Парламента Республики Казахстан, Правительства, НДП «Нур Отан», руководителей госорганов и самих государственных служащих.

Литература

1. Национальный архив Республики Казахстан. Фонд 39. Оп.1. Д.12.
2. НАРК. Ф.39. Оп.1. Д.21. Л.3-4.
3. НАРК. Ф.39. Оп.1. Д.26. Л.1.
4. САПП Республики Казахстан. - 1994. - № 36. - Ст. 389

5. Есекина Б.К. Приоритеты подготовки управленцев новой формации в Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан //Государственное управление и государственная служба. - 2008. - №3.

6. САПП Республики Казахстан. - 1996. - № 2. - Ст. 13-14.

7. НАРК. Ф.39. Оп.1. Д.79. Л.1.

**Исаева Ж. К.
Турдалиева А. Ш.
г. Тараз**

СОЦИАЛЬНО ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ЗНАЧИМОСТЬ СЕМЕЙНОГО ВОСПИТАНИЯ В ПОДРОСТКОВОМ ВОЗРАСТЕ

Из всех периодов развития ребенка самым головоломным, трудным и даже опасным является подростковый. Этот период, что породил понятия «проблема отцов и детей» и «конфликт поколений». Как и все критические периоды развития, кризис подросткового возраста проходит три фазы: негативную, или предкритическую, - фазу ломки старых привычек, стереотипов; кульминационную фазу кризиса; посткритическую, когда формируются новые структуры, складываются новые отношения. Подростковый период развития, будучи по-своему переломным, переходным и критическим, знаменует собой переход к взрослой жизни и особенности его протекания, несомненно, откладывают отпечаток на всю последующую жизнь. Это период, когда ребёнок задумывается над собой как над личностью, что проводит его к процессу самовоспитания. Начинается формирование характера, идет и нравственное развитие, формируется убеждение. И чаще всего убеждение не совпадает с общественным мнением, поэтому и возникают проблемы подростка в обществе. В основном многое зависит от самого подростка, школы, социальной среды, но в большей степени на развитие подростка влияет воспитание в семье, отношение с родителями. В наше время много детей воспитывается в неполноценных семьях, увеличивается число детей, рожденных вне брака, родителей уклоняющихся от воспитания, растёт проблема трудных подростков.

Семья, по признанию ученых, одна из величайших ценностей, созданных человечеством за всю историю своего существования. Ни одна нация, ни одна культурная общность не обошлась без семьи. В ее позитивном развитии, сохранении, упрочении заинтересовано общество, государство, в прочной, надежной семье нуждается каждый человек независимо от возраста. Семья – это малая социально-психологическая группа, члены которой связаны брачными или родственными отношениями, общностью быта и взаимной моральной ответственностью и социальная необходимость в которой обусловлена потребностью общества в физическом и духовном воспроизводстве населения. Семья - ведущий фактор развития личности ребенка, от которого во многом зависит дальнейшая судьба человека. Первое, что характеризует семью как фактор воспитания, - это ее воспитательная среда, в которой естественно организуется жизнь и деятельность ребенка. Известно, что человек уже с младенческого возраста развивается как существо социальное, для которого среда является не только условием, но и источником развития. Семейная среда, будучи для ребенка первой культурной нишей, многогранна, она включает в себя предметно-пространственное, социально-поведенческое, событийное, информационное окружение ребенка. Семья предоставляет ребенку разнообразные поведенческие модели, на которые он будет ориентироваться, приобретая свой собственный социальный опыт. Можно с полным правом говорить о том, что семейная воспитательная среда определяет первые контуры складывающегося у ребенка образа мира, формирует соответствующий образ жизни. В меру своих сил и педагогических возможностей семья руководит становлением личности ребенка, заботясь о его здоровье, нравственном, интеллектуальном, эстетическом, трудовом развитии.

Таким образом, в семье у ребенка формируется сознание своего «Я», своей общественной значимости. Но в родном доме ребенок переживает и первое ощущение стыда, боли, отчуждения, если он нарушает семейные правила, огорчает тех, кто его любит. Родительский дом подразумевает и свой неизменный порядок, традиции и обычаи. Нормальная семья живет богатой внутренней жизнью, повседневно творит душевный и духовный мир индивидуальности, выводит ее в большой мир. Мир каждой семьи неповторим и индивидуален. Но все хорошие семьи похожи бесценным ощущением защищенности, психологической безопасности и нравственной неуязвимости, которым одаривает человека счастливый отчий дом.

Подростковый возраст – это время проверки всех членов семьи на социальную, личностную и семейную зрелость. Он протекает бурно, с внешними и внутренними кризисами и конфликтами. Часто всю семью начинает лихорадить, обостряются супружеские конфликты, все проблемы и скрытые противоречия между членами семьи выходят наружу. Начинается психологическое отделение подростка

от родителей, противопоставление им. Подросток может быть грубым, резким, остро критиковать родителей и других взрослых. Это как бы время расплаты родителей за их неверную родительскую позицию. Случается, что родители полностью теряют авторитет в глазах подростков. И если раньше контакт с ребенком был, то подростковый возраст часто выявляет неготовность родителей принять своего ребенка всерьез, как человека, имеющего свои взгляды и мнения, или неготовность самих родителей решить определенные жизненные проблемы и обсуждать их со своими детьми.

По мнению А.Д. Гонеева типы семей можно условно разделить на собственно «педагогически несостоятельный», «педагогически пассивный» и «антипедагогический».

Первый тип семей, педагогически несостоятельные, характеризуется тем, что родители проявляют определенную активность в воспитании детей, но делают это неумело. Их воспитательные воздействия на подростков непоследовательны и неосновательны. Они обычно испытывают затруднения в выборе методов воспитания, опираясь чаще всего на свой предшествующий опыт воспитания в семье, воссоздавая обстановку, в которой когда-то воспитывались сами: обстановку авторитаризма, ограничений, нарушение которой строго каралось (угрозы, побои), или обстановку вседозволенности, потакания прихотям ребенка. Внутрисемейное общение носит ограниченный, поверхностный характер, общественно нейтрально. Общеобразовательный и нравственно-культурный уровень такой семьи невысокий.

Второй тип семей - педагогически пассивные, их педагогическая несостоятельность заключается в том, что родители не проявляют необходимой социальной активности. Они в силу объективных причин (длительная болезнь, частое отсутствие, большая занятость) или причин субъективного характера (отсутствие единой точки зрения на проблемы семьи, разлад между родителями, частые ссоры и конфликты) не могут должным образом обеспечить правильное воспитание. В таких семьях взаимоотношения между родителями напряжены, конфликтны, проявляются во взаимном равнодушии или неприязни. Семейное общение носит эпизодический, деструктивный характер, содержание его хотя и не асоциально, но почти не несет в себе социально значимой информации. Выясняя свои отношения, родители меньше уделяют внимания детям, теряя над ними контроль, как в семье, так и вне нее.

Третий тип семей - антипедагогические, которые своим поведением, отношением к общественным нормам формируют отрицательные взгляды и наклонности у детей. В таких семьях складывается потребительская психология, неуважительное, а иногда просто пренебрежительное отношение к общественным нормам и ценностям, к людям и их делам. Родители своим поведением (накопительство, стяжательство, иногда пьянство, разврат) создают в семье антипедагогическую обстановку. Семейное общение чаще всего носит однобокий, односторонний характер, имеет асоциальную направленность. Такие родители самоуверенны; пытаясь оправдывать отклоняющееся поведение своих детей, они противопоставляют требования семьи требованиям школы, проявляют мнимую осведомленность о характере внесемейного общения своих детей.

Итак, манера и характер отношений и семейного общения, независимо от желания и воли ребенка, становятся той базой, на основе которой строятся его взаимоотношения со сверстниками и взрослыми.

Таким образом, переживание подростками проблем, возникающих как противоречие между ними и их родителями, это - скорее следствие социокультурных, чем психологических особенностей. К настоящему времени стало совершенно очевидно, что коррекция этой проблемы предполагает оказание психологом помощи, как подростку, так и родителям. Последние нуждаются, прежде всего, в смене родительских установок, изменении своей позиции в отношении своих детей, в пересмотре системы оценивания их как личностей. Мы можем утверждать, что работа с родителями психолога-практика должна стать основой для профилактики проблем подростков. Эта работа должна предусматривать такие направления, как просвещение по вопросам планирования семьи, развития гуманистического воспитания в семье взамен нормативного, управленческого, развитие системы ценностей, в которой достойное место занимал бы человек, в том числе ребенок и пожилой человек.

Итак, продуманная воспитательная среда, очеловеченная домашняя среда – это богатейшая пища для развития чувств, мыслей, поведения ребенка. Социальные ценности и атмосфера семьи определяют, станет ли она воспитательной средой, ареной саморазвития и самореализации подростка.

Литература

1. Аверин В.А. Психология детей и подростков. - М., 1998.
2. Айхорин А. Трудный подросток. – М., 2001.
3. Видра Д. Помощь разведенным родителям и их детям. – М., 2000.
4. Вроно Е. Несчастливые дети – трудные родители. - М., 1997.
5. Гонеев А.Д., Лифинцева Н.И., Ялпаева Н.В. Основы коррекционной педагогики. - М., 2002.
5. Куликова В.А. Семейная педагогика и домашнее воспитание. Учебник. – М., 1999.
6. Рогов Е.И. Настольная книга практического психолога в образовании. Учебное пособие. - М., 1995.
7. Популярная психология для родителей: 2-е издание, испр. – М., 1999.
8. Фурманов И.А., Аладьин А.А., Фурманов Н.В. Психологическая работа с детьми, лишенными родительского попечительства. - Мн., 1999.
9. Холл Кэлвин С., Линдсей Гарднер. Теория личности. – М., 1997.

Исаева Ж. К.
Бекембетова Л. И.
г. Тараз

ОСОБЕННОСТИ ПОДГОТОВКИ К ШКОЛЬНОМУ ОБУЧЕНИЮ ДОШКОЛЬНИКОВ В ПРОЦЕССЕ ЛОГОПЕДИЧЕСКОЙ РАБОТЫ ПО УСТРАНЕНИЮ ОБЩЕГО НЕДОРАЗВИТИЯ РЕЧИ

Подготовка детей к школьному обучению, безусловно, является одной из важнейших задач дошкольного образования. Психологи отмечают, что адаптации детей к школе затрудняют недостаточно сформированные нравственно-волевые предпосылки учения, недоразвитие мотивационно-потребностной сферы, слабый уровень развития самооценки и самоконтроля [1, с.15].

У детей с ОНР вышеперечисленные недостатки усугубляются поздним появлением экспрессивной речи, резко ограниченным словарным запасом, выраженным аграмматизмом, дефектами произношения и фонемообразования, специфическими нарушениями слоговой структуры слов, не развитой связной речью (Р.Е. Левина) [2, с. 256].

В совокупности это приводит к тому, что вполне обучаемый ребенок плохо усваивает школьную программу, т.к. неполноценная речевая деятельность, как правило, накладывает отпечаток на формирование интеллектуальной познавательной сферы. Поэтому мы считаем необходимым рассмотреть методы коррекционно-развивающего обучения дошкольников в процессе логопедической работы.

Дети с ОНР не могут спонтанно стать на онтогенетический путь развития речи, свойственный нормальным детям (Л. Ф. Спинова, 1980). Коррекция речи для них длительный процесс, направленный на формирование речевых средств, достаточных для самостоятельного развития речи в процессе общения и обучения. Эта задача реализуется различно в зависимости от возраста детей, условий их обучения и воспитания, уровня развития речи. Обучение детей первого уровня речевого развития предусматривает: развитие понимания речи; развитие самостоятельной речи на основе подражательной деятельности; формирование двусоставного простого предложения на основе усвоения элементарных словообразований.

Логопедические занятия с безречевыми детьми проводятся небольшими подгруппами (2—3 человека) в форме игровых ситуаций, что помогает постепенно формировать мотивационную основу речи. При этом используются персонажи кукольного театра, заводные игрушки, теневой театр, фланелеграф и т. д. Работа по расширению понимания речи базируется на развитии у детей представлений о предметах и явлениях окружающей действительности, понимания конкретных слов и выражений, отражающих знакомые детям ситуации и явления. Важно правильно организовать предметную ситуацию, подобрать соответствующий дидактический и игровой материал. При этом необходимо использовать музыкальные занятия, изобразительную деятельность, экскурсии, прогулки и т. д.

Обучение детей второго уровня осуществляется преимущественно в дошкольных группах для детей с ОНР (с 4-летнего возраста).

Основные задачи обучения включают: интенсивную работу по развитию понимания речи, направленную на различение форм слова; развитие элементарных форм устной речи на базе уточнения и расширения словарного запаса, практического усвоения простых грамматических категорий; овладение правильным произношением и различением звуков, формирование ритмико-слоговой структуры слова.

Дети третьего уровня речевого развития в настоящее время составляют основной контингент специальных дошкольных и школьных учреждений. В возрасте 5 лет они зачисляются для воспитания и обучения в старшую группу детского сада, с 6-7 лет поступают в подготовительный или I класс школы для детей с тяжелыми нарушениями речи.

Основными задачами коррекционного обучения данной категории детей являются: практическое усвоение лексических и грамматических средств языка; формирование полноценной звуковой стороны речи (воспитание артикуляционных навыков, правильного звукопроизношения, слоговой структуры и фонематического восприятия); подготовка к грамоте; овладение элементами грамоты; дальнейшее развитие связной речи [4, с. 89].

Успешная коррекция речевого недоразвития осуществляется в результате многоаспектного воздействия, направленного на речевые и неречевые процессы, на активизацию познавательной деятельности дошкольников (И. Т. Власенко).

Основная работа по коррекции речевого недоразвития осуществляется логопедом на занятиях. Логопедические занятия подразделяются на два типа: занятия по формированию лексико-грамматических средств языка и развитию связной речи. Они включают в себя: формирование словарного запаса; грамматической правильности речи; развитие связной речи (В.А. Ковшиков, А.Н. Гвоздева, С.Н. Цейтлин).

Одновременно с обогащением словарного запаса происходит грамматическое его оформление. Специально созданные ситуации, использование режимных моментов помогают в практическом плане усваивать значения предметов, различать окончания падежных форм, правильно согласовывать прилагательные и числительные с существительными. Вся работа по формированию грамматически правильной речи обязательно опирается на реальные представления ребенка и постоянно совершенствующееся слуховое восприятие. Новая грамматическая форма закрепляется в упражнениях по словоизменению и словообразованию, по составлению словосочетаний и предложений [5, с. 145].

Необходимо приучить детей повседневно использовать приобретенные речевые умения и навыки в самостоятельных связных высказываниях. С этой целью используется ряд специальных заданий на привлечение их внимания к составу предложения и связи слов в предложении. Обучение рассказыванию занимает большое место в общей системе логопедических занятий. В это время уделяется внимание закреплению навыка свободного пользования в речи поставленными звуками, а также их дифференциации, как и на слух, так и в произношении. Для эффективности коррекционного обучения включаются специальные упражнения, направленные на развитие выразительности речи, а также развивающие игры.

Развивающая игра - это мотивированная, педагогически целенаправленная деятельность по развитию познавательной и эмоционально-волевой сферы у детей. Содержание которой задается игровой культурой учреждения образования. Безусловно, все игры развивающие, но только при условии, если они будут применяться комплексно, в системе, с соответствующей индивидуально-возрастной дифференциацией развития детей в реализации познавательно-воспитательных функций игры. Структурные компоненты развивающей игры - замысел, задача, действия, правила, роль, материал, решая задачи познавательно-воспитательной функции, призваны осуществить уникальную общую функцию - восполнить развитие тех сторон личности ребенка, которые не получают необходимого развития в других сферах жизни, в других видах деятельности. В развивающей игре ребенок приобретает опыт активного, инициативного поведения, что способствует переносу его в другую игровую познавательную ситуацию, побуждая к реализации имеющегося потенциала.

Игра как прием обучения имеет свои сильные и слабые стороны, которые обязательно следует знать и учитывать педагогу, работающему с детьми дошкольного и младшего школьного возраста. Надобность в игре как дополнительном, косвенном приеме обучения, по мнению Б.П. Никитина, возникает тогда, когда целью является доведение предлагаемого детям учебного материала до более глубокого осознания, чтобы ребенок, запомнив материал, проникновеннее понял его. Педагогическая ценность игровых методов и приемов в том, что они развивают умственную активность и познавательные интересы детей, способствуют обеспечению осознанного восприятия учебного материала, постоянства действий в одном направлении, развивают самостоятельность и самостоятельность [7, с. 176].

Таким образом, для логопеда игра может стать одним из инструментов активизации познавательных способностей дошкольников с ОНР при подготовке к поступлению в школу, воспитания у них устойчивого интереса и потребности в интеллектуальной деятельности, совершенствования школьно-значимых психических и психофизиологических функций, успешности обучения в целом. Эффективность коррекционно-педагогической системы определяется четкой организацией жизни детей в период их пребывания в детском саду, правильным распределением нагрузки в течение дня и преемственностью в работе логопеда и воспитателя. Коррекционная направленность педагогического процесса предполагает преодоление и коррекцию имеющихся у ребенка нарушений. Действенность предлагаемых приемов коррекционной педагогических приемов возможна только при систематическом и раннем их применении с учетом дифференцированного подхода в зависимости от структуры нарушенного развития, клинического диагноза, характера ведущего нарушения. Успех коррекционной работы определяется также индивидуальными особенностями ребенка, его склонностями, интересами, способностями, особенно при возможно более раннем их выявлении и развитии.

Литература

1. Буря Р.С. Готовим детей к школе. - М., 1987. - 93 с.
2. Воронова А.П. Состояние высших психических функций и процессов у детей с общим недоразвитием речи: Кн. для логопеда /Под ред. Г.А. Волковой. - СПб., 1994.
3. Жукова Н. С, Мاستюкова Е. М., Филочева Т. Б. Преодоление общего недоразвития речи у дошкольников. - М., 1990.
4. Жукова Н.С. Преодоление недоразвития речи у детей: Учеб.-метод. Пособие. - М., 1994. - 189 с.
5. Волкова Г.А. Методика обследования нарушений речи у детей. - СПб, 1993.
6. Диагностическая и коррекционная работа школьного психолога /Под ред. Л.И. Дубровиной. - М., 1987. - 235 с.
7. Никитин Б.П. Развивающие игры. - М., 1994. - 189 с.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМУЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Адамда тілдік процестердің қалыптасуын, ми мен тіл, яғни екі материалды жүйе арасындағы И.М. Сеченов, И.П. Павлов рефлекторлы теориясында бейнеленген.

И.М. Сеченов мидың рефлекторлы жұмысына адам өмірінің саналы және саналы емес барлық аспектілерін қосты, сөйлеудің сезімнен тыс объектілері мен ойлаудың негізгі жағдайы ретіндегі рөлін көрсетті.

И.М. Сеченов өзінің физиологиялық зерттеулерімен сөйлеу-ойлау механизмі туралы ілімінің негізін салды және сөйлеудің психологиялық теориясын жасады.

И.П. Павлов физиологиялық жаңа бөлімінің - бас миының үлкен жартышарларының физиологиясының негізін салушы болып табылады. Ол былай белгіледі: екінші сигналдық жүйені басқару біріншімен тікелей байланыста жүзеге асырылады. Байланыстың бұзылуы сөйлеудің, сөздің мағынасыз ағынына айналуына әкеледі [1].

А.Р. Лурия белгілегендей, сөйлеу аймақтары бас ми қабығында Брок және Вернике аймақтары деп аталады. У.Пенфилд көмекші рөл ойнайтын жоғарғы сөйлеу аймағын тапты. Автор барлық үш сөйлеу механизмі сияқты басқаратынын дәлелдеді [2].

М.М.Кольцова белгілегендей, сөйлеу тітіркендіргіштеріне келетін бас миының қозғалыс бөлімі сөйлеу, қимыл орталығы деп аталады [3].

Ауызша сөйлеудің қалыптасуының психологиялық аспектісі туралы мәселені қарастырып, мынаны белгілеген жөн: қазіргі психология ғылымының өзегі ретінде психиканың детерминизациясы іс-әрекетінің теориясы қызмет етеді. Оны жасауда Л.С. Выготскийдің орны ерекше. Тіл жалпы психологиялық категория жүйесіне сана мен тілді түсіндіру арқасында қосылған. Л.С. Выготскийдің жоғарғы психикалық функциялардың шығу тегі туралы психологиялық концепциясында белгінің заттық іс-әрекеттегі функциясы туралы тезисі басты орын алады. Л.С. Выготский сөйлеудің пайда болуы және дамуы туралы мәселелерді өңдеген [4].

Ғалым көрсеткендей, сөйлеу - белгінің әр түрлілігінің бірі. Белгілерді иелену заттық ортақ іс-әрекет процесінде және қатынас арқылы жүреді.

Психологтар (Л.С. Выготский, А.Н.Леонтьев, т.б.) ауызша сөйлеудің құрылуы іс-әрекетінің пайда болуы ретінде жүреді деп белгіледі. Сәйкесінше, кез келген іс-әрекеттегі сияқты ауызша сөйлеудің қалыптасуы үшін маңызды жағдай - балада сөйлеу іс-әрекетінің мотивациялық жағының дамуы болып табылады. Сөйлеудің дамуы үшін қатынаста қоршаған орта заттарымен іс-әрекет арқылы қажеттіліктер болуы керек. Тілдік қабілеттілік ерте жаста заттық іс-әрекет пен меңгеру процесінде құрылады. Осы мәселе келешекте зерттеуді қажет етеді.

Көптеген ғалымдар белгілегендей, тілдік қабілеттілік баланың еліктеу бойынша нақты жағдайда ересектердің сөйлеу іс-әрекеті мен заттық іс-әрекетін жасай алуы, сонымен бірге жеке сөздердің мағынасын талдай және жалпылай алуы ретінде қарастыру керек. Сөйлеудің дамуы - бұл қатынас тәсілінің дамуы, бала қатынас процесінде сөздің дыбыстық құрамын, сөйлемнің белгілі модельдерін меңгереді.

Баланың психикалық дамуы мәдени-тарихи тәжірибені меңгеру негізінде жүреді, оны иеленуші - ересек адам. Бұл процесс күрделі сипатта болады, онда баланың ересек адаммен квалификацияланған, ұйымдастырылған қатынасы ерекше рөл ойнайды. Баланың ересек адаммен қатынасының спецификасын зерттеумен Л.С. Выготский, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин, М.И.Лисина айналысты.

М.И.Лисинаның басқаруымен орындалған зерттеулер көрсеткендей, ересек адамдармен қатынасы туылғаннан бастап 7 жасқа дейінгі балаларда қатынастың тұтас формасының ауысуынан тұрады. Олардың әрқайсысы қатынасты қажет етумен, басты мотивпен, негізгі құралдармен сипатталады, яғни қатынас түрі қатынас іс-әрекетінің дамуының белгілі деңгейін белгілейді [5].

Сөйлеу өмірдің алғашқы 3 жылында қалыптасады (М.М.Алексеева, М.М. Кольцова). Бала 3 жаста қоршаған ортамен қатынастың белгілі түрлерін меңгереді: ситуативті-тұлғалық (бала өмірінің 1 жарты жылы және ситуативті іс-әрекеттік (6 ай - 3-6 жас), 3 жастан бастап қатынастың жоғарғы түріне ауысады- жағдайдан тыс - таным қатынасы (3-5 жас). Бұл форма қатынастың таным мотивтері және сөйлеу

құралдарымен сипатталады. Ал 6-7 жаста қатынас жағдайдан тыс тұлғалық формаға ауысады, ол тұлға мотивтері негізінде тұжырымдалады және қатынастың сөйлеу құралдарының көмегімен жүзеге асырылады.

А.Н. Гвоздев 1 жастан 7 жасқа дейін сөйлеудің дамуын 3 кезеңге бөледі [6].

1 кезең - аморфты сөз - түбірлерден тұратын сөйлемдер кезеңі: 1 жас 3 ай – 1 жас 8 айда бір сөздік сөйлемдер, буындар айтады; 1 жас 8 ай – 1 жас 10 айда - бірнеше сөз буындардан сөйлем айтады.

2 кезең - сөйлемнің грамматикалық құрылысын меңгеру кезеңі: 1 жас 10 ай - 2 жас 3 ай – сөйлемінде жинақы сөздер қолданылады, зат есім, сын есімнің септік жалғаулары, етістіктің жеке жалғаулары меңгеріледі: 2 жас 3 ай - 3 жас сөйлемінде синтаксистік қатынастарды көрсету үшін қызметші сөздер қолданылады.

3 кезең - қазақ тілінің грамматикалық жүйесін меңгеру кезеңі: 3 - 7 жас - грамматикалық құрылыс және сөйлеудің дыбыстық жағы жетіледі, сөздікті байыту үшін алғышарттар құрылады.

Баланың сөйлеуінде жүйелі түрде мыналар дамиды:

- 1) сөйлемнің синтаксистік қатары (сонымен бірге оның интонациясының анықтылығы);
- 2) сөздердің морфологиялық жинақтығы;
- 3) сөздердің дыбыстық құрамы.

Баланың сөйлеуінде 3 және 7 жас кезеңінде грамматикалық формалар интенсивті көбейеді және сөйлеу ортасының жеткілікті даму әлеуетінде ол ана тілінің грамматикалық заттарын және оның фонетикалық жүйесін меңгере алады, ол сөздік баюына мүмкіндік береді.

Тілдік процесті қарастырып сөйлеу іс-әрекеті, баланың психикалық дамуы оның іс-әрекеті, қатынас процесінде жүретінін ескеру қажет. Қатынас іс-әрекеттің ерекше түрі болып табылады. Тілдік процесс сөйлеудің қалыптасу процесінен, іс-әрекеттік тәсіл сөйлеу іс-әрекетінен тұрады.

Тілдің тілдік жүйесі туралы мәселені қозғағанда, мектепке дейінгі мекемелерде сөйлеумен рингте тілді жүйелі ұйымдастыруды ескеру қажет. Тіл жүйесі қатынастың 3 принципінде құрылады: *синтагмалық* (бір деңгей бірліктер арасындағы қатынас), ол баламен нақты жағдайда меңгеріледі; *парадигмалық* (жалпылаудың әр түрлі өлшеміндегі сөздердің арасындағы қатынас), оны меңгеру үшін сөйлеу материалын жақсылап таңдап және тілдік бақылау жүргізу қажет, *иерархиялық* (қатынас тіл құрылысын, оның әр түрлі деңгейдегі қозғарасын сипаттайды), оның элементтері мектепке дейінгі мекемелерде де зерттеледі. Сөйлеу тілінің жетілмеуі немесе бұзылуы баланың психикалық өмірінің бірқалыпты дұрыс дамуына кері әсерін тигізеді. Мысалы, мұндай балалар әдетте айналасындағылармен қарым-қатынаста өздерін емін-еркін ұстап ашық сөйлесе алмайды, әсіресе қатарларының арасындағы айтыс – тартысты дискуссиялық сөз сайысына белсеніп қатысуға қаймығып, тартыншақтай беретін болады.

Сонымен қатар сөйлеу тілінің мағыналық жағынан қалыптасуы тақырыпты ұғынып, талдап қорытудан басталады. Осыдан кейін, қоршаған ортаның болмысын мағыналық жағынан түсінудің, мазмұнын талдап қорытудың тұжырымдық нәтижесінен логикалық процестер пайда болады. Бала айналасындағылармен қарым-қатынаста естіген сөздерін өзін қоршаған ортада кездесетін құбылыстардың болмыстарымен, заттардың мағыналық маңыздарымен, іс-қимылдарымен және сапалық қасиеттерімен салыстырып, оларды байланыстырып қолдану арқылы тілдің лексика-граматикалық құрылысын дұрыс меңгерудің барысында сөйлеу тілін жетілдіреді. Ол үшін бала, ең алдымен сезімталдық пен құштарлықтың танымдық қасиетін меңгеру қажет. Түсініп, түйсінетін және мәнімен қолданылатын сөздердің мағыналық маңыздары қоршаған ортаның болмысындағы шындық туралы ұғымды кеңінен өрістете және мазмұнын тереңдете отырып, онымен бірге дамиды.

Сөйлеу қатынасынсыз, яғни әлеуметтік қоғамдық ортасыз адам толыққанды тұлға бола алмайтыны ғылыми дәлелденген. Сөйлеу - өскелең ұрпақтың психикасының жоғарғы бөлімдерінің дамуының құралы екенін біз есте сақтауымыз керек. Баланы ана тілінде оқытып, ересектер оның интеллектісі мен жоғарғы эмоциясының дамуына мүмкіндік береді, оның мектепте оқуына алғышарт құрайды.

Сөйлеуді өз уақытысында және толық меңгеру балада толық психиканың қалыптасуының және әрі қарай дамуының алғашқы маңызды жағдайы болып табылады.

Әдебиеттер

1. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. - Алматы, 2004.
2. Лурия А.Р. Язык и сознание / Под ред. Е.Д. Хомской. – М., 1979.
3. Кольцова М.И. Двигательная активность и развитие функций мира ребёнка. – М.: Педагогика, 1998.
4. Выготский Л.С. Собрание сочинений в 6 томах. - М., 1982.
5. Лисина М.И. Проблема онтогенеза общения. – М., 1984.
6. Гвоздев А.Н. Вопросы улучшения детской речи. – М., 1991.

Шамшметова А. А.
Шаяхмет Ш. К.
Астана қ.

РУХАНИ, АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ – БАСТЫ МАҚСАТ

Оқушыларды рухани, адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Рухани, адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани, адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Рухани, адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз – оқушы өмірдегі орнын, жауапкершілігін түсініп, өзін-өзі жетілдіріп, айнала, қоршаған адамдар мен кез келген затқа, жан-жануарға және экологияға жақсылық тілеп, оны іс-тәжірибеде жасауы [3]. Сондықтан рухани адамгершілік жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады. Оның көрсеткіштері: басқаларға жақсылық жасау; жақсылыққа ұмтылу; өзін-өзі тану; өзін-өзі дамыту және т.б.

Қазіргі уақыттағы оқушыларды тәрбиелеу ісінде олардың ішкі жан дүниесі мен рухани әлемін тану, дамыту, жетілдіруге байланысты бірнеше іс-шаралар жүзеге асуда. Халықтық дәстүр, рухани мәдениет негізінде баланың рухани, адамгершілік тәрбиесін дұрыс жолға қою міндеттерін жүзеге асыру - басты мақсат. Баланың рухани дамуын ғалымдар зерттеуде.

А.С.Выготский, В.В.Давыдов, Ш.Амоношвили, В.Ф.Шатлов, И.П.Волков, Е.Н.Ильин т.б. ғалымдардың зерттеулері нәтижесінде оқушының жан-жақты дамытып, оның белсенділігін арттыруда көздеген дамыта оқыту технологиялары өз нәтижесін беруде [5].

Бала мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастағы рухани адамгершілік байланысын орнатып, ынтымақтастыққа қол жеткізуде Ш.Амоношвили мұғалімдерге мынадай кеңес береді: *«Педагогикалық үрдісте баламен тіл табыса білу, яғни балаға өз ойын, талғамын, көңілдегісін айтуға рұқсат беру тәрбиешіден көп шеберлікті талап етеді. Осынау қарым-қатынаста бала жанының қозғалысы ұстаз жанының қозғалысымен ынтымақтастық тапқан кезде бала өз бойындағы табиғи дарынын ашады, ал мұғалім өзінің шығармашылық жігер қуатының жемісін көруге мүмкіндік алады»* [4].

Е.Н.Ильин *«Оқушының рухани дүниесі мұғалім үшін негізгі зерттеу нысаны болып табылады»*, - деген пікірі оқушының рухани адамгершілігін ынтымақтастықта дамыта оқытуды көздегенін байқатады [5].

Мұндай озық педагогикалық тәжірибелер оқушылардың рухани адамгершілігін дамыту мақсатында қазіргі кезде біздің оқу – тәрбие үрдісінде кеңінен қолданылуда.

Мектептегі тәрбие жұмысындағы негізгі мәселе – оқушылардың «субъект – субъект» аралық қатынасын дамыту, әрбір адамның құндылығын, даралығын, ерекшеліктерін, сезімін және өзіндік баға беруін қалыптастыру. Мұнда баланың назарын өз өміріндегі елеулі өзгерістерге бұрып, оны саналы түсінуіне, қасиет – сапаларына баулу көзделеді [2].

Рухани – адамгершілік тәрбиені қалай жүзеге асырамыз? Олар мына қағидаларды сақтағанда нәтиже береді. Егер:

- *Тәрбие үрдісі оқушылардың рухани адамгершілік қасиеттерді игеруіне бағытталса;*
- *Оқушылар рухани адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында әрекеттік, іскерлік дағдыларды игерсе;*
- *Оқушылар жеке тұлғаның және әлеуметтік мәні бар рухани адамгершілік қасиеттерді өз іс-әрекетінде, мінез – құлқы мен тіршілік әрекетінде көрсете алу мүмкіндігін ерікті таңдаса.*

Демек, рухани, адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе – баланы құрметтеу. Әрбір оқушы өзін-өзі рухани жетілдіру үшін, өзін тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға ұмтылуы қажет екендігін түсінуі тиіс деп ойлаймыз.

Сыныптағы рухани адамгершілік, психологиялық ахуал-бала үшін адамдармен қатынастың алғашқы мектебі. Нақ өзінің сыныбында баланың мейірімділікке және зұлымдыққа, тәртіпке материалдық және рухани құндылықтарға деген көзқарасы қалыптасады. Сонымен қатар махаббат сезімін, достықты, жауапкершілік пен шындықты түсінеді. Яғни, мектептердегі тәрбие өсіп келе жатқан балалардың барлық өмірлік іс - әрекетіне ықпалын тигізеді. Солардың кейбір көңіл бөліне бермейтін маңыздыларына тоқталатын болсақ, рухани, адамгершілік тәрбиесіндегі аса маңызды шарттардың бірі – мұғалім өзінің әрбір ісі, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, сөйлеген сөзінің басқаларға ықпалы мен әсері, одан келіп шығатын нәтижеге жауапкершілігі. Бұны іске асырудың тетігі – мектепте туындап отырған әр түрлі ахуалдарды шешуде - әділетті, дұрыс жөн табу. Өз ісіне жауапкершілікпен қарау өзін-өзі тексеруден, есеп беруден басталады [7].

Педагог ғалымдар істің өзі емес, сол істегі мұғалім мен оқушы, оқушы мен мұғалімдер арасындағы қарым – қатынастың мәнді екенін, мұғалімнің тәлім – тәрбиелік ықпалы осындай жақын, бірлескен қарым – қатынас барысында іске асырылатынын дәлелдеген [4]. Мұнда тағы бір маңызды мәселе шешіледі, ол – баланың істеп жатқан еңбегіне қызығушылығын ояту, оның пайда-зиянын білуі;

Дәстүрлі институттардағы тәрбиенің әдістері мен ата-бабаларымыздан келе жатқан тәрбие құндылықтары мен өлшемдерін салыстырмалы түрде қарастырғанда мектептегі шаруашылықты жүргізу рухани, адамгершілік тәрбиемен тығыз байланысты екендігі байқалады.

Қазіргі кезде уақыттың талабына сәйкес оқу мен тәрбиенің тиімділігіне қойылатын міндеттер мен талаптар өзгеруде. Бұрынғы кездері үлкендер тәрбие жұмысының негізін білім, іскерлік, дағды және құндылықтарды балалардың бойына жинақтау деп түсінді. Соның негізінде балалар олардың ата – анасы өмір сүрген ортаның қағидаларына сүйенеді [6].

Қазіргі кездегі әлеуметтік өзгерістер ғылыми–техникалық, мәдени, тұрмыстық жағдайлардың күрт өзгеруіне байланысты болғандықтан, балаларды осы ыңғайға дайындауымыз қажет. Сондықтан тәрбиенің жетістіктері оларға өздерінің жемістері мен дағдыларын беру ғана емес, олардың жеке әрекет жасауға және шешім қабылдауға өз бетінше үйрене алуына мүмкіндік туғызу. Жас ұрпақ үнемі өзгеру үстінде болады, оның психологиялық реакциясында ауыспалылық болып отырады.

Мұғалімнің оқушылар алдында жаза қолданбау, оларға теріс әсер етпеу жолдарын ойлап, өздерін жетілдіруге бейім тұруының өзі олардың рухани, адамгершілік тәрбие беру жолындағы дамуын көрсетеді. Егер олар бәрін білеміз, оларға ықпал етуге, тәрбиелеуге дайынбыз деп ойлап, тәрбиелеумен ғана шұғылданса, ұрпаққа зиян келтіруі ықтимал. Бұл жайында Я.Корчак былай дейді: «... ересектердің өзін емес, балаларды тексеріп, олардың қателіктерін тізбектеуі абырой әкелмейді». «...өзімізді өзіміз жұбатан, өзімізге өзіміз риза болып, өз қателіктерімізді кешіріп, оңалу міндетінен құтылу» мұғалімдік парыздан құтылумен бірдей болады да, бала тәрбиесіндегі сезімталдық пен ақыл парасаттан ажыратады [4].

Осы күні педагогикалық білімі жоқ адамдар да білетін ереже – «Тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек». Бірақ кейбір мұғалімдеріміздің, өзін-өзі тексеріп, өзін-өзі қайта тәрбиелеуден бас тартқандардың жауабы біреу – «Енді кеш, болары болды!», - дейді. Ұлы ғұламалардың айтқаны «Үйрену ешқашан кеш болмайды», ал халқымыз «Ештен кеш жақсы», - дейді. Мектептегі тәрбие - өз оқушыларын артынан ертіп, еліктетіп әкетуі, онда тек жақсы істермен ғана үлгі көрсетуді көздесе, оның басты жолы рухани – адамгершілік тәрбиесі болмақ.

Баланың сана–сезімін, адамгершілік мұқтаждарын қалыптастыратын тәрбиенің ең бірінші рухани міндеті. Рухани, адамгершілік тәрбие барысында әрдайым осы мұқтаждарды басты нысана етіп ұстау қажет. Себебі, баланың көзқарасы оның күнделікті іс - әрекетімен сәйкес келмесе, олар ойлауға шебер, бірақ іс - әрекетке, қарым–қатынасқа жоқ адамдар болып қана шығады. Рухани тәрбиесі дұрыс жастар әрқашан жақсы қасиеттерді бойына сіңіреді және идеалдарына ұқсауға ұмтылады. Таңдаған болашақ мамандығына лайықты мінез–құлық қалыптастыруға тырысады.

Оқушылардың жақсы қасиеттерін ұмтылған ниетін мұғалім дер кезінде біліп, қиын психологиялық сәттерін байқап, оған қолдау көрсетіп отырған мектептерде қайшылық жағдайлар кездеспейді.

Оқушыларды ибалылыққа баулып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілділік, қамқорлық, ізгілік және адамгершілік сияқты қасиеттерді бойларына сіңіру–әрбір мұғалімнің және мектептің басты парызы.

Рухани дүниесі бай, қажеттері мен қызығулары, талғамы мен ой - өрісі кең адамдарды толық мінезді адам дейді. «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез – құлыққа байланысты» (Әл – Фараби) [4].

Дана ақын, рухани адамгершілік қасиеттерін, талдап жеткізген халықтың ырысы, «Құтты біліктің» авторы Ж.Баласағұн – адамның мінез–құлқы мен оның қоғамдағы орнына ерекше тоқталады. Адам с дүниеге қонақ, сондықтан ол артына ылғи да жақсы сөз бен жақсы ісін қалдырып отыруы қажет. Ол үшін әр кез жаман қылықтан сақтанып, адалдықпен жүріп–тұруы тиіс деген ойлары жақсы мәлім [2]. Ендеше, оқушыларды рухани, адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың басты мақсаты. Рухани тәрбие, білім беру адам дамуының рухани үйлесімділіктерін түсінуді қамтамасыз етеді. Рухани тәрбие адамның ізгілік ұстанымдарын тәрбиелеп, ақыл–ой мен іс-әрекеттерін ізгілік мұраттарға бағыттап, рухани көзқарасын қалыптастыратындығын естен шығаруға болмайды.

Рухани, адамгершілік тәрбиесінде тәрбиеші оқу шеберін тұлға ретінде танип, біліп қана қоймай, үш кезеңді ескеруі, оның дамуын көре білуі қажет:

- Бұрынғысы;
- Қазіргісі;
- Болашағы [4].

Мұғалімнің негізгі қызметтерінің ең бастысы оқушы тәрбиесіндегі сәттіліктерді айтуға болады. Ол үшін ең қажеттісі:

1. Оқушыны тек тәрбиенің жемісі ғана емес, сонымен қатар ол өз елінің және өзінің өмірлік орнын, мектебіне және өзіне байланысты мінез – құлықты анықтайды. Нақтылап айтқанда, оқушы - өзіне тәрбиеші.

2. Оқушылар өзінің аз тәжірибесінде, өзіндік ойлауы арқылы айналасындағыны қабылдайды әрі бағалайды. Олардың мінез – құлқын, әсерін түсіну үшін өмірге олардың көзімен қарау қажет.

3. Оқушыларға тек біз айтқан нәрселер ғана әсер етпейді, сонымен қатар мұғалімдердің оқушының мінез – құлық ерекшеліктерін ескеруі қажет [6].

Сондықтан маңызды мәселелерді зерттеп қана қоймай, олардың тәрбие үрдісінің тиімділігіндегі өзара байланысы мен өзара тәуелділігіне жете назар аударуымыз қажет.

Қорытындылай келе, қазіргі кезде оқу процесін ізгілендіруге, оқытудың тәрбиелік сипатының басымдылығына, сондай–ақ тұлғалық бағдарына назар аударыла бастады. Бұл бағытта орта мектептегі оқу–тәрбие жұмысында басшылыққа алынатын түрліше сабақ үлгілері мен қосымша оқу құралдары жарық көруде. Бұдан оқыту процесінің бағытын өзгертіп, оқушымен қарым–қатынастың жаңаша тәртібін орнатудың уақыты келгенін байқаймыз. Бұл үрдіс – білім беруді ұйымдастыру ісінің алғашқы күнінен бастап, адам көзқарасының өзгеруіне қарай жаңарып отыруды талап ететін қоғамдық құбылыс. Сондықтан көтеріп отырған жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта оқыту мәселесі - заман талабы.

Әдебиеттер

1. Өтебаева А. Рухани – адамгершілікке тәрбиелеу //Бастауыш мектеп. – 2006. - № 1.
2. Абайылда Т. Рухани – адамгершілік құндылықтар негізінде //Қазақстан мектебі. – 2004.
3. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Білім, 1993.
4. Қалиев С., Майғарақова Ш., Нысанбаева Г., Бейсенбаева А. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. – Алматы: Білім, 2001.
5. Әбенбаев С.Ш., Құдиярова А.М., Әбиев Ж.Ә. Педагогика. – Астана, 2003.
6. Қалиев С., Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім – тәрбиесі. – Алматы: Сана, 1995.
7. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. – Алматы: Мектеп, 1976.

Уркумбаева Б. М.
Астана қ.

ҚАЗІРГІ ЗАМАН МҰҒАЛІМІНІҢ МОДЕЛІ

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Я.А. Коменскийдің, И. Герbartтың дәстүрлі объект – субъектілі педагогикасының орнын басқасы басты, ол балаға оқу субъектісі ретінде (субъект – субъектілі) [3], өзін-өзі өзектілендіруге, өзін тануға және өзін – өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған өзара әрекеті болып табылады.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр.

Бала – ол жеке тұлға. Олай болатын болса, «жеке тұлға» ұғымына түсінік беретін болсақ: *Жеке тұлға* – бұл адамның психикалық, рухани мәні, ол әр түрлі жинақталған қасиеттер жүйесіне тән:

- адамның әлеуметтік маңызды қасиеттерінің жиынтығы;
- өзіне және өзінің дүниеге, дүниемен қатынастарының жүйесі;
- мінез – құлық әрекеттерінің жиынтығы;
- қажеттілік жүйесі;
- қоршаған ортаны және өзін-өзі жете түсінуі;

– шығармашылық мүмкіншілігі мен қабілеттерінің жиынтығы т.б.

Бүгінгі таңда П.М. Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы, Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Ш.А. Амонашвилидің ізгілікті тұлғалық технологиясы, В.Ф. Шаталовтың оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы, М. Чошановтың проблемалық модульді оқыту технологиясы, П.И. Тротьяковтың, К. Базинананың модульді оқыту технологиясы, В.И. Монаховтың, В.П. Беспальконың және басқа да көптеген ғалымдардың технологиялары кеңінен танымал.

Қазақстанда Ж.А. Қараевтің, Ә. Жүнібектің және М.М. Жанпейісова т.б. ғалымдардың оқыту технологиялары қазіргі білім беру үрдісінде белсенді түрде қолданылуда.

Ал, енді, осы заманның жаңа оқыту – тәрбиелеу технологияларын өздері меңгеріп, балаларға меңгертетін *педагог, ұстаз, мұғалім қандай болу керек?* деген үлкен қоғамдық сұрақ туады. Осы сұраққа жауап іздеу - білім беру саласындағы қызметкерлердің басты мәселесі. Көпжылдық педагогикалық тәжірибемдегі *«педагог, ұстаз, мұғалім»* ұғымының мәнін ашып, мақсат, міндеттерін анықтайтын ойларды қорытындылай келе, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін бала жанының бағбаны – *мұғалімдер мынадай болуы керек* деген тұжырымға келдім. Олар:

Біріншіден, мұғалімнің ары таза, адал, әдепті, инабатты, сыпайы, парасатты, байсалды, ұстамды, төзімді, кешірімді болуы шарт.

Екіншіден, мұғалімнің ой – өрісі кең, жан – жақты білімді, өз мамандығына сай, оны сүйетін, өз ойын шәкіртіне анық, тұжырымды, дәл айтып түсіндіре білуі тиіс.

Үшіншіден, мұғалім өз оқушыларына беделді, ұжым арасында сыйлы болуы керек. Әрдайым оқушылармен әдептілік қарым – қатынаста болған жөн.

Төртіншіден, мұғалім үнемі өз бетімен оқып, педагогика, әдістеме жаңалықтарымен танысып, өзінің ой-өрісін кеңейтіп, білімін толықтырып отыруы қажет.

Осы қағидаларды әрбір мұғалім тұрақты ұстанып отырса, мұғалімнің күш-қуаты, көңіл-күйі әрдайым жоғары болады да, сабақ беру сапасы арта түседі, еңбегі жаңады.

Қорыта айтқанда, мұғалімдер басқадай мамандықтармен салыстырғанда бір табан болса да алда болуы керек. Өйткені, Президенттен бастап қатардағы жұмысшыларға дейін мектеп қабырғасынан мұғалімдердің арқасында сауат ашады. Оларға білім беремін, оларды адамгершілікке тәрбиелеймін деп қаншама жүйке тамырын тоздырып, ащы терлерін төккен ұстаз бейнесі әр адамның санасында болған жөн.

Мұғалімге ХХІ ғ. қандай талап қойылуда?

Қазіргі заман мұғалімінің моделі.

✓ ізденімпаз;

- ✓ жан–жақты шебер;
- ✓ рухани бай, гуманист;
- ✓ терең қазыналы білімпаз;
- ✓ кез келген ортаның ұйытқысы;
- ✓ идеал адам мүсіншісі;
- ✓ адамгершілік пен патриотизм жаршысы;
- ✓ тынымсыз еңбекқор;
- ✓ сұлулықпен сусындаған эстет;
- ✓ нәзік психолог.

Жоғарыда бейнеленген әр қасиетке талдау жасайын.

Оқушылардың дүниетанымын ғылыми түрде ұйымдастыруда, ғылыми–техникалық талаптарға сай білім беру мен таным белсенділігін арттыруда мұғалімдердің ғылыми–теориялық дайындығының маңызы зор. Бұл орайда мұғалімдердің ғылыми – ізденімпаздығы басты рөл атқарады, яғни мұндай мұғалімдер *ізденімпаз* бола алады.

Чех педагогі Я.А. Коменскийдің ілімінен бастап бүгінге дейін оқу әдістемесінде білім беру мен ұйымдастырудың басты формасы – сабақ.

Қазіргі сабақ – проблеманы шешу жолдарын дамыту сабағы. Ол үшін озық тәжірибелі ұстаздар еңбегін тарату керек. Сабақ тиімділігін арттыруда мұғалімнің озық тәжірибесі аса маңызды. Педагогикада озық тәжірибе – ғылымға жақындаған практика деп тегін айтылмаған. Олай болса, озық тәжірибелі мұғалім болу жан–жақты шеберлікті талап етеді [1].

А.С. Макаренко шеберлікті былай тұжырымдайды: *«Шеберлік – дейді ол, жетуге болатын нәрсе, шебер – токарь, шебер – дәрігер сияқты, шебер педагог бола алады»* [1]. Оқушылардың жеке-дара қасиеттері – олардың сенімі, мұраты, дүниетанымы. Ғылымға негізделген дүниетанымы, сенімі, мақсат – мұраты бар адамдардың психологиялық қасиеттері жоғары болады. Міне, сондықтан оқушылардың жеке-дара қасиеттерінің қалыптасуын ой – өрісі кең, іс – қимылы нақты, олардың пікірлерімен санасатын, сырласа білетін рухани дүниесі бай ұстаз ғана қамтамасыз ете алады.

Гуманист – бұл мұғалім үшін міндетті сапа, яғни өсіп – жетіліп келе жатқан адамға жер бетіндегі жоғары құндылық ретінде қарым–қатынас жасау, бұл қарым – қатынасты нақты істер мен қылықтарында көрсетеді.

Мұғалім өзінің білімпаздығымен, қарапайымдылығымен, биік талабымен, ой–өрісінің кеңдігімен, рухани дүниесінің бай болуымен *кез келген ортаның ұйытқысы* бола алады.

Оқушыларға сапалы да тиянақты білім берудің негізі – өз пәнін жан–жақты игеру, оқушы санасына жеткізе білу, шығармашылық ойлауын қалыптастыру, оқытудың белсенді әдістерін қолдану. Бұл *тынымсыз еңбектенуді* талап етеді.

Баланың бойында ұнамды мінез – құлық пен әдеп, ибалылық, жарасымды талғам мен таңдау қасиетін, жүріс–тұрыс, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру қажымай–талмай еңбектенуді талап етеді. Баланың адамгершілік сапаларын қалыптастыруда *адамгершілік жаршысы* – тәрбиешінің атқарар жұмысы ауқымды [5].

Тәрбиелі адамның үлгі - өнегесін жоғары бағалап, халқымыз: «Адам болар баланың кісіменен ісі бар, адам болмас баланың кісіменен несі бар» деген екен [2].

Отанға деген сүйіспеншілік – адам бойындағы күш–қуатын, білімін, өмір тәжірибесін, кір жуып, кіндік кескен жеріне деген ыстық махаббатын, кісілігін танытатын асқақ сезім.

Өз Отанын, өзінің туған жерін жан–тәнімен сүйетін және оны көзінің қарашығындай сақтайтын патриоттар тәрбиелеу – ұстаздар алдындағы үлкен жауапкершілік. Отан қорғау – қасиетті борыш екендігін оқушылардың санасына жеткізу – *патриотизм жаршысы* – ұстаздардың басты мақсаты [4].

Қоршаған ортаның өмір шындығын сезе, түсіне, қабылдай білуге, халқымыздың ұлттық өнерін қастерлей білуге, әсемдігін тани білуге, мектепте, үйде әсемдеп жинай білуге, әсемдік қалыптастыруға, музыкаға, әнге, бейнелеу өнеріне баулу оқушылардың көркемдік біліктілігін шындап, эстетикалық талғамын арттырады.

Оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде *сұлулықпен сусындаған эстет* мұғалімнің үлгісі ерекше.

Бала психологиясын түсіне білу – мұғалімнің педагогикалық біліктілігін көрсетеді. Онсыз балалардың оқуында болсын, тәрбиесінде болсын, жеке басындағы ерекшеліктерді білу мүмкін емес. Баланың жасына, жеке басының ерекшеліктеріне қарай қарым – қатынас жасай білу дегеніміз – оның жүрек сезіміне жол табу, тәрбиесіне ықпал жасайтын жұмыстың формалары мен әдістерін табу. Сонымен қатар баламен қарым–қатынаста әдептілік пен сыпайылықтың үстем болуы, олардың денсаулығына, қуаныш–ренжішіне ортақтаса білуі, жеке басының үлгісі, көңіл–күйінің жайдары болуы – *нәзік психологке* тән нәрсе.

Осындай қасиеттерді бойына жинаған ХХІ ғасыр мұғалімі ғана идеал ұрпақ тәрбиелеп шығара алады деген сенімдемін.

Әдебиеттер

1. Қоянбаев Р., Қоянбаев Ж. Педагогика. – А., 2003.
2. Қожахметова К.Ж. Сынып жетекшісі. – А., 2000.

3. Петрова В.Ф., Хасанов М.Ш. Педагогические блуждание и смысл современного образования //Евразия. - 2005. - № 3,5.

4. Қабышева К. Мұғалімге қойылатын талаптар //Химия, Биология, География. – 2003. - №3.

5. Қайдарова М. Мұғалім тұлғасына қойылатын негізгі талаптар // Бастауыш мектеп. - 2004. - №2.

Жұмаділова Қ. Б.
Екібастұз қ.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҚҰЗІРЕТТІЛІК МӘСЕЛЕСІ

Біздің елімізде қазіргі таңда білім берудің жаңа жүйесі, ұлттық үлгісі қалыптасуда. Ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән болмыс, адами қадір-қасиет, ғасырлар бойы жинақталған рухани және материалдық құндылықтар. Өзімізді-өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық әдеби және мәдени байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды оқыту үрдісіне енгізу арқылы, тұнып тұрған ұлттық асыл мұраларымыздың рухани байлығын, ұлтжандылық пен отаншылдық сезімді қастерлейтін, өз Отанын көзінің қарашығындай сақтайтын тұлға тәрбиелеу - біздің алғы мақсатымыз. Ежелден бастап өзінің көркемдік құдіретімен, әсерлілігімен, шешендігімен, байлығымен мойындатқан қазақ тілі бүгінде барлық салаларда қалыптасып, дами түсуде. Рухы асқақ тілдің сырын ана тілі, туған әдебиеті арқылы танығудың өзі қандай мәртебе. Қазақ халқының тіліндегі қаншалықты асыл маржандар - ойдың шырайын танытып, халқымыздың ұлттық ойлауының биік адамгершілігін көрсететін дәлелдер. Тіл мен әдебиетті егіздеп қатар айтуымызда олардың өзара мазмұндас екі ұғымды жағы бар. Әдебиет – ұлттың көкірегінде қайнап жататын терең ойлар толқыны да, ал, тіл – соларды жарыққа әсемдеп шығаратын құрал. Осыдан келіп шығатын түйін мынада: тіл мен әдебиеттің күші – адам жанының тәрбиеленуінде. «Тәрбиелеу үрдісі оқушыны тәрбиелеуге емес, оқушы өзін-өзі тәрбиелеуге әкелетін үрдіс болуы тиіс», - деп көрсетеді Л. С. Выготский. Қазіргі заман талабына сай қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту да білім беруді жаңашаландыру – оқу-тәрбие үрдісін даралау, демократияландыру – жаңа тақырыпты оқушылардың өздеріне меңгере алатындай билік беру, ізгілендіру, түрлендіру, тұлғаға бағытталған білім беру ұстанымдары арқылы жүзеге асырылады. Оқыту үрдісінде соңғы кездері жаңа жобалар мен озық технологиялар енгізіліп жатыр. Оның мәні – тұлғаны өзінің әрекеттеріне талдау жасауға, өзі үшін маңызды мәселелерді анықтай алуға және шешу жолдарын таба білуге бағыттау. Осы орайда Д. Дьюи философиясының идеясын айтар болсақ, яғни, өмірлік тәжірибеге негізделген өз білімін оқушының да, оқытушының да пайдалана білуі жүзеге асырылады. Сондықтан жаңа үрдісті тәжірибеге енгізуде мұғалімдердің сыртқы форманы ғана басшылыққа алмай, оның философиясын ұғыну маңызды шарт. Оқытудағы басты мақсат - алдындағы оқушыларға таза білімнің өзін бере білу емес, бүгінгі алған білімін өмірлік қажеттіліктеріне сай қолдана білуге үйрету. Осыған сәйкес оқыту мазмұны құзіреттілік, танымдық, әрекеттік-шығармашылық және тұлғалық қызметтерді қамтиды:

- **құзіреттілік қызмет** – тұлға үшін мәнді бағдар жүйесін, өзіндік даму траекториясын таңдап алу;
- **танымдық қызмет** – тұлғаның рухани дамуының негізі ретінде ұлттық мәдениет, дәстүр, жан-жақты білімдерін игеру;
- **әрекеттік-шығармашылық қызмет** – тұлғаның оқу, еңбек ету, ғылыми, көркемдік және басқа да әрекет түрлерінде өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруы, шығармашылық қабілетін қалыптастыруы және дамытуы;
- **тұлғалық қызмет** – өзіндік санаға бағытталған рефлексиялық қабілетті дамыту арқылы өзінің өмірлік мұратын дұрыс қалыптастыруды қамтамасыз ету.

Интеллектуалдық деңгейі жоғары тұлғаны қалыптастыру үшін, оны оқытып қана қою жеткіліксіз. Оны тұлға ретінде жан-жақты дамытуға қолайлы, оқығудың шығармашылық түрін жасау қажет. Бұл жеке тұлғаны берілген оқу материалын жаттап алу ғана емес, керісінше, өз бетімен білім алып, ізденуге үйретеді. Жан-жақты білімділіктің өте зор құралы білімді өздігінен іздене игере алуы болса, бұл әдістердің қазақ тілі мен әдебиетін өздігінен іздендіре оқытудағы маңыздылығы шексіз. Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құзіреттіліктердің болуы қажет:

- **белсенді қарым-қатынас** – оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;
- **индивидуалдік** – мұғалімнің әрбір оқушының ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;

- **өзіндік тәртіп** – өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту;
- **шыдамдылық** – әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлерін қабылдай алу мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Тұлғаның белсенділігі, өзін-өзі дамытып отыруға ұмтылуы өзгелерден бөлек жағдайда емес, өзге адамдармен диалогтық қатынастарға түсу кезінде жүзеге асырылады. Бірлескен қарым-қатынас негізінде оқушы – оқушы, мұғалім – мұғалім, оқушы – мұғалім арасында өзара құрметтеу, мойындау, түсіне білу және сыйластық әрекеттері пайда болып, толеранттық пен мейірімділік көзқарастары, сонымен бірге тұлға бойында рефлексиялық сапалар қалыптасады. Рефлексиялық сапа дегеніміз – білім мен тәрбиені өзіндік сана арқылы қабылдап, тұлғаның рухани дамуы, ғылыми ақпараттарды игеруі болып табылады. Оқушы бойында рефлексиялық сапалардың қалыптасуы білім беруді ізгілендірудің нәтижесі болып табылады. Оқушының өзін тану үшін және өмірлік проблемаларын шешудің бірден-бір тәсілі – рефлексиялық басқаруды жүргізе алуы. Ол үшін төмендегі басты ерекшеліктерді дағдыға айналдырудың маңызы зор:

- өз тәжірибесін пайдалана отырып, жаңа білім арқылы дүниеге өзіндік түсінік пен танымды қалыптастыру;

- өзге адамдардың ұсынатын идеяларына конструктивтік көзқараспен қарай алу;

- өзіне қарама-қарсы идеяларды жокқа шығаруға емес, түсінуге ұмтылу, одан өзі үшін нәтиже шығару;

- өз біліміндегі олқылықтарын көре білу және оны жою жолдарын табу.

Рефлексиялық әрекеттер барысында оқытудың жолдары талданады, өзіндік шешім қабылдауға жағдай туғызылады. Сөйтіп, бала өзін-өзі дамыту, тәрбиелеу, өз әрекеттерін ұйымдастыру мүмкіндігін алады. Өз ерекшелігі мен деңгейін таниды.

«Ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушыға ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады», - деп ұлы ғалым А. Байтұрсынов бала тілін дамытуда сөз үйретіп, сөздік қорын молайту мақсатында өте тиімді әдістер қолданған. Қазіргі уақыт – жаңалық пен инновация уақыты. Күнделікті өмірде жаңа білім мен жаңалықтармен кездесеміз. Бұған оқыту үрдісі де сәйкес болу керек. Жаңалықты пайдалану оқушының ойлау қабілетін жаңалыққа икемдеп, алдын ала болжам жасауға үйретеді. Құзіреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі, оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, дағдыны тәжірибеде қолдана алу, проблеманы шеше білу, оқушылар сапасының құрылымдық сипатын анықтайтын жаңа сапа. Жеке тұлғаға құзіретті білім беру – жасампаз қоғам өмірінде өз рөлін таба білу біліктілігін, азаматтық белсенділігін, ең бастысы – өз Отанының патриоты болуды, рухани келісім мен толеранттық идеяларға бейім болу мен этномәдениеттік құбылыстарды тани білуді, өз бетінше іздене білуді, ақпараттық технологияларды игеруді, әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға нақты талдау жасап, шешім қабылдай білуді үйретеді. Білім беру үрдісіндегі демократиялық және гуманитарлық қарым-қатынастар оқушының танымдық қабілетінің дамуына, өз әрекеттеріне өзгеріс енгізе алуына, өзін үнемі жетілдіріп отыруына ықпал етеді. Осылайша қарастыру негізінде білім беру үрдісінде оқушының өзіндік сана, өзіндік таным, өзіндік білім алу, өзара қарым-қатынас, өз өмірінің субъектілігі сияқты педогогикалық-рефлексиялық сапалары пайда болады және одан әрі дамиды деген тұжырым жасауға болады.

Әдебиеттер

1. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. – А., 2004.
2. Дьюи Дж. Демократия и образования. 2000.
3. Жұмабаев М. Педагогика. 1991.

Дүйсен С. Ж.
Астана қ.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХ ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ БАСТАУЫНДА

Тарих мектептегі оқу пәні ретінде жалпы негізгі білім беретін мектептегі барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық курстардың өзегін құрайды. Тарих ұлттық сана-сезімді және жас ұрпақты тәрбиелеудің адамгершілік-этикалық нормаларын қалыптастыруға назар аударады. Сондықтан да кеңестік заманда коммунистік идеология мектепте тарих пәнін оқытуға ерекше мән берген еді. Тәуелсіздік алғанға дейін Қазақстан тарихы КСРО тарихының құрамдас бөлімі ретінде мектептерде 1958/59 оқу жылынан бастап 8-10 сыныптарда, кейін 4-ші сыныптан бастап, барлығы 60 сағаттық көлемде оқытылып келгені тарихтан белгілі.

Алғашқы Қазақстан тарихы оқулықтарын жазуға қазақтан шыққан тұңғыш тарих ғылымдарының докторы Е.Бекмаханов және тарих ғылымдарының кандидаттары Х. Әділгереев пен С.К. Ибрагимов,

педагогика ғылымдарының кандидаты А. Чижов қатысты. Алғашқы оқулықтар қазақ және орыс тілдерінде басылды және ол Қазақстан тарихы оқулықтарының тұңғыш бастамасы болып саналады. Қазақстан тарихы мектептік пәнінің негізін салушы профессор Е. Бекмахановтың жеке өзі жазған, 7-8 және 9-10 сыныптарға арналған Қазақстан тарихы оқулықтары мектептерде 30 жылдай пайдаланылды. Ал 4 сыныпқа арналған «Қазақ ССР тарихынан қысқаша әңгімелер» оқу құралын әдіскер-ғалым Т.Тұрлығұл жазды [1].

Қазақстан тәуелсіздігін алған соң мектептерде тарих пәнін оқытуда түбегейлі өзгерістер басталды. 1990-1991 оқу жылынан бастап мектептің оқу жоспарына тарих жеке пән ретінде енгізілді. Ол он бір жылдық мектептің жеті сыныбында (яғни, 5-11 сыныптарда) оқытылатын болып шешілді. Тәуелсіз ел болған соң мектепте «Қазақстан тарихын» оқыту бірінші кезекке қойылды.

1992 жылы Қазақтың Ы. Алтынсарин атындағы Білім проблемалары институты Ж. Қасымбаев, Т. Тұрлығұлов сияқты көрнекті тарихшы және әдіскер ғалымдардың жетекшілігімен еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Қазақстан тарихын» оқытудың тұжырымдамасын жасады. Мұнда тарихты мектепте оқытуды ұйымдастырудың негізгі бағыттары, пәннің маңызы, мақсаты мен міндеттері, мазмұны, оған қойылатын талаптар, т.б. маңызды мәселелер айқындалды.

Тарихты оқытудың жаңа бағдарламасы жасалып, соған сәйкес оқулықтар жазу қолға алынды. Бұл бағдарлама 1992 жылдың күзінде мұғалімдер қолына тиді.

1993-1994 оқу жылында Қазақстан тарихының бірнеше жаңа оқулықтары жарық көрді. Сол оқулықтардың қатарында «Рауан» баспасынан 5-сыныпқа арналған «Қазақ елінің қысқаша тарихы» (авторы Т. Тұрлығұлов), 9-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» (авторы Ж. Қасымбаев), «Атамұра» баспасынан 10-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» (авторлары М. Қозыбаев, І. Қозыбаев) бар еді. Педагогика ғылымында бұларды өтпелі кезеңнің оқулықтары деп атайды.

Ал 11-сыныпқа арналған алғашқы «Қазақстан тарихы» оқулығы 1993 жылы К. Нұрпейісов, Б. Аяған, Н. Жақсылықов сияқты авторлардың қатысуымен жарық көрді. Жаңа ғана еркіндікке қол жеткізген жас мемлекеттің жаңа тарихын дөп басып жазу қандай ғалымға болса да оңайға түспейтін еді. Мектеп оқулығы тарих ғылымының негізіне сүйеніп жазылатыны белгілі. Кеңестік әдіснамадан бас тартқан, жаңасы әлі жасалмаған отандық тарих ғылымы ол кезде әлі дағдарыста болатын. Үлкен жауапкершілікті мойындарына алған авторлар ұжымы тәуелсіз Қазақстанның екі жылдай ғана тарихын ой елегінен өткізіп, кеңестік қасаң қағидадан бас тарта отырып, оқулықты жалған тұжырымдар мен бұрмалаушылықтардан тазартуға күш салды. Оқулықта 1946 жылдан 1992 жылға дейінгі кезеңнің оқиғалары қамтылды. Елу жылға таяу уақыт бес тақырыпқа бөлініп берілді. Ол 34 сағатқа лайықталды. Соңғы, бесінші тақырып «Тәуелсіздік жолында» деп айдарланды. Бұл тарауда КСРО-ның ыдырауы, ТМД мен тәуелсіз Қазақстан Республикасының құрылуы, 80-жылдардың аяғы мен 90 жылдардың басындағы ұлттық-демократиялық қозғалыстың өрлеуі, елдігімізді алғаннан кейінгі жаңа, нарықты экономикаға көшудің басталуы, жекешелендіру үрдісінің барысы, халықтың әлеуметтік жағдайы, «Тілдер туралы» Заңның қабылдануы, еліміздің сыртқы саясатының мәселелері қысқаша баяндалды. Алғашқы жылдары оқулыққа қосымша құралдар болған жоқ. 2002 жылға дейін 6 рет басылған оқулық 2005 жылға дейін қолданыста жүрді. Жекелеген кемшіліктерін көрсете отырып, жалпы алғанда бұл оқулықты еліміздің ұстаздар қауымы мен оқушылары жақсы қабылдады.

Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары «Қазақстан тарихы» оқулығын жазуға өзіндік үлес қосқан мектеп ұстазы Дүйсен Бабаевтың еңбегін атап өткен орынды. Көп жылғы ұстаздық тәжірибесі бар талантты педагог 1990 жылы 7 және 8 сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» оқулығын жазып шығарды. Мектеп мұғалімінің қаламынан туған оқулық шәкірттерге түсінікті тілмен жазылып, жеңіл қабылданатындығымен ерекшеленді. Мектептерде бірнеше жыл қолданылып, өзін ақтаған соң ұстаз ол оқулықтарды өңдеп жетілдіріп, 1994-1995 жылдары екінші рет басып шығарады және ол оқулықтар бірнеше оқу жылында пайдаланылды. Сонымен қатар 1995 жылы К. Байпақов, Б. Көмеков, К. Пищулина сияқты танымал ғалымдар жазған 7-8 сыныптарға арналған «Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы» оқулығы да шығып, оқу үрдісінде Д. Бабаевтың оқулығымен қатар қолданыла бастады.

1991-1998 жылдар аралығында 5-ден 11 сыныпқа дейінгі жеті сынып үшін тарих оқулықтары үш-алты реттен қайта басылды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан тарихы оқулықтары мен басқа да оқу құралдарын жазуда танымал тарихшы, сол кездегі ҚР Ғылым академиясы Тарих институтының директоры, академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев ерекше белсенділік көрсеткенін атап көрсеткен жөн. Ол Қазақстан тарихының аса күрделі кезеңін қамтитын 10 сыныпқа арналған (1919-1945 жж.) оқулық пен оның хрестоматиясын 1993 жылы жаңаша тарихи көзқарас тұрғысынан жазып шықты. Академик жазған оқулық және хрестоматия бірнеше рет қайта басылып мектептерде кеңінен қолданылды.

Кейін Манаш Қабашұлы Қазақстан тарихының жаңа буын оқулықтарын дайындауға да қатысады. Оның жетекшілігімен жазылған 9 сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығы әлі күнге дейін мектептерде қолданылуда.

Қоғам мен ғылым дамып, білім беру саласында жаңа талаптар туындаған соң, оқулықтарды жетілдірудің, жаңартудың қажеттілігі пайда болды.

Қазақстан үкіметінің 1996 жылғы 26 қыркүйектегі оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындап, басып шығару туралы қаулысы негізінде жалпы білім беретін мектептің Оқу жоспары Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясында бірнеше рет қаралып, талқыланып Білім және ғылым министрлігінің алқасында бекітіледі. Ол бойынша тарих пәндері – Дүние жүзі және Қазақстан тарихы негізгі

мектептің бес (5-9) сыныбында оқытылатын болды. Қаулыға сәйкес 1999-2005 жылдар аралығында 5-9 сыныптар үшін «Қазақстан тарихынан» жаңа буын оқулықтары жазылу керек болды. Бұл оқулықтарды жазуға екі рет бәйге жарияланды. Бәйгенің шарты 1999 жылы «Қазақстан мұғалімі» мен «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланды. 2000 жылы күзде оқулықтар жазуға екінші рет жарияланды.

Оқулықтардың алғашқы байқау нұсқасы шағын таралыммен басылып шығып, республиканың 70-ке жуық мектептерінде сынақтан өтті. Сонымен қатар, олар тиісті ғылыми мекемелер мен оқу орындарында ғылыми және тәжірибелік сараптамадан да өткізілді. Тарих оқулықтарының байқау нұсқаларын және оқулықтарды талқылауға, талдауға тарихшы ғалымдар, педагог әдіскерлер, мектеп мұғалімдері кеңінен қатысып, белсенділік таныта білді. Бұл талқылаулар әсіресе, тарихшы мұғалімдердің төл журналы «Қазақ тарихы» ғылыми-әдістемелік журналында көп жазылды. Әсіресе, танымал ғалымдар Х.М. Әбжанов [2] пен Т.Т. Тұрлығұлдың [3] оқулық жазудың қыры мен сырын тануға бағыт-бағдар, ақыл-көнені беретін мақалалары оқулық жазатын авторлар мен қалың оқырман назарын аудартқанын айтқанымыз жөн.

Талқылаушылардың пікірлері, ұсыныстары, көзқарастары тек республикалық педагогикалық басылымдарда ғана емес, «Егемен Қазақстан» сияқты еліміздің бас газетінде де жарияланды. Байқалған кемшіліктер бойынша қолжазбалар өңделіп, жетілдіріліп, толық таралыммен қайта басылып мектептерге қолданысқа жіберілді. Ең алғаш баспадан шыққан байқау оқулықтары 5-сыныпқа арналған «Ежелгі дүние тарихы» және «Ежелгі Қазақстан тарихы» болды.

2001-2002 оқу жылынан бастап әр жыл сайын бір-бір сынып жаңа буын оқулықтарға көшіп отырды. Сөйтіп, 2005-2006 оқу жылында 9-сыныпта негізгі мектептің жаңа буын оқулықтарына көшу аяқталды.

Басқа да пән оқулықтарымен қатар 2000-2005 жылдар арасында Қазақстан тарихынан 5-9 сыныптарға арналған жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдары төрт тілде (қазақша, орысша, ұйғырша, өзбекше) жарық көрді. Тарих оқулықтарын жазу үшін үлкен ғылыми күш жұмылдырылды. Тарих пәні оқулықтарын жазуға мектеп мұғалімдерінен бастап академиктерге дейін қатысты.

«Қазақстан тарихы» бойынша 7 оқулық, «Дүние жүзі» бойынша 7 оқулықты (жанында оқу-әдістемелік құралдары бар) 22 автор жазды. Оқу-әдістемелік кешендерді жазуға орта мектептердің тәжірибелі 30 мұғалімі қатысты. Тарихшы және педагог, әдіскер ғалымдардың негізгі тобы Алматыда шоғырланғандықтан, авторлардың көбі осы қаладан іріктелді. Авторлар құрамында Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының 3 академигі (М.Қ. Қозыбаев, К. Нұрпейісов, Б. Көмеков), 13 ғылым докторы және бірнеше ғылым кандидаттары болды [4].

Сөйтіп, жаңа ғасыр басында заман талабына сай тарихтың жаңа буын оқулықтары шыға бастады. 2005 жылы 9-сыныпқа арналған М. Қозыбаев, К. Нұрпейіс, Қ. Жүкеш бірлесіп жазған «Қазақстан тарихы» және Б. Аяған мен М. Шаймерденованың авторлығымен «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» сияқты оқулықтар жарық көрді.

Бұл оқулықтарда 1991 жылдың 16 желтоқсанынан бергі Тәуелсіз ел тарихы тұжырымдалып, Елбасының мемлекет құрудағы тарихи рөлі, Ата Заңымыздың, мемлекеттік рәміздердің қабылдануы, кәсіби парламент пен көппартиялы жүйенің қалыптасуы, білім беру мен денсаулық сақтау, спорт саласындағы оң өзгерістер, нарықтық экономиканы қалыптастыру процесі, жаңа елорданың бой көтеруі, өркендеуі, дүниежүзілік қауымдастыққа тең құқықты, тең дәрежелі әріптес ретінде қосылуы, оның халықаралық, аймақтық ұйымдармен, экономикалық, саяси, құқықтық, мәдени байланыстардың орнығуы – бәрі де оқушыға ұғынықты тілмен баяндалды.

Қазір тәуелсіз Қазақстанның тарихы 5, 9 және 11-сыныптарда оқытылады. Пәннің бағдарламасына сай 9-сыныпта, яғни мектептің негізгі сатысында оқытылатын Қазақстан тарихы курсына тәуелсіздік тарихы 12 сағат оқытылады. Ал 11-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» курсына Отан тарихының аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері терең берілген. Бұл курс қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттарға бейімделген. «Тәуелсіз Қазақстан Республикасы» атты арнайы тараудың өзіне 5 сағат берілген. Сонымен қатар, осы оқулықтың басқа тарауларында да қамтылады. Атап айтқанда, «Қазақстандағы көпұлттылық», «Қазақстан халқы Ассамблеясы», «Қазақтардың Дүниежүзілік құрылтайы», «Шетелдердегі қазақтардың атамекендеріне оралу мәселелері» сияқты тақырыптар ұсынылды.

Білім министрлігінің рұқсатымен 2009 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде 5, 7 сыныптарға арналған Қазақстан және Дүние жүзі тарихынан электронды оқулықтар қолданысқа енгізілді [5].

Көрнекті педагог-ғалым Т. Тұрлығұл 2004 жылы «Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі» деп аталатын Отан тарихын оқыту әдістемесінің тұңғыш оқулығын жазып, қазақстандық тарих оқулықтарының тарихына және сол кездегі жай-күйіне де талдау жасады [6].

Әдіскер-ғалым Б.С. Сәрсекеев өзінің диссертациялық еңбектерінде тарих оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендер жасаудың талап-шарттары мен жай-күйіне талдау жасады [7]. Б. Ақназаров, Қ. Жүкеш, Б. Әбдіғұлова, Қ. Құнапина, Г. Жусанбаева сияқты тарихшы, педагог ғалымдар да оқулық жазудың теориялық-әдістемелік жақтарын өздерінің мақалаларында қарастырып, төл оқулықтарымыздың сапасының жетілуіне өздерінің үлестерін қосты.

Әдебиеттер

1. Тұрлығұл Т. Отан тарихының мектепте оқытылғанына 50 жыл //Қазақ тарихы. - 2008. - № 4. - 51-57 бет.
2. Әбжанов Х. Оқулық оңалмай, оңбаймыз //Егемен Қазақстан. - 2001. - 22 наурыз.

3. Тұрлығұл Т. Жаңа оқу құралдарының жаңалығы неде? //Қазақ тарихы. - 2001. - № 1. - 58-63 бет.
4. Жас тарихшы-жарқын болашаққа //«Қазақ тарихының» дөңгелек үстелі. - 2005. - № 5. - 83 бет.
5. Білім министрлігінің 2009-2010 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаты //Қазақ тарихы. – 2009. - № 5. - 49 бет.
6. Тұрлығұл Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. - А., 2004. – 213 б.
7. Сарсекеев Б.С. Модернизация учебника и учебного комплекса по истории Казахстана на основе компетентного подхода //Дисс. ... д.п.н. – Астана, 2008. - 295 с.

Базарбаева К. К.
Астана қ.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ ЖӘНЕ ПСИХОКОРРЕКЦИЯ

Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет алғашқы кезде балалар үйінде және жетімдерге арналған мектеп-интернаттарда тәрбиеленетін балаларға психологиялық көмек көрсетуден басталған. Өйткені өкімет үйлерінде тәрбиеленушілер ата-ананың мейіріміне бөлене алмағандықтан оларда эмоционалдық депривация кеңінен орын алады. Балаларды осы жетімсіреу жағдайынан шығаруға көмек көрсететін адам бұл мекемелерде өте қажет екені анық. Сондықтан психологиялық қызметті ұйымдастырудың бастапқы кезеңінде балалар үйлерінде қызмет атқаратын психологтар даярлауға үлкен көңіл бөлінді. Осындай тәрбие орындарында балаларға психологиялық қызмет көрсетудің мақсаты мен мазмұнын анықтаған ғалымдар А.Г.Асмолов, А.А.Бодалев, Ф.Е.Василюк, Б.А.Вяткин, А.В.Забрамная, И.В.Дубровина, Ю.М.Забродин, В.А.Иванников, Ю.С.Сызд, У.В.Ульenkova т.б.

Психологияны адамдар өмір тәжірибесіне енгізу нәтижесінде оның көптеген жетістіктерін пайдаланып, адамдардың алдында тұрған қиын мәселелерді шешуге ықпал жасауға мүмкіндік туды. Қазіргі кезде психологиялық кеңес беру және психокоррекция жүргізу әдістері тек балалар үйінде ғана емес, барлық білім беру мекемелерінде кеңінен пайдаланылатын қызмет болып келе жатыр. Психологиялық кеңес беру терминін пайдалану және кеңес беру тәжірибесін ұйымдастыру формалары алуан түрлі болғандықтан, психологиялық қызметтің бұл түрін қолдану аймағын бір жақты көрсету қиын. Сонымен, психологиялық білім қолданылатын кез келген салада кеңес беру психологиялық қызметті ұйымдастыру формаларының бірі ретінде қолданады [1].

Психологтың кеңес беру және психокоррекция жасау жұмысының технологиясы мен мазмұны әлі толық анықталмаған. Олардың үлгісін жасағандар А.А.Бодалев, А.В.Забрамная психологиялық қасиеттердің бұзылуымен байланысты жүргізілетін коррекциялардың негізін анықтап, пайдаланылатын әдіс-тәсілдер үлгілерін жинақтаған. Сонымен қатар И.В.Дубровина мен Л.И.Прихожан еңбектерінде жалпы білім беретін мектепте психикасы және әлеуметтік жағдайы нормадағы балалармен жүргізілетін психологиялық кеңес беру және интеллектуалдық қабілетін жоғарылату үшін психокоррекцияны ұйымдастыру жолдарын көрсеткен [2].

Білім беру жүйесінде психолог оқушыларға, олардың ата-аналарына, педагогтарға көптеген мәселелерді тиімді шешуге психологиялық кеңес беру жұмысын ұйымдастырады. Балалардың мектепте оқуға даярлығын анықтаудан бастап, мектепке қабылдау, бастауыш сыныптарда жетелеу, орта және жоғарғы сынып оқушылары мектеп бітіргеннен соң өмір жолын таңдап алу проблемаларын шешуге бірінші кеңесші және көмекші болатын адам - мектеп психологы. Ол оқушылардың жекелік қасиеттерін диагностикалау, зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, олардың күнделікті дамуына ықпал жасайтын отбасының іс-шараларын ретке келтіру жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар дамуында нормадан ауытқуы бар балалармен жеке-дара, қажеттілік туғанда топпен түзету және дамыту жұмыстарын ұйымдастырады.

Сондықтан мектеп психологиялық қызметінің күрделі міндеттерінің бірі ретінде оқушылардың ата-аналарының психологиялық сауаттылығын арттырып, балалардың жеке ерекшеліктеріне байланысты отбасында түсінбеушілік орын алғанда оларға психологиялық кеңес беру болып табылады.

Психологияда жеке адамның психологиялық қасиеттері мен таным процестерін өңдеуге пайдаланылатын әдістемелер жиынтығы мен технологиясын психокоррекцияда қолданылады. Оларды баланың жас ерекшеліктеріне байланысты және отбасы проблемаларына байланысты жинақтағандардың бірі А.А.Бодалев және оның зертханасында істейтін ғалымдар болды. Психологиялық кеңес беру жұмысының мазмұны мектепке дейінгілерге, бастауыш сынып оқушыларына және жоғары сыныптағыларға деп жіктеліп көрсетілді [3].

А.С.Спиваковская отбасындағы және мектептегі қарым-қатынастардың ерекшеліктерін зерттеу нәтижесінде оның балаға позитивті және негативті әсерлерін, психологиялық отбасылық климатын «театр», «санатория», «камал», «вулкан», «маскарад» деп топтастырған. Осы жағдайлар балалардың психологиялық дамуына өзінің теріс әсерін тигізсе, оның мінез-құлқында акцентуация ерекше орын алатыны анықталған.

Сонымен қатар баланың психологиялық дамуына көптеген себептер әсерін тигізеді. А.С.Спиваковская келесі факторларға үлкен көңіл аударуды талап етеді:

1. Соматикалық аурулар және ауыр жарақаттар. Хроникалық-соматикалық аурулар дұрыс емес тәрбиеге байланысты жеткіншектерде «толық емес» сезімді болдыруы мүмкін.

2. Жеткіншектік қатарларымен дұрыс қатынас жасамауы, қатарластарымен дұрыс достық қатынасты құра алмауы, оларда даралық аномалды дамуды туғызады [4].

Бала дамуының психологиялық бейнесінде орын алатын ауытқуларды түзетуге және жағымды қасиеттерін дамытуға арналған арнайы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу психологқа жүктеледі. Бұл шаралар психологиялық кеңес беру және психокоррекция жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Психокоррекциялық жұмыстың міндеттері коррекция жүргізуді талап еткен адам немесе топ ерекшеліктеріне байланысты анықталады. Олар келесі мағынада болуы мүмкін:

- баланың дамуындағы психологиялық ауытқуларды қалыптасқан талаптарға сай келтіру;
- мінез-құлықта қалыптасқан жағымсыз құрылыстарды бұзып, оның жағымды көріністері басым болатындай етіп қайта құру;

- мінез-құлықта көрініс беретін жағымсыз стереотиптерді және оның эмоционалдық көрініс беру формаларын өзгерту;

- жалпы даму барысын реконструкциялау (құрылымын өңдеу);

- ізгі ниетті қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыру.

Оның ішінде коррекцияның тиімді болуына мынадай құбылыстардың әсері өте үлкен:

а) психолог пен коррекцияға қатынасушылар арасындағы байланыстың қалыптасуы (ұштасып, түйісіп, біртұтастай қызмет атқаруды талап етеді). Бұл байланыс құбылмалы. Өйткені ол қатынасушылардың психологқа сеніміне байланысты өзгеріп тұрады.

б) қатынасып отырғандардың психологқа және бір-біріне сенуі, осы сенімнің күшеюі, оны білдіруі. Бұл құбылысқа байланысты әркім өз сырын ашып айтады немесе түйсініп қалады.

в) сенімнің артуы. Клиенттің позитивтік нәтижеге жететінін түсінуінің белгісі болып табылады.

Психологиялық кеңес беру және коррекция жүргізу барысында қарым-қатынас құралдарының көптеген түрлері пайдаланылады: ауызша сөйлесу (вербальдық қарым-қатынас) арқылы тілдесумен қатар тілсіз әдістер арқылы жүруі мүмкін. Тілсіз жүргізілетін байланыс түрлері [5]:

а) сөйлесу барысында клиенттің көзіне қарап, оның айтқан сөздерінің мағынасына толық түсініп отырғанын білдіру;

б) клиентпен психодиагностикалық әңгімелесуді жүргізуге отырғанда қарама-қарсы емес, кішкене бұрыштап немесе қатарласып отырған дұрыс;

в) бет көрінісі - психологтың бет-әлпетінде тілектестіктің белгісі анық байқалатындай, барлық мәселеге толық түсінгісі келгенін шын көңілімен анық байқатып отыруы қажет;

г) дене қалпы жабық болмастан, қолды қусырмастан, жайбарақаттық білдіру арқылы өзіне сөйлесіп отырған адамын тартып алуы керек. Қолы тыныштық таппаған адам клиентке теріс әсерін тигізеді. Сондықтан отырыс емін-еркін, жүзінің жақындығы талданып отырған мәселенің эмоционалдық әсеріне сәйкес келетіндей болса, клиентке психологиялық ыңғайлы жағдай туады.

д) дауыстың ырғағы – дауыс онша қатты шықпастан, сырласу үстіндегі жағдайды құрып, тілектестік белгісі анық сезілетіндей болса, ал кей кезде сыбырласып сөйлескеннің үлкен әсері бар;

е) психолог әңгімелесу барысында үлкен паузалар жасап, клиент сөзінің, ойының, толқуының мағынасына түсінгенін білдіріп, оның өз ойын толық айтуына мүмкіндік беруі.

Психологиялық кеңес беру және психокоррекция жүргізу технологияларын талдау барысында оларды ұйымдастырудың ортақ және өздеріне тән ерекшеліктермен сипатталатын жерлері бар екенін анықтадық.

Әдебиеттер

1. Абеуова И.А., Дусманбетов Г.А., Махаманова М.Н., Шерьязданова Х.Т. Психологическая служба в вузе. - Алматы, 2004.

2. Особенности обучения и психического развития школьников 13-17 лет /Под ред. И.В. Дубровиной, Б.С.Кругловой. - М., 1998.

3. Дубровина И.В. Настольная книга школьного психолога. - М., 1996.

4. Популярная психология для родителей /Под ред. А.С.Спиваковской. - СПб., 1997.

5. Осипова А.А. Введение в практическую психокоррекцию. – М., 2000.

Есембекова Г. Н.
г. Астана

АНТИБИОТИКИ В ПРОДУКТАХ ЖИВОТНОВОДСТВА

Загрязнение пищевых продуктов является частью глобальной экологической проблемы. Анализ качества продуктов питания и снижению содержания в них загрязняющих веществ значительное внимание уделяют Всемирная организация здравоохранения, международные организации, занимающиеся вопросами продовольствия и защиты окружающей среды. Это объясняется тем, что доказано канцерогенное, мутагенное, аллергенное действие веществ, попадающих различными путями в пищевые продукты.

Проблема загрязнения пищи антибиотиками возникла вследствие достаточно широкого их использования в ветеринарии и животноводстве, а также при хранении и технологической переработке ряда продуктов. Кроме нежелательного воздействия на человека остаточные количества антибиотиков могут мешать проведению ветеринарно-санитарной экспертизы, выполнению ряда технологических операций, ухудшать качество готовых продуктов, что предопределяет необходимость проведения выборочного или систематического их контроля.

Во многих странах, в том числе и в РК, существует контроль загрязненности пищевых продуктов антибиотиками. В нашей стране упомянутые вопросы в отношении животноводческого сырья регулируют следующие законы: «О ветеринарии», «О стандартизации», «О сертификации продукции и услуг», «О санитарно-эпидемиологическом благополучии населения», «О защите прав потребителей», «О техническом регулировании».

Согласно этим законам, перед Государственной ветеринарной службой стоят задачи по гармонизации критериев и методов оценки безопасности сельскохозяйственной продукции. Одним из основных критериев безопасности является отсутствие в сырье и продукции животного происхождения остатков лекарственных препаратов.

Для определения антибиотиков в биосубстратах предложен ряд микробиологических, химических и физико-химических методов. Наиболее широкое распространение получили микробиологические методы, позволяющие определить минимальные концентрации антибиотиков в исследуемом материале. Они основаны на непосредственном действии антибиотика на чувствительные штаммы микроорганизмов (тест-культур, тест-микробов) и поэтому наиболее специфичны и объективны. С их помощью можно установить наличие большинства антибиотиков в продуктах питания.

К микробиологическим методам относят метод диффузии в агар и метод серийных разведений, представленный двумя модификациями: метод разведений в жидкой питательной среде и метод разведений в плотной питательной среде. Также используют ряд ускоренных методов.

Метод диффузии в агаре основан на свойстве антибиотика диффундировать из испытуемого образца в плотную питательную среду, засеянную определенной тест-культурой, и подавлять рост этой тест-культуры. В результате вокруг образца появляется зона задержки роста тест-микроба, свидетельствующая о наличии в образце антибиотика.

Количественный метод определения чувствительности – это метод серийных разведений. При исследовании небольшого числа культур удобно пользоваться методикой разведения в жидкой питательной среде, а разведение в плотных питательных средах применяют для одновременного исследования значительного числа культур

К физико-химическим методам относят ВЭЖХ (высокоэффективная жидкостная хроматография) и современный метод высоковольтного электрофореза. Хроматографию, как самый распространенный физико-химический метод, бывает необходимо дополнять данными метода электрофореза, чтобы выяснить ионный характер антибиотика. Метод электрофореза представляет собой разделение многокомпонентных смесей. Принцип разделения основан на различии скоростей перемещения заряженных частиц под влиянием электрического поля.

Также в последнее время твердофазный иммуноферментный анализ получил широкое распространение для осуществления ветеринарно-санитарного контроля остаточных количеств антибиотика в продукции животноводства.

Литература

1. Ковалев В.Ф., Волков И.Б. Антибиотики и сульфаниламиды и нитрофураны в ветеринарии. - М.: Агропромиздат, 1988. – 162 с.
2. Кальницкая О.И. Методические рекомендации по определению антибиотиков в продуктах животноводства методом высоковольтного электрофореза //Ветеринарный консультант. – 2007. - № 6. – С. 7-9.
3. Кальницкая О.И. Подбор микробиологическая тест-системы для обнаружения антибиотиков в продуктах животного происхождения //Ветеринарный консультант. – 2007. - № 7. – С. 8-14.

Колумбаева З. Е.
Астана қ.

Қазақ ауыз әдебиетінің негізгі тарихи үлгілері: шежіре, тарихи аңыздар, жыраулар мұрасы, батырлық жырлар құрайды. Шежірешілдік – көшпелі қоғам туғызған қажеттілік және көшпелілердің әдет-ғұрпы, салт-санасының көрсеткіші. А.Сейдімбеков шежіренің маңыздылығын «Шежіре – халықтың этникалық құрылымын анықтайтын, тұтастығын көрсететін төл тарихымыздың негізі, арнасы, ұлттық рухани мәдениеттің ықпалынан, көшпелілердің зердесінің зеректігінен туған феномен» –деп бағалайды. Қазақ шежіресінің жазба нұсқаларын қалыптастыруда ХІХ ғасырда қазақ тарихының ірі проблемаларымен айналысып, ауыз әдебиеті туралы өз көзқарастарын жариялаған Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Н.А.Аристов, Ә.Диваев т.б. еңбектерін айтуымыз керек. ХV-ХVІІ ғғ. Қазақ тарихын түсіндіруде қазақ ауыз әдебиетінің мол қорының ішінен шежіренің алатын орны маңызды.

Шежіре ең алдымен халықтың рухани қазынасы. Қазақ шежіресі-ауызша шежіре. Ел арасында айтылып келген тарихи білім түрлері ХІХ ғ. соңында ел арасынан жазылып, жинала бастады. Осы кезде халықтың өткен тарихын баяндаған алғашқы шежіре Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» жарияланды. Шәкәрім шежіре кітабының кіріспесінде ел ішінен естіген-білгенінен басқа, ең ескі замандағы түріктің, араб, парсы, қытай жазбалары мен орысша кітаптарды оқығаны жайлы жазады. Шежіре 1911 жылы Орынбор қаласында басылып шығады [1]. Бұл шежіре турасында Ә.Бөкейханов: «Мұнан бұрын қазақ шежіресі қазақ тілінде кітап болып басылған жоқ. Шаһкерімнің бұл кітабы-қазақ шежіресінің тұңғышы; қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасың. Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі Шаһкерім шежіресін білмей қадам баспа. Кітап жинаған жері жоқ, көшпелі далада жүріп, Шаһкерім шежіресіндей кітап жазбақ оңай жұмыс емес» –деп өз пікірін білдірген [2]. Ш.Құдайбердіұлы шежіресінде ХV-ХVІІ ғғ. қазақ тарихына қатысты және Қазақ мемлекетінің құрылуы жөнінде мәліметтер баршылық. Халық ауыз әдебиетін жинақтауда Мәшһүр Жүсіптің еңбегі зор. Оның қолжазба дүниелерінде көп шежіре жазылған. Мәшһүрдің: «Біздің бұл қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ. «Оқуға сенген ұмытшақ» деп оқуды керек қылмаған. «Жазуға сенген жаңылшақ» деп жазуды керек қылмаған. Оқу мен жазудың жоқтығынан жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтұғын құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуымен кеудесі хат, естіген, көргені жат болған қариялар кейінгіге ауыздан-ауыз алып айтумен үлгі-өсиет қалдырған" –деп халық мұрасының ауызша сақталып келгенін ескертіп, «Қазақ шежіресін» жазуға кіріседі [3].

М.Ж.Көпейұлы шежіресінде қазақ тарихының елеулі кезеңдеріндегі тарихи оқиғаларға байланысты сақталған аңыз, әңгіме, мақал үлгілері бар. Оның ішінде ХVІ ғ. аяғында өмір сүрген Ұзын оқты Ондан сұлтан өміріне қатысты мәлімет сақталған. ХVІІ ғ. тарихына қатысты Тұрсын ханның қыздары Айбике, Нұрбике, Қызданбике және олардан қазақ арасында тараған ұрпақтары жөнінде деректері бар. Сонымен қатар шығармалар жинағының екінші томына енгізілген фольклорлық дүниелерінің ішінен «Еңсегей бойлы Ер Есім ертегісі» бізге дерек есебінде іске асады. Оқиға баяны ертегіден гөрі шындыққа жақындылығымен құнды. Алайда, М.Ж.Көпеевтің көп дүниелері әлі қолжазба күйінде, ғылыми түрде зерттеліп, жинақталмаған.

Ғасыр басында жарық көрген құнды шежіренің бірі Қ.Халидұлының «Тауарих Хамсасы». Шағатай тілінде жазылған бұл туындыда қазақ елінің тарихы, әдет-ғұрпы, «қазақ» этнонимінің шығу тарихы, рулар жөнінде тың деректер кездеседі. Әсіресе, қазақтың қырғыз атануы немесе Есімнің жүйрік аты Сарыпқұланың қасиеттеріне байланысты сюжеттердің біз үшін мәні зор [4].

Қазақтың өз төл деректерінен басқа қырғыз шежіре еңбектерінен де ХV-ХVІІ ғғ. қазақ тарихына қатысты баяндалатын оқиғалар кездеседі. Мәселен, «Тарих, түпкі аталар» деп аталатын 1920 жылы жарық көрген Тоғолоқ молданың шежіресі. Аталған шығармадан Есіркемеш ұрпағы Түгелбайдың Әулие Атада Ер Есім ханның еліне араласып, қосылып кеткені жөнінде жазылған әңгімеден бірнеше оқиғаларды алып қарастырамыз [5].

Шежіре деректері жөнінде ғылыми зерттеулер жоқтың қасы. Революцияға дейінгі орыс зерттеушілері шежірені, тарихты терең түсінбек түгіл қазақ, қырғыз елдеріне бір этнос ретінде қараған. Тек А.И.Левшиннен бастап қана орыстар қазақ бөлек этнос, қырғыз бөлек этнос екенін айтады. «Қырғыз-қайсақтардың тарихын баяндағанда» –деп жазады А.И.Левшин: «алдымен ескертін жағдай Европада оларға басқаша қырғыз-қайсақ деген атау берген. Бұлай деп өздері не басқа көршілес елдер /Ресейді қосқанда/ атамаған еді. Қырғыз –бұл атау қырғыз-қайсақ кезінде ғана емес, ертеде жауласқан және осы уақытқа дейін қара қырғыз, жабайы тас қырғыз және буруттар болып жасап келген халық» [6].

Жалпы ХІХ ғасырдың соңында қазақ шежірелері бірнеше бағытты ұстанды және ел ауызында сақталған, я хатқа түскен мұраларды бір ізге түсірді. Ш.Құдайбердіұлы Батысты ұстанды, Қ.Халид Шығысқа еліктеді. М.Ж.Көпеев қазақ ауыз әдебиетінің жолында баяндады. «М.Ж.Көпеев шежіресінің өзге шежірелерден өзгешелігі, ол әрбір аталарды баяндағанда, сол аталардың тұсында болған оқиғалар туралы ел аузында қалған ертегі-аңыздарды қоса айтады» [7]. Сондықтан М.Ж.Көпеевтің шежіресі оқуға өте қызықты. Бұл жолды жалғастыру үшін терең қазақи білім, тіл, өнер, әдебиет, европалық гуманитарлық ғылымдарда қарастырылып жүрген ғылыми-зерттеу әдістері, еуразиялық дүниетаным керек. Тарих кең болуды қажет етеді.

Ел арасында бұлардан басқа да шежіре жинаушылар аз болған жоқ, Қазақстанның барлық жерінен көптеп табылады. Солардан жиналған шежіре мұралары Ғылым Академиясының қолжазба қорында сақталған. Алайда, ондағы мұралар бірыңғай жүйеленбеген.

Ауызша шежіре қазақ, түркімен, қырғыз, монғол және т.б. халықтар арасында ауызша сақталған. Бұл

халықтардың көне тарихы жөнінде ауызша айтылатын тарих «шежіре», «ғайра», «тарих», «сееджер» т.б. болып әртүрлі айтылғанымен сақтау деген мағынаны, ал семит-араб тілдерінде ағаштың бұтағы деген ұғымды білдіреді. Яғни, арабтар шежірені ата санаумен тікелей байланыстырса, түркілер көнені есте сақтау-тарихты айтумен, тарихпен бір түсіндіреді. Бұдан шығатын қорытынды: шежіре дегеніміз –біздің аталарымыз үшін тарих қызметін атқарған.

Шежірешілдік көшпелі қоғам туғызған қажеттілік және көшпелілердің әдет-ғұрып, салт-санасының негізінде туған. Ғалым А.Сейдімбеков: «Шежірешілдік көшпелі қоғамдағы әрбір қазақ үшін теңізшінің қолындағы компас сияқты қажеттілік болған» деп пайымдауы заңдылық [8]. Шежірешілдік халықтың этникалық құрылымын анықтауға, тұтастығын көрсетуге мүмкіндік беретін төл тарихымыздың нұсқасы, шежіре ұлттық рухани мәдениеттің құрамдас бір бөлігі, көшпелілер жадысының беріктігінен туған феномен. Ел арасында өткен өмір тарихынан үлгі-өсиет ретінде қалдыратын дана «шежіре адамдар» болған. Олар қазақтың ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрін, заңдарын әдет-ғұрпын, ай-күн есептерін жақсы білген, көшпелілердің дүниетанымын жете түсінген, небір аңыз-әпсана, жырларды жадында сақтаған. Шежіре -үлгі-өнеге шашады, адамға қажетті рухани азық, табаныңа тұғыр жасайды. Өз кезегінде қазақ мәдениетінің ажырамас бір бөлігі. Егер қазақ мәдениетінің синкреттілігін мойындасақ, онда шежірені де осы тұтастыққа қарастыруымыз керек. Яғни, шежіренің ішінде-аңыз бен шындық та, ертегі мен әпсана да, өнер мен ғылым да бар, себебі дәстүрлі уақыттағы қазақ мәдениетінен осылардың біреуін жеке дара бөліп алып қарастыру мүмкін емес.

Этнос және қоғам мемлекет есебінде қазақтар өз бастауын Алаша ханнан алады. Бұл шежіре Қазақстанның кең байтақ өлкесінің қай бұрышында болмасын танымал. Түріктің қара қазанына ие болып қалған қазақ елі үшін де, өзге түркі-мұңғыл елдері үшін де Алаша ханға байланысты айтылатын шежірелердің орыны бөлек. Түбінде өз мемлекеттігін, елдігін танығысы келген халықтардың түркі-мұңғыл, қазақ ішінде сақталған Алаша хан аңыздарына жүгінері даусыз.

Бұл жазба деректер шежірелер ауызша далалық тарихнама негізінде пайда болды. Шежіредегі айтылған деректері қазақ арасында мынадай мақал айтады немесе мынадай аңыз бар деп келеді. Бұл шығарманың ауызша деректерге сүйене отырып дәлелдейтінін айғақтайды.

XV-XVII ғғ. тарихи оқиғаларын баяндайтын қазақ шежіресі жалпы түрік-мұңғыл шежіре дәстүрінің жалғасы ретінде қарастырылады. Оның нақты дәлелін ортағасырлық Рашид-ад-дин, Әбілғазы Бахадүр, Өтеміс қажы еңбектерінен табамыз. Далалық түркі-мұңғыл тайпаларында ерте уақыттан бері шежірені, тарихи деректерді хатқа түсіру дәстүрі болған. Мәселен, Әбілғазы Бахадүр «мен пақырдың алдында Иран мен Тұранда өткен Шыңғыс ұрпақтарының тарихы жазылған он сегіз байлам еңбек жатыр» –дейді [9].

XV-XVII ғғ. дүниеге келген Өтеміс Қажының «Шыңғыс намесі», Хафиз Таныштың «Шараф-наме-ишахий», Әбілғазы Бахадүрдің «Түрік шежіресі» дүниелері өткен тарихымыздың елеулі оқиғаларына тоқталып, айшықты кезеңдерінен де тыс қалдырмаған. XV-XVII ғғ. қатысты деректердің мол жинағы М.Х.Дулатидің «Тарихи Рашиди» шығармасы. Екі бөлімнен тұратын бұл шығарма Моғолстан мен Қашқарияны мекендеген Шағатай тұқымынан тараған хандардың саяси тарихы, дулат тайпасы және оның Шығыс Түркістанда билік құруы, моғолдардың тарихына қатысты бірнеше дерек келтіреді. Соның бірі Керей мен Жәнібектің соңына ерген жұртымен Моғолстанға қоныс аударын және қазақ ағауының өзге жұрт берген атау екенін жазады [10]. Қазақ елінің ұзына тарихын толықтыра түсетін келесі бір дерек. Махмуд Абдуллах бен Уалидің «Зубдат ал-асрары» қазақтардың сол уақытта көрші елдермен саяси қарым-қатынасына толы оқиға. Дегенмен, ортағасырлық жазба шығармаларында көрініс тапқанмен толыққанды мәлімет ала алмаймыз. Мәселен, Ә.Бахадүр: «Ташкентте Тұрсын хан қасында екі жыл тұрдым. Екі жылдан соң Есім хан Тұрсын ханды өлтіреді. Есім ханға: екі ханнан пайда тие ме деп келіп едім, Сіздің ісіңіз мұндай болды, енді рұқсат болса, Имамқұл хан қасына кетейін, –дедім. Жақсы айтасың, солай қыл» –дейді. Қазақ Ордасында екі жыл болған Әбілғазы шежіресінде саяси оқиғалар туралы мәліметі осындай көріністе. Ал, қазақтың өз төл деректерінде Есім ханға байланысты аңыз, әңгіме, батырлық жыр, шежіре деректері дерлік бір циклдық жинақ көлемінде.

Осы уақытқа дейінгі зерттеулерде XV-XVII ғғ. тарихы бойынша толыққанды сол дәуірдің көрінісі жоқ. Бұл дәуірдің көрінісі жазба деректердің негізінде жазылып келді. Бірақ бұл қолжазба деректер мәліметтердің мүмкіншілігінің шектеулі екендігін көрсетеді. Халықтың төл тарихы шежіре мұрасында. Шежіре деректерінің халықтың тарихын жазуда атқаратын қызметі зор. Көне заманнан бері көшпелілікті ұстанған, ауыз әдебиетімен өмір сүрген қазақ тарихын зерттеймін деген ғалым, негізгі дерек көзін шежіреден табады. Тек кәзіргі ғалымдар сол аңыздарды дұрыстап, оқып, түсіне білуі керек. Ол үшін, фольклордың тілін терең меңгеру қажет. Қазақ ауыз әдебиеті халық болып қалыптасу процесіне тікелей үлес қосқан, ара жігін ашпай, қайта бекітіп отырған, қаншама қиян-кескі тарихтың талқысынан аман алып шыққан этножақындастырушы ұлы күш есебінде қарастырудың да жөні бөлек.

XV-XVII ғғ. қатысты мәліметтердің едәуір бөлігі қазақ шежіресінде сақталған. Шежіремен жұмыс істеудің негізгі қиындығы – бірнеше дәуірдің тарихы бір-бірінен ажырағысыз болып астасып кетеді, немесе оқиғаның түйінді ойы ұсақ детальдардың арасынан бір қарағанда жасырынып көрінбейді. Мәселен, XV-XVII ғғ. тарихы М.Ж.Көпейұлы шежіресінде хандардың тікелей өз бастарына қатысты сипатталады. Ал шын мәнінде ол жерде әңгіме Қазақ хандығының XV-XVII ғғ. тарихы туралы. Сол сияқты Шәкәрім шежіресінде Қазақ мемлекетінің тарихы мен құрылымы жөніндегі мәліметтер ғылыми интерпретацияны қажет етеді. Қ.Халид шежіресіндегі әңгімелер де осы сияқты.

Әдебиеттер

1. Құдайбердиев Ш. Түрік, қырғыз һәм хандар шежіресі. - Орынбор, 1911. - 82б.
2. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. - Алматы, 1996. - 75б.
3. Көпеев.М.Ж. Қазақ шежіресі. -Алматы:Жалын, 1993.
4. Халид Қ. Тауарих хамса. - Алматы, 1993.
- 5.Тоғолоқ Молда. Тарих, түпкі аталары. 1920 //Қырғыздар. - Бішкек: Қырғызстан, 1993.
6. Левшин А.И. Описание киргиз казачьих и киргиз-кайсацких орд и степей. - СПб, 1832. - ч.2. – с. 135.
7. Мұқанов С. Қазақ қауымы. - Алматы: Ана тілі, 1995. – 20 б.
8. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – А.: Санат, 1997. - 464 б.
9. Әбілғазы Б. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 208 б.
10. Дулати М.Х. Тарихи-и-Рашиди //МИКХ. - 185 с.

Сарсекеев А. С.
Қажымұрат Ж.
Астана қ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ОРНЫ

Оқушылардың шығармашылық жұмысын ұйымдастыру қазіргі математика педагогикасындағы толық зерттелмеген мәселелердің бірі болып табылады. Математиканы оқытудың мақсаты - математикалық білім негіздерін оқушының санасына жеткізу ғана емес, сол математикалық аппараттың негізінде баланың ой-өрісін дамыту, математикалық есептердің алғашқы бейнесі болып табылатын өмірлік жағдайлардығы проблеманы тани білу, қоя білу және оның шешімін іздестіру білу мен өздігінше шешім қабылдай білу дағдыларын қалыптастыру.

Математика пәнінің басқа пәндерден өзгешелігі - оның «математикалық есеп» түсінігі көмегімен ғана меңгерілетіндігі. Оқушылардың математикалық іс-әрекеттерінің негізгі мазмұны есеп шығарумен байланысты болып келеді.

Есепті оқушы неғұрлым жақсы шығара білсе, оның математикалық дайындығы соғұрлым жоғары және керісінше. Осы себептен, математика оқулықтарының әрбір бөлімінің соңында математикалық есеп-жаттығулар беріледі. Кейбір авторлар оқулықпен бірге әртүрлі деңгейлі тапсырмалардан (есептерден) тұратын «жұмыс дәптерлерін» тағайындайды.

Алайда, есеп шығарып үйрену үшін есептерді көптеп шығару қажет десек те, жеткілікті дей алмаймыз. Есептің дидактикалық мақсаттарын толыққанды орындау үшін, есеп шешуге кері амал- оны құрастыру жұмысын ұйымдастырудың мағынасы бар.

Кезінде Эрдниевтің ұсынған «Ұлғайтылған дидактикалық бірлік» технологиясының негізгі компоненттерінің бірі ретінде математикалық есеп түсінігі алынып, технологияның авторы берілген есепке кері есепті құраудың ұтымдылығын суреттеген болатын. Ондағы мақсат- есептің мағынасын айқындау үшін оның компоненттері арасындағы өзара тәуелділіктерді анықтау.

Біз осы «қаруды» математика сабағында қолданып қана қоймай, оны әрі қарай жетілдіру жолдарын қарастырдық. Негізгі идея: оқулықтардағы есептерді шығарып, жауабын тауып, есептегі барлық құраушылар (белгілі деректер, ізделінді және ізделінді емес белгісіздер) анықталғаннан кейін, есептің математикалық мазмұнын өзгертпей, тек сандық мәндерді, мәтіндегі сөздер мен сюжетті өзгертіп, «жаңа есеп» құрастыру.

Есептің мәтінін құрастыру оқушы үшін шығарма жазумен бірдей, тек мұнда шығармада сияқты өз ойын жазу жеткіліксіз. Есеп мәтіні «шарты» мен «талабынан» тұрады, ал есеп шартында талапқа жету үшін қажет және жеткілікті ақпарат берілуі тиісті. Есепте қолданылатын ақпарат мазмұнын математика мұғалімі өзінің тәрбиелік мақсаттарын іске асыру үшін қолдана алады.

«Жаңа есептің» мәтіні ол, «шығарманың тақырыбы» сияқты. Бұл жұмысқа қызығушылықты тудыру үшін, халық педагогикасы, этнопедагогика элементтерінің қолданылуы әбден мүмкін. Халық фольклорынан сандар мен «сандық өрнектерді» іздеген адам әрқашан табады. Сондай ізденістердің нәтижесін төмендегі құрастырылған есептерден көруге болады.

1-есеп. Жеті ата

Әсеттің шөпшегі Бүркіт- Бекболаттың немересі Шоқанның баласы болса, Шоқан Әсетке кім болады?

Шешуі:

Бекболаттың немересі Шоқан, ал Шоқанның баласы – Бүркіт болғандықтан, Бүркіт Бекболаттың шүбересі.

Бүркіт- Бекболаттың шүбересі және Әсеттің шөпшегі болғандықтан, Әсет- Бекболаттың әкесі.

Шоқан- Бекболаттың немересі, ал Бекболат Әсеттің баласы болғандықтан, Шоқан Әсетке шүбере болып табылады.

2-есеп. Жеті күн

Каникулдағы кестесі бойынша, Қайрат футболдан кейін келесі күні дем алып, тағы бір күннен кейін киноға барады. Театрға бармай тұрып, бір күн бұрын киноға, ал театрдан бір күннен кейін циркке баратын жоспары бар.

а) Қайрат ертең футбол ойнаса, театрға қашан барады?

ә) Қайрат ауыр күні циркке барса, қашан дем алады?

Шешуі:

а) Қайраттың демалыс шараларын тізбектеп жазайық:

футбол- демалыс- кино- театр- цирк.

Күндер тізбегі келесідей:

бүгін- ертең- бүрсүгүні- арғы күн- ауыр күн- соңғы күн- азына.

Сонымен, Қайрат ертең футбол ойнайды, бүрсүгүні дем алады, арғы күні киноға, ал ауыр күні – театрға барады.

б) Ауыр күні циркке барса, театрға бір күн бұрын, яғни арғы күні барады, киноға бүрсүгүні барып, одан бір күн бұрын, яғни ертең дем алуы керек.

3-есеп. Жеті күн және үш жұрт

Қайыржан тойға қайын ағасынан бір күн бұрын, жездесінен үш күн бұрын жетуі тиіс. Нағашысы - той болатын күні, Қайыржанның атасы мен әжесінен екі күннен кейін келеді, ал жездесі нағашысынан бір күн бұрын келеді.

а) Қайыржан бүгін келсе, той қай күні болуы керек?

б) Ертең- айдың он төрті, қайын ағасы келетін күн болса, он жетісінде кім келеді?

Шешуі:

а) Өзі бірінші күні келсін делік. Онда екінші күні қайын ағасы, ал жездесі төртінші күні келуі тиіс. Жездесі нағашысынан бір күн бұрын келуі себебінен, нағашысы бесінші күні келеді және ол – той болатын күн. Ендеше, бірінші күн – Қайыржанның келген күнін,- бүгін десек, бесінші күн- ауыр күнге түседі.

б) Ертең- айдың он төрті болса, бүгін – он үші, Қайыржан келетін күн.

Үш күннен кейін, яғни он алтысында – жездесі келу керек.

Жездесі нағашысынан бір күн бұрын келуі себебінен, он жетісінде – нағашысы келеді.

4-есеп. Жеті қазына

Аңшылыққа жиналған ер жігіт Ақан жүйрік атына мініп, қыран бүркітін сол қолына қондырған кезде, жүйрік тазысын ертіп әкеле жатқан ақылды да, білімді, сұлу әйелі Майраны байқап, берен мылтығы үшін оқ дәрі салынған дорбаны алып беруін сұрады.

Сөйлемнің құпиясы неде?

Шешуі:

Жеті қазына атаулары келтірілген: ер жігіт; сұлу әйел; ақыл,білім; жүйрік ат; қыран бүркіт; берен мылтық; жүйрік тазы.

5-есеп. Отыз жеті, қырық жеті

Қалың малға берілген жылқы, сиыр және қойдың барлық саны- 121. Сондағы сиыр саны жылқыдан 10-ға артық, ал қой саны жылқыдан 30 басқа көп.

Қалың мал мөлшері қандай?

Шешуі: Жылқы саны- x , сиыр саны- y және қой саны- z болсын. Сонда есептің шартын теңдеулер жүйесіне келтіруге болады:

$$\begin{cases} x + y + z = 121 \\ y - x = 10 \\ z - x = 30 \end{cases} \quad \begin{cases} y = 10 + x \\ z = 30 + x \end{cases} \quad \text{немесе } x + 10 + x + 30 + x = 121. \quad x = 27 \quad y = 37 \quad z = 57$$
$$\begin{cases} x + y + z = 121 \end{cases}$$

Жауабы: 27 жылқы, 37 сиыр, 57 қой.

Amanbayeva A. A.
Dzhanpeissova M. M.
Astana city

THE OSCE EXPERIENCE IN CREATION OF CICA

Under the integral and interdependent world development no state in the world can function and develop

without integrating with other states when solving large-scale issues. Since gaining independence Kazakhstan has become a member of some influential international organizations which effects substantially solving global and regional security issues and multi-aspect cooperation. At the same time drawing on their experience Kazakhstan has become an initiator of new international organizations in the Eurasian geopolitical field. It is significant that Kazakhstan has contributed to the OSCE and CICA activity.

The membership of Kazakhstan in OSCE goes back to January 1992 when at Ministerial Council meeting of the Conference on Security and Cooperation in Europe (CSCE) in Prague Kazakhstan was admitted as a member state of the organization inter alia new independent states of the CIS.

The following years in the framework of cooperation workshops devoted to problems of transition to the market economy, ensuring regional security and counteraction to terrorism threat and destabilization with drawing up recommendations took place in Almaty and other Central Asian states.

A memorandum on assurance of nuclear security for Kazakhstan was signed in the Budapest summit in 1994. Symbolically, in the Budapest summit the significant steps were made to transform CSCE to an organization, subsequently the history of OSCE started from the document which was of historical value for our state decision on refusal of the nuclear weapon possession.

It is necessary to note the outcome of interaction with OSCE like establishment of Ombudsman on human rights, penal enforcement system step by step passing under the control of Ministry of Justice, introduction of moratorium on capital punishment and etc. It has positively effected bilateral cooperation with the OSCE member states in a wide range of issues.

Nothing arises from the abovementioned though all these years Kazakhstan has benefited unilaterally from this organization. Our state itself had positive influence on the OSCE. Participants of summits accepted N.Nazarbayev's meaningful statements with great interest and understanding and they often found their way in the summit outcome documents. For instance, in the Vienna summit the report of acting Chairman of OSCE contained section "Regional issues" which reflected principal security threats, ecological and economic issues of Central Asia the issues earlier arisen by the Kazakh party. The importance of OSCE involvement in problem-solving was also emphasized with the account of specific features of the region [1, p. 9]. Kazakhstan was behind the appeal to the OSCE Partners from a group of post-Soviet states signed at the Ministerial meeting of September 14, 2004. It contained recommendations of organization efficiency improvement when decision-making at the regular ministerial meeting of OSCE in Sophia. It is no coincidence that in December 2004 at the Ministerial Council in Sophia representatives of the participating states agreed to create a panel of eminent persons on strengthening the effectiveness of the OSCE with the Kazakhstani senator K. Sultanov as part of it [3].

Maturity of Kazakhstani foreign policy and recognition of its role in OSCE served as basis for unanimous vote of 56 member-states for Kazakhstan's chairmanship in OSCE in 2010 at the two-day Ministerial Council meeting in Madrid.

In 2010 Kazakhstan undertook its honorable and important mission of running the organization in the essay "OSCE: destiny and perspectives".

N. Nazarbayev wrote: "As the Head of a sovereign state I consider the chairmanship of Kazakhstan in the OSCE not just a strategic national project and increased international prestige of the state but a chance to give a new impetus to the organization" [4, p. 2]. Attaching much importance to big potential of OSCE in settling complicated issues of modern international life N. Nazarbayev said that one cannot underestimate the role of significant Asian forum - Conference on Interaction and Confidence Building Measures in Asia (CICA) [4, p. 3].

The Kazakhstani leader has launched the initiative of creation of the Conference on Interaction and Confidence Building Measures in Asia simultaneously with Kazakhstan's joining OSCE. It was then when our President announced at the 47th session of UN General Assembly in October 1992 i.e. following the official registration of membership in the European structure.

The essence of the initiative is establishment of effective and universal mechanism of safeguarding security in the Asian continent where unlike other regions of the world such organization was yet to be founded [5, pp. 122-123]. When stating this idea in the UN forum N. Nazarbayev outlined his ways of CICA establishment appealing to the OSCE and EU experience in balancing stands of states in different spheres. Also the Kazakh leader suggested plans of integration processes in the context of Asian forum establishment, gave proof of inevitability of phased process of CICA formation and outlined four phases of this process [6, pp. 593-594].

Kazakhstan's initiative of CICA summit convocation sparked the interest and got approval of the Asian states and international organizations. The first actions undertaken by the Kazakh party to realize the idea were arrangement of meetings of Foreign Service experts from Asian states in 1993-1996. The outcome was setting up a Special Working Group (SWG) as constantly operating body which called regular meetings of the Ministers of Foreign Affairs of the CICA participating countries. During that period within the SWG it was supposed to finalize the drafts of the basic CICA documents.

The next landmark event in the CICA formation was 1999 when at the meeting of Foreign Affairs of CICA member-states the Declaration on Principles guiding relations between CICA member states was adopted and signed. It includes eight principles covering basic provisions on enhancing international security: respect for sovereignty and rights of member-states, territorial integrity of the member states, non-intervention in internal affairs, peaceful settlement of disputes, refraining from the threat or use of force when settling disputes, disarmament and arms control, economic, social and cultural cooperation, respect for human rights and fundamental

freedoms in conformity with the purposes and principles of the Charter of the United Nations [7, pp. 113-115]. When giving a speech at the meeting of Foreign Affairs of CICA member-states N. Nazarbayev said : ” Preparing the Declaration, the experts have certainly used a great deal of experience accumulated in elsewhere in the world, including Europe. But it is important that we have not just blindly copied already existing documents. The Declaration takes into account Asian specifics of the region and diversity of its countries” [8, pp. 425-438]. Signing of the Declaration opened the door to the first CICA Summit.

The ten – year work of Kazakhstan was crowned with success. The First CICA Summit was held in Almaty in June 2002. It was attended by leaders from fifteen states including Afghanistan, India, Israel, China, Pakistan, Russia and other states representing half of the world population. It should be noted that leaders of some long belligerent countries met face to face at the summit. Holding of the summit proved the establishment of the Conference on Interaction and Confidence Building Measures in Asia.

Important outcome of the Summit was signing of CICA Declaration on Eliminating Terrorism and Promoting Dialogue among Civilizations. It says, “We are fully committed to fighting terrorism and strengthening bilateral, regional and international cooperation, in accordance with the UN Charter, required to meet this challenge. The fight against terrorism should be global, comprehensive and sustained, and not selective or discriminatory and should avoid applying double standards. We are also against using the fight against terrorism as a pretext for interference in the internal affairs of sovereign States. We reject the use of force not in compliance with the UN Charter against sovereign States”.

Thus, the idea of creating a safe mechanism for safeguarding in Asia is putting some flesh on with positive experience of the European integration in security and cooperation issues.

Reference

1. Vestnik OSCE. – 1999. – August.
2. Казахстан и современный мир. Сб. статей и выступлений. – Астана, 2004.
3. Аргументы и факты. – 2007. – 12 дек.
4. Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев: Судьбы и перспективы ОБСЕ // Казахстанская правда. – 2010. – 29 янв.
5. Бакаев Л.К. Национальная безопасность Республики Казахстан. – Астана, 2000.
6. Токаев К.К. Под стягом независимости. Очерки о внешней политике Казахстана. – Алматы, 1997.
7. Декларация принципов, регулирующих отношений между государствами-членами СВМДА // Дипломатический курьер. – 1999. – № 3.
8. Назарбаев Н.А. Стратегия трансформации общества и возрождение евразийской цивилизации. – М., 2000.

II СЕКЦИЯ. ҚАЗІРГІ ЗАМАНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ПРАВОВЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОСТИ

Порядина И. В.
г. Астана

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ В КОММЕРЧЕСКОМ БАНКЕ

Управление персоналом банка является область знаний и практической деятельности, направленная на обеспечение организации «качественным» персоналом (способным выполнять возложенные на него трудовые функции) и оптимальное его использование. Оптимальное использование персонала с точки зрения «управления персоналом» достигается за счёт выявления положительных и отрицательных мотивов индивидуумов и групп в организации и соответствующего стимулирования положительных мотивов и «погашения» отрицательных мотивов, а также анализа таковых воздействий.

Результаты изучения сложившейся практики управления в финансово-банковском секторе экономики показывают, что большинство коммерческих банков, как правило, основное свое внимание сосредотачивают на совершенствовании финансового менеджмента. При этом банковский персонал, как объект управления, остается на втором плане. Поэтому неудивительно, что службы управления персоналом большинства банков имеют низкий организационный статус, недостаточно профессионально подготовлены и по сути ограничиваются выполнением лишь учетных функций.

Возникает объективная потребность в определении дееспособности внутрибанковских систем управления персоналом, оценке степени их соответствия постоянно растущим требованиям в области персонального менеджмента. Осуществить это можно только с использованием единой методологии, которая охватывала бы весь спектр проблем, связанных с управлением персоналом банка. Достижение эффективности персонального менеджмента возможно лишь на долгосрочной основе при условии создания в банке действенной системы управления кадровым резервом.

Главная цель системы управления персоналом – своевременное обеспечение подразделений банка квалифицированными специалистами.

Процесс управления персоналом включает [1]:

- 1) Перспективное и текущее планирование потребностей банка в персонале.
- 2) Подбор и комплектование кадров.
- 3) Оценку деятельности банковских работников.
- 4) Разработку системы мотивации эффективного труда.
- 5) Применение различных форм развития персонала и совершенствования его творческого потенциала.

Для достижения цели системы управления персоналом банка необходимо решать следующие задачи:

- анализировать потребности банка в специалистах и планировать их привлечение со стороны или повышение квалификации своих сотрудников;
- использовать в своей работе результаты анализа деятельности сотрудников;
- проводить отбор и адаптацию новых специалистов;
- проводить аттестацию квалификации сотрудников;
- организовывать обучение сотрудников по результатам аттестации;
- формировать кадровый резерв на руководящие должности и организовывать его обучение;
- формировать и поддерживать корпоративную культуру.

Управление персоналом осуществляется в процессе выполнения определенных целенаправленных действий и предполагает:

- определение целей и основных направлений работы с персоналом;
- определение средств, форм и методов осуществления поставленных целей;
- организацию работы по выполнению принятых решений;
- координацию и контроль за выполнением намеченных мероприятий;
- постоянное совершенствование системы работы с персоналом.

Когда общая стратегия организации осознана, становится возможным установить индивидуальные функции управления персоналом, которые будут совмещаться с ней (стратегией) наилучшим образом.

Необходимость согласования между собой стратегии управления персоналом и стратегии предпринимательства охватывает основные функции управления и включает [2]:

- подбор, наем и формирование персонала организации для наилучшего достижения целей производства;
- оценку персонала;
- развитие организационной структуры и морального климата предприятия, способствующих проявлению творческой активности каждого работника;

- наилучшее использование потенциала работников и его вознаграждение;

- обеспечение гарантий социальной ответственности организаций перед каждым работником.

В практическом плане можно выделить следующие основные функции управления персоналом:

- 1) четкое понимание и реализацию стратегических и тактических целей своей фирмы;
- 2) прогнозирование ситуации на рынке труда и в собственном коллективе для принятия учреждающих мер;

- 3) анализ имеющегося кадрового потенциала и планирование его развития с учетом перспектив;

- 4) мотивация персонала,

- 5) оценка и обучение кадров,

- 6) содействие адаптации работников к нововведениям,

- 7) создание социально комфортных условий в коллективе,

- 8) решение частных вопросов психологической совместимости сотрудников.

При этом сохраняются и традиционные задачи по административной работе с кадрами.

Функции управления персоналом очень тесно связаны между собой и образуют в совокупности определенную систему работы с персоналом, где изменения, происходящие в составе каждой из функций, вызывают необходимость корректировки всех других сопряженных функциональных задач и обязанностей. Так, например, широкое распространение в мировой практике контрактной формы найма персонала привело к заметному изменению функциональных обязанностей.

При таких условиях найма, естественно, повышается значение функциональных обязанностей, связанных с обеспечением трудовых отношений, решения социальных вопросов, расширяется круг обязанностей в рамках функций найма, трудоустройства, материального вознаграждения.

В теории управления персоналом обычно выделяют следующие функции [3]:

- планирование потребностей;

- отбор и найм;

- развитие и ориентация;

- продвижение по службе;

- оценка и вознаграждение.

Сейчас много говорят о корпоративной или организационной культуре банковского учреждения. Она проявляется в тонких, едва уловимых социально-психологических особенностях внутренней атмосферы, царящей в коллективе банка, ценностях и целях банка, наличии негласного кодекса правил, которые выполняются сотрудниками. Корпоративная или организационная культура банка проявляется в следующих моментах:

- базовых философских, социальных и моральных ценностях;

- ведущих целях банковского труда;

- особенностях деловых взаимодействий «по вертикали» (руководство-подчинение) и «по горизонтали» (руководство-руководство, подчинение-подчинение);

- принятом «Кодексе банка» (правил трудовой деятельности и поведения сотрудников);

- наличии в банке определенной социально-психологической атмосферы;

- количестве и направленности трудовых конфликтов;

- удовлетворенности или неудовлетворенности работников своим трудом;

- наличии перспективы роста для каждого работника и системы поощрения;

- уровне стабильности и текучести персонала банка.

В практике управления персоналом существует множество видов оценки персонала, которое может классифицировать в зависимости от составляющих оценку элементов и целевых задач. Благодаря использованию процедуры оценки администрации, а также кадровая служба, на которую обычно возлагается ответственность за создание и координацию программы аттестации, получают информацию о качестве работы каждого человека на всех условиях организации. С помощью официальной аттестационной программы можно получить информацию, которая может быть использована как объективное основание для увеличения жалования, продвижения по службе, перевода на менее квалифицированную работу, перемещений и увольнений.

Оценки могут также служить проверкой эффективности, с которой выполняются в рамках кадровой программы такие функции, как прием на работу, отбор, контроль, размещение и обучение. Успех или провал программы в значительной мере зависят от отношения к ней руководящего персонала и их практического опыта осуществления такой программы. Чтобы руководители получили представление о сильных сторонах и недостатках своих подчиненных, они должны уделять определенное внимание оценке людей и сообщению результатов этой оценки тем людям, которых это касается. Более того, в какой мере руководители совершенствуют свои навыки в оценке персонала, в той мере они способны помочь

подчиненным в повышении их личной производительности труда, а также внести определенный вклад в атмосферу человеческих отношений в организации.

Выделяют следующие основные виды оценки:

- профессионального или трудового поведения работника;
- компетентности;
- результативности труда;

Весьма часто процедура оценки персонала упоминается как оценка результатов деятельности. Как правило, она сообщается в форме характеристики, для названия которой могут использоваться различные термины: «характеристика производительности», «характеристика экономической эффективности». Поскольку оценка результатов деятельности является давно признанной практикой, рассмотрим некоторые из её основных понятий и методик, а также особенности её реализации.

Блок по работе с персоналом является одним из подразделений банка. Деятельность БРП направлена в первую очередь на развитие организации и основывается на политике руководства банка при определении и инициировании приоритетных направлений по работе с персоналом

Основные направления процедуры оценки персонала:

- кадровый учет;
- обучение;
- подбор персонала;
- развитие кадрового резерва банка;
- планирование организационной структуры и численности;
- привлечение персонала через структурированную систему оплаты труда и льготы.

В современных условиях в управлении персоналом банка происходит существенное изменение общей парадигмы управления. Сегодня персонал рассматривается как основной ресурс банка, в значительной степени определяющий успех его деятельности и представляет собой один из основных ресурсов банка, которым надо грамотно управлять, создавать оптимальные условия для его развития, вкладывать в это необходимые средства.

Литература

1. Друкер П. Эффективное управление. - М.: Гранд, 2005.
2. Дериг Х. Универсальный банк – банк будущего. Финансовая стратегия на рубеже века. – М.: Международные отношения, 2008.
3. Ольхова Р.Г. Банковское дело: управление в коммерческом банке. – М.: Кнорус, 2008.

Белоусова Э. В.
г. Астана

ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ УСТАНОВЛЕНИЯ ЕДИНОГО ЗЕМЕЛЬНОГО НАЛОГА НА НЕДВИЖИМОСТЬ

В каждом государстве налоговая система отражает его специфические условия. В мире нет стран, имеющих одинаковые налоговые системы. Современное налоговое законодательство ряда стран предусматривает переход на более упрощенную единую систему налогообложения, которая позволяет в наибольшей степени контролировать систему взаимоотношений государства (размеры пополнения бюджетных средств) и налоговые платежи от сельских товаропроизводителей. Если размер налоговых изъятий в общей сумме валового дохода товаропроизводителя за вычетом сумм издержек составляет более половины, то это приводит к свертыванию производства; в пределах 40-45% происходит процесс простого воспроизводства; для обеспечения расширенного воспроизводства необходим удельный вес налогов не превышающий 35%.

Законодательством отдельных стран постсоветского пространства (Казахстан Россия, Украина) для субъектов малого предпринимательства, крестьянских и фермерских хозяйств, кооперативов, предприятий, акционерных объединений - производителей сельскохозяйственной продукции создаются специальные налоговые режимы для упрощения порядка налогообложения, освобождения от уплаты отдельных налогов и общего снижения налоговой нагрузки, стимулирующих ускоренное развитие сельского хозяйства и малого предпринимательства.

С 2001 г. в России осуществлен переход на специальный налоговый режим (Единый сельскохозяйственный налог, далее - ЕСХН), где вместо самостоятельных 4 налогов: налога на прибыль предприятия (налога на доходы физических лиц, занимающихся индивидуальной предпринимательской деятельностью), единого социального налога, налога на имущество, НДС платится единый. Объектом налогообложения считаются сельскохозяйственные угодья, находящиеся в собственности, во владении и пользовании. Налоговой базой признается денежное выражение доходов, уменьшенное на величину

Осылайша, сотталған адамды түзеу өте күрделі процесс болып табылады, бұл мақсатқа тек сотталғандардың түзелуіне себеп болып табылатын тұрақты позитивтік ниеттің қалыптасуына моральдық және материалдық әдістермен әсер ететін мемлекеттік органдар мен мекемелердің құрылуымен жетуге болады. Яғни, ең алдымен позитивтік, педагогикалық әсер жайында сөз болып отыр. Р.Г. Галикеевтің пікірі бойынша тиімді педагогикалық әңгіме мәжбүрлі сипатта болмағаны жөн, ол өзара қажеттілік арқылы туындауы қажет. Ол үшін қылмыстық жазалауды атқарушы органдар мен мекемелердің қызметкерлерінің интеллектуалды және кәсіби деңгейлері жоғары болуы тиіс [10, 6 бет]. Бұл қызметкерлердің жоғары деңгейде әлеуметтік қорғалуын және оларды оқытуды қамтамасыз ететін қаржының бөлінуін талап ететін пенитенциарлық жүйедегі жақсы ойластырылған, тиімді кадрлық саясаттың болуымен тығыз байланысты.

Түзеу мақсатын қарастыра отыра, біз ғылымда бұл мақсаттың екі аспектіде – моральдық және заңдық аспектілерде қарастырылатынын атап өткеніміз абзал. Кезінде Фойницкий И.Я. «түзеу теориясының» мазмұнын ашу барысында бұл теорияның 1) жазаланушының діни – адамгершілік тұрғыдан қайта тууы тұрғысынан немесе 2) оның заңдық, әлеуметтік қайта тәрбиеленуі тұрғысынан түсіндірілетінін атап өтті. Бірінші жағдайда адамға діни – адамгершілік тұрғыдан ішкі жан дүниесінің қайта тууына әсер етуге тырысты, бұл үшін діни әңгімелесу, шіркеу қызметі мен моральдық тұрғыдан сабақ беруге сүйенді және түзелудің белгілері адамның құдайға табынуы болып саналды. Екінші жағдайда жазаның мақсаты қоғамның жарамсыз мүшесінің қоғамға пайдалы, жарамды мүшесіне айналуымен байланысты болды [1, 63 бет].

Қазіргі заманғы авторлар да бұл мәселеге байланысты өз пікірлерін жазуда. Мысалы, И.С.Ной сотталған адамды түзеудің мақсаты тек оның жаңа қылмыстарды жасаудан бас тартуымен, заңдар мен қоғамдық өмір ережелерін сақтауымен ғана байланысты емес, сонымен қатар терең тәрбиелеу жұмыстарының нәтижесінде оның санасының түп – тамырымен өзгеруі арқылы ғана жетеді деп көрсеткен. Мұндай тәрбиелеуді ол фактілік немесе моральдық түзелу деп атаған. Екінші аспектіні ол формальдық немесе заңдық деп атайды, бұл аспекті бойынша сотталған адам жаңа қылмыстарды өзінің ішкі санасының өзгеруімен емес, қайтадан қылмыстық жазаға тартылмауы үшін немесе өзге де себептермен жасамауы

мүмкін деп қарастырады [11, 25-26 бет]. Мұндай екі мағынадағы пікірді басқа да авторлар қолдайды [12, 36-38 бет].

Келесі авторлар түзеу мақсаттарын осылай бөлудің қажеттілігі жоқ, өйткені заң шығарушы кінәлі тұлғаның моральдық тұрғыдан жетілуін міндет ретінде қоймайды, сондықтан да «моральдық түзелу» заң ғылымына жатпайды деп санайды [13, 39бет], [14, 91 бет.].

Біз мұндай бөлу, түзеу мақсаттарының заңдық табиғатының ішкі жағын түсінуде маңызы бар деп санаймыз. Сондықтан да сотталған адамның санасында болып жатқан процесстердің маңыздылығына қарамастан, оның іс әрекеті оның түзелгендігін анықтайтын барометр болып табылады. Сонымен қатар, өмірдегі жағдайлар сан түрлі болғандықтан, бұрын қылмыс жасағаны үшін өкінген адамның жаңа қылмыс жасамауына кепілдік беруге болмайды.

Сонымен бірге, «сотталған адамды түзеу» термині аяқталған іс-әрекетті білдіреді, яғни тұлға толық көлемде түзелу керек. Сонымен, түзеу критерийі қандай болуы керек? Жазаның орындалу мерзімі аяқталып келе жатқан, түзелмеген тұлғаларға қатысты не дейміз? Немесе өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеуші немесе өлім жазасына кесілген тұлғаларға қатысты бұл мақсат қалай жүзеге асуы тиіс?

Осылайша, әр түрлі пікірлер мен жағдайларға қысқаша шолу жасау «сотталғандарды түзеу» термині қарастырылып отырған аспектіде көптеген сұрақтарды тудырды. Осыған байланысты жаза мақсаттарының тізіміндегі бұл терминді, мысалы, «сотталғандарға түзету әсерін көрсету» терминіне ауыстыруды мүмкін деп санаймыз.

Әдебиеттер

1. Фойницкий И.Я. Учение о наказании в связи с тюремоведением. – М.: Добросвет, 2000.
2. Шаргородский М.Д. Система наказаний и ее эффективность //Советское государство и право. – 1968. – №11.
3. Герцензон А.А. Основные положения Уголовного кодекса РСФСР. 1960. - М., 1961.
4. Никифоров Б.С. Некоторые вопросы кодификации советского уголовного законодательства //Сорок лет советского государства и права. – Л., 1957.
- 5.Стручков Н.А. Проблема наказания в проекте общесоюзного и республиканского уголовного законодательства //Советское государства и право. – 1958. – №7.
6. Уссе А.В. Исправление осужденного от «перековки» к помощи //Реализация положений нового законодательства в сфере уголовных наказаний. - М., 1995.
7. Беляев Н.А. Цели наказания и средства их достижения в исправительно-трудовых учреждениях. – Л., 1963.
8. Еникеев М.И. Основы общей и юридической психологии. – М., 1996.
9. Хохряков Г.Ф. Парадоксы тюрьмы. – М., 1991.
- 10.Галикеев Р.Г. Организация педагогического общения сотрудников осужденными в процессе перевоспитания в исправительно-трудовом учреждении. –Уфа, 1990.
11. Ной И.С. Теоретические вопросы лишения свободы. – Саратов, 1996.
12. Бриллиантов А.В. Дифференциация наказания и степень исправления осужденных к лишению свободы. – М., 1997.
13. Комментарий к Уголовному Кодексу РФ //Под ред. А.В. Наума. – М., 1996.
14. Комментарий к Уголовному Кодексу РФ //Под общей ред. Ю.И. Скуратова, В.Б. Лебедева. - М., 1996.

Сәулен Н. С.
Астана қ.

ПАРАҚОРЛЫҚҚА ДЕЛДАЛ БОЛУ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ

Сыбайлас жемқорлық көрінісінің ең қауіпті нысандарының бірі парақорлық болып табылады. Қылмыстық құқық теориясында парақорлық деп пара алу/ҚР ҚК 311 бабы/, пара беру /ҚР ҚК 312 бабы/ және парақорлыққа делдал болу /ҚР ҚК 313 бабы/ сияқты өз алдына дербес үш қылмыс құрамын қамтитын жалпы құқықтық ұғымды айту көзқарасы қалыптасқан.

Парақорлық деп пара алу мен пара беруден тұратын біртұтас қылмысты атайды. Профессор Н.Д.Дурманов "пара алу мен пара беруді екі бөлек қылмыс деп қарамай, біртұтас қылмыс деп қарастырған өте дұрыс болды" - деп есептеді [1, 23 б.].

Н.П.Кучерявый пара беру, пара алу және параға делдал болу бір қылмыстың ерекше нысаны деп есептеді. Осы пікірді А.Н. Трайнин қуаттап, пара беру мен парақорлыққа делдалдықты лауазым иесінің пара алуға қатысының ерекше нысанына жатқызды [2, 24 б.].

Басқа авторлар бұл мәселеге басқаша түрде қарауды ұсынады. Атап айтқанда, Б.В. Здравомыслов "парақорлық" ұғымын кең мағына береді. Оның тар көлеміне пара алуды, ал кең көлемінде қылмыстың үш

құрамын: пара алу, пара беру және паракорлыққа делдалдық жатқызылады [3, 124 б.].

Біз осы мәселе бойынша соңғы айтылған көзқарасты ұсынамыз. Біздің пікіріміз бойынша, пара алу мен пара беру, паракорлыққа делдалдық арасындағы тығыз байланыс болғанымен, олардың әрқайсысы жеке қылмыс түрі болып табылады, себебі олардың әрқайсысының ерекше тек өздеріне тән белгілері бар. Атап айтқанда, қылмыс субъектісі бойынша бір ғана фактінің ерекшелігі, оларды біртұтас қылмыс деп қарастырмауда зор мәнді болып табылады. Қазіргі қолданып отырған ҚР қылмыстық кодексінде мұндай қол сұғушылықтар жеке-жеке қылмыс ретінде қарастырылады. Бұрын қолданыста болған РСФСР, Қазақ ССР Қылмыстық Кодексінде де паракорлық деген ұғым үш түрлі қылмыс жиынтығы ретінде қарастырылған.

Қарастырып отырған қылмыс ауыр және өте ауыр қылмыстар санатына жатады. Бұл паракорлық құрамындағы жоғарғы қоғамдық қауіптілігімен, оның көленкелі салдарымен түсіндіріледі. Паракорлық басқару қызметінде тәртіпті бұзушылыққа әкеліп тірейді, халықтың билікке сенген сенімін төмендетіп, азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарына қысым жасауға әкеліп соқтырады. Кей жағдайда басқа да қылмыстармен жалғасып жатады.

Паракорлықтың қауіптілігі белгілі, оның қазіргі кездегі көлемі кең. Ол өз өкілеттігін сататын қызметкерлермен ғана емес, сонымен қатар енді барлық билік органдарының осындай өте зиянды ауруға ұшырағанымен белгілі.

Паракорлыққа делдал болудың қоғамға қауіптілігін анықтау үшін міндетті түрде оның қоғамда болуынан көрініс табады. Себебі, делдалдықтың қоғамға қауіптілігі ең алдымен, пара, паракорлықпен тікелей байланысты.

Паракорлыққа делдал – бұл формальды құрам және әлеуметтік құбылыс ретінде болмайды, делдалдық болу қылмыс құрамы ретінде іс жүргізуде құқықтық статистикада белгісі жоқ, себебі қылмыстық-құқықтық норма жетілдірілмеген.

Қазіргі нарықтық экономика өтпелі кезеңінде паракорлыққа делдал болушылықтың қауіптілігі жоғары болуда. Қылмыстық-құқықтық салдары өте көлемді деп көрсетіледі. Себебі паракорлыққа делдал болушылық қоғамда үлкен резонанс туғызады. Қазіргі қолданыстағы қылмыстық кодекстің 313 – бабында қылмысқа делдал болушылық үшін жауаптылық көзделген. Паракорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге пара алу мен беру туралы олардың арасындағы келісімге қол жеткізуге немесе іске асыруға жәрдемдесу деп көрсетілген [4, 117 б.].

Паракорлыққа делдал болу жеке құрам ретінде тек Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде ғана көрсетілген. Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы Қылмыстық кодекстерінде паракорлыққа делдалдық жеке құрам емес, ол пара беру құрамына немесе паракорлыққа қатысу нысаны ретінде құрастырылады. Өйткені қылмыстық заңның өзінде пара алу немесе беру тікелей немесе делдал арқылы жүзеге асырылуы мүмкін делінген (ҚК-тің 311, 312 баптары) қағиданы басшылыққа ала отырып, аталған мемлекеттер бұл құрамды жаңа қылмыстық кодекс қабылдау кезінде қылмыстық заңнан шығарып тастаған. Бұл құрамның алынып тасталуы – деп көрсетеді Б.В. Волженкин, өзін-өзі ақтамайды және осы тұрғыдағы іс-әрекетті саралауда едәуір қиындықтар келтіреді [5, 50 б.].

Шын мәнінде паракорлыққа делдалдық өзіне тән белгілері бойынша қылмысқа қатысушылықтан өзгешелігі бар, осыған байланысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінде бұрынғыша жеке бап ретінде қалдырылуының орынды болғандығына күмән жоқ.

Енді осыған байланысты бір мәселені зерттеу орынды сияқты. Қылмыстық заңда пара берген адамның қылмыстық жауаптылықтан босатылу шарттары көрсетілген (ҚК-тің 312 бабының ескертуі). Ал паракорлыққа делдалдық дәл пара беру шартында көрсетілген жағдайда, яғни делдал мемлекеттік қызмет атқаруға өкілетті адам, не оған теңестірілген адам қорқытып пара беруші мен пара алушы арасындағы келісімге қол жеткізуге немесе іске асуға жәрдем жасатса немесе параға делдал болған адам ол туралы қылмыстық іс қозғауға құқығы бар немесе басқа құзырлы, мемлекеттік яғни лауазымды адамдарына ерікті түрде хабарласа, оларға қылмыстық жауаптылықтан босатуға негіз деп санаймыз, мұның өзі паракорлық құбылысымен күресуге және оны дер кезінде ашуға құқықтық негіз болар еді.

Паракорлыққа делдал болушылықты бір жақты, яғни пара алу, беру сынды қылмыстардан ажырату мүмкін емес. Өйткені әрқашан да делдал болу бұл паракорлықпен тығыз байланыста болады. Егер де паракорлық фактісі болмаса, делдал болушылық та қозғалмас екені анық. Паракорлыққа делдал болушылықты жай заңды делдал болудан ажырата білу керек. Себебі, қарапайым, жай делдал болу – бұл заңмен тыйым салынбаған әрекет. Паракорлыққа делдал болу – бұл өте қауіпті қылмыс. Сол себепті делдал болушылық пара алушы мен пара беруші арасындағы байланыстырушы көпір десек те болады. Әрине, осы әрекеті үшін бұл тиісті сыйақысын да алады. Делдал болушылықтың қоғамға қауіптілігі сол-ол әрдайым болашақ пара беруші мен пара алушыны қылмысқа итермелеуші сияқты да көрінеді. Қоғамда паракорлыққа жол беріп қана қоймай, оған іріткі тудырады. Пара беруші де, алушы да делдалды іздейді, сол арқылы қылмыс жаңа сипат, серпін алады. Қолданыстағы Қылмыстық Кодекс паракорлыққа делдал болушылыққа санкциясы төмен деп есептейміз. Ал делдал болушылық бұл паракорлық сынды қылмыста қауіпті, қатерлі қылмыс болып табылады. Сол себептен санкцияны жоғарылату керек сияқты.

Жоғарыда келтірілгендерді қорыта келе, паракорлыққа делдал болушылық қоғамның бірқалыпты дамуына, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси тұрақтылығына нұқсан келтіретін қылмыс түрі екендігі – айдан анық ақиқат.

Әдебиеттер

1. Дурманов М.Д. Уголовная ответственность за взятничество по действующему законодательству. Проблемы Социалистического права. № 2. - М., 1937. - 23 с.

2. Трайнин А.Н. Уголовное право. Часть особенная. Юридическое издательство. - НКЮ РСФСР. - М., 1927. - 24 с.
3. Здравомыслов Б.В. Должностные преступления понятие и квалификация. - М., 1975. - 124 с.
4. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. – Алматы: ЖГИС «Издательство НОРМА – К», 2008. – 117б.
5. Волженкин Б.В. О так называемой взятке-благодарности //Соц. законность. - 1991. – № 1. - 50 с.

Жантаева Ә. Қ.
Астана қ.

ҚЫЛМЫСҚА ҚАТЫСУ НЫСАНДАРЫН АЖЫРАТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қылмыстық құқық теориясында дәстүрлі түрде күрделі институттардың бірі қылмысқа қатысу институты болып табылады. Қылмысқа қатысу арқылы жасалған қылмыстарды жасау әдіс-тәсілдерінің көп түрлілігі, қылмысқа қатысумен байланысты қылмыстық нормалардың түсініксіздігі, қайшылыққа толы сот тәжірибесі - бұлардың бәрі, қарастырылып отырған институт төңірегінде көптеген мәселелерді тудырады. Осы мақалада қылмысқа қатысудың тек кейбір сұрақтары, дәлірек айтқанда, заңтануда қылмысқа қатысудың нысандарын ажырату мәселелері қарастырылады.

ҚР ҚК-ң 27-бабына сәйкес, қылмысқа қатысу деп екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыс жасауға қасақана бірлесіп қатысуы танылады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңында қылмысқа қатысудың төрт нысаны көзделген: адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы, ұйымдасқан топ және қылмыстық сыбайластық (қылмыстық ұйым). Қылмыстық заңда келтірілген қылмысқа қатысу нысандарының анықтамасына жасалған талдау, олардың тұжырымдамаларының айтарлықтай нақты емес екендігін көрсетеді, мұның өзі көп жағдайларда қылмыстарды саралау кезіндегі қателіктер мен қиындықтарға әкеп соғады. Осыған байланысты, қылмысқа қатысудың жеке нысандарын ажырату мәселесі өзекті болып отыр.

Жай адамдар тобының анықтамасы ҚР ҚК-ң - 31 бабының 1-тармағында орын алған. Онда: «егер қылмыс жасауға екі немесе одан да көп орындаушы күні бұрын сөз байласпай бірлесіп қатысса, ол адамдар тобы жасаған қылмыс деп танылады» деп көрсетілген. ҚР ҚК-ң 31-бабының 2-тармағына сәйкес, егер қылмысқа бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдар қатысса, ол адамдар тобы алдын-ала сөз байласып жасаған қылмыс деп танылады. ҚР ҚК-ң 31-бабының 3-тармағында ұйымдасқан топтың анықтамасы бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы ретінде келтірілген. Сонымен қатар, ҚР ҚК-ң 31-бабының 4-тармағында: «егер қылмысты ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстар жасау үшін құрылған бірігіп ұйымдасқан топ (ұйым) не нақ сондай мақсатпен құрылған ұйымдасқан топтардың бірлестігі жасаса, ол қылмыстық сыбайластық (қылмыстық ұйым) жасаған қылмыс деп танылады» делінген. Қылмысқа қатысу нысанының түсінігін заңды түрде анықтау негізінде, ұйымдасқан топ жай адамдар тобынан бірқатар негізгі белгілер бойынша ерекшеленеді деген қорытынды жасауға болады. Аталған негізгі белгілерге:

Тұрақтылық;

Бір немесе бірнеше қылмыстарды жасау үшін күні бұрын бірігу жатады.

«Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы №2 нормативтік қаулысының 11-бабының 1-тармағына сәйкес, ұйымдасқан қылмыстық топ пен банданың тұрақтылығын, атап айтқанда, оның құрамының тұрақтылығы, оның мүшелерінің өзара тығыз байланыстылығы, олардың келісе отырып іс-әрекет жасауы, қылмыстық қызметтің формалары мен тәсілдерінің тұрақтылығы, оның өмір сүруінің ұзақтығы байқатады.

О.В. Вербовая «тұрақтылық» ретінде топ құрамының бірқалыптылығын, ұйымдасушылықтың жоғарғы дәрежесін, топтың психологиялық құрылымының қалыптасуын, басшының тағайындалуын, топтың бірігуінің мақсаты ретінде әрдайым қылмыстардың жасалуын және оларды жасауға мұқият дайындалуын, қылмыстарды жасау мен жасырудың күрделі әдіс-тәсілдерін пайдалану мүмкіндігін, топта бірыңғай құнды бағдардың жасалуын, топтың құрамындағы тұлғаның жағдайына байланысты, қылмыстық жолмен алынған пайданың бөлінуімен түсіндіреді [1].

Қарап отырсақ, «тұрақтылық» белгісін осылайша талқылауға тек ұйымдасқан топтар ғана емес, сонымен қатар көптеген басқа қылмыстық топтар да жатады. Оған қоса бұл топтар тек қылмыстық қана емес, сонымен бірге экономикалық салада әрекет етуі мүмкін. Мұндай түсінік практикада оларды, мемлекеттік аппараттың сыбайлас жемқорлыққа бой алдырған шенеуніктерінің қолдауымен қылмыстық әрекет ететін ұйымдасқан топтардан ажыратуға мүмкіндік бермейді.

Сонымен, Р. Тлеухан: «кез-келген кәсіби қылмыстық топ ұйымдасуға талпынады және ұйымдасқан топпен сырттай ұқсас белгілердің болуы, бірақ сыбайлас жемқорлықпен ұштасқан байланыс секілді басты белгінің болмауы - жай қылмыстық топтарды ұйымдасқан деп есептеуге мүмкіндік бермейді» [2].

Б.М. Нурғалиевтің пікірі бойынша, «тұрақтылық» терминінің астарында «құқық қорғау органдары мен бәсекелестердің әрекеті секілді сыртқы факторлардың әсерінен кейін криминалды құрылымның қорғаны, қайта құрылу және қылмыстық ісін жалғастыру мүмкіндігін» түсіну қажет. Одан басқа, ол «тұрақтылық» және «топтасқандық» секілді белгілер «ұйымдасқандық» түсінігінің синонимдері болып табылады деген заң шығарушының пікірімен келісуге болмайды деп есептейді [3].

Қылмыстық кодексте ұсынылған ұйымдасқан топтың екінші белгісі - «бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын бірігу» - ол дәл сол жай адамдар тобына тән алдын ала сөз байласудың өзі.

Жоғарыда аталған қаулының 6-бабына сәйкес, ұйымдасқан топ деп құрылғаны үшін ҚК-ң 235-бабының 1-бөлігімен жауапкершілік көзделген ұйымдасқан қылмыстық топты ғана емес, сонымен бірге құрылғаны үшін ҚК-ң 237-бабының 1-бөлігімен жауапкершілік көзделген тұрақты қарулы топты (банданы) да түсіну қажет. Бұл ретте банда, ұйымдасқан қылмыстық топтан қарулануымен және қылмыстық мақсаты - азаматтар мен ұйымдарға шабуыл жасауымен ерекшеленеді деп көрсетілген.

Аталған қаулыда кеткен қателіктердің себептерін Н.А. Шабдарбаев зерттеп анықтағанда, ол, практикада тек қана бандалар емес, сонымен қатар көптеген ұйымдасқан топтар қылмыстық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қаруды пайдаланады; одан басқа, ұйымдасқан топ пен банданың мақсаты бір - баю, заңсыз жолмен пайда табу, ал азаматтар мен ұйымдарға шабуыл жасау - бұл банда үшін де, ұйымдасқан топ үшін де тән, қойылған мақсатқа жету әдісі ғана деп атап өтті [4].

Э.М. Ахмедов ұйымдасқан топ ретінде өмір сүру үшін қаражат алудың негізгі қайнар көзі ретінде қылмыс жасауды таңдаған және өз қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында рөлдік, негізінен, иерархиялық және құрылымдық белгілер бойынша жіктелетін, субъектілердің ұйымдасуын түсінеді [5].

Қазақстандық ғалымдар Г.С. Мауленов пен М. Сейтжанов «ұйымдасқан топ» деп:

Нақты құрылымы және жемқорлыққа бой алдырған құқық қорғау органдары мен мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің арасында байланысы бар, мақсаты – кез келген жолмен байлыққа кенелу болатын және мінез-құлықтың ішкі топтық нормалары бар топты;

Бір немесе бірнеше қылмыстарды жасау үшін күні бұрын біріккен және екі басты белгімен: ұйымдасушылық және тұрақтылықпен сипатталатын топты түсінуді ұсынады [6].

Бірқатар ресей авторлары «ұйымдасқан топ» - бұл қылмыстық пайданың белгілі бір үлесі үшін ұйымдасқан қылмыстық іс-әрекеттің біртұтас жоспарын немесе оның бір бөлігін жүзеге асыруда өзінің материалдық, интеллектуалдық, қызметтік-лауазымдық өкілеттіктерімен саналы түрде қатысатын тұлғалардың тобы деп есептейді.

Басқа авторлар ұйымдасқан топты қылмыстарды жүйелі түрде жасау үшін ұйымдасқан, ерекше криминалдық байланысы мен тәжірибесі бар тұлғалардың тұрақты, біріккен ұйымы ретінде түсінеді [7].

Криминологиялық көзқарас тұрғысынан «ұйымдасқан топ» - бұл басшылық ететін бір немесе бірнеше топ басшылары (лидерлері), ішкі иерархиялық құрылымы, жалпы ақшалай қоры бар, қылмыстық іс-әрекетті жүзеге асыру кезінде зорлық-зомбылық және сыбайлас жемқорлық секілді тәсілдерді пайдаланатын, заңға қайшы әрекеттің кез келген салада пайда әкелетін қылмыстарды жасаумен айналысатын криминалды құрылым [8].

Ұйымдасқан топ түсінігінің криминологиялық белгілерін, сол топтың белгілі бір қылмыс жасағанын анықтағаннан кейін оның мүшелерінің немесе басшыларының әрекетін саралау кезінде емес, жалпы ұйымдасқан топтарды анықтау барысында ескеру қажет.

Заң шығарушы қылмыстық сыбайластықты қылмыстық топтан мынадай белгілер бойынша ажыратады:

1) Топтасудың және ұйымдасушылықтың анағұрлым жоғарғы дәрежесі бойынша;

2) Құрылу мақсаты бойынша - ауыр және аса ауыр қылмыстарды жасауы;

3) Иерархиялық құрылымы бойынша - ауыр және аса ауыр қылмыстарды жасау үшін ұйымдасқан топтардың бірігуі.

Соттық - тергеу практикасы көрсетіп отырғандай, ұйымдасқан топ немесе қылмыстық сыбайластық мүшелерімен тек ауыр және аса ауыр санаттағы қылмыстар жасалмайды:

1) Заңсыз баю жағдайында - заңсыз кәсіпкерлік (ҚР ҚК-ң 190-бабы), жалған банкроттық (ҚР ҚК-ң 217-бабы), жеңгетайлық (ҚР ҚК-ң 271-бабы);

2) Жәбірленушіні қорқыту жағдайында - денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру (ҚР ҚК-ң 104-бабы), жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс-әрекеттерге мәжбүр ету (ҚР ҚК-ң 123-бабы), тұрғын үйге қол сұғылмаушылықты бұзу (ҚР ҚК-ң 145-бабы);

3) Сыбайлас жемқорлық байланыстарын орнату үшін коммерциялық сатып алу (ҚР ҚК-ң 231-бабы), пара беру (ҚР ҚК-ң 312-бабы), парақорлыққа делдал болу (ҚР ҚК-ң 313-бабы);

4) Сыбайластарын қорғау үшін сот төрелігін жүзеге асыруға немесе алдын ала тергеу жүргізуге байланысты қорқыту және күш көрсету әрекеттері (ҚР ҚК-ң 341-бабының 1, 2, 3 тармағы), жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтару, жалған қорытынды беруге немесе қате аударуға сатып алу не мәжбүр ету (ҚР ҚК-ң 354-бабының 1, 2, 3 тармағы).

ҚР ҚК-ң 10-бабына сәйкес, аталған қылмыстар онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар болып танылады. Демек, құрылу мақсаты - ауыр немесе аса ауыр қылмыстарды жасау секілді қылмыстық сыбайластықтың айрықша белгісін бөліп көрсету, заң шығарушының жасаған қатесі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, заңда көрсетілген қылмысқа қатысу нысандары өзара бірнеше белгілер бойынша ерекшеленетінін атап өту қажет. Яғни, жай адамдар тобы ұйымдасқан топтан криминалды құрылымның сыртқы факторлардың әсерінен кейін қорғану, қайта құрылу және қылмыстық ісін жалғастыру мүмкіндігі бойынша ерекшеленеді. Ұйымдасқан топ немесе бандта тек қарулануымен және азаматтар мен ұйымдарға шабуыл жасау мақсатымен ерекшеленбейді, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа бой алдырған мемлекеттік орган қызметкерлерінің қолдауымен де ерекшеленеді.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ҚР ҚК-ң 31-бабының 3, 4 тармақтарына өзгертулерді мына мәтінде енгізу орынды болар еді:

«3. Егер қылмысты баю және өзге де мақсаттарда бір немесе бірнеше қылмыстарды жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты, ұйымдасқан тобы жасаса, ол ұйымдасқан топ жасаған қылмыс деп танылады.

4. Егер қылмысты кез келген санаттағы қылмыстарды жасау үшін құрылған бірігіп ұйымдасқан топ (ұйым) не нақ сондай мақсатпен құрылған ұйымдасқан топтардың бірлестігі жасаса, ол қылмыстық сыбайластық (қылмыстық ұйым) жасаған қылмыс деп танылады».

Әдебиеттер

1. Вербовая О.В. Уголовно-правовая борьба с бандитизмом в Республике Казахстан //Автореф. дисс. ... к.ю.н. – Алматы, 2000. – С. 56-57.

2. Тлеухан Р. Проблемы расследования и предупреждения преступлений, совершаемых организованной группой в денежно-кредитной сфере //Автореф. дисс. ... к.ю.н. – Алматы, 1998. – С. 17-18.

3. Нурғалиев Б.М. Теоретические и прикладные проблемы расследования организованной преступной деятельности //Автореф. дисс. ... к.ю.н. – Караганда, 1998. – С. 82.

4. Шабдарбаев Н.А. Проблемы совершенствования методики расследования грабежей и разбойных нападений, совершаемых выездными организованными группами //Автореф. дисс. ... к.ю.н. - Алматы, 2002. – С. 10.

5. Ахмедов Э.М. Актуальные вопросы расследования и предотвращения корыстно-насильственных преступлений, совершаемых межрегиональными организованными преступными группами //Автореф. дисс. ... к.ю.н. – Алматы, 1999. – С. 22.

6. Мауленов Г.С., Сейтжанов М. Проблемы борьбы с организованной преступностью //Вестник Министерства юстиции Республики Казахстан. – 1995. - № 8. - С. 20-26.

7. Овчинский В.С., Эминов В.С., Яблоков Н.П. Основы борьбы с организованной преступностью. – М., 1996. – С. 113.

8. Лавров В.П. Проблемы борьбы с организованной преступностью и коррупцией: Курс лекций /Под ред. Кустова А.М., Нурғалиева Б.М. - Караганда, 1999. - С. 86-111.

Нурлыбаев М. Н.
Астана қ.

ЖЕРГЕ ЗАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҚР АҚ-ның 195-бабының 1-тармағына және жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеу туралы жарлықтың 2-бабына сәйкес, жерге құқықтың ішінен меншік құқығы, жер пайдалану құқығы, сервитуттар заттық құқықтарға жатады. Заң дақтринасында жер учаскісіне заттық құқықтарға, жоғарыда аталғандардың басқа, әдебиетте кепілді, сенімгерлікпен басқару құқығын жатқызады. Біз, жер учаскілеріне оралымды басқару құқығының туындауы мүмкін деп ойлаймыз. Мұндай құқыққа, әсіресе, ғимараттары мен құрылыстары өздеріне оралымды басқару құқығында тиесілі мемлекеттік емес мекемелер мұқтаж болып отыр. Жер учаскісіне шектелген өзгедей заттық құқықтар (тұрақты және уақытша жер пайдалану құқығы) мемлекеттік меншік құқығынан туынды құқықтар болып табылады, ал мемлекеттік емес мекеме құқығы құрылтайшылардың жеке меншік құқығынан туынды болуға тиіс. Оралымды басқару құқығы осындай конструкцияға жатады. Бірақ, қазіргі күшіндегі жер заңнамасы жер учаскелерін оралымды басқару құқығының объектілері деп танымайды.

Барлық көрсетілген құқықтардың объектісі - жер учаскелері. Заттық құқықтар дара белгілерімен

анықталатын заттардан туындайды. Баяндалғандарға жүгінсек, жер учаскесіне заттық құқықтың туындауының алғышарты объектіні қалыптастыру болып табылады. Жер учаскелерін құқықтық қатынастардың объектілері ретінде жеке – даралау қазіргі уақытта оларға кадастрілік нөмерлерін беру, шекараларын, тұрған жерін анықтау, санатын және мақсатты арналымын белгілеу және басқа параметрлер арқылы жүзеге асырылады. Жер учаскесін сәйкестендіру оның қажетті нышандарын жер және құқық кадастрларына, сондай-ақ құқық куәландыратын құжаттарға (меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актілерге, т.б.) енгізу арқылы жүзеге асырылады. Жер учаскелеріне құқықты куәландыратын, ҚР Үкіметінің қаулыларымен бекітілетін құжаттардың қазіргі, күшіндегі формаларында, негізінен, жер учаскісінің жер және құқық кадастрын жүргізу үшін қажетті сәйкестендіруші нышандар бар.

Қазіргі кезде құқық куәландыратын құжаттардың (жерді өмірбақи мұралықпен иелену құқығына, тұрақты пайдалану құқығына) ескі формалары қолданылуда, олар ҚР Жер кодексінің (ары қарай - ҚР Жер кодексі) 170-бабының 9-тармағына сәйкес заңдық күшін жоғалтқан жоқ. Бірақ, мұндай құжаттар жер учаскесін жылжымайтын мүлік объектісі ретінде толықтай сәйкестендіруге мүмкіндік бермейді, себебі оларда кадастр нөмірі, жердің санаты, жер учаскесінің бөлінетіндігі немесе бөлінбейтіндігі туралы деректер көрсетілмеген. Соған байланысты жер және құқық кадастрларын жүргізу жөніндегі органдармен мұндай құжаттардағы жетіспейтін ақпаратты не оларға қосымша ақпарат енгізу, не оларды құжаттардың жаңа формаларына алмастыру арқылы толықтыру процедурасы келісілген. Мұндай құжаттарды алмастыру жерге орналастыру жұмыстарын жүргізуді қажет етеді. Соған байланысты, актілердің ескі формаларының заңдық күшін жоғалтпағанына қарамастан, құжаттарды актілердің жаңа формасына алмастырмай, онда бекімін тапқан құқықтың кейбір жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін емес.

Заңнаманың дамуының әр түрлі кезеңдерінде оның жер учаскелерінің параметрлерін анықтайтын құқықтық режимі өзгеріп отырды. Мүмкін, жаңа сәйкестендіруші нышандарды енгізумен немесе ескілерін алып тастаумен байланысты алдағы өзгерістер бұрын берілген құжаттардың заңдық күшіне, құқық және жер кадастрларын толтыруға қатысты проблемелер тудырар. Осы баяндалғандарға байланысты жер және құқық кадастрлары арасында әрбір жағдайда бұрын берілген құқықты куәландыратын құжатты жаңағы алмастыруды қажет етпейтін, ақпарат алмасудың икемді жүйесін орнату керек.

ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілетін, тұйық шекара ішіндегі бөлінген жер бөлігі болып табылатын «жер участігі» ұғымынан басқа (ҚР Жер кодексінің) «жер» деген ұғым бар. Осыған байланысты осы ұғымдардың ара қатынасы және бұл нысандарға заттық құқыққа ие бола алатын субъектілер туралы мәселе туындайды. Жер кодексінде берілген анықтамаға сәйкес, Жер дегеніміз – шегінде ҚР егемендігі, табиғи ресурс, жалпыға бірдей өндіріс құралы және кез келген еңбек процесінің аумақтық негізі орнатылатын аумақтық кеңістік. «Жер» және «жер учаскесі» ұғымдарының ара қатынасы тек пен түр сияқты деп ойлаймыз. Ал, жеке меншік құқығы мен жер пайдалану құқығының объектілері тек жер учаскілері бола алады. Қалған жер, біздің пікірімізше, мемлекеттік меншік объектісі бола алады. Мұндай тұжырым жеке меншікте емес, жерге мемлекеттік меншік құқығы презумпциясы принципінен шығады (Жер кодексінің 26-бабының 1-тармағы). Мемлекет меншігіндегі жерлер жер учаскелеріне бөлінуі немесе бөлінбеуі мүмкін. Жерді жеке меншікке немесе жер пайдалануға беру әрқашан да жер учаскелерін құру арқылы болады. Осыған байланысты мынандай сұрақ туындайды – таратылып берілмеген мемлекеттік жерлер жеке-дара анықталған заттар болып табыла ма, себебі оларда кадастр нөмірлері жоқ, олардың шекаралары, көлемі анықталмаған, т.б. Бұл көрсетілген жағдайларда жерді мемлекеттік меншік құқығының объектісі ретінде жекелеу өзге белгілерімен анықталатыны рас. Атап айтқанда, бұл мемлекеттің шекаралары, жер кадастрының жер – кадастрлық негізі, онда жерлер санат, жер бонитеті және басқа параметрлер бойынша бөлінген. Мемлекеттердің шекаралары бір мемлекеттің аумағын екінші мемлекеттің аумағынан бөлуге мүмкіндік береді. Қазақстанда, сол шекараның шегіндегі жеке меншік емес жерлердің барлығы мемлекет меншігі деп танылады.

Бұл айтылғандар заттық құқық объектілерінің әрқашан да жеке даралануы тиіс екендігін растайды.

Жер учаскелеріне заттық құқыққа, жоғарыда аталып өткендей, меншік құқығы, тұрақты және уақытша жер пайдалану құқығы жатады. Олардың әрқайсысын бөлек қарастырайық.

Қазақстан заңнамасы жерге (жер учаскесіне) мемлекеттік және жеке меншік болуына жол береді. Жеке меншік институтын ҚР конституциясы енгізген, оған сәйкес жер заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде, жеке меншікте де болады. Жеке меншіктегі жер учаскілерінің субъектілерін, объектілерін және құқықтық режимін ҚР Жер кодексі және басқа НҚА белгілейді.

Жер учаскесін жеке меншікке иелену мүмкіндігі жердің субъектілік құрамына, санатына және жер учаскесінің мақсатты арналымына байланысты. ҚР азаматтары, Жер кодексіне сәйкес, жеке меншігіне шаруа (фермер) қожалығын, өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу, орман өсіру, бағбандық, жеке тұрғын үй және саяжай құрылысы үшін, сондай-ақ үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды), олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлерде (құрылыстарды, ғимараттарды), олардың кешендерін салуға берілген (берілетін) немесе олар салынған жер учаскелерін иеленуге құқылы.

Осы баптың 3-тармағына сәйкес азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншігінде тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үй ғимараттарын (құрылыстарын) және олардың кешендерін соғуға берілген немесе олар соғылып қойған жер учаскелері, сол ғимараттардың (құрылыстардың) мақсаттық арналымына сәйкес оларға қызмет көрсету үшін арналған жерлер де болады.

Шетелдік азаматтардың, азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдік заңды тұлғалардың (мемлекеттік емес) жеке меншігінде, тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жерлерді қоспағанда, ҚР Жер кодексінің көрсетілген мақсаттар үшін жер учаскелері болуы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Ашитов З.С. Егемен Қазақстан құқығы. – Алматы, 1994.
2. Бейсенова А., Біржанова К. ҚР мемлекет және құқық негіздерін зерттеушілерге көмек. – Алматы, 1997.
3. ҚР Конституциясы. – 1998.
4. ҚР Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім. - Алматы, 2001.
5. ҚР Азаматтық құқығы. Оқу құралы (жалпы бөлім). – Алматы, 1996.

Байдалина Г. Ш.
г. Астана

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ПРАВОВОЙ СИСТЕМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Результатом исполнения правовой реформы в Республике Казахстан стало принятие Конституции Республики Казахстан, определившей стратегические направления развития общества и государства, закрепившей основополагающие права и свободы человека и гражданина, а также новую систему государственных институтов. Для развития конституционных норм приняты конституционные законы: «О Президенте Республики Казахстан», «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов», «О Правительстве Республики Казахстан», «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан», «О республиканском референдуме», «О выборах в Республике Казахстан», Указ Президента Республики Казахстан, имеющий силу конституционного закона «О Конституционном Совете Республики Казахстан» и другие законодательные акты, составившие основу национального законодательства Казахстана.

Международная правовая политика Казахстана на ближайшее десятилетие должна быть нацелена на вовлечение Казахстана в интеграционные процессы, оптимизацию сотрудничества с международными организациями с учетом целесообразности и экономической выгоды для Республики Казахстан. В этих целях необходим более взвешенный подход к заключению международных договоров: отдавать приоритет тем из них, участие в которых влечет за собой конкретные политические и экономические выгоды для населения страны. Следует продолжить работу по приведению законодательной базы Республики Казахстан в соответствие с принятыми международными обязательствами и международными стандартами.

Поскольку в Конституции речь идет об основополагающих принципах деятельности общества и государства, общественное согласие и политическую стабильность должны обеспечивать как общественные, так и государственные институты. Так, один из важнейших конституционных принципов - экономическое развитие на благо всего народа - должен воплощаться в жизнь и реализовываться и в государственном, и частном секторе экономики, поскольку Основной закон государства провозглашает, что «собственность обязывает, пользование ею должно одновременно служить общественному благу».

Для укрепления дружбы многонационального народа Казахстана и укрепления независимости государства важное значение имеет принцип казахстанского патриотизма. Для его утверждения необходимы совместные усилия государства, общественных институтов, семьи и школы.

Решение наиболее важных вопросов государственной жизни демократическими методами, как основополагающим конституционным принципом деятельности республики, возможно также на основе совместных усилий государственных институтов, политических партий, других общественных объединений, неправительственных организаций, различных социальных слоев и групп населения.

При этом организация и оценка деятельности государственных органов не должна ограничиваться формально - статистическими показателями их работы. Следует принимать во внимание, в первую очередь, реальные результаты работы по защите конституционных прав и свобод граждан, законных интересов юридических лиц и государства.

Указанные в Конституции основополагающие принципы деятельности республики нашли в той или иной степени закрепление в законодательстве. Этот процесс должен углубляться, расширяться соответственно потребностям новых политических, экономических и социальных условий как внутри страны, так и в отношениях Казахстана с другими государствами. Совершенствование норм действующего законодательства необходимо проводить путем реализации следующих мер:

- восполнения пробелов в правовом регулировании и углубления его в наиболее важных сферах общественных отношений;
- продолжения и расширения практики проведения научной экспертизы законопроектов, в том числе на предмет соответствия интересам национальной безопасности;

- формирования в целях унификации законодательства единого перечня используемых в нем терминов на государственном и русском языках;
- в целях создания условий для эффективной реализации всех принимаемых законов четкого соблюдения принципа достаточности их финансового обеспечения.

Правовая политика Республики Казахстан в рамках международных организаций так же направлена на решение международных проблем разоружения, экологии, торговли, международного терроризма, организованной преступности, «отмывания» доходов, полученных преступным путем, межэтнических отношений, защиты прав человека, сохранения культурного наследия человечества и др.

Одним из приоритетных направлений международно-правового развития является разработка и заключение двусторонних международных договоров о правовой помощи по уголовным, гражданским и административным делам, выдаче преступников, обмену оперативно-розыскной, научно-технической и статистической информацией, об обеспечении информационной безопасности, а также о согласованном проведении мероприятий и спецопераций, взаимных стажировок и обучении специалистов.

В области международного частного права основными направлениями правовой политики Казахстана должны быть сближение материально-правовых и коллизионных норм в области купли-продажи товаров, авторского права, транспорта, кредитно-расчетных отношений; совершенствование правового обеспечения интеграционных процессов.

Основным источником проводимой правовой политики в Республики Казахстан является Конституция Республики Казахстан, в связи с чем необходимо максимально использовать ее потенциал, а движущей силой правовой политики будет являться организующая деятельность центральных и местных государственных органов по ее непосредственному воплощению в жизнь. Для реализации правовой политики необходимо принятие соответствующих нормативных правовых актов, направленных на дальнейшее совершенствование законодательства.

Выполнение предусмотренных Концепцией правовой политики Республики Казахстан мер будет способствовать построению в Казахстане демократического, светского, социального, правового государства.

Степень, эффективность реализации Концепции зависят от того, в какой мере содержание правовой политики, правовых норм будут осознаны как членами общества, так и государственными органами и их должностными лицами, от готовности добровольно и добросовестно выполнять предписания нормативных правовых актов. На базе настоящей Концепции будут разработаны и приняты отраслевые программы по различным направлениям правовой политики республики (по совершенствованию судебной системы, деятельности правоохранительных органов, юридического образования и т. д.).

При этом необходимо придерживаться принципов системности и результативности всех мероприятий и программ, их гуманистической направленности; адаптации мирового опыта демократического правового развития к казахстанским условиям; опережающего характера выработки, корректировки и реализации конкретных мер нормативного правового регулирования и эффективного правоприменения в отношении прогнозируемых социальных, экономических и политических аспектов, возникающих в процессе последовательного всестороннего развития республики.

Литература

1. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 г.
2. Зиманов С. Конституция и Парламент Республики Казахстан. – Алматы: Жеті-жарғы 1996.
3. Конституционное (государственное) право зарубежных стран /Под ред. Кашкина С.Ю. – М., 2005.
4. Толковый словарь Конституции РК. - Алматы, 1996.
5. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства. – Алматы, 2000.
6. Сапарғалиев Г.С. Конституционное право. – Алматы: Жеті-жарғы, 2007.

Кожаметова А. Е.
г. Астана

ПЕРСПЕКТИВЫ РЕФЕРЕНДУМА КАК ИНСТИТУТА НЕПОСРЕДСТВЕННОЙ ДЕМОКРАТИИ

Референдум – всенародное голосование по особо важным для государства вопросам.

На протяжении многих веков существования государства как организации публичной власти совершенствовался механизм осуществления этой власти. Традиционно в управлении делами демократического государства участвовала не только политическая элита, но и рядовые свободные граждане государства. Наиболее значимой в политико-правовом смысле формой непосредственной демократии является всенародное голосование или референдум. Она особенно широко стала применяться, начиная со второй половины XX века. Правда, ее

корни уходят в глубокую историю.

Референдум, как средство решения политических проблем, был закреплен в конституциях Союза ССР и входящих в него республик. Однако он ни разу не был использован. Первый и последний референдум в истории СССР состоялся в марте 1991 года, когда уже его распад был предопределен. Основной вопрос, поставленный на нем об отношении населения к сохранению Союза ССР, хотя и получил положительный отклик у большинства населения (три четверти населения высказали мнение за сохранение Союза ССР), однако эти результаты уже не могли изменить складывающегося положения.

Как всякое понятие, понятие референдума наполняется новым содержанием в соответствии с новыми реалиями. В последнее десятилетие к нему стали прибегать часто. Особенно когда обостряются социально-политические отношения в государстве, тогда в обществе к референдуму прибегают для принятия актов для разрядки этих отношений. Оставаясь важнейшим институтом непосредственной демократии, обращение к референдуму для определения волеизъявления народа не всегда может дать адекватный результат, быть эффективным средством для этой цели, если условия, в которых он применяется, являются неблагоприятными.

Вестороннего осмысления требуют вопросы, касающиеся практики проведения референдума с тем, чтобы исключить возможность политических манипуляций. Организация проведения всенародных голосований и те отдельные нарушения указывают на необходимость совершенствования механизма голосования.

Законодательством о референдуме большинства стран СНГ определен принцип свободного участия граждан в референдуме. В процессе реализации этого принципа возникает ряд коллизий и противоречий политического плана, в том числе и связанных с попыткой использования его в интересах определенных социальных групп и классов, имеющих влияние на политические структуры общества. Одними из таких вопросов являются вопросы о правовой силе итогов референдума и их зависимости от целей и видов, от модели и технологии организации голосования, о месте и роли судебных решений, вынесенных в связи с проведением референдума и его оценки в соответствии с законодательством.

Решение, принимаемое путем референдума – это прежде всего политическое решение, хотя и облачаемое в определенную юридическую форму.

Референдум, являясь институтом непосредственной демократии, может быть использован как противовес представительной демократии или как средство обойти парламент и принятие государственного решения вопреки ему.

Демократическая сущность референдума поставлена в зависимость от политических интересов правящей элиты и правовой образованности народа. Что, в свою очередь, позволяет сделать всенародное голосование выгодным политическим орудием.

Референдум, как форма выражения общенародной воли, является общечеловеческим достоянием. Поэтому, представляется не только возможным, но и необходимым широкое использование зарубежного позитивного опыта специального законодательного закрепления и проведения референдумов в нашей стране в их различных вариантах и разновидностях как в сфере политики, экономики, межнациональных связей и отношений, так и в других сферах общества.

Анализ причин и факторов, обуславливающих весьма неоднозначное и противоречивое отношение различных слоев общества к референдуму, позволяет глубже понять не только его социальную природу и характер, но и его место и роль в системе демократии, реальные возможности воздействия института референдума посредством выражения общей воли на конкретную политическую и социальную среду. Кроме того, он позволяет избежать в равной мере пагубных дел политической теории и практики, крайностей оценки значимости референдумов, дает возможность со значительной долей достоверности определить факторы, способствующие повышению эффективности референдумов в политической системе того или иного общества или, наоборот, препятствующие усилению. Это имеет огромное не только теоретическое, но и методологическое значение, также практическую ценность, поскольку связывает воедино воспитание в массовом сознании веру в свою политическую необходимость и силу в демократические формы выражения этой веры.

Референдум – это форма непосредственного волеизъявления граждан, выражающаяся в голосовании по наиболее значимым вопросам общегосударственного, регионального или местного масштаба. При этом основными признаками референдума являются: 1) референдум-это форма непосредственного осуществления народом своей власти, позволяющая выявлять волю народа в своем «чистом» виде, не опосредованном представительством депутатов;

2) референдум – это всегда голосование-способ выявления воли большинства населения;

3) законопроекты, принятые на референдуме, как правило, могут изменяться (отменяться) только путем принятия нового решения на референдуме;

4) решение, принятое на референдуме, не нуждается в утверждении каким-либо другим органом и вступает в силу, как правило, с момента официального опубликования результатов референдума.

Референдум, как и голосование на выборах в представительные органы, является формой непосредственной демократии современного государства.

Референдум, являясь институтом непосредственной демократии, может быть использован как противовес представительной демократии или как метод обойти парламент и принять важное государственное решение вопреки ему.

Право участия в референдуме. Как правило, в референдумах имеют право участвовать все лица,

обладающие активным избирательным правом. Если, например, условия получения активного избирательного права различны при выборах в разные палаты парламента или в иные государственные органы, право участия в референдумах обуславливается активным избирательным правом по выборам в нижнюю палату парламента, избираемую наиболее широким кругом лиц.

Предмет референдума. Это вопрос, подлежащий решению посредством народного голосования. В данной связи следует прежде всего остановиться на делении референдумов на факультативные и обязательные, ибо это деление часто зависит от предмета референдума.

Факультативный референдум – это такой, который можно проводить, а можно и не проводить. Назначение его зависит от усмотрения органа, компетентного назначать референдум, либо от наличия установленной конституцией или законом иной инициативы. Предметом факультативного референдума может стать любой вопрос или проект государственного (самоуправленческого) решения, за исключением вопросов или проектов, вынесение которых на референдум запрещено Конституцией или законом.

Обязательный референдум имеет место в случаях, когда иным образом решение по определенному вопросу не может быть принято. Например, в ч. 2 ст. 151 Конституции Испании предусмотрено, что референдум избирательного корпуса соответствующих провинций необходим в качестве одной из стадий процесса выработки и утверждения статута (устава) об автономии объединяющего эти провинции регионального сообщества.

Референдум, посредством которого решается вопрос о принятии или изменении Конституции, называется конституционным.

Что касается местных народных голосований, то обычно предметом обязательного референдума являются изменения территориального устройства, иногда – финансовые проблемы. В большинстве же случаев местные референдумы факультативны.

Инициатива и назначение референдума. Полномочие назначать общенациональный референдум принадлежит обычно главе государства или парламента, а иногда обоим органам. Они делают это либо по своей инициативе, либо по инициативе других управомоченных субъектов: правительства, группы депутатов парламента, региональных органов власти, группы избирателей.

Государственные органы прибегают к референдуму для разрешения конфликтов между ними, для принятия государственных решений, требующих обязательного референдума, для придания особого авторитета своим решениям. Право инициативы групп депутатов парламента дает возможность оппозиционным партиям обратиться к народу для разрешения своего спора с правящими партиями. Право инициативы референдума, предоставленное группе избирателей, дает возможность определенной части общества вопреки выраженному или молчаливому сопротивлению государственных институтов, реализовать свой политический интерес, придав ему силу интереса общенационального.

Формула референдума. Вопросы, выносимые на народное голосование, могут формулироваться различно. Наиболее распространены два вида формул.

Первый вид представляет собой обращенный к голосующему вопрос. Голосующего спрашивают, согласен ли он с определенным утверждением, текстом определенного законопроекта, определенным мероприятием и т.п. На этот вопрос голосующий должен ответить «да» или «нет».

Второй вид – это так называемый народный выбор, т.е. предложение голосующему двух или более вариантов решения вопроса, один из которых он должен выбрать либо все отклонить. Ему может быть предложено как-либо (например, крестом) отметить предпочитаемый им вариант, либо ответить «да» или «нет» по каждому варианту с тем, что бюллетень действителен только в том случае, если положительный ответ дается только по одному из вариантов.

Референдум как непосредственное народное волеизъявление имеет ряд преимуществ перед представительной демократией. Однако эти преимущества не носят абсолютного характера.

О преимущественной демократичности референдума мы можем говорить лишь при соблюдении определенных условий.

Особый интерес представляет ассоциация принц на белом коне. По-видимому, и современным девушкам не чужда вера в сказочного принца, богатого, красивого, молодого, который подарит им удивительный мир красоты, любви и комфорта. Как отмечают психологи, мечты о необыкновенном юноше весьма распространены среди девушек подросткового возраста; основой этих мечтаний являются сказки, художественные фильмы, книги, в которых жизнь девушки меняется после появления прекрасного принца («Золушка», «Алые паруса» и др.). На этом сюжете основаны и многие современные фильмы, например, «Красотка». По-видимому, принц в сознании девушек предстает не только красивым и благородным, но и богатым, способным изменить их социальный статус. Вероятно, «титул нецарствующего члена королевского или вообще владетельного дома, а также лицо, имеющее этот титул» [3, с. 594], является значимым для современных девушек, поэтому ассоциация принц на белом коне имеет положительную коннотацию.

Среди ассоциаций на слово-стимул юноша встречаются и прецедентные имена: Аполлон, сушеный Илья Муромец, Тарзан. Например, имя Тарзан воплощает идею мужественности, Аполлон – мужской красоты, а Илья Муромец – богатырской силы, отваги и любви к родной земле. Очевидно, с прецедентными именами Аполлон и Тарзан у информантов ассоциируются положительные значения «красота», «сила», «мужественность», в то время как прецедентное имя Илья Муромец в представлении девушки пейоративно окрашено, на что указывает эпитет сушеный. Как видим, «говорящий описывает невозможность осуществления какого-нибудь положения дел, а свой взгляд на воспринимаемые, имеющие объективный статус предметы, явления, события» [4, 8].

Итак, проведенный анализ позволяет зафиксировать преобладание положительных оценок (сильный, стройный, симпатичный, деловой, мужественный, джентельмен, красавчик Аполлони др.) над отрицательными (козел, эгоист, лох, мажор, мучачо, торчок, сволочь придурок, сушеный Илья Муромец и др.). Нейтральная лексика больше тяготеет к диапазону оценочной шкалы «от нуля и выше» (чувак, чел квалифицируются в речи подростков как соответствующие стандарту, поэтому имеют положительную коннотацию).

Среди оценочных ассоциаций, связанных с номинациями юношей, можно выделить лексику, содержащую:

- сенсорные оценки (симпатичный, обаятельный, любимый, сексуальный и т.п.);
- сублимированные эстетические и этические оценки, связанные с понятием нормы (высокий, красавчик, атлет, блондин, благородный, смелый, добрый, честный и др.);
- рационалистические оценки, связанные с практической деятельностью и жизненным опытом (надежный, неполноценный, сильный и др.).

Таким образом, оценочные ассоциативные номинации юношей представлены ассоциативно-образной лексикой на основе внутренней формы языковой единицы.

Литература

1. Табакова З.П. Аксиологический аспект рекламных текстов //Вестник Северо-Казахстанского ун-та. – 1997. – С. 178-182.
2. Ивин А.А. Основания логики оценок. – М.: Изд-во МГУ, 1970. – 230 с.
3. Ожегов С.И. Словарь русского языка /Под ред. Н.Ю. Шведовой. – М., 1990. – 917 с.
4. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – М.: «Языки русской культуры», 1999. – 896 с.

Сарсенова М. А.
г. Астана

ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННОГО МЕТОДА НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ

Педагогические мастерские являются сложной и, в то же время, интересной формой обучения. В работе мастерской важен не только результат творческого поиска, а больше сам процесс. Именно он приобщает обучаемого к радости творчества, к законам открытия нового, к самостоятельной деятельности.

При конструировании своего варианта педагогической мастерской придерживаемся основных позиции методики полного усвоения, основных принципов конструируемых педагогических технологий, но вместе с тем вносим свои изменения, связанные с требованиями современной дидактики: стремимся не к обучению учащихся, а к организации личностно-мотивированной, познавательной деятельности, строить учебный процесс на основе диалогического общения.

При всем разнообразии мастерских есть некий общий алгоритм процесса. Сначала - «индуктор», начало, мотивирующее творческую деятельность каждого обучаемого. Это апелляция к ассоциативному и образному мышлению, это может быть задание вокруг слова, предмета, рисунка, воспоминания, чаще всего неожиданное для обучаемых, в чем-то загадочное и обязательно личностное.

Второй этап - изучение нового материала с текстом, с красками, звуками, природными материалами, моделями, спичками, схемами. Это - «деконструкция», превращение материала в «хаос» смешение явлений, слов, событий, тот первобытный хаос, из которого когда-то родились свет и тьма. А затем последует «реконструкция - создание своего мира, текста, рисунка, закона».

Следующий этап - соотнесение своей деятельности с деятельностью остальных. Эта работа в малой группе: в диалоге, просто представление всем какого-то промежуточного, а потом и окончательного результата своего труда. Задача ее не столько оценить работу другого, сколько дать самооценку и провести самокоррекцию. И тут начинается то, что является кульминацией творческого процесса – «разрыв». Разрыв как озарение, как новое видение предмета, как переход к новому осознанию явления.

Последний этап - рефлексия. Пожалуй, самая сложная деятельность, в которую включаются субъекты педагогического взаимодействия – это рефлексивная. Главное таинство рефлексии - «вспоминание себя», как три основных мыслительных операций:

1. Безоценочное скрупулезное восстановление ситуации и вспоминание собственной деятельности, выяснение того, что сделал не так.

2. Критика, корректировка содержания, цели и поиск на основе первых двух операций путем ее достижения.

3. «Перенормирование собственной деятельности», а попросту - это себя в ней (своей деятельности, содержание мыслей, ощущений). Именно безоценочное. Вспоминать, восстанавливая все утраченные детали, ликвидируя лакуны в информации.

Это не просто понимание субъектом самого себя, но и выяснение того, как другие знают и понимают «рефлектирующего». Именно в совместной деятельности особо ярко проявляются личностные особенности, эмоциональные реакции и когнитивные представления, что способствуют развитию иной формы рефлексии - предметно рефлексивные отношения. Это и есть главное отличие мастерской от традиционной формы обучения [1].

Традиционная форма несет в себе принцип «делай так, как я» или «делай лучше меня». Закон же мастерской: «Делай по-своему, исходя из своих способностей, интересов и соответственно опыта. И корректируй себя сам». Чередование индивидуальной и коллективной работы создает атмосферу сотрудничества, взаимопонимания, повышения уровня коммуникативной культуры, дает реальное понятие о диалогическом способе восхождения к истине.

Работа мастерской основывается как на природном материале, так и на результатах духовной деятельности человечества, прежде всего на языке. Один из главных принципов работы в мастерской - принцип выбора материала. Без выбора нет свободы. Наконец, нравственная ответственность каждого за свой выбор, процесс и результат деятельности, так как без ответственности рождается своеволие. «Не навреди», - общий ограничительный принцип медика и педагога.

Не произвол, а диагностика, прогнозирование, взаимодействие с наукой – необходимая основа педагогических мастерских. Не учитель нашел и указывает теперь путь истины, а сам обучаемый отдельными клеточками своего мозга ищет и идет по этому пути.

Могут быть верные и неверные шаги, быстрые и медленные, широкие и частые. Задача мастера заключается в том, чтобы ни один шаг не остался без внимания всех, поисковой группы или учащегося, этот шаг выбравшего. Ценность, успешность мастерской измеряется не длиной и скоростью пути к истине или другому предполагаемому результату, а в причастности каждого обучаемого к выбору своего пути и прохождению им этого пути при наибольшей свободе, самостоятельности.

Вышеописанную структуру педагогической мастерской мы попытались реализовать при проведении урока литературы в 7 классе по повести Н.В.Гоголя «Тарас Бульба» [2]. Работа с текстом начинается с подбора ассоциативного ряда к слову «степь». Создаются условия для включения разных каналов восприятия: вижу-слышу-говорю. Ассоциативный ряд, подобранный учащимися: Степь - пустыня, пустырь, большое пространство, огромное, родное, необъятное, бесконечное, «родина, породившая богатырские характеры» (как в тексте), простор, воля, степь, чистый воздух, раздолье и т. д. Таким образом, наблюдается результативность - это включенность каждого ученика в работу.

Далее следует индивидуальная работа. Этому способствует следующее задание: Проследить за цветовой гаммой, в которой писатель рисует степь (днем и ночью). Какие цвета являются основными, часто повторяющимися в описании?

Ответы учащихся: неотделимые составляющие образы - степи - океан, неизмеримые волны растений, воздух, небо, ветер.

Степь (днем): пестреет миллионом цветов, разнотравьем, в ней слышатся тысячи птичьих свистов, мы следим за полетом ястребов.

Степь (ночью): она озвучена новой музыкой, окрашена иными красками, запахами. Степь прекрасная, бескрайняя, в ней все гармонично, в нем все живет, она сама живет.

Учащиеся записывают эпитеты и сравнения из текста (девственная пустыня, зелено-золотой океан, пестрое пространство, розовое золото, изголуба-темное небо, ветерок, крик лебедя, как серебро).

Следующий этап работы заключается в том, что бы на основе выбранного ряда цветов к слову-степь - определить авторское отношение к степи («Черт вас возьми, степи, как вы хороши!»)

Стихия моря и стихия степи родственны друг другу, непокорны, необъятны, необузданы. Перед нами природа, способная порождать сильные характеры. (А эта природа в свою очередь является родиной героев). И автору, и его героям просторы степи дороги. Степь – это образ прекрасной родины, во имя которой сражаются и гибнут герои повести. Степь и казаки – нечто созвучное, родное, неразделимое целое. Эта созвучность подчеркивается сравнением: «... сердца их встрепенулись, как птицы». С образом степи, как большой родины, слит образ Запорожской Сечи, близкой и дорогой казакам. Следующие вопросы помогут раскрыть образ степи в полной объеме:

- Каковы первые впечатления у молодых казаков от Сечи? («Их многое удивляло, казалось странным, но и восхищало»).

«Так вот она, Сечь! Вот то гнездо, откуда вылетают все те гордые и крепкие, как львы! Вот откуда разливается воля и казачество на всю Украину!» Сечь стала для Тараса воплощением родины и свободы.

- Что такое степь? А для героев произведения?

Образ степи в повести – это и символ родины, и средство характеристики героев и пейзажа, и выражение авторской позиции.

Казачество и степь сливаются и становятся неотделимыми друг от друга. Такая благодатная могучая природа должна была родить богатырей.

Затем учащиеся рисуют степь (групповая работа), в их воображении всплывают черты лиц богатырей. Рисунки вывешиваются и обосновываются: «Я нарисовал просторную, необъятную степь, полную свободы, воли, голубое небо, чистый воздух и, конечно же, богатырей, сильных, мужественных, которые готовы защитить родину ценой своей жизни».

В педагогической мастерской данная работа называется афишированием. Учащимся предоставляется возможность высказываться свободно, ощутить значимость самостоятельного мнения.

Затем переходим к работе над текстом. Учащиеся определяют тему, идею повести. Тема родины, любви. Идея повести – воспитание чувства патриотизма. Учащиеся рассказывают о мирной и счастливой жизни казаков. Истинной причиной начала похода запорожцев на Польшу послужило гонение на православную веру. Тарас Бульба с сыновьями уходит на войну, чтобы выполнить свой долг перед родиной. Однако в экстремальной ситуации герои ведут себя по-разному. Тарас Бульба не простит предательства сына Андрия, отцовские чувства не возьмут верх. У главного героя хватает сил и мужества наказать сына за измену Родине.

Степь – свидетель всей жизни (как в мирное время, так и военное). Автор в этом сюжете использует стилистический троп – олицетворение (когда поле становится слушателем и очевидцем всего жизненного пути Тараса Бульбы).

Далее ученики выполняют самостоятельную письменную работу, а именно сочинение – описание степи. Это работа малой группы, в которой дается самооценка и проводится самокоррекция. Именно данный этап работы является кульминацией творческого процесса «разрыв». Разрыв – отказ от старого знания и приобретение нового, нового видения предмета.

Таким образом, принцип работы мастера - быть импровизатором - гибко следить за разворачиванием мастерской, не подавлять, не «рулить», а приглашать учащихся к поиску и творчеству.

Литература

1. Эффективность диалогового обучения в контексте педагогической мастерской. – Санкт-Петербург, 2003.
2. Гоголь Н.В. Повесть «Тарас Бульба».

Сағынадин Г. С.
Астана қ.

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АПОЛОГ: ТҮЛКІ БОЛМЫСЫ

Қазақ ертегітану ғылымында орын алған жіктеме бойынша ертегілердің жан-жануарлар жайындағы саласы кең ауқымды қамтиды. Оларды үш топқа жіктеуге болады. Біріншісі – шығу мерзімі жағынан ең көне миф жанрымен байланысын толық үзе қоймаған, жануарлардың пішініндегі немесе жүріс-тұрысындағы я болмаса мінез-құлқындағы, әйтеуір қандай да болсын ерекшелігін түсіндіре баяндайтын этиологиялық ертегілер. Екіншісі – Шығыс және Батыс халықтарының көпшілігіне мәлім, яғни дүние жүзі елдерінің жануарлық эпосын құрайтын классикалық ертегілер. Бұлар бүгінгі дәуірде балалардың үлесіне тиген. Қай елдің болсын жануарлар жайындағы классикалық ертегілері адам мінезінің ақылдылық, ақымақтық, қулық-сұмдық сияқты жақтарын қарапайым аллегориялық формамен ашып береді. Үшінші топқа мысал ертегілер (апологтар) жатады. Бұл ертегілер көбінесе кітаби болып келеді де, әдебиетке жақын тұрады. Мұнда жануарлар бейнесі шартты түрде алынғанымен, ғибрат ашық айтылады.

«Осындай даралықтарымен сараланып, өзіндік ерекшеліктерімен топталған ертегілер аясынан түлкі бейнесінің алар орны өзгеше. Бұған атақты фольклортанушы Әбубәкір Диваевтың 1920-1921 жылдары Сырдария мен Жетісуды аралаған фольклорлық экспедициясының жазып әкелген материалдары жөнінде жасаған тұжырымы анық дәлел бола алады» [1, 75].

Зерттеушілердің пікірінше, түлкі туралы ертегілердің халық арасында кеңінен таралуы – түлкі мінезінің көптеген қырлары мен іс-әрекеттерінің «мәңгілік» сипатына, адамзаттың арнайы бір бөлігіне тән ерекшелігіне байланысты болмақ. Сол себепті түлкі бейнесінің ертегілерден басты көрініс табуы өзектілік қалпын танытады. Олай болса, мысал ертегілердің, яғни апологтардың асқақ қаһарманы ретінде түлкі

бейнесінің шоқтығы биік.

Мысал ертегілерде баяндау белгілі бір моральдық қағида мен тұжырымды дәлелдеуге бағытталады; сол себепті ертегі афоризммен аяқталып отырады. Ертегінің айтылу мақсаты да осы афоризмді дәлелдеуді көздейді.

Қазақтың мысал ертегілері шығыс фольклорымен тығыз байланысты. Олардың көбісінің қайнар көзі – «Панчатантра», «Хитопедаша», «Шукасапата» сияқты үнді жинақтары мен Орта Азияға әр түрлі жолмен келген «Қалила мен Димна» және «Тоты нама» тәрізді кітаптар. «Қалила мен Димнаны» зерттеуде біраз еңбек сіңірген ғалымдар И.Ю.Крачковский мен Е.З.Бертельс «бұл ертегілердегі хайуанаттардың артында адам бейнесі жасырылған» деген қорытынды жасайды. Мысал ертегілердің көбінесе кезінде қазақтардың басқа түркі халықтарымен белсенді байланыс аймағы Оңтүстік Қазақстан мен Түркістаннан жазылып алынуы тегін болмаса керек.

Мысал ертегілердің тағы бір қайнар бұлағы – орыс фольклоры мен әдебиеті. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақшаға аударыла бастаған И.А.Крылов мысалдары халық арасына жедел қарқынмен қанат жая тарап, ақырында олардың әрқайсысы фольклорлық мысал ертегілердің арқауына айналды. Оның бірі – «Қарға мен түлкі» ертегісі. Бұл мысал ертегі Эзоптың, Лафонтеннің, И.А.Крыловтың әйгілі мысалының негізінде фольклорлық сипат алды. Көпті тәнті етіп, сүйікті мысал не ертегі ретінде өнегелі жүк арқалаған туынды болып жарқырайды. Ертегіде ауылдың бір аңқау кемпірінен ірімшік ұрлайтын қарға мен қу түлкі жайы сөз болады. Қарға әдеттегідей ірімшік ұрлап, балаларын тойғызады. Әбден тойған соң, қалған бір түйір ірімшікті не қыларын білмей ойланып отырғанда, оны орман кезіп жүрген қу түлкі көреді. Оның көзі жайнап, сілекейі шұбырып, ағашты айнала береді. Басына шығуға дәрмені жоқ. Ақырында бір амал ойлап табады. «Шіркін-ай, дүние жүзіндегі құстарда сенен сұлуы бар ма екен?! Маңдайың жылтыр қара, ішің толған ақыл-сара. Қанаттарың гауһардай жарқырайды, екі көзің танадай жалтырайды. Барлық сұлулық бір өзіңнің бойыңа қалай үйлесіп, қалай жарасып біткен? Үміт сипатыңа даусың да тамаша деседі. Соны естіген соң әдейі іздеп, алыстан келіп тұрмын. Естігенде құлағым тойып еді, көрген соң көзім тойып тұр. Неше күн сапар шегіп келген бейнегім орнына тұрды. Енді, жарқыным, маған үнінді естірт. Өмірде армансыз болайын», - деп жалынады. Түлкінің мақтауына қарғаның көңілі өседі. Мейлінше шат болады. Жағын керіп «қарқ» етеді. Сол кезде аузынан ірімшік түсіп кетеді. Түлкі ірімшікті қағып алып: «Дәулетіңнің дәмінен» деген. Даусың ащы, ірімшігің тәтті екен» [1, 95], - деп жүре беріпті.

Түлкінің айласы әлемдік фольклор көздерінде қалай іске асады?

Қытай ертегісінде түлкі қарғаны сөйлету үшін дәстүрлі даналық қорын пайдаланады. Қарғаның қаралығын кіршіксіз аппақпен теңдей етеді. Бұл ретте ол данагөй Лао-Цзының сөзіне сүйенеді: «Дамудың ең шырқау шегіне жеткен зат өзінің қарама-қарсы түріне айналады». Ал қарғаның даусын мадақтауда, бір ғана даусымен жауын ықтырған императорды (XIII Вильгельм) еске түсіреді» [2, 118].

Зерделеп қарасақ, ертегінің өн бойынан даналық оты маздайды. Ертегілік мысал өмірлік мысал ұсынғандай. Өйткені адами қасиеттердің жақсылығы мен жамандығы түрлі адами қарым-қатынасты туғызатыны анық. Сол сияқты қарғаның аңқаулығы мен ақымақтығы қоғамдық ортада талай опасыздық көріністерін беріп жүр. Ал түлкідей қулық пен арамдық, екіжүзділік талайдың сағын сындырып, сазға отырғызып жатқаны белгілі. Ертегінің көркем тілмен өрілген стилі оқырманды ерекше баурайды. Әсіресе, түлкінің қарғаға арнаған мақтау сөзі теңеулердің сан түрлі ырғағына салып, қарға емес, тамаша бір құстың бейнесін көзге елестеді. Мақал мен мәтелді де орынды пайдаланып, ертегіге тек мысалдық, яғни апологтық сипат қана бермей, поэтикалық дүниесін танытуда айрықша құрал болып тұр. Атап айтса, «Дәулетіңнің дәмінен» деген тіркес түлкінің ирониялық, сатиралық ойының белгісі болса, ертегінің соңында «Аңқау – аңқауды қарақтайды», «Аңқаулығың ала қарғадай екен» деп келетін мақалдар мысал ұсынған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні боп саналады.

«Бұл ертегінің албан нұсқасында түлкі мезетте ірімшікті жеп қойып: «Қарай гөр, ірімшік жоғалып кетті!», - деп таңданған кейіп танытады. Латыш ертегісінде түлкі сол сәтте қарғамен қоштасып: «Көгершінім, менің шаруаларым көп-ақ», - дейді де, ізін жоғалтады» [2, 119]. Осылайша түрлі нұсқада өрбіген ертегі түлкінің сөзімен де, ісімен де қулық пен сұмдықты аңдатқан трикстер бейнесінің бірегей үлгісін береді.

Апологтың мазмұны қоғамдық жағдаятты көрсетсе, түлкінің мақтау сөзі ертедегі таптық теңсіздік билеген замандағы сарай ақындарының бай-феодалдарға арнаған мақтау одаларын, ал түлкі сол жағымпаз сарай ақынының бейнесін еске түсіреді. Бұл ертегінің халық санасымен тамырласып, халық өмірімен біте қайнасқан алтын қазық екенін дәлелдейді. Жалпы, «Қарға мен түлкі» мысал ертегісі Сүлеймен пайғамбар туралы әңгімелер циклінің қатарына еніп, пайғамбардың төл туындысы ретінде қабылданған» [3, 29].

Фольклор мен жазба әдебиеттің сабақтастығын дәлелдеуде аталмыш мысал ертегі айқын дәлел бола алады. Өйткені әлемдік фольклор деңгейінде асыл туындыға айналған ертегі орыстың классикалық әдебиетінде көрініс тапса, сонымен қатар қазақтың біртума данышпандары Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығында да ойып орын алды. Екі ақын да «Қарға мен түлкі» мысалының мазмұнын толық сақтап, өте көркем аударған. Әсіресе, түлкінің мадақ сөздері оның өзінің ішкі болмысын толық ашады. Қиыннан қиыстырылған сөздердің қуаты ертегілік түлкінің трикстерлік бейнесін, қаһармандық ерекшелігін әдеби сахнада паш еткен. Мәселен, ақын Абайда былай суреттелген:

«Көп жерден қалқам-ай,

Құмарым тарқамай,

Сізді іздеп келіп ем.

Сүйсінсін құлағым,
Тарқасын құмарым,
Әрине, бір салшы,
Асық боп келіп ем» [4, 55].

Ал, Ыбырайда:

«Сандуғаш, бұлбұлдарды көріп едім,
Жүзінді бір көруге келіп едім,
Даусыңды бір шығаршы, шаттанайын,
Сырттай асық болғаннан өліп едім [5, 75]», - деп суреттеледі.

«Неистошима на смешные обманы и уловки лисица – основной трикстер казахских сказок о животных. В комических ситуациях в качестве трикстера оказывается ее мужская ипостась – лис. Лис – ловкий обманчик и фривольный шутник.

Связанный с образом лиса-трикстера более архаичный круг сюжетов сравнительно малочислен. Образ трикстера-лиса в сказках о животных утратил связь со сверхъестественным. В нем нет ничего общего с обольстительными оборотнями китайской и японской устной и рукописной прозы, нет веры в лисьи чары, нет и свойства инкубуса, лишавшего жизненной силы мужчин и женщин, с которыми оборотень – лиса вступает в любовную связь. Но имеет место типологическая перекличка с европейской басенной традицией и с животным эпосом Ирана, Индии, Тибета, Монголии» [3, 26]. Мінекей, ғалым Н.С.Смирнова мысал аясында мағыналық жүк арқалаған түлкі бейнесін әлемдік фольклор шеңберінде талдап, трикстерлік орнын жоғары қояды.

Сондай-ақ ғалым А.А. Бейсеевтің «Казахские сказки о животных» деген еңбегінде: «Трикстерские проделки лисы вызывает одобрение: «Итак, лиса благодаря своей постоянной осторожности и хитрости осталась невредима», «Умная и смышленная лиса продолжала жить», «Лиса достигла своей цели» [6, 67], - деп нақты мысалдармен түлкіні жағымды бейнеде көрсетіп, өз ойын дәлелдейді.

«Түлкі мен ай» ертегісі – мысал ертегінің ерен үлгісі. «Аспандағы Ай жарлы боп тұрушы еді. Мал дегенде өзінің бір ешкісі, бір бұзауы бар еді. Бір күні қасқыр Айдың жалғыз бұзауын сойып, түлкіні қонаққа шақырып алып, бұзауды жесіп, терісін жасырысып қойысады. Ай болса, жоғалған бұзауын іздеуге шығып, ешкісін үйіне кіргізіп, арқанмен байлап кетеді. Мұны білген түлкі Айдың алдынан шығып, «мені қонаққа шақырсаң, бұзауынды тауып берем» деп өзінің ұсынысын жасайды. Сөйтіп аңқау Ай түлкінің тілін алып, оны үйіне қонаққа шақырып, тойғызады. Ал түлкі өзінің айласын іске асыру мақсатында қасқырға барып, «Айға қонаққа барайық, ешкісін сояды» деп алдап, бұзаудың терісін үстіне кигізіп жібереді. Мұны көрген Ай қуанып, ауылдастарына «жоғым табылды» дегелі кеткен уақытта, қасқыр теріні тастап қаша жөнеледі. Ал түлкі жалғыз ешкіге тояды». Ертегі соңы мынадай насихат сөзбен аяқталады: «Қашан да болса, қу, залым адамның қызмет қылып, жақсылық көрсетемін дегеніне сену керек емес» [7, 87]. Жақсылық артына жамандық жасырған жауыздарға жем болмай, сақтық сырын ұқтырады.

Қарап отырсақ, фольклор сахнасындағы кейіпкер түлкі қашан да алдампаз бейне болып, қызылкөз қасқырды да, орманның «түйе палуаны» аюды да, тіпті аң патшасы арыстанның өзін де сан мәрте алдап, сан соқтырып кетеді. Оның әрекеттері қилы тәсілмен жүзеге асып, түрлі әдіспен жеңіс тұғырына шығып отырады. Осы ретте қаһарман түлкінің мінез-бітімі табиғаттың жаратылысы, шындық өмірдегі түлкі аңының болмысына сәйкес келе ме?

Аңшылардың әңгімесіне, бірқатар зоологиялық еңбектерге сүйенсек, «...Түлкінің «басқыншылық саясат» жүргізетін кездері болады. Бұл ойын орындау барысында оған табиғи қулығы көмектеседі. Мәселен, түлкінің көзі борсықтың ініне түсті, соған қызықты делік. Ашық жекпе-жекте түкеңнің борсықты өз інінен қуып шыға алмайтыны анық. Енді не істеу керек? Түлкі борсықты сырттай аңдуға көшеді. Борсық інінің маңынан ұзады ма, түкең «зып» етіп, оның ініне кіріп, дәрет сындырып кетеді. Борсық – жаратылысынан таза мақұлық. Ініне кірсе, «Масқара!...» Біреу оның үйіне саңғытып кетіпті. Қаны шекесіне шапшып, бұлқан-талқан ашуланған борсық «пәтерін» тазалауға кіріседі. Алайда әлгі әдепсіздік ертеңіне де, бүрсігүні де тағы қайталаанады. Сөйтіп, борсық өз інінен өзі безінгенше түлкі әлгіндей сасық қулығынан танбайды...» [2, 29].

Айлакерлік кебін киіп жаратылған түлкі аңы көркем өнерде де сол қалпымен дараланады. Оның қулығын ерекшелеген халық жануарлар эпосына әкеліп, ертегілер әлемінде де өзіндік ұйқасқа салады.

«Арыстан, түлкі һәм киік» мысал ертегісінде қу түлкі арыстанды киікке шағыстырады. Киікті қуып келе жатқан арыстан терен сайды көргенде, тоқтап қалады. Киік болса, «атқан оқтай өте шығады».

Сол жерде түлкі келді арыстанға:

«Жығасың, - деді, - бәрін алысқанда.

Боларсың дұшпан түгіл досқа күлкі,

Киіктен қалып қойсаң жарысқанда

Айтамын мұны саған достықпенен,

Алмаймын еш нәрсеңді алдап сенен.

Тиісті бәйгесінен құр қалады,

Кейбіреулер жүрексіз бостықпенен» [7, 241],- деп арыстанды қайрап салады.

«Желікті мына сөзге енді арыстан,

Қарғуға жар шетіне келді арыстан.

Өте алмай қарғығанмен ар жағына,

Түбіне жардың құлап өлді арыстан» [7, 241].

Осылайша, өр кеуде, желікпе арыстан надандығынан мерт болады.

«Түлкі-екең құлап өлген досын көрді,

Ақырын ойға түсіп жақын келді.

Атаусыз сүйген досын тастасын ба,

Сол жерге кешікпей-ақ асын берді.

Өлтірді досын алдап түлкі бұзық,

Жеп жатыр өлісімен етін бұзып,

Бір айдай азық етіп түлкі жатты,

Сүйегін жан досының таза мүжіп» [7, 241].

Бұл ертегі барысынан «Жаман аттан аяғым артық, жаман достан таяғым артық» деген мақал еріксіз ойға оралады. Түлкідей қудың достығына сенген аңқау арыстан осылайша өлім құшады. Ертегінің моральдық тереңдігі – түпсіз тұңғыық. Жануарлар бейнесі арқылы адам бойындағы дертті кеселдердің бет-пердесін ашқан. Сонымен қатар өлең түрінде берілуі аполог ерекшелігінің бірін танытып, көркемдік жағын екшей түседі.

Мұндай өмірлік қағида «Арыстан мен түлкі» ертегісінде де нақтылана түседі. Бар анды аждаһадай аранына алған арыстан ешкіммен жемтік бөліспейді екен. Бұл ісіне ызаланған түлкі оның өзіне арамдық жасамақшы болады. Сөйтіп, «жемтік көрдім» деп арыстанды атпа тұзаққа алдап әкеледі. Аңғал арыстан тұзақты басып кетіп, ағашқа ілініп, салақтап қалады. Ертегі «Арыстандай азулымен жолдас болма, ашығасың, түлкідей күмен жолдас болма, асыласың» [7, 128] деген нақылмен аяқталады.

Ғалым С.Қасқабасов бұл жөнінде: «Хайуанаттар жайындағы мысал ертегілердің классикалық ертегілерден бір айырмашылығы – жануарлар сипаттамасының біркелкі болуы.

Мұнда эпикалық фон, я болмаса, кейіпкердің элеуметтік-тұрмыстық жағдайын сипаттау болмайды. Оның есесіне ғибраттық сарын мен шартты түрде алынған жануарлардың аллегориялық образы бар. Ертегінің құрылысы көп жағдайда оның мазмұнынан шығатын афоризмді дәлелдеуге бағытталады» [8, 199].

Ертегі қашан да әлсізді, зәбірленіп жапа шеккенді қорғайды, соны жақтайды. Өйткені түлкінің осыншама айдалы әрекеттері оның өзінен әлдеқайда әлсіз жануарлармен немесе адамдармен қақтығысы үстінде ашылып, я болмаса әшкереленіп отырады. Мәселен, бірде түлкі этештен алданып қалады, бірде оны бөдене ақымақ қылып кетеді және бірде кенемен жарыста жеңіліс табады, енді бірде малшының итінен қорқып, зәресі кетеді.

Озырлығы аңқаулығымен жазаланып отыратын түлкі бейнесі «Түйе мен түлкі» мысал ертегісінде айдан анық. Қу түлкі өзеннің арғы жағына өтіп бара жатқан түйені олжа етпекші болады. Сөйтіп одан судың тереңдігін сұрайды. Түйе саспай «терең емес, тізеден ғана» дейді. «Тізеден болса, таяз екен» деп түйеге жетпекші болады. Алайда су ортасына қарай батып, қылғына бастайды. Жаны шыққан түлкі «Тізеден дегенің кәні, мен батып барам ғой», - деп айқай салады. Сонда түйе: «Е, сенің тізең мен менің тізем бірдей ме? «Әлін білмеген - әлек» деген осы» деп кете беріпті [7, 43]. Ертегі өсиеті: арамдық арам өлтіреді, ақымақтық ақылға жеңдіреді.

Мұндай афористік, мақалдық сарынмен өрілген мысалдарға тауықтың алдауынан опық жеген түлкінің жайы жатады. Тауықты жеймін деп, тазыға тап болған арам түлкі өз қулығынан өзі таяқ жейді. Аполог тамаша ойдың насихатымен аяқталады: «Біреуге ор қазба, өз басыңа келеді деген. Япырмай, тауық қандай, түлкі қандай, түлкіні тауық па еді алдағандай» [7, 14].

Сонымен қатар «Арам түлкі жайында» ертегісінде құланды тұзаққа түсіріп, «достығынан еті тәтті» деген арам ойдың жетегіндегі түлкінің іс-әрекеті сыналады. Бірақ ертегі «Кім ойласа досқа қас, басына тиер тас» [7, 40] секілді нақыл сөзбен жақсылық туын желбіретеді. Ертегі мақсаты – жамандықты басу, жақсылықты тасыту екенін ұғынамыз.

Иә, ертегі – ел өмірінен сыр шертетін рухани әрі әдеби қазына. Молдован жазушысы П.Боцу «Ертегілер – ешуақытта қартаймайтын жанр, ол жанрдан біз балалық дәуірімізді көрсек, екіншіден, ертегі біздің жанымызды жасартады, пәле-жаладан тазартады, сөйтіп рухани мықтылығымызды танытады» [8, 127], - деген екен.

Қазақтың халық прозасы – фольклор мұраларының бай көріністерінің бірі. Ондағы образдар жүйесі сол мұраның халықтығын, өнегелігін, танымдылығын, мәнділігін ашатындай терең тағылым иірімдерінен екшеленіп алынуы шарт. Сол кезде ғана әр бейне әр жанрдың бет-бейнесін бедерлеп, мазмұн мағынасын айқын көрсете алады. Тек қана мазмұны емес, фольклордың көркемдік әлемі де өзіндік нақышымен өрнектеліп, поэтикалық сипатының арта түсетіні сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Қазақ халық творчествосы: Ә. Диваев жинаған материалдар. – Алматы, 1990.
2. Костюхин Е.А. Типы и формы животного эпоса. – М., 1987.
3. Смирнова Н.С. Казахская народная поэзия. – Алма-Ата, 1967.
4. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1986.
5. Алтынсарин Б. Таза бұлақ. – Алматы, 1989.
6. Бейсеев А.А. Казахские сказки о животных. – Алматы, 2004.
7. Қазақ ертегілері. – Алматы, 1964.

Табаква З. П.
г. Петропавловск

ЭТНОПОЭТИКА КАК КОМПОНЕНТ РЕГИОНОВЕДЕНИЯ В ВУЗЕ И ШКОЛЕ

Вошли в славянскую строку
Кыпчагские слова

С. Марков

В течение нескольких лет мы разрабатываем новое направление в лингвистике, нашедшее своё применение в практике преподавания элективного курса «Этнопоэтика» [1]. Курс включен в рабочие планы на специальностях «Русский язык и литература», «Журналистика» на правах дисциплин, вводимых вузом. Основные идеи автора воплощаются в дипломных, магистерских и кандидатских диссертациях. Студенты на практических занятиях учатся проводить этнопоэтический анализ художественного текста, по данной проблеме опубликованы статьи, разработаны рабочие программы, выпущены материалы для студентов, включающие теоретические положения по этнопоэтике, программу курса и практические материалы по этнолингвистическому анализу поэтического текста.

Этнопоэтика входит в круг лингвистических дисциплин и складывается на стыке таких направлений, как лингвокультурология, этнолингвистика, лингвопоэтика. Результаты этнопоэтического анализа наиболее наглядны в творчестве поэтов, проживающих в полиэтнических регионах.

Выдвигаемая нами гипотеза: интерференция на уровне восприятия окружающего мира человеком, прикоснувшись к другой языковой картине мира, наиболее наглядно проявляется в поэзии. Ассоциативный анализ поэтического текста позволяет определить культурно-национальную специфику заимствования на уровне наглядно-образного восприятия реальной действительности.

Все теоретические положения предлагаемой концепции подтверждены конкретным материалом из опыта этнопоэтического анализа произведений местных поэтов.

Наше плодотворное многолетнее сотрудничество с Институтом повышения квалификации учителей дает возможность внедрять опыт этнопоэтического анализа в школах Северо-Казахстанской области. При Институте СК ИПК и ППК создана исследовательская лаборатория «Этно- и поликультурное образование». Наша цель – привлечь богатый местный материал, издать хрестоматию по литературному краеведению и разработать учебно-методические пособия в помощь школе.

Вышла в свет хрестоматия «Степные напевы» [2], где представлены лучшие поэты области. Хрестоматия предназначена учителям-словесникам и учащимся школ, гимназий и колледжей, студентам, магистрантам и преподавателям русского языка и литературы, этнолингвистики и лингвокультурологии. Книга поможет работникам библиотек, музеев, руководителям литературных объединений в организации краеведческой работы.

Поэтов, чьи стихи включены в данную хрестоматию, объединяет любовь к родным местам и людям, живущим рядом. Адресована книга как любителям поэзии, так и людям, не равнодушным к истории родного края.

Анализ поэтического творчества представителей русской и казахской национальности позволяет сделать выводы о том, что общая земля, общие условия жизни, природа способствуют культурному взаимовлиянию. Так, поэты Северного Казахстана, пишущие на русском языке, но разные по национальной принадлежности, естественно используют образы, казалось бы, не родственной им культуры. В поэзии русского Владимира Шестерикова широко представлена картина мира, характерная для казаха-степняка. А поэзия казаха Бахытжана Канапьянова не обходится без символа русской белоствольной березы. В.Шестериков назвал Северное Приишимье «краем березовых островов». Эти «березовые острова» видели с детства и Магжан Жумабаев, и Сабит Муканов, и Бахытжан Канапьянов, и они стали для них так же любимы, как неоглядные степи, горькая полынь и ковыли для В.Шестерикова, Александра Курлени и Ивана Шухова.

«Наличие совпадающих фоновых знаний общечеловеческого или регионального характера, – пишет Г.Д.Томахин, – позволяет участникам коммуникации в какой-то степени понимать друг друга» [3, 106].

Поэтический текст отражает ментальность народа, неслучайно существует высказывание «Поэзия – душа народа». Русская поэзия выражала народную душу во всех её самых лучших проявлениях, что зафиксировано и прецедентным текстом «Поэт в России больше, чем поэт». У казахов поэзия также занимала особое место в определении души народа. Из поколения в поколение передавались поэтические

творения казахских акынов. Поэтическая история о пучке полыни (Емшан), рассказывает, что засидевшийся на чужбине хан-батыр, вдохнув аромат привезенной ему полыни, бросил роскошную жизнь и ускакал в родные края, где родная земля всегда имеет горьковатый запах полыни.

Так, Владимир Шестериков, отвечая на вопросы о влиянии на его творчество других культур, писал:

«Мы глядим в *цветное* стекло,
Восхищение миром не пряча,
Когда в наших глазах расцвело,
Всё, что виделось раньше иначе».

Влияние другой культуры вносит в картину мира реципиента дополнительные штрихи, порождает новые ассоциативные цепочки и расширяет возможности выражения чувств и переживаний лирического героя. Не остается не затронутой и языковая картина мира, которая обогащается новыми деталями, получает дополнительную палитру красок для более яркого описания окружающего мира и самовыражения автора.

Поэзия Владимира Шестерикова – это чудесный, неповторимый мир, который он создал, сопрягая русскую и казахскую картину мира. Вся красота родного края отлилась в стихах, полных любви к своей земле.

Образ березы наиболее часто встречается в поэзии Шестерикова. В стихотворении «Родные корни», посвященном приемной дочери, уехавшей в Германию, мы видим русский национальный пейзаж, в котором образ березы означает родное и близкое, придающее духовные силы:

«...»Без наших зим, березок русских,
Полей бескрайних, журавлей.
Наверно, как у нас ни грустно,
И там не будет веселей...

Встреча с березой – это знак судьбы. Тоску по березке мы встречаем и в творчестве казахского поэта Магжана Жумабаева. Может быть, это результат длительного нахождения Магжана среди русских, а может, результат того, что уже почти три века русские и казахи живут бок о бок:

Мы судьбе подвластны, знаю,
Но и в дальней стороне
Будет родина степная,
Как *березка*, жить во мне.

М. Жумабаев

Бахытжан Канапьянов – уроженец североказахстанской земли. Сублимация двух культур – казахской и русской – определенно особый склад мышления поэта. В одном из своих стихотворений поэт описывает, как с появлением любимой обычное дерево вдруг приобретает черты русской белой красавицы-березы.

Любимая,
обыден мир без тебя,
дерево деревом было,
а когда ты пришла, преобразилось в березу,
любимая...

О поэзии Александра Юрьевича Курлени нельзя говорить без волнения и чувства гордости. Поэт чувствует неразрывную связь со своей родной землей, с родиной. Для нее он живет, трудится, творит. Вместе с Родиной он переживает горести и невзгоды, строит планы на будущее, старается принести ей пользу. Как резюме поэта звучат строки:

Пусть изменились рубежи,
Я в Казахстане, как в России,
С тобою – домом светлых грез –
Одним помазаны мы миром.
На языке родных берез
Я разговариваю с миром!

Органическая связь языка с культурой и обществом делает его важнейшим компонентом национального духа. Изучение языка – наиболее плодотворный путь к разгадке тайны человека и характера народа. Язык является основным этническим признаком народа.

Северный Казахстан – край специфичный как в историко-этнографическом, так и лингвистическом плане. Этническая культура населения региона представляет более ста национальностей, со своими историко-культурными традициями, национальным самосознанием.

Этнопоэтика помогает развивать: эмоциональную, гуманную, эстетическую, интеллектуальную сферу чувств; учить выявлять особенности североказахстанской литературы, её основных проблем, духовных и эстетических ценностей; развивать навыки сравнительного анализа образов и мотивов произведений русской и казахской литератур.

Знание особенностей регионального этноязыка помогает понять менталитет его носителей, а следовательно, проводить языковую политику, в полной мере учитывающую языковую ситуацию в регионе.

1. Табакова З.П. Этнопоэтика. – Петропавловск, 2008.
2. Табакова З.П., Карабатырова А.К., Медведева О.М. Степные напевы. – Петропавловск, 2011.
3. Томахин Г.Д. Этнолингвистика текста. Семиотика малых форм фольклора. ФН, 1988. – № 5.

Шоқабаева С. С.
Астана қ.

-УЫЛ, -УІЛ, -АУЫЛ, -ЕУІЛ ЖҰРНАҚТАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ ЖАЙЫНДА

Қазіргі қазақ тілінде -уыл, -уіл жұрнағы арқылы тілімізде бірқатар әскери терминдер жасалған. Бүгінде күнделікті өмірде жиі қолданылатындығына қарамастан, ол өнімсіз жұрнақтардың қатарында қалып отыр. -уыл, -уіл жұрнағы көне, архаизм сөздердің құрамында сақталған және қазіргі қазақ тілінде оның қатысуымен жасалған жаңа сөздердің қатары көп емес. Сондықтан да -уыл, -уіл – бір кездері өнімді қызмет атқарған көне, өнімсіз жұрнақ. Тілімізде ол арқылы жасалған туынды зат есімдер мыналар: қарауыл, ереуіл, тосқауыл, шабуыл, жасауыл, бағауыл, бөгеуіл, тоқтауыл, кезуіл, бекеуіл, шығауыл, жортуыл, айдауыл, торуыл т.с.с.

Ғалым А.Есенқұлов бұл жұрнақ «субъект мағынасымен қатар, қазіргі түркі тілдерінде процесс иесін, құстардың атауын білдіреді: башқұрт тілінде қарауыл, бағауыл (түбірі – бақ); азербайжан тілінде гаровул, йасавул, гырғывул; қырғыз тілінде гаровул, кыргоол; якут тілінде харабыл; қазақ тілінде қарауыл, қырғауыл, жасауыл; монғолша яса (бұйрық)» деп жазады [1, 104 б.]. Демек, -уыл, -уіл тек қана әскери терминдер жасаумен шектелмей, басқа да ұғым атауларын жасаған.

Бұл жұрнаққа арнайы тоқталуды мақсат еткен себебіміз, ол арқылы жасалған туынды сөздердің ішінде жасалу жолын, мағынасын, шығу тегін анықтауды керек ететіндері бар. Мәселен, ереуіл, ертауыл, жасауыл, шапауыл сөздерін алайық.

Әскери құрамалардың атауларын зерттеуші Т.Байжанов ереуіл сөзіне қатысты былай деп жазады: «Ертеде дұшпанның әскерімен бетпе-бет кездесіп, ұрыс салатын әскердің алдыңғы тобын (авангард) – ереуіл деп атаған. Ақсақ Темірдің әскерінде hereуіл-шапауыл, hereгул-шығауыл, hereуіл-барунғар, hereуіл-жауанғар күрделі әскери терминдері қолданылған [2, 77 б.].

Академик Ә.Қайдаровтың көрсетуінше, ереуіл сөзінің құрамы мынадай: «ереуіл<ер+еу+іл боевой настрой, протестующее действие; неол. демонстрация; ереуіл ат боевой конь» [3, 207 б.]. Егер ереуіл сөзінің құрамы ер+еу+іл сияқты үш компоненттен құралған болса, онда мұндағы ереу сөзі қандай мағына білдіреді деген сұрақ туындайды. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде ереу сөзі үстеу ретінде мынадай мағынада анықталады: «Ереу үст. Жер. Бет алды, лағып, өз бетінше. Өлі де баяғысынша. Көші-қондыны еректер біледі деп ереу жайылып жүр (Ғ.Мүсірепов, Өмір жорығы)» [4; 54 б.]. Ал ереуіл сөзінің зат есім ретінде екі мағынасы көрсетіледі: «1. Ереуіл зат. тар. Пролетариаттың өзінің экономикалық және саяси мүддесі үшін таптық күресінің негізгі түрінің бірі. 2. Жаппай бас көтеріс, жаппай қозғалыс, аттаныс, дүрлігушілік.

Ереуіл сын. Ұзақ жортуға шыдамды берік, мықты. Ереуіл атқа да ер салатын күн туды, – деді күйіне дауыстап (І.Есенберлин, Қаһар)» [4; 3, 395-396 б.].

Тілімізде ереуіл ат деген сөзден басқа ереулі ат сөзі де бар. Мұндағы ереулі ат сөзінің мағынасы жайылымда, жайлауда еркін, бос жүрген атты білдірген. Бұған қоса, ереулі сөзінің жасалу жолы да бөлек. Ол бос, еркін мағынасындағы ереу деген үстеуге сын есімнің -лі жұрнағы жалғану арқылы жасалған. Ал ереуіл сөзі, біздіңше, ер сөзіне -еуіл жұрнағы жалғану арқылы жасалып тұр.

Т.Байжанов қазақ тілінде ереуіл сөзімен қатар, ертауыл, ертәуіл сөздерінің де бар екендігін жазады. Оның мағынасы – «алдыңғы барлаушы отряд». Бұл сөз ертауыл жасақ, ертауыл мыңдық тәрізді тіркестердің де құрамында кездеседі. Ғалым осы пікірін тарихи көркем шығармалардан алынған мысалдармен дәлелдейді. Мысалы: Жау турасында жаңа дерек алған сайын ертуылға жаңа хабаршы жіберіп отырады. Әйтсе де ертауыл шығармаған (М.Мағауин) [2, 77 б.].

Осы сияқты көпке белгісіз, қалтарыста қалған, -ауыл жұрнағы арқылы жасалған сөздердің бірі – шапауыл, оның мағынасы шабуыл сөзімен бірдей емес, ол – өз алдына бөлек сөз. Бұл сөзді қазіргі қазақ тіліндегі ешбір сөздіктен кездестірмедік. Ол туралы мәлімет тек Т.Байжановтың еңбегінен табылды. Онда шапауыл сөзіне қатысты былай деп жазылған: «Ақсақ Темірдің армиясында оң қанаттағы әскердің алдына қойылған үш кейде алты топтан құрылған тосыннан басып кіретін, кенеттен шабуылдаушы әскердің бір бөлігін шапауыл деп атаған. Шапауылдың құрамында алты мыңға жуық сарбаздар болған. Бұл әскери құрамның әскербасысы шапауыл әмірі деп аталған» [2, 78 б.].

Азербайжан тілінде бұл жұрнақ арқылы жасалған чапавул (тонау/грабеж), чабуул (набег/шабуыл) сөздері бар. Ол тілде де шапауыл мен шабуыл сөздері екі түрлі мағынадағы жеке сөз ретінде қолданылады.

Сондай-ақ, -уыл, -уіл жұрнақтарының қатысуымен жасалған туындылардың ішінде кезуіл туынды зат есімі жеке жазушының тіл ерекшелігімен, стиль даралығымен ғана байланысты құбылыс екені «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде» жазылған [5, 193 б.]. Мысалы: Атасы қол бастаған Мамай батыр, өмірі кезуілде тіккен шатыр (Е.Бердин).

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде -ауыл жұрнағы арқылы жасалған шығауыл сөзі бар. «Шығауыл зат. Белгілі бір істің, әрекеттің алдыңғы қатарында (шебінде) жүретін адам; авангард» [4; 10, 312 б.].

Башқұрт тіліндегі есім сөздердің сөзжасамын зерттеген Т.Гарипов сол тілде бағауыл, есаул, караул сөздерінің құрамында кездесетін -ыл жұрнағын монғол тілінен енген деп есептейді. Орыс тіліндегі ясаул сөзін монғол тілінен енген сөз, монғол тілінде яса «бұйрық» деген мағынаны білдіретінін жазады [6, 107 б.]. Яса сөзінің монғолша бұйрық деген мағынаны білдіретіндігін жоғарыда аталған еңбегінде А.Есенқұлов та жазады. Ал қазақ тіліндегі жасауыл сөзінің мағынасы – әскербасының қарамағындағы бұйрықты орындаушы адам.

Ғалым А.Ысқақов -уыл, -уіл жұрнақтарының етістікке жалғанып, әр түрлі заттық ұғым атауларын жасайтынын айта келе, қарауыл, жортуыл сияқты сөздермен бір лексика-семантикалық топта қарастырылып жүрген сырғауыл, шындауыл, кешеуіл, ереуіл тәрізді сөздерді «аналогия заңы бойынша қалыптасқан я олардан өзгеріп көнеленген сөздер сияқты» деген ғылыми болжамды алға тартады [7, 157 б.].

-ауыл, -еуіл жұрнағына қатысты ғалымдар арасында осындай әр түрлі пікірлердің болуы оған қатысты мәселенің толық шешілмегенін көрсетеді.

Ғалым С.Мырзабеков, А.Ысқақовтың пікірлері орынды айтылған деп ойлаймыз. Бұл сөздердің жасалуындағы ерекшелік, яғни жұрнақтардың түбірге жалғану реті және олар арқылы жасалған туынды сөздердің құрамындағы жұрнақтардың құрамында айырмашылық бар. Бұл жұрнақтардың фонетикалық вариант па әлде аналогия заңы бойынша туынды сөздер жасаған өз алдына жеке бір жұрнақ па деген мәселе анықтауды қажет етеді. Ол үшін біз бұл жұрнақтар арқылы жасалған барлық туынды сөздерді екі түрлі моделге салып талдау жасауды мақсат еттік. Бірінші модель: етістік+-уыл, -уіл. Екінші модель: негіз сөз+-ауыл, -еуіл.

Бірінші модель арқылы жасалған туынды сөздерге қарауыл, тосқауыл, шабуыл, тоқтауыл сияқты туынды сөздерді жатқызуға болады, өйткені олар етістікке ғана жалғанады.

Ал -ауыл, -еуіл жұрнағы арқылы жасалған туынды сөздерге мұндай сипат тән емес. Өйткені бұл -уыл, -уіл жұрнағымен ешқандай генетикалық байланысы жоқ, тек сырт тұлғасы ғана ұқсас, өз алдына жеке бір жұрнақ сияқты. Аталмыш жұрнақтарды екі бөлек құбылыс деп қарастыруға мына фактілер себеп болды: Біріншіден, -ауыл, -еуіл жұрнағын құранды форма деуден гөрі жалаң жұрнақ деп тану ғылыми тұжырымға біртабан жақын. Тілімізде сырығау, қырғау, бақау, ереу, шығау деген сияқты туынды сөздер жоқ және олар осы қалпында тұрғанда ешқандай мағына да бермейді, дербес қолданылмайды. Сондықтан, -ауыл, -еуіл – -уыл, -уіл жұрнағының фонетикалық варианты емес, өз алдына бөлек, жалаң, сөзжасамдық жұрнақ. Ал -уыл, -уіл жұрнағы – өлі жұрнақ, өйткені оның қатысуымен жасалған қарауыл, айдауыл т.б. көне сөздер қайта жаңғырып, қолданысқа түскенімен, қазіргі таңда бұл жұрнақтың қатысуымен жаңа сөздер, термин жасалмайды.

Диалектіде -ауыл жұрнағының қатысуымен қайтауыл (судың қайтуы, судың тасуының тоқталуы) сөзі жасалған.

Қорытындылап айтқанда, -уыл, -уіл, -ауыл, -еуіл жұрнақтарының құрамы мен қызметі – әлі де толық зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі.

Әдебиеттер

1. Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 240 б.
2. Байжанов Т. Әскери құрамалардың атаулары //Қазақ тілі мен әдебиеті. 1994. – №1. – 76-79 б.
3. Кайдаров А. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 328 с.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1974-1986. – 10 т.
5. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.
6. Гарипов Т.М. Башкирское именное словообразование //Автореф. ... к.ф.н. – Уфа, 1959. – 223 с.
7. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

Абилхамитқызы Р.
Астана қ.

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ МҰРАЛАРЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Адамзат руханиятында ежелгі дәуірдегі мәдениеттің әсер етпеген бағытын табу мүмкін емес. Ежелгі жәдігерлердің салған іргетасынсыз қазіргі мәдениеттің де бірден өркендей қоюы мүмкін емес. Ежелгі түркі мәдениетінде аңыз-әңгімелердің алатын орны ерекше, себебі, көне түркі мәдениеті, өнері, әдебиеті, тіпті ғылымы да осы ұлттық болмысты дәріптейтін аңыз-әңгімелердің, қисса-жырлардың негізінде қалыптасқан.

Осы негізде қалыптасқан балалар әдебиеті – қазақ әдебиетінің бір арнасы. Оның да өсу, өркендеу жолдары бар. Басында жалпы әдебиеттік мұралармен бірге дамып келсе, соңынан өз алдына дараланып, өз

ерекшеліктерімен таныла бастады. Балалардың жастық, білімділік ерекшеліктері еске алынды. Олардың психологиялық өсу процестері ескерілді.

Қазақ балалар әдебиеті жылдан–жылға сан жағынан да, идеялық сапасы жағынан да өсіп келеді. Мұның қоғамдық ірі мәні бар. Өйткені балалар әдебиеті – жас ұрпақтарға ұлттық тәрбие берудің қуатты құралы. Ол жастарды ұлттық патриоттық рухта тәрбиелейді, озық ойларымен қаруландырады. Қандай қиыншылықтарды болса да жеңуге ұмтылдырып, жігер–қайратын арттырады.

Балалар әдебиетінің қалыптасуына, дами беруіне, оның жетіле түсуіне көрнекті қайраткерлер жанашырлықпен тікелей ат салысып келеді. Көп жанрлы қазақ балалар әдебиетінің тақырыптық молдығы мен жан-жақтылығы, идеялық мазмұнының байлығы және балалар әдебиетінің нақтылы мәселесін ашу ісі жайында нұсқаулар беріп отырды. Мектептің өмірмен байланысын күшейтуде балалар әдебиетінің тәрбиелік рөлі күшейіп, зор міндеттер атқарды. Сонымен, қазақ балалар әдебиеті де басқа ұлттық әдебиеттер сияқты үнемі, үздіксіз даму, өсу жолында болды.

Адамзат баласының дамуы ерте кезден бастау алатыны белгілі. Ежелгі халықтардан бізге жеткені – аңыздар мен эпсаналар, түрлі мифтік әңгімелер, т.т. Бұл жәдігерлер қазіргі әдебиеттің дамуына игі әсерін тигізді.

«Балалар әдебиеті қоғамда балалар субмәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін социомәдени құбылыстардың бірі» [1, 7] болғандықтан да, балалар әдебиетінің жас ұрпақ тәрбиесінде алатын орны ерекше. Бүгінгі таңда балаға өткен дәуірдегі әдебиет үлгілерімен таныстыру үшін оларға ұғынықты тілмен жеткізе білуіміз шарт. Өйткені әр бала өзінің төл тарихы мен мәдениетін танып өсуі қажет. Сондықтан баланы ерте жастан қоршаған ортаны танып білумен қатар ежелгі тарихи жыр-дастандарды жаттап өсуіне ықпал етуіміз керек. Ол үшін әрине, ұлттық руханиятымыздағы ежелгі түркі дүниесіне ортақ қисса-дастандар мен аңыз-әңгімелерді бала санасына лайықты етіп, жас ерекшелігіне сай оқып үйрету қажет.

Қазақ балалар әдебиеті қазақ ғалымдары, атап айтсақ, Ш.Ахметов, С.Қирабаев [2] сынды айтуы бойынша, фольклор – балалар әдебиетінің бастауы деп атай келіп, ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан басталады делініп жүр. Сонда балалар әдебиеті ХІХ ғасырдың орта шенінен аяқ асты пайда бола салған жоқ. Балалар әдебиетінің бастауы фольклордан басталып, көне дәуірлердегі түркі халықтарына ортақ төл мұраларымызбен жалғасады. Бала тәрбиесі, ұрпақ мәселесі қай кезеңде болсын қоғамнан тыс қалған емес. Мәселен, Еуропа өз балалар әдебиетін ежелгі Грекия мен Рим салған іргетастан таратып, яғни, құдайлар мен мифтік қаһармандар бейнесі туралы аңыздардан таратады. Сондай-ақ, балаларына библия әңгімелерін тұңғыш балаларға арнап ықшамдаған поляк ғалымы З. Косидовскийдің әңгімелерін оқытады.

Сол сияқты біз де түркі халықтарының балалар әдебиетін ХІХ ғасырдан ғана бастап шектемей, әріден яғни ежелгі түркі халықтарына ортақ мұралардан бастауымыз керек. Айталық, шартты түрде, қазақ әдебиеті кезеңдерін жүйелеген ғалым Б.Кенжебаевтың құрылымдық кезеңдерін басшылыққа ала отырып, балалар әдебиетін былайша жүйеледік:

1. Қазақ балалар фольклоры
2. Ежелгі түркі халықтарына ортақ жәдігерлердегі ұрпақ мәселесі;
3. ХҮ-ХІХ ғ.ғ. І жартысындағы ақын-жыраулар поэзиясындағы бала тәрбиесі;
4. ХІХ ғ. ІІ жартысындағы ағартушы-демократтар кезеңіндегі балалар әдебиеті;
5. ХХ ғ. басындағы алаш әдебиеті кезеңіндегі балалар әдебиеті;
6. Кеңестік дәуірдегі балалар әдебиеті;
7. Қазіргі балалар әдебиеті.

Фольклор – сөз жоқ, балалар әдебиетінің бастауы, қайнар көзі. Балалар әдебиеті халық ауыз әдебиеті үлгілерін негізге ала отырып, бүгінгі күнге дейін дербес ғылым болып отыр. Осы аталмыш ғылымның жай-күйі қазіргі ақпараттанған ХХІ ғасырдың сұранысы мен талабына жауап бере ала ма? Бұл ойлануды қажет ететін және бір ауыз сөзбен жауап бере салатын сұрақ емес. Салмағы да, жауабы да ауыр сұрақ. Сонымен, қазіргі таңда қандай балалар әдебиеті қажет? Бір ғана мысал келтірейін: балалар фольклорында «Төрт түлік туралы» жырлар бар. Осыны балаларға қалай оқытып жүрміз? Балдырған төрт түлік туралы өлең-жырларды жаттауын жаттар, бірақ өңі түгіл түсінде көрмесе оларды, қалай ұғындырамыз? Балаға нанымды болу үшін көзбен көру, яғни қоршаған ортада сезінуі тиіс.

Қазақ балалар әдебиетінің негізгі түп қазығының келесі арнасы – ежелгі түркі әдебиеті мұралары. Көне дәуірі кезеңіндегі мәдени мұраларымыз отандық, шетелдік ғалымдарымыздың назарын аударып отыр. Ү-ҮІІІ ғ.ғ. тасқа қашалып мәңгілік ескерткішке айналған Орхон-Енисей жазбалары, «Оғызнаме», «Китаби дәдәд Қорқыт» («Қорқыт ата кітабы»), «Диуани лұғат-ит түрк» («Түркі тілінің сөздігі»), «Құтадғу біліг» («Құтты білік»), «Диуани хикмет» («Даналық кітабы»), «Хиба тул хақайык» («Ақиқат сыйы»), «Бақырғани кітабы», «Кодекс куманикус» («Қыпшақтар кітабы»), «Қисса-сул-әнбия», «Хұсырау-Шырын», «Мухаббат-наме», «Жәдігернаме», «Гүлстан бит-түрки» («Түркі тіліндегі Гүлстан»), т.б.

Орхон ескерткіштеріндегі жырлардың басты тақырыбы – ел тәуелсіздігін аңсау, ел қорғаны болған батырларының ерлігін дәріптеу. Айталық, Күлтегін, Тоныкөк, Білге қағандарды түркі халықтарының қаһарманы етіп, жырда айтқандай:

Тәңір текті, Тәңірден жаралған,
Түрк Білге қаған.
Бұл шақта отырдым,
Сөзімді түгел есіңдер:

Бүкіл жеткіншегім, ұланым,

Біріккен әулетім, халқым... [4, 49] деген ұрпаққа айтар ұлағатты сөздерден басталып, олардың батырлық, ерлік істері жырланады. Ерлікті жырлайтын грек мифтерінен кем емес ежелгі жырлардың бірі – XIII ғ. хатқа түскен «Оғызнаме» («Оғыз қаған жыры»). Оғыздардың Көк Тәңіріне табынып, өздерін көк Бөріден таратып, жарықты Көкжал бастап отырады. Оғыз өзі көк өңді, әйелінің де көзі көк, тіпті шашы да теңіз толқынындай көгілдір деп суреттеледі. Яғни, көне түркілерде көк түс қасиетті деп саналған. Жырдан үзінді келтірейік: «Күндерде бір күн Айқағанның көзі жарыды, босанды. Еркек бала туды. Осы баланың өңі, шырайы көк еді...» [5, 79].

Осы ұл анасының омырауынан бір-ақ рет сүт еміп, бұдан артық ембеді. Шикі ет, тамақ тіледі. Тілі шыға бастады. Қырық күннен соң үлкен болды, жүрді, ойнады... Оғыз қаған күндерден соң, түндерден соң жігіт болды. Бұдан әрі Оғыз қағанның өсуі халқының қиялы мен ғажайып, ойлау шеберлігі арқылы өрбиді.

Сондай-ақ, ежелгі түркі халықтары табиғатты бағалай білген. Жырда Оғыздың балалары – Күн, Ай, Жұлдыз, екінші әйелінен – Көк, Тау, Теңіз деп атауы да тегін емес. Әр баласының атын табиғат құбылыстарының атауын беріп, сөйлете білген. Грек жырларында олар құдайлар деп берілсе, ежелгі түркі жырларында адам есімдері түрінде сипат алған. Әрине, табиғатты адамнан, адамды табиғаттан бөліп қарауға болмайды. Табиғатты жырлау, бейнелеу – бүгінгі балаларды оны сүюге тәрбиелеудің негізгі қазығы. Оның арғы арнасы көне түркі дәуірлеріне жетелейді.

Бала тәрбиесіне етене жақын шығармалар – дидактикалық көркем туындылар. Балаларға арнап жазылған шығармалардың көбі дидактикалық мазмұнда жазылған. Сол сияқты ежелгі түркі халықтарының дидактикалық шығармаларда тәрбиелік мақсат маңызды орында. Сондай дидактикалық сарында жазылған шығармалардың бірі – Ж.Баласағұнның «Құтты білігі». Өнегелі жол нұсқап, тағылымы мол ой тастайтын шығармалардан үзінді келтірсек:

Тәңірі адамдарды жаратты, үздік етті,
Оған өнер, білім, ақыл, ой берді.
Білім берді: адам бұл күндері шырқау биікке көтерілді.
Ақыл берді: осының арқасында шешілмейтін түйін шешілді.
Білімді – биік, ақылды – ұлық деп есепте.
Бұл екеуі таңдаулы құлдарын биікке шығарады.
Білімсіз кісілердің барлығы – ауру,
Көрікті істердің барлығы да ақылменен істелген,
Бектер бұл дүниеде біліммен ерекше [6, 89].

Алты мыңнан астам бәйіттен тұратын шығармада ақыл, білім, ғылым, тіл өнері, сөз құдіреті, достық, бала тәрбиесі, т.б. мәселелер жайлы ғибратты ойлар айтылады.

Айта берсек, ежелгі түркі дүниесінен балалар әдебиетіне қатысты дидактикалық ой, ғибратты, тағылымы мол тәрбие туралы шығармалар жетерлік. Түркі халықтарына ортақ ежелгі дүние тарихындағы мұраларда балаларға уағыз айту, ақыл-кеңес түрінде жазылған. Сондай-ақ, мемлекет басшысы болуға, серілікке даярлайтын адамдардың кодексі (заңдары) деуге болады. Баланы жетіге дейін, яғни 3 жасынан бастап үйретуіміз шарт. Себебі, бала психологиясынан белгілі, 2-3 жасында бала ұғымтал келеді. 5 жасына дейін тәрбиенің 90%-ы қалыптасады. Ал 7 жасынан балаға өзге тілдерді үйренуге бейімдеу керек.

Ертедегі Грекия құдайлары мен қаһармандарын дәріптегенше, түркі халықтарына ортақ мәдени мұраларымызды, яғни Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк, Тұмар патша, Алып ер Тұңға, т.б. ерліктерін үлгі тұтсақ, яғни оларды жас буынның қазіргі кейіпкерлері «терминатор», «шрэк», «человек–паук», т.б. сияқты құбыжықтардан гөрі басты қаһарман дәрежесіне көтерсек дұрыс, болар еді. Бұл – ойлануды қажет етпейтін, кезектен тыс қолға алуға тиіс бірден – бір мәселе.

«Бала – баршаның байлығы мен бақыты. Бүгінгі бала – ертеңгі ер азамат болғандықтан да, балаға қарап біз болашағымызды болжап, бағалаймыз, бағдарлаймыз» [7, 102]. Дүние есігін жаңа ашып, енді ғана қалыптасып келе жатқан сәбидің ең алдымен адам, жеке тұлға, саналы азамат болып қалыптасуына отбасы тәрбиесінің де орны бөлек. Жақын адамдардың өзіне деген махаббаты мен қамқорлығын сезінген бала өзінің жақсы қасиеттерімен танылады. Ал мектеп қабырғасында балаға жас кезінен төл тарихындағы қаһармандармен таныстырып, барынша ержүрек, батыл болып өсуіне ықпал етуіміз керек. Сондай-ақ, бала қиялын дамытып, фантастика арқылы өмірді қабылдата білсек. Балаларға арналған шығармаларға артылар жүк оңай емес, әрине, асқан сүйіспеншілікпен, шебер де қиялын ұштайтын сезімге толы эмоциялық әсері басым болуы тиіс. Онда, ұлттық колорит, тағылымды тәрбие мен табиғи адамдық қасиет, т.б. басты назарда болуы шарт. Балаларға арналған шығармалар олардың психологиясын, әр алуан құбылысын жете түсініп, көркем тілмен жүрекке жылы, шебер суреттелуімен құнды.

Әдебиеттер

1. Арзамасцева И.Н., Николаева С.А. Детская литература. – М.: Академия, 2002.–472 с.
2. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы, 1965.
3. Қирабаев С. Өнер өрісі. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1971. - 272 б.
4. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы, 1986
5. Өмірәлиев Қ, «Оғыз қаған» эпосының тілі. – Алматы, 1989
6. Ж.Баласағұн Құтты білік. – Алматы: Өнер, 1995

7. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1994.
 8. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. I-кітап. – Алматы, 1997.
 9. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы, 1985.

Нұрбанова А. Қ.
 Астана қ.

ҮСТЕУДІҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ БІРЛІКТЕРІ

Үстеудің сөзжасамдық бірліктері деп туынды үстеу жасауға қатысатын уәждеме сөздер мен туынды үстеулер жасайтын сөзжасамдық жұрнақтар аталады. Бұл – тілдің сөзжасам жүйесіне ортақ заңдылық, барлық сөз таптарының сөзжасам жүйесінде лексикалық мағыналы сөз бен жұрнақ сөзжасамдық бірлік болып саналады. Ол - сөзжасам ілімінде белгілі заңдылық.

Үстеудің сөзжасамдық жұрнақтарының құрамы анықталып қана қоймай, олардың әрқайсысының мағыналық құрамы да анықталуы қажет.

А. Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» оқулығында үстеудің 8 түрлі жұрнағы бар деп, мына жұрнақтар берілген: -ша/-ше (құша), -лай/-лей (екіншілей, күздей); -дайын/-дейін (түлкідейін, жорғадайын); -шалық/-шама (мұншалық, соншама); -лап/леп (жаяулап, темірлеп); -шылап/-шілеп (сиыршылап, Бейсеншілеп); -қары/кері (ішкері, сыртқары); -ын/-ін, -сын/-сін: қысын, жазын, ертеңгісін, кешкісін, астыртын [1, 338-339 б.].

Қазақ тіл білімінде әр жұрнақ аталып, оның негізгі мағынасы ғана беріліп келді. Мысалы, А.Ысқақовтың оқулығынан келтірейік: «-ша/-ше жұрнағы арқылы жасалған үстеу мағына жағынан негізінен амалдың қалай, я қалайша істелгендігінің бейнесін білдіреді» [1, 338 б.]. Оқулықта көрсетілген 8 жұрнақтың ішінде осы -ша/ше жұрнағының ғана мағынасы айтылған, қалған 7 жұрнақтың ешқайсысының мағынасы аталмаған.

Б.Таңсықбаеваның еңбегінде үстеудің 46 сөзжасамдық жұрнағы бары нақтылы тілдік деректер арқылы дәлелденеді. Елуден аса, жүзге тарта туынды үстеу жасаған жұрнақтарды өте өнімді жұрнақтар деп таниды:

- 1) -лап/-леп, -дап/-деп, -тап/-теп;
- 2) -латып/летіп, -датып/детіп, -татып/-тетіп;
- 3) -лата/-лете, -дата/-дете, -тата/-тете;
- 4) -ша/-ше.

Әрине, үстеу жұрнақтарының бәрі мұндай өнімді емес. Біраз жұрнақтар жиырмадан аса туынды үстеу жасаған, олар да өнімді жұрнақтар саналды, оларға мына жұрнақтар жатады: -дай/-дей, -сыз/-сіз, нөлдік жұрнақ, -лана/-лене, -дайын/дейін. Бұл жұрнақтардың әрқайсысы жиырмадан аса туынды үстеу жасаған [2, 81]. Демек, үстеу сөз табы бойынша өнімді жұрнақтардың саны – 8.

Енді осы жұрнақтардың құрамы мен қызметіне тоқталайық.

-ша/-ше жұрнағы. Сөзжасамдық жұрнақтарының ішінде ерекше белсенді, өнімді жұрнақ - ша/ше жұрнағы. Мысалы, бұл жұрнақтың қатысуымен тілімізде мынадай сөздер жасалған: қаңылтырша (қалтырау), бояуша (бұзылу), желімше (жабысу), большевикше (қорыту) т.б. «Қазіргі қазақ тіліндегі үстеудің сөзжасам жүйесі» атты кандидаттық диссертациясында Б.Таңсықбаева бұл жұрнаққа қатысты былай деп жазады: «Тілімізде туынды түбір үстеулер аз емес, тек -ша/-ше жұрнағы арқылы жасалған туынды түбір үстеулердің 10 томдық түсіндірме сөздікте ғана 800-ден аса екені статистикалық әдіс арқылы анықталды. Бұл бір ғана жұрнақтың тілдің лексикалық құрамына қосқан үлесі, оның өзінде де ол бір сөздіктің құрамындағы деректер ғана, оған кірмеген көркем шығарма деректері тағы бар. Міне, бұл жағдай синтетикалық сөзжасамдық тәсілдің үстеу сөзжасамында үлкен қызмет атқаратынын дәлелдейді» [2, 52].

Бұл жұрнақ арқылы тілімізде көптеген мезгіл үстеулері жасалған. Мысалы: ізінше, уақытша, ғұмырынша, өмірінше, көзінше, мезгілінше т.б. Бұл модельдегі сөзжасамдық тип арқылы қимылдың белгілі бір мезгілге, уақытқа қатысты, шектеулі екені нақтылы білдіріледі. Көркем шығармалардан мысалдар: Өзір ол әлсіз, уақытша келіп орнап жатқан болашағы үлкен, мол тіршіліктің алғашқы уыз қабыршығы есепті. Ол табақты столдың ортасындағы бос жерге қойды да, ізінше ауыз үйге қайта шығып кетті. Бұл жазалаудан өліп кеткендер де, өмірінше кемтар боп қалғандар да болған.

-ша/-ше жұрнағы барлық түркі тілдерінде бар және өте өнімді, оның мағынасы да алуан түрлі үстеудің барлық мағыналық топтарына туынды үстеулер қосқан деп айтуға болады.

-лап/-леп, -дап/-деп, -тап/-теп жұрнағы – -ла, -ле, -да, -де, -та, -те және -п жұрнақтарынан құралған күрделі жұрнақ. Оның қатысуымен жасалған туынды үстеулерді мысалға келтірейік: жұмалап, айлап, күнделеп, апталап, тәуліктеп, кешелеп, бүгіндеп, сағаттап, минуттап, секундтап, қазандап, кебезелеп, шаналап, шелектеп, шәшкелеп, шөміштеп, шөпшектеп, қасықтап, бөтелкелеп, қырмандап, деңгейлеп, дендеп, даралап, тонналап, килолап, граммап, тиындап, теңгелеп, мысқалдап, тәшкелеп, тостағандап, жырымдап, егіздеп, жүздеп, мыңдап, миллиондап, екеулеп, үшеулеп, ондап, елулеп, отыздап, жиырмадап,

ақырындап, баяулап, бөлектеп, түбегейлеп, топтап, қиюлап, сыналап, оюлап, мұншалап, осыншалап, үстемелеп, біртіндеп, біртеп, қазақшалап, орышшалап, өзбекшелеп т.б.

-латып/летіп, -датып/детіп, -татып/-тетіп жұрнағы – -лат, -лет, -дат, -дет, -тат, -тет және -ып, -іп, -п жұрнақтарынан құралған күрделі жұрнақ. Бұл модель арқылы да біраз мезгіл мәнді туынды үстеулер жасалған: түнделетіп, кештетіп, айлатып, апталатып, қыстатып, жұмалатып т.б. Модель қимылдың жасалған мезгілін дәл атайды. Бұл - туынды үстеу жасайтын өнімді жұрнақтардың бірі. Көркем шығармалардан мысалдар: Осы ойын жалғыз Кәленге ғана айтты да, қасына бір жігіт алып, түнделетіп тартып кетті.

-лата/-лете, -дата/-дете, -тата/-тете жұрнағы – -лат, -лет, -дат, -дет, -тат, -тет және -а, -е жұрнақтарынан құралған күрделі жұрнақ. Бұл модель арқылы үстеудің түрлі мағыналық топтарымен қатар мезгіл мәнді туынды үстеулер де жасалады. Мысалы: түнделете шықты, кештете келді т.б. [2, 147].

Бұл - түркі тілдеріне кең тараған жұрнақ әрі үстеудің өнімді сөзжасамдық жұрнақтарының бірі. Мәселен, башқұрт тілінде: игенләтә, ақчалата, өсләтә, икеләтә; қырғыз тілінде: эгиндете, ақчалата, уяуулат; татар тілінде: әйберләтә, бушлата, ягиләтә, ақчалата т.б. Көркем шығармадан мысалдар: Барлаудан түнделете оралған топ таңертең ұрысқа қайта кірісті. Бір топ атты жолаушылар кештете бай ауылына кеп тоқтайды.

-сыз/-сіз жұрнағы – құрамы жағынан дара жұрнақ. Модель бойынша кедергісіз жасалатын қимылды суреттейтін сын (бейне) үстеулері жасалады. Модельдегі жұрнақ өнімділердің қатарынан көрінді. Мысалы: жорықсыз жеңді, еріксіз күлді, ықтиярсыз көнді, қимылсыз тындады, жауапсыз қарады, қапысыз опаланды, саябырсыз күтті, жеңіліссіз күресу, тоқтаусыз сөйлеу, үзіліссіз оқу т.б. Осы модель бойынша жасалған туынды үстеулермен берілген көркем шығармалардан мысалдарға келейік: Еңлік пен Салиқаны кезек шақырып, олардың қаперсіз жатқанына назаланды. Жаппар ақын өз өлеңдерін осындай ұйқассыз, жауапсыз жазбас еді.

-лана/-лене жұрнағы – -лан, -лен және -а, -е жұрнақтарынан құралған күрделі жұрнақ. Бұл модель арқылы жасалған сын (бейне) үстеулері қимылдың әлсіз өтуін, дамуын білдіретін туынды үстеулер жасайды. Бұл модель де өнімділер қатарына жатқызылады. Мысалы, жүрексіздене сұрады, шыдамсыздана күтті, сенімсіздене қарады, зорлана күлді, әлсіздене жылады, үмітсіздене күтті, ұйқысыздана жатты т.б. Көркем шығармалардан мысалдар: Ол қазірде шұбар ала топтың уылжып күлімсіреген, иіліп-бүгілген түріне сенімсіздене қарады. Көз қиығымен Әсия жаққа жүрексіздене қарап еді, жүзі жанып, қасына кілбік күміс қырау тұрыпты.

-дайын/дейін жұрнағы – -дай, -дей және -ын, -ін жұрнақтарынан құралған күрделі жұрнақ. Бұл – тілге көптеген туынды үстеу қосқан өнімді үстеудің сөзжасам жұрнақтарының бірі. Мысалы: танктейін, бұлақтайын, сұңқардайын т.б. Осы жұрнақ арқылы жасалған салыстыру мәнді туынды үстеулер ауыз әдебиеті үлгілерінде көптеп кездеседі.

Көркем туындылардағы бұрынғы грамматикалардың барлығында дерлік үстеулер морфологиялық жағынан өзгермейді деп түсіндіріледі. Дегенмен, үстеулердің түрлі морфологиялық өзгерістерге ұшырайтынын да айтатын зерттеуші ғалымдар бар. Жоғарыда бұл көзқарасты қолдайтын А.К. Боровковтың, С.Фузайловтың және т.б. ғалымдардың пікірлері келтірілген. Әдеби тіліміздегі қазіргі сөз қолданыстар үстеулердің кейбір сөзгерім қосымшаларын қабылдап, түрлі өзгерістерге ұшырайтынын дәлелдеп отыр. Кейінгі зерттеулерден аталмыш үдерістің түркі тіл білімінде де дамып, кең қолданысқа ие болып келе жатқанын байқаймыз.

Әдебиеттер

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, 1994.
2. Таңсықбаева Б. Қазіргі қазақ тіліндегі үстеудің сөзжасам жүйесі //Ф.ғ.к. ... дисс. – Алматы, 2006.

Сарсенбаева С. И.
г. Астана

ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАК УСЛОВИЕ САМОРЕАЛИЗАЦИИ ЛИЧНОСТИ

Знание только тогда становится знанием,
когда оно приобретено усилиями своей
мысли, а не памятью.

Л. Н. Толстой

В современном образовании на первый план выдвигается значимость личности учащегося,

усиливается осознание ее ценности. Инновационные процессы, модернизация общего образования актуализируют проблему изменения методов обучения учащихся, обеспечивающих становление творческой, способной адаптироваться в постоянно меняющихся условиях личности. Следовательно, основная задача состоит в том, чтобы, адаптируя учебный процесс к особенностям обучения и развития личности, помочь учащимся раскрыть и развить те способности, которые позволили бы им максимально реализовать себя в окружающем мире. И сегодня одним из наиболее популярных и эффективных инструментов осознанного образования становится проектная деятельность обучающихся.

Если говорить о методе проектов как о педагогической технологии, то эта технология предполагает совокупность исследовательских, поисковых, проблемных методов, творческих по своей сути. То есть, в основе метода проектов лежит развитие познавательных навыков учащихся, умений самостоятельно конструировать свои знания, ориентироваться в информационном пространстве, развитие критического и творческого мышления. Современный проект учащегося - это дидактическое средство активизации познавательной деятельности, развития креативности и одновременно формирования определенных личностных качеств.

Метод проектов не является принципиально новым в педагогике. Ведь методу почти целый век! Его называли также методом проблем и связывался он с идеями гуманистического направления в философии и образовании, разработанными американским философом и педагогом Дж.Дьюи, а также его учеником В.Х.Килпатриком. Дж.Дьюи предлагал строить обучение на активной основе, через целесообразную деятельность учащегося, сообразуясь с его личным интересом именно в этом знании. Отсюда чрезвычайно важно было показать личную заинтересованность обучающегося в приобретаемых знаниях, которые могут и должны пригодиться им в жизни. Для этого необходима проблема, взятая из реальной жизни, знакомая и значимая для учащегося, для решения которой ему необходимо приложить полученные знания, новые знания, которые еще предстоит приобрести. Так, человек и получает знания, и учится на собственных ошибках.

Метод проектов привлек внимание русских педагогов еще в начале 20 века. Идеи проектного обучения возникли в России практически параллельно с разработками американских педагогов. Под руководством русского педагога С.Т.Шацкого в 1905 году была организована небольшая группа сотрудников, пытавшаяся активно использовать проектные методы в практике преподавания. Позднее, уже при советской власти, эти идеи стали довольно широко внедряться в школу, но недостаточно продуманно и последовательно, и постановлением ЦК ВКП/б/ в 1931 году метод проектов был осужден, и с тех пор до недавнего времени больше не предпринималось сколько-нибудь серьезных попыток возродить этот метод на практике. Родившись из идеи свободного воспитания, в настоящее время он становится интегрированным компонентом вполне разработанной и структурированной системы образования.

Метод проектов нашел широкое распространение и приобрел большую популярность за счет рационального сочетания теоретических знаний и их практического применения для решения конкретных проблем. «Я знаю, для чего мне надо все, что я познаю. Я знаю, где и как я могу это применить,» — вот основной тезис современного понимания проектов.

Метод проектов всегда ориентирован на самостоятельную деятельность учащихся - индивидуальную, парную, групповую, которую учащиеся выполняют в течение определенного отрезка времени. Результаты выполненных проектов должны быть, что называется, «освязаемыми», его можно увидеть, осмыслить, применить в реальной практической деятельности. Чтобы добиться такого результата, необходимо научить обучающихся самостоятельно мыслить, находить и решать проблемы, привлекая для этой цели знания из разных областей, умения прогнозировать результаты и возможные последствия разных вариантов решения, умения устанавливать причинно-следственные связи.

Преподавателю в рамках проекта отводится роль разработчика, координатора, эксперта, консультанта, он может подсказать источники информации, а может просто направить мысль учащихся в нужном направлении для самостоятельного поиска.

В ходе практических занятий, построенных по проектной методике, учащиеся приобретают навыки применения различных инновационных технологий, навыки самостоятельного обучения новым информационным технологиям, и что самое главное – навыки планирования и реализации исследовательской и научной работы. Важным компонентом при организации обучения проектным методом является социальное взаимодействие, поскольку межличностное общение, построенное по определенным принципам, позволяет создать атмосферу творчества, комфортности, что способствует проявлению индивидуальности каждого ученика.

Однако создать проект — задача не из самых простых. Есть определенные требования, которые стоит учесть при создании нового проекта:

- выбор проблемы, требующей интегрированного знания, исследовательского поиска для ее решения;
- практическая, теоретическая, познавательная значимость предполагаемых результатов;
- самостоятельная (индивидуальная, парная, групповая) деятельность учащихся;
- структурирование содержательной части проекта (с указанием поэтапных результатов);
- использование исследовательских методов, предусматривающих определенную последовательность действий;

- выдвижение гипотез их решения;
- обсуждение методов исследования (статистических методов, экспериментальных, наблюдений, пр.);
- обсуждение способов оформления конечных результатов (презентаций, защиты, творческих отчетов, просмотров, пр.);
- сбор, систематизация и анализ полученных данных;
- подведение итогов, оформление результатов, их презентация;
- выводы, выдвижение новых проблем исследования.

Методически правильно организованный алгоритм проектной деятельности должен способствовать самоорганизации, самореализации личности в современном обществе, так как именно метод проектов более эффективно формирует и развивает практические навыки обучающихся, вырабатывает умения адаптироваться в проблемных условиях и действовать оперативно в решении задач.

Организация проектной деятельности на уроках литературы является также одним из приоритетов современного гуманитарного образования. Развивающие приемы обучения, семинары, элективные курсы поискового характера, учебные проекты позволяют лучше учесть личные склонности учащихся, что способствует формированию их активной и самостоятельной позиции в учении, готовности к саморазвитию, социализации.

Литература как искусство и литература как учебный предмет обладают значительным воспитательным потенциалом, реализация которого зависит от продуманной организации воспитательной среды, содержания и форм взаимодействия учащегося и учителя. Чтобы способствовать воспитанию свободной личности, необходимо на уроках литературы создать такое учебно-воспитательное пространство, которое обеспечивает реализацию на практике принципа свободы, предоставляющего учащемуся реальную возможность самостоятельного выбора форм и видов деятельности, формирования чувства ответственности за ее результаты. Поэтому сегодня важны вопросы, как организовать уроки литературы исследовательской направленности, как найти тему для исследования, какие алгоритмы дать в помощь ученикам, и самое главное, как сделать занятия увлекательными и плодотворными?

Всё начинается с создания проблемной ситуации на уроке, которую в ходе проекта учащиеся должны решить. Поэтому в процессе обучения используются такие ситуации, в которых обучающийся должен защищать своё мнение, привести в его защиту аргументы, доказательства, факты, использовать способы приобретения знаний и опыта. Ситуациями такого рода являются рецензирование ответов учащихся, сочинения, решение сравнительной проблемы, исследование авторского замысла, что связано с экспертизой, советом, активным поиском нового.

Проектное исследование может быть организовано на всех этапах обучения литературе. Практически это достигается через введение в содержание изучаемого материала фактов из истории литературы и её современного состояния, а также информации, знакомящей учащихся с методами научного познания литературы, изучения и исследования творческого наследия поэтов и писателей.

В зависимости от объекта исследования работы по литературе можно разделить на следующие виды:

- работы, в которых проводится анализ текста художественного произведения с целью выявления его художественного своеобразия, особенностей авторского стиля, мастерства писателя, типологии образов;
- работы, в которых разрешение поставленной проблемы осуществляется на основе сравнения двух или нескольких произведений;
- работы, предполагающие интеграцию литературы и истории, философии, лингвистики, приучающие учащихся видеть общность гуманитарных знаний, осваивать разные методологические подходы к анализу явлений искусства и жизни;
- работы, посвящённые изучению жизни и творчества писателей, чьи судьбы связаны с историей города, области (литературное краеведение) и др.

Каким бы ни был объект исследования, главное состоит в том, чтобы поставленная проблема позволяла учащемуся самостоятельно или с помощью учителя определить путь исследования, выбрать методы, необходимые для работы с художественным произведением, применить имеющиеся умения анализировать текст, произведение. В организации проектно - исследовательской деятельности учащихся можно использовать следующий алгоритм работы: после определения проблемы и объекта исследования необходимо организовать работу с исследуемым материалом. Только после того, как будет накоплен и проанализирован необходимый материал, сформулированы самостоятельные выводы, можно предложить поработать в библиотеке, найти имеющиеся критические статьи, монографии по изучаемой проблеме, вместе с руководителем определить, какие из них следует прочитать, законспектировать, из каких сделать выписки. Поскольку непременной частью работы должен стать анализ прочитанного, нужно научить обучающихся это делать, можно использовать метод рецензирования критических статей, сопоставления параллельных конспектов, тезисных планов, аннотирования, создания творческих работ, предполагающих сравнение разных подходов к анализу одного и того же произведения.

Следующий этап – повторное обращение к анализу исследуемого материала и переосмысление его результатов с учётом новых знаний, полученных в процессе освоения научной литературы по проблеме. Именно такая последовательность работы над темой способствует появлению мотивированного интереса к

истории вопроса, к суждениям других исследователей, позволяет учащимся определить собственную позицию, оценить степень новизны своего исследования.

Работу по проектированию необходимо вводить постепенно, стараясь брать большие и интересные темы. Продуктивными являются проекты, вызывающие неодносторонние «полярные» мнения, требующие детального изучения. Ведь с помощью учебного проекта создаются условия для самостоятельной познавательной и творческой деятельности учащихся, а это всегда эффективно, если начинается с сильного мотива. Значит, нужна не просто проблема, она должна быть актуальна с точки зрения ученика и иметь практическую направленность. Деятельность учащихся в учебном проекте подчинена определённой логике, которая реализуется в последовательности её этапов. Вслед за предъявлением проекта учителем (названия, темы и проблемы) следует самостоятельное для учащихся формулирование цели и задач, организация групп, распределение ролей в группах, затем выбор методов, планирование работы и её осуществление. Завершается работа презентацией полученных результатов. Поскольку деятельность участников проекта в проекте в основном самостоятельная, то именно во время защиты проекта мы узнаём, что было сделано во время проектной работы.

Условиями успешности проектной деятельности становятся:

- личный интерес учащегося;
- конкретность постановки цели проекта, планируемых результатов;
- констатация исходных данных.

Виды презентационных проектов могут быть различными, выбор формы зависит от поставленных целей и содержания процесса проектной деятельности. Опыт работы показывает, что наиболее целесообразным является использование монопроектов и интегрированных проектов. Эффективными оказываются проекты, занимающие несколько уроков.

В заключении хочется сказать, что системная и целенаправленная работа по созданию условий для формирования навыков проектно-исследовательской деятельности в учебном и внеучебном процессе позволяет достичь положительных результатов. Учащиеся, занимающиеся исследовательской деятельностью, уверенней чувствуют себя на уроках, становятся активнее, учатся грамотно задавать вопросы, у них расширяется кругозор, становятся коммуникативными, активно участвуют в деятельности исследовательских работ разного уровня, способны к самореализации и социализации в современном обществе.

Литература

1. Пахомова Н.Ю. Метод учебного проекта в образовательном учреждении. - М.: Аркти, 2003.
2. Сергеев И.С. Как организовать проектную деятельность учащихся. – М.: Аркти, 2007.
3. Сергеев И.С. Как организовать проектную деятельность учащихся. Практическое пособие для работников образовательных учреждений. – М.: АРКТИ, 2003.
4. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. - М.: Педагогика, 1989.
5. Гузеев В. В. Образовательная технология: от приема до философии. - М., 1996.
6. Ильин Г.Л. Теоретические основы проективного образования /Исслед. центр проблем качества подготовки специалистов. - М.,1993.
7. Гузеев В.В. «Метод проектов» как частный случай интегральной технологии обучения //Директор школы. – 1995. - №6. - С. 39-47.

**Елубаева К. К.
Акылова Л. А.
г. Астана**

СТИЛИСТИЧЕСКИЕ ФУНКЦИИ ОБРАЩЕНИЙ

Обращение из покоя веков выполняло несколько функций. Главное из них – привлечь внимание собеседника. Кроме этого, обращение указывает на соответствующий признак, оно может быть экспрессивно и эмоционально окрашенным, содержать оценку.

Самые общие сведения об обращениях учащиеся получают еще в начальной школе. Используя умение учеников находить и пунктуационно выделять обращение, учитель сможет при изучении этой темы сосредоточить основное внимание на раскрытии понятия обращения, показе сферы употребления и стилистических функций обращений. Это позволит учащимся уяснить их назначение в речи и правильно использовать их в своих устных и письменных высказываниях.

Таким образом, можно говорить о стилистической направленности изучения обращений в школе.

Известно, что обычной сферой употребления обращений является диалог – в разговорной речи или в речи персонажей произведений художественной литературы. Обращения имеют место и в деловой речи (письмах, записках и т.п.). Очень часто используется обращение в поэзии и ораторской речи.

Стилистические функции обращений находятся в прямой зависимости от сферы их употребления. Так, например, в разговорной диалогической речи обращения выступают прежде всего в звательной функции – называют лицо, к которому говорящий обращается, чтобы привлечь его внимание; иную функцию выполняют обращения в поэзии: здесь они служат для различных характеристик лиц и предметов, сообщают лирической речи видимость непосредственного общения, могут употребляться для олицетворения неживых предметов и т.д.

Форма обращений и их лексический состав могут быть различны. И то и другое зависит, в частности, от взаимоотношений говорящего и собеседника (адресанта и адресата).

При изучении предложений с обращениями важно показать ученикам зависимость интонации от позиции обращения в предложении. Если обращение стоит в начале предложения, то может происходить наибольшее его интонационное выделение: обращение отделяется от других слов в предложении паузой, произносится с ярко выраженным повышением тона на ударной части и несколько замедленным темпом. С подобной интонацией может произноситься и обращение, стоящее в конце предложения.

Жизнь моя! Стал солидным я разве?

У тебя, как мальчишка, учусь,

Здравствуй, общества разнообразье,

Здравствуй, разнообразие чувств!

(М. Светлов.)

Обращение, стоящее в середине предложения, обычно произносится со слабым логическим ударением и с ускорением темпа (с подобной интонацией произносятся вводные слова): Расскажи мне, няня, про ваши старые года... (Пушкин.)

Однако в поэтической речи обращение, стоящее в середине предложения, может иногда произноситься со значительным повышением тона:

В минуту унынья, о родина – мать!

Я мыслью вперед улетаю.

(Некрасов.)

Именно с необходимостью интонационно выделить обращение, стоящее в середине предложения, связана необычная пунктуация в этих случаях.

Итак, мы видим, что характер интонации в предложениях с обращениями может быть разным, поэтому работа над овладением интонационной нормой связана с трудностями, особенно при чтении поэтических произведений. Тем не менее учитель должен и на уроках русского языка, и на уроках литературы формировать у учащихся умение правильно читать отрывки из поэтических произведений, содержащие предложения с обращениями. Заметим, что этим целесообразно заниматься после того, как учащиеся овладеют своеобразием интонации при обращении в разговорной речи (на примере диалога).

Обучая школьников сочинениям эпистолярного жанра, необходимо показать зависимость характера обращения от стиля высказывания. Это целесообразно сделать, читая отрывки из писем известных писателей. Учащиеся должны сделать вывод о мотивированности выбора формы обращения. Например, деловые письма Н.Островского начинаются так: Уважаемый товарищ! Передайте моё спасибо коллективу, работавшему над изданием моего романа... Добрый день, товарищ Соловьев!

Знакомясь с письмами, адресованными родным и друзьям, учащиеся могут увидеть, что обращение не только называет лицо, к которому обращено письмо, но и, это главное, служит средством выражения авторского отношения. В этом нетрудно убедиться, читая отрывки из писем Фадеева к матери и сыну: Милая и родная мама! Дорогой и любимый мой дружок!... Я крепко целую тебя, моя родная...

Вчитываясь в слова этого письма, учащиеся приходят к выводу, что существуют лексические, морфологические, синтаксические средства передачи авторского отношения через обращение.

Говоря о сфере употребления обращений, можно обратить внимание учащихся на использование предложений с обращениями в качестве названий книг, фильмов (фильмы: «Ко мне, Мухтар!», «Салют, Мария!», книги: Ч. Айтматов «Прощай, Гульсары!», В. Медведев «Баранкин, будь человеком»), передачи по радио и телевидению («Доброе утро, столица», «Спокойной ночи, малыши»).

Можно предложить учащимся текст публицистического стиля, в котором часто используются предложения с обращениями: ...Тишина, розовый снег. Первое утро Нового года... С Новым годом тебя, страна моя! С Новым годом, столица! С Новым годом, студенчество! С праздником тебя, моя страна!

Наблюдения над образцами и анализ предложений, включающих разнообразные по способам выражения обращения, - необходимое условие для прочного овладения учащимися этой интересной категорией слов.

Литература

1. Горбачевич К.С. Нормы современного русского литературного языка: Пособие для учителей. – М.: Просвещение, 1998

2. Розенталь Д.Э. Практическая стилистика русского языка. – М., 1977

Қосыбаев М. М.
Астана қ.

М. ҚАШҚАРИДЫҢ «ДИУАНИ ЛУҒАТ-ИТ-ТҮРІК» ЕҢБЕГІНДЕГІ ТҮЙЕ МАЛЫНА ҚАТЫСТЫ МӘДЕНИ ЛЕКСЕМАЛАР

Қазіргі қазақ қоғамындағы ерекше маңызды сипатқа ие болған ұлттық мүдделі мақсаттың бірі – халық рухын, оның өзегі – мәдениетті жаңғырту.

Соңғы жылдары тіл мен мәдениеттің арақатынасы өзекті мәселелер қатарында қарастырылып келеді. XX ғасырдың аяғында ғалымдардың аталған мәселеге ерекше назар аударуы лингвомәдениеттану ғылымының дамуына жол ашты. Ол тіл бірліктерінің ұлттық-мәдени семантикасын зерделеуге мүмкіндік береді. Лингвомәдениеттану – ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісін сипаттау мәселелерін зерттейтін тіл білімінің саласы. Көрнекті мәдениеттанушы ғалымдардың пікірінше, «мәдениет – адамның ақыл-ойы мен еңбегі жемістерінің тізбектері, дәлірек айтқанда, материалдық және рухани құндылықтар жүйесі» (Э. Тэйлор); «мәдениет – дүниенің бөлшектері болып саналатын рухани көріністерді бейнелейтін тіл, миф, өнер, дін және т.б. негізде құрылатын семиотикалық жүйе» (Ю. Лотман). Бұл арада тіл – тек коммуникативтік құрал емес, сонымен бірге адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі. Өйткені мәдениеттің этноаңбалық белгісі тілден тыс көріне алмайды. Осыған орай мәдениетпен сабақтастықта қарастырылатын тіл тек денотативті коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге коннотативті (белгілі бір әлеуметтік мәдени, танымдық мәні бар) құрал. Сол себепті тек қазақ қана емес бүкіл түркі халықтарының ортақ мұрасы болып табылатын М.Қашқаридың «Диуани-луғат-ит-түрік» жазба ескерткішінің мәдени лексемаларын анықтау, халықтың жадында сақталып бүгінгі күнге жеткен салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілік, мәдениетіне байланысты сөз қорын толық меңгеріп, өзіндік нақыш- бояуымен келесі ұрпаққа табыс ету – қазақ тілінің тарихи аспектідегі мәдени лексемаларын зерттеп, зерделеудегі маңызды міндеттердің қатарына жатады.

Түркі халықтарының күнделікті шаруасына қажетті болған, жылқымен қатар қызмет атқарған төрт түліктің бірі – *түйе*. Сөздікте түйе малының жалпы атауы *«теве»* деп беріледі. Ол сөздің екінші бір фонетикалық нұсқасы – *«тевей»*. М.Қашқаридың айтуынша, бұл лексема жекеше мағына беру үшін де, көптік мағына беру үшін де дәл осы айтылған нұсқасында қолданылады. Бұл сөзді оғыздар *«деве»* дейді, - деп жазады [1, 87(1)]. Сөздікте *тиси, тиве* деген де нұсқалары кездеседі.

Сөздің о бастағы түбірі *теве, тиси, тебе* болса керек. Соңғы *«е», «и»* дыбыстарының өзара алмаса беретін заңдылығы – түркітану ғылымындағы белгілі ерекшелік. Сол сияқты *теве, тебе* нұсқаларының қатар келіп қолданылуы да – түркі тілдерінің арасында бола беретін құбылыс: «б», «в» дыбыстарының өзара алмасып отыруы да тұрақты фонетикалық заңдылықтардың қатарына жатады. *«Тевей»* сөзіндегі соңғы *«й»* дыбысы көне жұрнақ, ол еркелету, кішірейту, сыйлау, аялау сияқты реңтер беру үшін қолданылатын болған. Мысалы, қазақ тіліндегі «апа-й, шеше-й, әке-й» т.б. сөздер осы тұжырымның айғақты куәсі бола алатын секілді.

Түйе малы ежелден киелі саналады, пірі Ойсылқара делінеді. Бұл атау түйе сөзінің орнына да қолданыла береді. Мұндағы *ойсыл* – көне түркі заманынан кейінгі кезеңдерге түйе ұғымына ауысқандығын, *алып бар-апар, қара ала құс* – қарлығаш сияқты *ойыс-ылди* сөздерінің кірігуінен *ойсыл* түріне келіп, архаймдік сипат алғандығын түйе атауларын зерттеуші Ә.Жақыпов еңбектерінен көреміз [2, 33].

Түйе атауының қазіргі кезде түркі, моңғол, тұңғұс-манчжур тобындағы тілдерде аталуы ерте кезден-ақ айта қаларлықтай дыбыс ерекшеліктеріне ұшарамай әр тілінің дыбыс сәйкестігі заңдылығына қарай сақталғандығын көреміз. Зерттеушілер атау мағынасында *зор, үлкен, жүк, тең, жүк арту, жүк түйеу* сияқты мағыналардың барлығын қырғыз, чуваш, тува тілдерінің мысалдары арқылы көрсетеді [3, 403].

Жыныстық ерекшелігіне байланысты атаулардың ішінде «Диуани луғат-ит-түрікте» көбірек кездесетіні – *«атан»* [4, 108]. Мақалда былай делінеді: «Атан иүкі аш болса ашка аз көрүнүр – Атан жүгі ас (тағам) болса, ашка аз көрінер» [1, 106]. Осы лексемаға мазмұндас сөздің бірі – *буғра* «еркек түйе» деген мағынаны білдіреді. «Буғрахан есімі осы сөзден алынған», - деп ескертеді, М.Қашқари [4, 395]. Бұл сөзден интервокальдық «ғ» фонемасының түсіп қалуына байланысты қазақы *бура* лексемасы пайда болған. Тілімізде еркек түйеге қатысты *үлек, буыршын* лексемалары кездеседі.

Сөздікте ендігі бір кездесетін атау – «ұрғашы түйе» деген ұғымды білдіретін – «иңен» лексемасы. Оның «иңан, инкан» [4, 148] деген нұсқалары да көрсетілген. Ана тілімізде аталмыш лексема *інген* формасында кездеседі. Сөздің о бастағы түбірі –иң болса керек. Ол «ұрғашы, аналық» деген ұғымды білдіреді. Көне қытай философиясында «инь» (аналық түпнегіз), «ян» (аталық түпнегіз) сынды ұғымдар болған. Осындағы «инь» мен жоғарыдағы «иң» -нің айтылу ұқсастығы да, мазмұндастығы да олардың бір тілдік ортада пайда болғандығы жайында ұшқары тұжырым жасауға жетелесе де, көз анық жетпегендіктен тек болжаммен шектелуге мәжбүр боламыз. Алтай тілдерінің ішіндегі түркі-моңғол бірлестігі кезінде сөз түбірі *үніген* (мүмкін *иніген*) түрінде де келуі ықтимал, өйткені түркі тілдерінің ішіндегі өзара өте жақын үш тілде: қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдерінде осы сөз «г» дыбысы арқылы айтылады, ескі моңғол тілінде де осылай. «Y», «и», «і», фонемаларының өзара алмасу заңдылығын, қажет болған жағдайда дәлелдеп жату қиынға соқпас еді, бірақ біздің ойымызша, сөз түбірінің ең көне тұлғасынан құранды сөздер әр түрлі жұрнақтар жалғану арқылы қаншалықты құбылып отырса да, қазақ тілінде о бастағы көне тұлғасы *иніген* формасында сақталып қалғанға ұқсайды.

Екпін түспейтін буында қысаң «і» дыбысының түсіп қалып «инген» нұсқасында кездесуі ғажап емес. Қазақ тілінің өзіндік заңдылығы бойынша, «г» дыбысының алдында келетін «н» дыбысы ылғи да «ң» болып айтылады: *иңген*. Басқа түркі тілдерінде қолданылатын «и» дыбысы қазақ тілінде «і» ретінде (яғни *інген*) қалыптасқан. Осы сөзбен мазмұндас ұрғашы түйенің аты есебінде жұмсалатын «*timip*» лексемасы да сөздіктен орын алған [4, 344]. Қазіргі түркі тілдерінде ұшыраспайды, тіпті ескі түркілік жазба жәдігерлерде де өте сирек кездеседі. Бұл, өзі соған қарағанда, бүгінде тұқымы құрып біткен түйенің бір ерекше түрін бейнелейтін атау болған болса керек.

Енді түйе жасына байланысты жаңа туған, төлдік кезеңіне тоқталайық. Зерттеу нысанамыз болып отырған М.Қашқари сөздігінде аталмыш лексема *ботуқ*, *бутук* түрлерінде кездеседі [4, 905]. Қашқари *ботуқ* лексемасын «енесінен ажырап кеткен бота» деп түсіндіреді, яғни енесін еміп жүргенде *боту*, енесі суалып кеткен соң *ботуқ* деп аталатын көрінеді. А.М. Щербак оның ең көне тұлғасын *ботуқ* (потук) деп көрсетеді [5, 10]. Автордың айтуынша оның ең көне тұлғасы *ботуғ* болса керек, өйткені сөз соңында келетін ұяң дыбыс қазақ тілінде не қатаң дыбысқа айналады, не айтылмай түсіп қалады. Мысалы: улуғ-ұлы, немесе ұлық. Осыған орай: *ботуғ-ботуқ-боту*. Сөз соңындағы «уғ» қосындысы В.Радловтың айтуы бойынша, әдетте дифтонгойд дыбыс болып есептеледі, ең соңғы дыбыстың айтылмай түсіп қалуына байланысты осы екі дыбыс, яғни, бір дифтонгойдтың орнын жаңа бір дыбыс, көбінесе ашық дауысты дыбыс келіп басуы керек, осындай жағдайда: *ботуғ-ботуқ-бота* болып, қазіргі қазақ тіліндегідей сөз тұлғасы пайда болады.

Қазақ тілінде *бота* сөзімен қатарлас атаудың бірімен –*ботақан*. Тіліміздің түсіндірме сөздігінде «ботаны жақсы көргенде, кішірейтіп, еркелеткенде айтылатын сөз» дейді. Қазақ тіліндегі түйе атауларын зерттеген ғалым Ә.Жақыпов «Басылымдарда барлық беріліп жүрген анықтамаларға жалпылық тән. Онда жас мөлшері көрінбейді. Әйтсе де, жинақталған экспедиция материалдарынан *ботақан* атауының түйенің 2-3 айлық еметін төлі екендігін байқауға болады»- деп көрсетеді [2, 33]. Яғни, түйенің 2-3 айлық төлі *ботақан* деп аталады. Анықтауыш пен анықталушы мүшелердің орын алмасып келу заңдылығын ботақан сөзінің құрамынан да көруге болатындығын кезінде көрнекті ғалым Қ.Жұбановтың дәлелдеп айтып кеткенін еске алсақ, *қан* // *кен* қосымшалары *қане* // *кене* шылауларынан туындайды [6, 359]. Ал шылаулардың бәрінің шығу төркінін жеке сөздерге тіреледі. Демек *қан* // *кен* жұрнақтарының жеке сөз екендігі және ондағы кішірейту мәні барлығы күмән тудырмаса керек.

Бота атауына қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «түйенің жылға толмаған жас төлі» [1, 387(II)] деген анықтама берілген. Мысалы: *Екі аяқтыда бажса тату, төрт аяқтыда бота тату. Ойнақтаған бота от басады* (мақал) . Түйе төлінің бұл атауы қазіргі кездегі көптеген түркі тектес тілдерде де бар, қырғызда- бото, ұйғырларда- бота, тува тілінде- бодаган, өзбектерде-бута, ноғайларда- бота, түркімендерде- пота, башқұрттарда- бута. Э.В.Севортянның «Этимологический словарь тюркских языков» атты сөздігінде бұл атаудың 100-ге жуық дыбыстық нұсқалары беріліп, олардың *бота*, *торай*, *аюдың баласы*, *буйволдың баласы*, *жалпы жануарлар атауының баласы*, *жаңғақтың дәнегі*, *өсімдіктердің өркені*, *бұтағы*, *сүйкімді*, *тығыршықтай*, *аласа* т.б. мағыналары анықталған.

Түркі тілдеріндегі әртүрлі дыбыстық және мағыналық нұсқаларды салыстыра келіп, *бота* сөзінің түп төркінін *бот-туу*, *бот*, *бота*, *бор* (түрік диалектінде *вот-ит*) –туу мағынасын білдіретін бір буынды етістікпен байланыста қарастырады. Осы аталған түбірге етістіктен есім тудыратын аффикстер – *ыт(борыт)-борт-бот*; *а/ы* (*бот-а*, *бот-ы*) жалғанып, *түйенің төлі* мағынасын білдіретін ең байырғы түр тұлға (проформа) *бор* екендігі көрсетеді [7, 198]. Осы негізге сүйеніп зерттеуші Р.Панзарбекова да бота атауының этимологиялық негізі «*туу*» мағынасын білдіретін «*бор*» деген байырғы жалаң түбірлі етістік болып табылатыны жайлы айтады [8, 12].

Бота атауының алғашқы шығу төркіні туралы зерттеуші Ә.Нұрмағанбетовтің болжамына келсек, тіліміздегі *бошала* сөзімен төркіндестіреді. Яғни *еркін*, *бос жіберген мал*. Әдетте кей түйелер боталар кезде төлін қызғанып, адам көрмейтін жерге кетеді. Мұндай түйелерді *бошалауық түйе* (Ә.Жақыпов), *бошалауық* (Ш.Жанәбілов) деп атайды. Сондықтан *інген*нің өз бетімен тууын *боша* төл деп атап, кейін *боша* сөзіндегі *ш* дыбысы *т*-ға сәйкестеніп, *бота* пайда болған дейді. Кейінірек төл сөзі түсіріліп, *бота* аталуы мүмкін деген болжам жасайды [9, 125].

М.Қашқари сөздікте *бота* сөзімен қатар қолданылатын *торум* сөзін атап көрсетеді [4, 344]. Қазіргі қазақ тіліндегі *тоқты-торым* деген қос сөздің бір сыңары алты айлық қозының атауы болса, екінші сыңары түйе баласының бір жастан кейінгісін білдіреді. Қазақ тілінде бота сөзімен тіркесіп, оның әр түрлі қасиетіне қарай айтылатын отызға жуық атауы бар екен. Олардың ішіндегі жас мөлшерлік сипаты барлары: *«арамза бота»* мезгілсіз туған бота, *«марқа бота»* мезгілінен 3-4 ай бұрын туған бота. Тіліміздің сөздік қорынан ботаның әдемілігіне байланысты туған, сұлулықты бейнелейтін *«бота көзді боз жігіт»*, *«бота көз ару»* деген сияқты тұрақты тіркестерді кездестіруге болады. Аяқты маймақ басып, былқ-сылқ еткен әлжуаз қайратсыз жас баланы ботаға теңеп, оның болмысын суреттеу үшін *«бота тірсек боз бала»* деген тіркестер де тілімізде ұшырасып жатады.

Қазақ күштілікті нарға теңеген. Осыған байланысты мықтылықты, күштілікті айтқысы келсе *«нар жолында жүк қалмас»*, *«нар атандай екен»*, *«жүк ауырын нар көтерер, сөз ауырын ер көтерер»* дейді. *«Ашуы жауған қардай, шөккен нардай»* деген тізбек үлкен ашу, қаһарлану ұғымын білдірсе, *«жығылсаң нардан жығыл», «жар басында жантақты жаннан кешкен нар жейді»* фразеологизмдері ерлікті, қайсарлықты, батырлықты білдіреді. *«Ақ түйенің қарны жарылды»* деген қарық болып қалды мағынасында қолданылады. Мәселен, Сол күннен бастап Итбай ауылында ақ түйенің қарны жарылды (С.Мұқанов). Ал *«Сөзі түйеден түскендей»* деген тіркес дәрекі, ерсі сөйлейтін адамға байланысты айтылады. Айтар болсақ: *Жаманның сөзі түйеден түскендей болады* (Мақал). *«Түйе үстінен ит қапты»* деген фразеологизмде икемсіз, епіз кісі деген мағына бар. Мысал келтірер болсақ: Күн жаумай су болып, түйе үстінен ит қапқан келеңсіз жігіт мұңын айтты (Т.Ахтанов). Сондай-ақ *«Биені бүгімен, түйені түгімен жұту»* тұрақты сөз тіркесі - жебір, жемқор, парақор мағынасында жұмсалады. Мәселен: Ыдысысың параның, түйені түгімен, биені жұтсаң бүгімен, қақалмай бір-ақ толғайтын (Д.Бабатайұлы). *Қасқиган қардан туады, салты ерін нардан туады; нар баласы қырымға, ит баласы жырымға* деген мақалдар адамның сыпайы маңғаздығын нарға балаудан пайда болған.

Әдебиеттер

1. Махмұт Қашқари Түрік сөздігі /Аударған А.Қ.Егеубай. – Алматы: Хант, 1997. – I-III т.
2. Жакипов А. Термины верблюдоводства казахского языка //Автореф. ... к.ф.н.: 10.02.02. – Алматы, 1983. – 38 с.
3. Корнилов Е.Г. Алтайские параллели к чувашским названиям оленя, верблюда и слона //Проблема общности алтайских языков. – Л., 1971. – 403 с.
4. Ауезова.З.-А. М. Махмуд ал-Кашгари Диван Лугат ат-Турк. – Алматы, 2005. – 108 б.
5. Щербак А.М. Названия домашних и диких животных в тюркских языках //Историческое развитие лексики тюркских языков. – М., 1961. – 460 б.
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966. – 359 б.
7. Севортян Э. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. – М., 1966. – 198 б.
8. Панзарбекова Р. Қазақ тіліндегі жануарлар төлінің атауы //Дисс. ... ф.ғ.к.: 10.02.02. – Алматы, 1998. – 327 б.
9. Нұрмағанбетов Ә. Қазақ тіліндегі атаулар тарихы. – Алматы, 1998. – 125 б.

IV СЕКЦИЯ. АУДАРМАТАНУ МЕН ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПЕРЕВОДОВЕДЕНИИ И МЕТОДИКЕ ПРЕПОДАВАНИЯ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ

**Волкова Л. В.
г. Астана**

ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ СТУДЕНТОВ ЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

Профессионально-ориентированные технологии являются элементом общей системы профессионального образования специалистов в Казахстане.

Вхождение Казахстана в мировое образовательное пространство предъявляет качественно новые требования к системе подготовки специалистов высшей школы.

В настоящее время важно подготовить будущего специалиста в определенной предметной языковой области как языковую личность, обладающую необходимыми компетенциями. Осуществление процесса модернизации образования требует актуализации личностного и профессионального потенциала при разработке новых технологий обучения.

Педагогические возможности развития коммуникативной компетенции как будущих, так и состоявшихся преподавателей английского языка определяются ее универсальным характером применения во всех областях жизнедеятельности человека. Ее специфика способствует развитию рефлексии на уровне привычного внутреннего действия, крайне необходимого для специалиста любого профиля, и является показателем зрелой языковой личности с высоким уровнем сознания и профессионального самосознания. В таком контексте коммуникативная компетенция является важным элементом общей образовательной компетенции, представляющей собой единство теоретической и практической готовности и способности студента к осуществлению образовательной деятельности, готовности и способности учиться всю жизнь.

В условиях информационного общества, требующего от специалистов не только высокой квалификации, но и умения критически и творчески мыслить, постепенно совершенствоваться и адаптироваться к быстро изменяющимся потребностям общества перед преподавателями языковых специальностей стоит ряд задач:

1. Развитие самостоятельного критического и творческого мышления у студентов.
Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық-технологиялық құралдардың жиынтығы. Қазіргі кезде сабақта ақпараттық технологияларды бәріміз кеңінен қолданамыз. Қазақ әдебиетінің классигі, ұлы атамыз Абай Құнанбайұлы: «Шәкірттерің жақсы оқу үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек», -деген. Расында да, тек ғана жігерлі, әр нәрсені үнемі білгісі келген, табандылығын, шыдамдылығын көрсеткен адам ғана мақсатына жетеді.

Ағылшын тілін оқытуда жаңа технологияларды техникалық, құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, мұғалімнің көптеген аауыр қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады [6].

Ағылшын тілі сабақтарында өзіміз қолданып жүрген компьютерлік бағдарламамен жұмыс істеу түрлерін атап өтер болсақ:

- лексиканы меңгерту;
- мәтіндік лексиканың кіріспесінде және онымен жұмыс істеуде, мысалы, азық-түлік, сауда, киім, т.б.

Сөйлеу жұмыстары: көптеген бағдарламаларда микрофонмен жұмыс істеуді қарастырады. Сөздер мен сөз тіркестері тыңдалғаннан кейін, оқушы оны қайталайды. Бұдан соң диктордың сөзді айту, яғни дыбыстау ерекшелігін тыңдай отырып, жеткіліксіз жақтарын аңғарып, оқушы оны түзетуге мүмкіндік алады.

Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда диалогтың да берері мол. Диалог сөйлесудің ең негізгі түрі болып саналады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас амандасудан басталады. Мұғалім сабаққа кіргеннен оқушылармен диалогта болады. Оқушыларға белгілі бір тақырыпта тапсырмалар беру арқылы сұхбаттар құрылады. Диалогтік сөйлесуді естіп тыңдаумен біртұтас та, жекелей де пайдалануға болады. Мақсатты ұйымдастырылған жағдаяттар арқылы ауызекі сөйлесуге үйрету оқушыларды қызықтырады. Диалогтік сөйлесу коммуникативтік оқытудың негізгі ұстанымына сәйкес келеді. Коммуникативтіліктің жауап алынған жағдайда ғана жүзеге асуы оның ұстанымы болып есептеледі. Ауызекі сөйлесу – жауаптасу арқылы жүзеге асады, ал жауаптасуға дейінгі дайындық кезеңдерін былайша сараланады:

1 кезең: диалогпен танысу (тыңдау арқылы);

2 кезең: диалогті жаттау;

3 кезең: диалогты қойылымға айналдыру, яғни сөйлесім іс-әрекетін қойылым іс-әрекетімен ұштастыру;

Жазуды оқыту. Жұмыстың бұл түрі сауатты жазу дағдыларымен, есте сақтау қабілеттерін дамытады, әрі пернетақтаны меңгеруге септігін тигізеді.

Тыңдау, сауатты жазу, әріптерді теру секілді үш іс-әрекетті бір уақытта біріктіреді. Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруда тыңдап түсіну мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Сонымен қатар, ақпараттық оқу құралдары (компьютер, аудио-визуалды құралдар) бойынша да оқушылар белсенді коммуникацияға түсе алады. Тыңдап түсіну арқылы тіл қалыптастыруда сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын, сөйлем құрастыруды, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды, сұрақ қоюдың барлық түрлерін үйрену тиімді. Ағылшын тілін оқытуда ең алдымен, тәжірибелік мақсат қойылады, оған оқушылардың сөздік қорларын байыту, сауатты жазуға үйрету, сөйлесуге, көргендерін, естігендерін әңгімелеп беруге үйрету қажет. Ал бұл іс-әрекеттерді сауатты да дұрыс жүзеге асыру үшін грамматикалық жұмыс жүргізілуі тиіс.

Қазіргі заманда ғылымсыз жан-жақты дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылу мүмкін емес. Ал мектеп мұғалімдерінің бүгінгі заманға сай берілген сабақтары осы мәселелерді шешуші күш болып отыр. Аталған мәселені өзіміздің тәжірибемізге жүгіне отырып шешкіміз келеді. Әр баланың аз болсын, көп болсын өмірлік тәжірибесі болады. Баланың тамырын басып, сол тәжірибелерін анықтап, өмірдегі білімдерін туған жерін сүйіп, сыйлауға баулыса, біздіңше, әр оқушы іркіліп қалмас. Пән мұғалімдері арасында да үнемі үзілмес байланыс болуы керек дейміз. Мысалы: қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі мұғалімдері бір тақырыпты бір уақытта бастап, пәндер арасында тым құрығанда атауларын бала үш тілде біліп, байланыстыра отырып тіркес, сөйлем, қысқа әңгіме құра білсе, бір оқу жылы ішінде біршама жетістікке жетер еді. Әрине, барлығын байланыстыру, жүйелеу оңай жұмыс емес, бірақ белгілі бір жетістікке жету үшін, «тілдердің үш тұғырлылығының» болуы үшін, нәтижесін көруге болатын сияқты. Үш тілді болу – қазіргі заман талабы. Өркениет көшінен қалмай соған сәйкес қадам жасауымыз қажет [7].

Әдебиеттер

1. Носонович Е.В. Критерии содержательной аутентичности учебного текста //Иностранные языки в школе. – 1999. - №2. - Б. 11-18 .
2. Пруссаков Н.Н. Трудности при обучению аудированию иноязычного звучащего текста //Иностранные языки в школе. – 1994. - №6. - Б. 57-62.
3. Дегтерева Т.А. Обучение аудированию в русле коммуникативно ориентированной методики //Иностранные языки в школе. – 1998. - №2. - Б. 6-16 .
4. Гальскова Н.Д. Основные трудности аудирования и пути их преодоления //Иностранные языки в школе. – 1995. - №3. - Б. 20-55.
5. Нурғалиева Г.К. Жаңа ақпаратты технология құралдары //Білім. - 2007. - №3. - Б. 3-7.
6. Примбаева А.Н. Ағылшын тілі сабақтарындағы аудиоматериалдар //Мектептегі шет тілі. – 2009. - №1. - Б. 15-21.
7. Корбозова Н.Н. Шетел тілін оқытуда аутенттік мәтіндермен жұмыс істеу тәсілдері //Мектептегі шет тілі. – 2011. - №2. - Б. 5-8.

Берішева Л. Б.

Астана қ.

Берішева Д. Е.

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді а.

Заманауи өмір талаптары әр тұлғаның мектеп жасынан жан-жақты жетіліп, аналитикалық ойлау жүйесі мен сыни көзқарасын бір мезетте қалыптастыруын талап етіп отыр. Қоғамның жедел интеграциялануы мен ғылымның дамуы жаңа ғасыр адамдарына жаңа сындар мен талаптар қоюда. Бұл ретте елімізде орындалып жатқан үш тұғырлы тіл саясатының маңызы мен мәні ерекше екендігі сөзсіз. Соңғы жылдары елімізде ашылып жатқан алуан түрлі университеттер мен орта кәсіби білім беру мекемелерінің талапкерлерді қабылдау емтихандарының шетелдік нұсқаларға сәйкес жасалуы да мектеп тәрбиеленушілерінің шетел тілдерін толық меңгеруіне деген тілегін арттырып отыр. Жасөспірімдердің шетел тілдерін меңгеруіне оң жағдай жасалып, көптеген арнайы тіл үйрету орталықтары ашылғанымен, мектептегі шетел тілі пәні мұғалімінің орны ерекше екендігі сөзсіз. Өз пәнін жан-жақты меңгерген, ақыл мен парасаты жоғары, қызметіне жауапкершілікпен қарайтын ұстаздың қашан да орны бөлек екендігі айқын, әйтсе де жиырма бірінші ғасыр тәлімгерінің міндеті мұнымен шектеліп қалмақ емес. Ақпараттың тоқтаусыз ағыны жағдайында оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен құлшынысын арттыру, оның әр жаңа тақырыпты жақсы түсініп, шынайы жағдайда пайдаға асыра алуы да мұғалімдердің көздеп отырған көп мақсаттарының бірі болып саналады. Соның ішінде әр шетел тілін үйретушінің көздейтін басты мақсаты оқушылардың тілге деген қызығушылығын ояту мен меңгерту екендігі айқын. Әйтсе де бұның оңай шешілетін мәселе емес екендігі де рас. Осы бағытта қос ғалым З.Дорней мен К.Цайсердің «Language Teaching Research» деп аталатын кітабында келтірілген шетел тілін меңгерушілердің құлшынысын арттыруға қатысты бірқатар қызықты ой-тұжырымдарын талқылауды жөн көрдік. Шетел тілін қалай оқытуға болады? Оқушылардың тілді шебер меңгеріп, кедергісіз қолдануы үшін не істеу керек? Дорней мен Цайсердің зерттеуіне сәйкес, тіл меңгерушілердің оқуға деген құлшынысын арттыратын он негізгі қарар қарастырылады.

Мұғалім	1.Сабаққа деген өз қызығушылығының болуы 2. Жасанды қылықтардан аулақ болу 3.Кез келген жеке жағдайға қатысты сезімталдық
Сыныптағы көңіл-күй	4.Сынып бөлмесінің жанға жайлы, тыныш, бірақ балалардың назарын сабақ мазмұнына аударатын бағытта жасақталуы 5.Мұғалімнің балалармен достық қарым-қатынас қалыптастыруы
Тапсырма	6.Нұсқаулардың айқын және нақты берілуі 7.Әр тапсырманың мақсаты мен пайдалылығы
Қарым-қатынас	8. Әр оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдау
Сенімділікті қалыптастыру	9.Оқу нәтижелерін сараптаудың оң болуы 10.Оқушылардың оқу нәтижелерінің оң болуына көз жеткізу 11.Оқушылардың қателіктерін қабылдау
Қызығушылықтар	12.Қызықты тапсырмалар мен мәтіндерді таңдап алу 13.Пайдаланылатын материалдар мен әрекет түрлерінің алуан түрлілігі 14.Тапсырмалар тіл үйренушілердің білім деңгейін сараптау мақсатына сай жасалуы шарт 15.Оқу құлшынысын арттыру үшін бағалар мен сауалнамалар емес, оқушылардың өз қызығушылықтарын пайдалану
Еркіндік	16.Меңгерушілердің жеке тәжірибесінің мысалдары мен шығармашылық ұсыныстары әрдайым оң көзқарасқа ие болуы керек 17.Оқушы тарапынан қойылатын сұрақ не оқу барысын түрлендіруге қатысты ұсыныстар әрдайым қабылдануы керек. 18.Оқу барысын ұйымдастыруға оқытушы ғана емес, оқушы да жауапты болуыға міндетті
Маңыздылық	19.Әр тапсырманың маңыздылығын таныту үшін оны алдын-ала сараптаудан өткізіп, сабаққа бейімдеу
Мақсат	20.Меңгерушілерді әр сабақта бірнеше мақсаттарға қол жеткізуге міндеттеу 21.Оқушылардың жеке мақсаттарды айқындап, оларға қол жеткізу барысында қолдауға ие болуы

	22. Үйренушілердің қажеттіліктерін айқындайтын сараптама жасау
Мәдениет	23. Оқытылып жатқан тілдің тарихы немесе сол тілдің Отаны туралы қызықты дәйектер не фильмдер ұсыну 24. Кей сабақтарға шетелдіктерді шақыру 25. Тіл үйренушілер үшін шетелдік достарымен хат алысуға оң жағдай туғызу

Аталмыш қарарлардың барлығын бір мезетте қолдану мүмкін емес екендігі айқын, яғни әр мұғалімнің күнделікті жұмысы барысында нақты жағдай мен талапқа сәйкес бір немесе бірнеше тәсілді пайдалануына әбден болады. Айталық мұғалімнің өз оқушыларына оң көзқараспен қарап, жымиюы, кейде әзіл айтып, олардың көңіл-күйлерін көтеруге тырысуы үздіксіз орындалып жатуы тиіс. Сол секілді тапсырмаларды беру барысында мұғалім нұсқауды алдымен өзі айтып, кейіннен оқушылардың біріне қайталатуы тиіс, ал күнделікті үйге берілетін жаңа сөздердің легі жеті мен он сөзден көп болмауы керек. Бұл берілетін тапсырманың айқындылығы мен пайдалылығын танытады. Меңгерушілерге топтық тапсырмалар беру барысында тұлғаның жетекшісіне бағынып, икемделуі оның өз қателіктерін түйсініп, өзгелердің оң әдеттерін үйренуіне жағдай жасайды, сондықтан топта жұмыс істеу барысында қиындықтарға тап келген оқушыны сабақ соңында жеке қалдырып, әңгімеге тартудың үлесі мол болары сөзсіз. Бұл кестенің төртінші мақсаты болып табылады. Әрбір шетел тілін бастап үйренуші жас деңгейінен тәуелсіз қорқынышқа ие. Көбінесе олардың қорқынышы өзге тілдің таныс емес дыбыстарын дауыстап айту не сөйлем құру барысында жасалатын қателіктерінің болуымен сипатталады. Ұстаз не тұрғыластарының сынынан қорыққан мұндай адам тілде сөйлеу не жазу әрекеттеріне өздігінен беттей алмайды. Осы себептен ұстаз өз оқушыларының қателіктерін түзетуде барынша сақ болғаны абзал. Сөйлеу не жазу барысында пайда болатын қателіктерді түзетуде батыс ұстаздарының кейбірі сәл ғана жымыяп не қателіктің жанына күлкілі сурет салады екен. Ал оқушылардың өз білімдеріне деген сенімділігін арттыру үшін оларға арнайы дайындалған, оңай тапсырмалар не тесттер жүйесін беру де - жиі кездесетін тәсілдердің бірі. Әр тұлғаға жаңалық пен әдемілікке ұмтылыс тән. Тілді үйрету барысында бірқалыпты сарын мен әрекеттердің қайталануы тіл меңгерушілерінің пәнге деген қызығушылығын төмендетіп, іштерін пыстыруы мүмкін. Осы себептен сабақ тақырыптары мен мәтіндерді оқушылардың жас деңгейі мен қызығушылықтарына сәйкес таңдау ұсынылады. Сол секілді тіл үйренушілер тарапынан орындалатын әрекеттердің де үнемі жаңартылып, уақыт жағынан шектелген, оңай ұйымдастырылатын болғаны дұрыс. Әрбір оқушы – жеке тұлға. Осы себептен әрбір тәрбиеленушінің жеке бас құндылықтары мен принциптеріне нұқсан келмеуі, оның өз алдына ұсыныстар айтып, тұжырымдар жасауға әрекеттенуі барысы мұғалім тарапынан үнемі қолдауға ие болып отыруы шарт. Кей шақта оқушылардың сабақ барысын жоспарлап, тақырыптарды таңдауға құқылы болуы, кейбір көңіл көтеру шараларын ұйымдастыруы жасөспірімнің бойында сенімділікті қалыптастырып, оның еркін тұлға ретінде өсуіне оң әсер етеді. Түпнұсқа тілінде мәтін оқу не шығарма жазу, болмаса, өлеңдер жаттау секілді алуан түрлі әрекеттердің әрқайсысы белгілі бір мақсатқа бағытталып, оқушының қандай да бір қабілетін дамытуға арналатыны белгілі. Әйтсе де оқушылар көп жағдайда берілген тапсырмалардың шынайы қажеттілігін түсінбегендіктен, оны орындаудың пайдалылығына да назар аударып жатпайды. Сондықтан әрбір тапсырма тіл үйренушіге берілер алдында сабаққа бейімделіп, оқушының қандай да бір қажеттілігін қанағаттандыруға жұмсалыуы тиіс. Сонымен, бір мезетте мұғалім өз оқушыларына әр сабақта тақырыпқа сәйкес кішігірім мақсаттар ұсынады, ал сабақ соңында әр оқушы сол мақсаттарға қаншалықты деңгейде қол жеткізгенін өзі не мұғалім көмегімен тани алады. Аталмыш зерттеудің соңғы және аса маңызды қарары мәдениет саналады. Расында, айталық, ағылшын тілін үйренушіге Британия елі туралы қызығалықты көркем фильмдер мен кітаптар ұсынылып немесе ағылшындықтармен алуан түрлі кездесулер ұйымдастыру, интернет арқылы ағылшын балаларымен достасып, хат алысу тілді үйренушінің құмарлығын арттыратын тамаша тәсілдер екендігі сөзсіз.

Расында, аталмыш тәсілдер тек қана шетел тілдерін үйретуші ұстаздар үшін емес, кез келген тіл маманы, тіпті өзге пәндердің ұстаздарына да аса пайдалы болуы мүмкін. Әр ұстаздың өз сабағын өткізу туралы жеке ойлары мен жылдар легінде тәжірибемен бойға сіңген тәсілдері болады, әйтсе де ағылшын тілінің мамандары арқылы жеткізілген аталмыш тәсілдер жиынтығы оқушылардың оқуға деген құлшынысын арттыруда баса назарға ие болатындығы сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Z. Dornyei and K. Csizer, Language Teaching Research, Hodder Arnold, 1998
2. Advanced by Michael McCarthy and Felicity O'Dell, Cambridge University Press, 2002
3. www.eastpartyland.com/teachers/nov/music.htm

ЛЕКСИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ

Ағылшын тілінің лексикасын оқу нені білдіреді? Ол үш кезеңді жорамалдайтын, арнайы сөздік қорды кеңейтетін процесс: жаңа сөзді қалыптастыру, іс жүзінде оны бір типті жағдайда қолдану, сонымен қатар оны кез келген салада қолдану мүмкіндігі. Басқа сөзбен айтқанда, жаңа лексикалық бірлікпен танысып қана қоймай, сонымен қатар оның мағынасын мысалдар арқылы ашып көрсету, керек жағдайларда еш қиындықсыз еске түсетіндей дәрежеге жеткізу.

Тек қазақ тілді аудиторияда емес, сондай-ақ жалпы ағылшын тілінің лексикасын оқытуының бірегей әдісі осы күнге дейін пайда болған жоқ, сондықтан ол өзекті мәселеге айналуға. Әдеттегідей жаңа сөздерді үйренудің бірнеше жолдары бар, алайда қай жолды таңдау әр адамның өз талғамында.

Шет тілдерін оқыту әдістері көптеген факторлар арқылы жүзеге асады, мысалға: әлеуметтік тапсырыс, негізгі мақсаттар мен оқыту әдіс-тәсілдері, нақты технологиялар мен әрекеттер, басым лингвистикалық теориялар және т.с.с.

Шет тілінің оқытуының алгоритмизациясы, ақыл-ой қызметінің кезеңдік қалыптасуы, дамытатын және жеке бағытталған оқыту, дидактикалық оқыту сияқты концепциялармен қатар шетел тілін оқытылуының тағы бір бағыты - шетелдік методикада бүгінгі күнде дәстүрлі әдістер қарастырылған, бұл әдіс А.А. Миролубовтың көз қарасын құптай отырып, өзінің басты мақсаты ретінде ауызша сөйлеу және аудармасыз оқу қабілеттерін дамытуды көздеген [1]. Кейбір шетелдік әдіскерлердің ойынша, бұл әдіс-тәсіл көптеген елдерде осы күнге дейін ағылшын тілін оқыту жүйесіндегі басым тәсіл екені анық. Бұл әдіс-тәсілге сәйкес тіл үйренушілер түрлі көлемдегі текстерді оқуға, жаттығуларды орындауға, мәтіндер мен эсселерді жазуға көп көңіл бөледі. Ауызша сөйлеуді айтар болсақ, оқушылар мысал-диалогтарды тыңдап, оларды қайталайды және жаттайды [2].

Әдетте шетел тілін дәстүрлі оқыту әдісінде оның құрамдас бөліктеріне көп көңіл бөлінеді, олар: тілдің грамматикалық, лексикалық және фонетикалық бөліктері. Коммуникативтік емес реңктегі жаттығулар, трансформацияға арналған жаттығулар, тілдік бірліктерді алмастыру т.с.с. жаттығуларға аса үлкен көңіл бөлінген.

Тілдің өлі, статикалық құбылыс емес екенін атап өткен маңызды. Тіл - біз білетіміздей тірі, үнемі өзгеріп тұратын және даму үстінде болатын феномен. Қоғам, ғылым, өнер және адам қызметінің басқа да салаларының өзгеруімен қатар тіл де өзгеріске ұшырайды. Оқытушының мақсаты – тілді үйренушіге тек қалыптасқан тілдік бірліктерді саралау ғана емес, сонымен қатар, жаңадан пайда болған бірліктерді өзгермелі жағдайда жұмыс жасауға үйрету. [3, 4, 7, 8, 9 и др.].

Бұрынғы уақытта мысалдар әдеби шығармалардан алынып немесе ойдан шығарылған. Алайда біздің замандастар қазіргі уақытта олай сөйлемейді әрі жазбайды. Дэвид Кристаллдың пайымдауынша, ағылшын тілін үйренушілердің акценті фонетика саласында емес, керісінше лексика мен грамматика салаларында деп атап көрсетеді [5]. Бұдан шығарылатын тұжырым: қандай тілді алып қарасақ та, шетел тілінің лексикасын үйретудің ең басты мақсаты – тілдік бірліктердің ұмытылмай актив және пассив сөздік қор ұғымдарын бір деңгейге жеткізу.

Тілде болып жатқан өзгерістерге сәйкес, тілді оқыту материалдары да өзгерді. Осыдан қалыптасқан дәстүрлі әдіске қоса «контекстік әдісті» ("Context Approach") атап көрсетуге болады, оның мағынасы мынада: барлық грамматикалық мысалдар ауызша және жазбаша түрі де шынайы контексттер мәтінінен алынған. Оған қоса тіл үйренуші бірнеше мысалдардан кейін берілген форманың қайда және қашан қолданылатынын өзі талдап алатындай етіліп берілген [4, 10].

Майкл Левис және Джимми Хиллдің ойынша, лексика саласында негізгі екпінді күнделікті және шынайы коммуникацияларда қолданылатын лексикалық құрылымдарға қою керек. Алайда мына жағдайды да ескеруіміз керек, күнделікті және ауызекі тілдегі сөздерді «слэнгтермен» қосып ресми немесе жартылай ресми жағдайларда қолдану - таяқтың ұшының екінші жағы [6].

Ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытудың дәстүрлі тәсілден кейін пайда болған «коммуникативтік тәсілін» ерекше атап өткен жөн. Бұл әдістің мақсаты тіл үйренуші үшін өзекті болатын шынайы өмірлік жағдайда коммуникативтік қабілеттіліктің барлық түрлеріне үйрету. Педагогтардың арасында бұрын кең қолданыс тапқан бұл әдіс осы күнге дейін маңыздылығын жоғалтпаған.

Коммуникативті бағытталған тәсілдің тәжірибеге енуі ғылым мен техниканың әр түрлі салаларындағы ақпараттардың, идеялар мен көз қарастардың жедел алмасуына әкелді. Көптеген салаларда мамандардың алмасуы байқала бастады.

Тіл үйренудің алғашқы сатысында жүргендер үшін қолданылатын тәсіл - тікелей тәсіл, яғни сабақ барысында бейімделген тіл қолданылады. Тіл үйренуші шет тілін өзінің ана тіліне ұқсастырып оқыту әдісі. Бұл тәсілде жазбаша жасалатын жаттығулардың алатын орны ерекше, бірақ айтарлықтай уақыт алуы мүмкін және тек примитивті коммуникация жүзеге асады.

Келесі әдіс-тәсілге тоқталатын болсақ, ол «тілдік көпір» деп аталады. Бұл тәсіл бойынша тіл адамның миының физиологиялық ерекшелігіне қарай оқытылады. Бұл тәсілдің ерекшелігі - ешқандай грамматикалық ережелерді түсіндіру немесе жаттығулар жасау қарастырылмаған, сөздердің аудармасын үнемі синхронды қайталаудың арқасында тіл үйренушіде «тілді сезу» қабілеттілігі пайда болады.

Көлемді әрі тиімді әдістердің бірі болып саналатын лингвоэлеуметтік әдіс-тәсіл, бұл әдістің ерешелігі тілді грамматика немесе фонетика тұрғысынан қарастыру емес, тілді элеуметтік және мәдени орта ретінде қарастыру.

Заман талабына сәйкес пайда болған әдіс, ол - жедел оқыту (интенсивті) әдісі, дәлірек айтқанда, уақыт тапшылығы, қоғам талабы, ғылым мен техниканың дамуы сияқты факторлардың пайда болуына түрткі болған әдіс.

Жоғарыда аталған әдіс-тәсілдер тізімі әрі қарай да көбейтілуі әрі дамытылуы мүмкін, бірақ осы тәсілдердің тіл үйренушінің жетістіктеріне және оқытушының жұмысының жоғары сапалылығы мен әр алуандылығына тигізер әсері өте зор.

Әдебиеттер

1. Миролубов А.А.. История отечественной методики обучения иностранным языкам. - М: СТУПЕНИ, ИНФРА-М, 2002. – 448 с.
2. Scrivener J. Learning Teaching. A Guidebook for English Language teachers. 2-nd. ed. – Macmillan Education, 2005. – 431 p.
3. Aitken R. Teaching Tenses. – ELB, 2002.
4. Carter Ronald, Hughes Rebecca, McCarthy Michael Exploring Grammar in Context. – Cambridge University Press, 2000.
5. Crystal D. The English Language. 2-d edition, 2002.
6. Lewis M. and Hill J. The English Verb: an Exploration of Structure and Meaning. Language Teaching Publications. 1996.
7. Morgan J., Rinvoluceri M., Vocabulary: Resource for Teachers. – Oxford University Press, 2004.
8. Parrott M., Grammar for English Language Teachers. – Cambridge University Press, 2000.
9. Underhill A., Sound Foundations. new ed., – Macmillan Education. 2005.
10. Villiers C.S. Teacher Resources Books. – Oxford University Press, 2006.
11. Willis D. Rules, Patterns and Words: Grammar and Lexis in English Language Teaching. – Cambridge University Press, 2003. – 238 p.

Салменова Г. И.
Астана қ.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Шетел тілін үйрену студенттердің ақыл-ой және шығармашылық дамуына түрткі болады. Бүгінгі таңда техникалық және кәсіби білім беру орындарының алдында білімнің шығармашылық танымдылығының белсенділік мәселесі білім беру жүйесінде жетекші мәселелердің бірі болып қарастырылады, сондықтан оқыту үрдісін қызықты әрі тартымды ету және колледж қабырғасында алған білімді өмір жолында кеңінен қолдану керек. Бұл мәселелерді шешу жаңа педагогикалық көзқарастар мен технологияларды кәсіби білім беру орындарында қолдануды талап етеді. Әрбір пәннің қандай да бір оқыту әдістері мен ақпараттық технологияларын қолданудың өзіндік ерекшелігі бар.

Тұлғалық бағытталған тәрбие мен оқытуды қамтамасыз ететін технологиялардың бірі жобалау әдісі болып табылады. Себебі жобалау технологиясы өзіне басқа технологиялардың элементтерін енгізеді. Мысалы, ақпараттық-коммуникативтік технология, СТО, проблемалық оқыту технологиясы және т.б.

Техникалық және кәсіптік білім беру орындарындағы оқыту үрдісіне жаңа білім беру технологияларын енгізу. Ағылшын тілін оқыту кезінде балалардың негізгі төрт қабілеттерін (сөйлеу, оқу, есту, жазу) дамыту. Соның ішінде жобалау технологиясын қолдана отырып, оқушылардың дүниетанымын кеңейту және шығармашылық, ізденіс жұмыстарының болуын қамтамасыз ету. Берілген технологиямен жұмыс істеу барысында студенттердің бойында өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі бағалау әдістерін қалыптастыру.

«Әрбір білімді азамат кемінде үш тіл білуі керек» деп Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев айтқан. Осындай мақсатқа халықты бағыттаған елбасы ел азаматтарының бәсекеге қабілетті болғанын қалайды. Қазіргі заманда ағылшын тілін білу міндет деп айтсақ, артық болмайды. Жаһандану заманында өмір сүріп, білім алып жүрген азаматтар қазіргі өмірде болып жатқан жағдайларда белсенді болған жөн. Жобалау технологиясы тіл үйренуші баланың бойында барлық қасиеттерді қалыптастыруға өз үлесін қосады, сонымен қатар баланың жан-жақты болып қалыптасуына әсер етеді.

Жобалау әдісі 1920 жылдары АҚШ-та пайда болды. Ал, орыс жаңашыл педагогтарының көңілін ХХ ғасырдың басында аударғты. Бірақ 1931 жылы белгілі бір себептерге байланысты оны қолдануға тыйым салынды. Сол кездерде бұл технология Батыс елдерінде қарқынды дамып жатты.

Жобалау әдісі - дидактикалық мақсаттың шынайы тәжірибемен аяқталуға бағытталған мәселені жетілдіру арқылы жетістікке жетудің тәсілі.

Педагогика ғылымының докторы, оқыту технологиясы саласының атақты зерттеушісі Е.С. Полат жобалау әдісін «қандай да бір нәтиженің тек қана жетістігін қарастырмайтын оқушылардың жеке немесе топтық, белгілі бір тәсілмен ұйымдастырылған ізденіс, зерттеу жұмысы» ретінде анықтайды [1, 6].

Жоба жасау барысындағы топтық жұмыс әрбір оқушыға өзінің қабілетіне сай нәрселерді істей алумен қатар топпен жұмыс істей алу қабілеттеріне, өз серіктесін тыңдау және оның көзқарасын қабылдауға, өз ойын толық жеткізуге үйретеді. Сонымен, әр бала өзінің «МЕНін» көрсетеді, өзі туралы, өз ойы туралы айтып береді, яғни оның көзқарасы біреуге қызықты немесе өзі тұлға ретінде қызықты. Осы жерде біз студенттердің тұлға ретінде қалыптасуын көреміз.

Жобаны жасау барысында оқушылардың қиялы, арманы және шығармашылық қабілеттері және басқа тұлғалық қасиеттер дамиды. Егер оған сабақ үстінде қалыпты психологиялық әсер болса және көмекшінің жақсы қарым-қатынасы болса, бұл кезде оқытуды дамыту қоры одан сайын ашылады [3].

Мұғалім міндетті түрде оқушыларға жұмыс мақсатын түсіндіруі керек. Түк шықпай жатқан жағдайдың өзінде жобаның қатысушыларына жұмыстарын таратып, түсіндіріп беруі керек. Жұмыс сыныпта мұғалімнің басшылығымен басталады, үйде жалғастырылады, ал жобаның көрсетілімі келесі сабақта жүргізіледі.

Жобаның көрсетіліміне көп көңілді бөлінгені жөн болады, ол әрине ағылшын тілінде болуы керек. Жобаны алғаш рет жасағанда, мұғалімнің оқушыларды өз жобасымен таныстырып кеткені жөн.

Жобаны жасау үшін жағымды жағдайды ұйымдастыру өте маңызды, осының нәтижесінде оқушылардың шығармашылық және білім деңгейлері артады. Ол үшін жобаның тақырыбы топтың барлық мүшелеріне, олардың қызығушылықтары мен темпераментіне сәйкес таңдалғанына сенімді болу керек.

Жобалау технологиясы жалпы сөйлеу мәдениеті мен қоғамдағы мінез-құлықты қалыптастырып, жетілдіреді және оқушылардың шетел тілін тәжірибелі қолданылуларына әкеледі. Жобалау әдісі ағылшын тілін бастапқы немесе жалғастырушы деңгейдегі оқушылардың білім алуының құрамдас бөлігі болып табылады. Шетел тілін оқытудың негізгі міндеті оқушының жеке жұмысын дамыту және оларды ақпаратты белсенді шығармашылық игерілуіне бағыттау, логикалық ойлау және қандай да бір шешімдерді тез қабылдауға үйрету [4]. Оқушының жобадарға қорытындысы мінсіз өнім (ақпаратты меңгеру негізінде жасалған ой жүйелілігі, нәтиже, қалыптасқан білім), сондай-ақ заттай өнім (елтану коллажи, альбом, саяхатшының даңғысы, шет елдегі досқа хат жазу, қабырға газетін жасау, слайд-шоу, кино) бола алады.

Іс-тәжірибенің нәтижесі бойынша, жобалау технологиясында қолданылған сабақтар оқушылардың «Шетел тілі» пәніне деген қызығушылықтарын арттырып, сөйлеу қабілеттері мен дағдыларын жетілдіреді және оқытылатын тілдің елі туралы ақпаратпен танымдарын байытады. Мұндай сабаққа дайындалу барысында оқушылар өткен тақырыптарды қайталайды, сонымен қатар қосымша ақпараттарды қолдануға тырысады. Осының нәтижесінде оқушының танымдық қабілеттері дамып, интегралды сабақ бола алады.

Жобалап оқыту сынып-сабақ жүйесінің пайдалы альтернативасы, бірақ ол оны шегермеуі керек.

Жобалап оқыту оқушылардың белсенділік әрекеттерін арттырады, себебі ол:

- тұлғаға бағытталған;
- өзінің, және нәтиже ретінде оқушылардың жұмысты орындау барысында қызығушылық деңгейі артады;
- нақты бір істе өзінің тәжірибесіне және өзгелердің тәжірибелеріне қарап үйренуіне әсер етеді;
- оқушылар қанағаттанады, себебі олар орындаған жұмыстың нәтижесін (өнімін) көреді.

Оқушылардың қызметі іс-әрекеттің белсенді тәсілдері арқылы өзін-өзі оқыту мен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылыстарына бағытталған. Шетел тілін оқыту курсында жобалау әдісі тақырыптық бағдарлама көлемінде кез келген тақырып «Ойыншықтар әлемі», «Лондонға саяхат» бойынша жүргізіле алады. Себебі, әрбір тақырыптың практикалық маңызы бар. Белгілі тақырыптағы әрбір жоба ауызша сөйлеу мәдениетіне пара пар. Әрбір жоба негізінде қандай да бір мәселе жатыр. Оны шешу үшін оқушы ағылшын тілін білумен шектелмей, басқа пәндер білімімен қарулануы керек. Балалардың бойында белгілі ақыл-ой және шығармашылық, қарым-қатынас дағдылары болуы керек. Оқытуда оқушының рөлі ауысады, яғни ол оқыту үрдісінің белсенді қатысушысы болады. Себебі, жобалау әдісі белгілі бір жұмыстың орындалу алгоритмін ұсынады және қызметтің әр түрін біріктіреді. Соның нәтижесінде жобаның әр түрлі кезеңдерін орындау барысында, жобалау әрекетінің сәйкес элементі орындалады [7].

Әдебиеттер

1. Новые педагогические и информационные технологии /Под ред. Е.С. Полат. – М., 1999.

2. Мильруд Р.П. Современные концептуальные принципы коммуникативного обучения иностранным языкам //Иностранные языки в школе. – 2000 - №4 - С. 9-16.
3. Полат Е.С. Типология телекоммуникационных проектов //Наука и школа. – 1997. - №4.
4. Новикова Т. Проектные технологии на уроках и во внеурочной деятельности //Народное образование. – 2000.
5. Скоробогатова Г.Г. Проблемная, проектная, модульная и модульно – блочная технологии в работе учителя. - М., 2002. – 70 с.
6. Полат Е.С. Метод проектов на уроках иностранного языка //Иностранные языки в школе. – 2000. - №2.
7. Сафонова В.В Изучение языков международного общения в контексте диалога культур и цивилизаций. – Воронеж: Истоки, 1996.

МАЗМУНЫ СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Құсайынов А. Қ.	ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ.....	3
Жексембекова В. А.	МЕСТО ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ СИСТЕМ В ФОРМИРОВАНИИ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА.....	5
Шаймерденова Н. Ж. Бурибаева М. А.	МЕТАЯЗЫК В СОЦИЛЬНО-ГУМАНИТАРНОМ ОБРАЗОВАНИИ.....	8
Адилгазинов Г. З.	О СОСТОЯНИИ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА В МАЛОКОМПЛЕКТНОЙ ШКОЛЕ И КОНЦЕПТУАЛЬНЫХ ПУТЯХ ЕГО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ.....	11
Мамаділ Қ. А.	ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ БЕЛЕСТЕРІ (жалпы шолу).....	14
Сарсекеев Б. С.	К ПРОБЛЕМЕ ШКОЛЬНОГО ИСТОРИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ: КОМПЕТЕНТНОСТЬ УЧИТЕЛЬСТВА.....	17
Загатова С. Б.	КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ ПОДХОД К СОДЕРЖАНИЮ ИНОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....	20
Сейтхожина Д. А.	ЭКОНОМИКА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: 20 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОГО РАЗВИТИЯ – ИТОГИ, ВЫЗОВЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ.....	22

I СЕКЦИЯ. ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ МЕН ОРНЫ

РОЛЬ И МЕСТО СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫХ НАУК В СОВРЕМЕННОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ

Тесленко А. Н.	СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ ДИСЦИПЛИНЫ КАК ФАКТОР ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ СОЦИАЛИЗАЦИИ.....	26
Оспанова Я. Н.	СФЕРЫ ПРОФИЛАКТИКИ СОЦИАЛЬНОГО СИРОТСТВА: СЕМЬЯ, ШКОЛА И РАБОТА С ПРОТИВОПРАВНЫМ ПОВЕДЕНИЕМ ПОДРОСТКА.....	30
Ахметов Қ. Ә.	ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ ДІН САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ.....	32
Сарсекеева З. Т.	АКТИВНЫЕ ТРЕНИНГОВЫЕ ФОРМЫ ЗАНЯТИЙ КАК УСЛОВИЕ ФОРМИРОВАНИЯ КЛЮЧЕВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ШКОЛЬНИКОВ.....	34
Абдрахманова А. Б.	К ВОПРОСУ О ТРАДИЦИЯХ В КАЗАХСКОМ ТРАДИЦИОННОМ ОБЩЕСТВЕ...	35
Арыстанова К. А. Сагиндикова Г. М.	ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКИ РАЗВИТОЙ ЛИЧНОСТИ И ЭКОЛОГИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА.....	36
Аскарова Г. Б.	ЛАГЕРНАЯ СИСТЕМА КАЗАХСТАНА И ЕГО ИСТОРИЯ.....	38
Аубакирова Қ. Ш. Оразаева Г. Ш.	ТАРИХ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ.....	41

Байкова В. Л. Баймуханбетова Г. Х.	ОТ ТРАДИЦИОННОГО УРОКА – К МАСТЕРСКОЙ, К ТЕХНОЛОГИИ ОБРАЗОВАНИЯ.42 ОРГАНИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА ПРИ КРЕДИТНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ТЕХНИЧЕСКОГО И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ..... 46	42 46
Батырбалинова Р. О.	ЛИЧНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЙ ПОДХОД К ОБУЧЕНИЮ БИОЛОГИИ.....47	47
Бисимбаева А. Т. Джанпеисова М. М.	К ВОПРОСУ ОБ ИСТОРИИ КАРТЫ КАСПИЙСКОГО МОРЯ..... 49	49
Ботаев Н. Б. Назарова З. Ж.	К ВОПРОСУ ОБ ИСТОРИИ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА..... 51	51
Гафурова С. Ф. Кстаубаева У. А.	РАЗВИТИЕ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ..... 53	53
Грамлих Г. В.	ОРГАНИЗАЦИЯ ЗАЧЕТНОЙ СИСТЕМЫ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ.....55	55
Ермекбаева А. Б.	ПРИМЕНЕНИЕ АКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В ПРЕПОДАВАНИИ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН..... 56	56
Есеналина Н. Т.	ҰЛТТЫҚ МҰРАЛАРДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІНІҢ БАСТАУЫШ МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МЕН ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ КӨРІНІСТЕРІ..... 58	58
Есимова С. С.	ФОРМИРОВАНИЕ УМЕНИЙ РЕШАТЬ ЗАДАЧИ..... 61	61
Еслямова А. З.	АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ ОТАРЛАУ САЯСАТЫ (ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басындағы).....64	64
Жаксипаева А. С.	ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ В ОБРАЗОВАНИИ..... 66	66
Жусипбеков М. Т.	ОТАНШЫЛДЫҚ СЕЗІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ..... 69	69
Жылқыбекова Г. Т.	МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ІЗГІЛЕНГЕН ТҰЛҒА..... 70	70
Загипарова К. С.	НЕКОТОРЫЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ МЕТОДЫ В ИЗУЧЕНИИ СОЦИАЛЬНО- ГУМАНИТАРНЫХ НАУК В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ..... 73	73
Ибрагимова С. И.	ФОРМИРОВАНИЕ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ СТУДЕНТОВ ТЕХНИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ..... 74	74
Ибраева А. К.	ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ МОТИВАЦИИ ДОСТИЖЕНИЯ И НАСТОЙЧИВОСТИ У ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА..... 76	76
Ильясова А. У.	ТОЛЕРАНТНОСТЬ КАК КОММУНИКАТИВНАЯ КАТЕГОРИЯ.....78	78
Исмагулова С. К.	ОБ ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ ПРИ КРЕДИТНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ В КОЛЛЕДЖЕ.....80	80
Қасен Г. А.	ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ..... 82	82
Кемайкина Т. Н.	ОСНОВЫ СЕМЕЙНОГО КОНСУЛЬТИРОВАНИЯ..... 84	84
Кенжалина Г. Ж.	ДОРЕВОЛЮЦИОННАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ НАРОДНОГО ОБРАЗОВАНИЯ И ФОРМИРОВАНИЯ КАЗАХСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ..... 86	86
Кифик Н. Ю.	ВОЗМОЖНОСТИ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ВУЗА.....89	89

Кунтуова И. М. Мажиденова Р. М.	МЕСТО ФИЛОСОФИИ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЕ.....90 РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ ПРЕПОДАВАНИЯ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫХ ДИСЦИПЛИН В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ..... 92
Макурина Е. В.	ЦЕННОСТНАЯ ОРИЕНТАЦИЯ ГУМАНИТАРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ..... 93
Муслимова З. К.	ПРОБЛЕМНЫЙ ПОДХОД В ОБУЧЕНИИ МАТЕМАТИКЕ..... 94
Нұрпейісов М. К.	ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ГУМАНИСТІК КӨЗҚАРАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ МЕН РУХАНИ ДҰНИЕТАНЫМЫНА ЫҚПАЛ ЕТУ ЖАҒДАЙЫ..... 96
Омарова С. М. Есеналина Н. Т.	ОҚУШЫЛАРҒА САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗУДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЖОЛДАРЫ..... 99
Оспанова А. С.	ЛОГИКО-АЛГОРИТМИЧЕСКАЯ ЛИНИЯ В КУРСЕ МАТЕМАТИКИ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ..... 102
Пахрутдинова Ж. И.	ШИЕЛЕНІСТІ БАСҚАРУ ӘДІСТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНУ.... 104
Сампиев И. М.	ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН В ВУЗЕ..... 107
Сапиева М. С.	ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ НАПРАВЛЕННОСТЬ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА ПРИ ПОДГОТОВКЕ УЧИТЕЛЯ МУЗЫКИ..... 109
Сердалин С. Д.	СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ КАК ФАКТОР УСПЕШНОГО РАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТИ В СОВРЕМЕННОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ..... 110
Смбаева Д. Б.	ОРГАНИЗАЦИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ..... 112
Степанова В. Н.	ВИДЫ И ФОРМЫ ОПРОСА..... 113
Сыздыкова Г. К.	ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ВОСПИТАНИЕ ШКОЛЬНИКОВ..... 115
Хамитова Р. К.	ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ГУМАНИСТИЧЕСКОЙ ПЕДАГОГИКИ КАК ОРИЕНТИР ШКОЛЫ НА СОЗДАНИЕ БЛАГОПРИЯТНЫХ УСЛОВИЙ, ФОРМИРУЮЩИХ ТВОРЧЕСКОЕ МЫШЛЕНИЕ УЧАЩИХСЯ..... 117
Шакирова К. Н.	ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУҒА ҮШІН, РУХАНИ АДАМҒЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУДЕ «ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» ПӘНІНІҢ МАҢЫЗЫ..... 119
Халықова А. М.	БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ..... 121
Нургазиева Н. М.	ГУМАНИТАРЛЫҚ КОЛЛЕДЖ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КРЕАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ..... 122
Сулейменов А. М.	КАДРЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ..... 124
Исаева Ж. К. Турдалиева А. Ш.	СОЦИАЛЬНО ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ЗНАЧИМОСТЬ СЕМЕЙНОГО ВОСПИТАНИЯ В ПОДРОСТКОВОМ ВОЗРАСТЕ..... 126
Исаева Ж. К. Бекембетова Л. И.	ОСОБЕННОСТИ ПОДГОТОВКИ К ШКОЛЬНОМУ ОБУЧЕНИЮ ДОШКОЛЬНИКОВ В ПРОЦЕССЕ ЛОГОПЕДИЧЕСКОЙ РАБОТЫ ПО УСТРАНЕНИЮ ОБЩЕГО НЕДОРАЗВИТИЯ РЕЧИ..... 128
Танирбергенова А. Ш.	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМУЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 130
Шамшметова А. А.	РУХАНИ, АДАМҒЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ – БАСТЫ МАҚСАТ..... 131

Шаяхмет Ш. К. Уркумбаева Б. М.	ҚАЗІРГІ ЗАМАН МҰҒАЛІМІНІҢ МОДЕЛІ.....	134
Жұмаділова Қ. Б.	ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҚҰЗІРЕТТІЛІК МӘСЕЛЕСІ.....	136
Дүйсен С. Ж.	ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХ ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ БАСТАУЫНДА.....	137
Базарбаева К. К.	ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ ЖӘНЕ ПСИХОКОРРЕКЦИЯ.....	140
Есембекова Г. Н.	АНТИБИОТИКИ В ПРОДУКТАХ ЖИВОТНОВОДСТВА.....	141
Колумбаева З. Е.	XV-XVII ҒҒ. ҚАЗАҚ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ШЕЖІРЕ ДЕРЕКТЕРІ.....	142
Сарсекеев А. С. Қажымұрат Ж.	ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ОРНЫ.....	145
Amanbayeva A. A. Dzhanpeissova M. M.	THE OSCE EXPERIENCE IN CREATION OF CICA.....	146

II СЕКЦИЯ. ҚАЗІРГІ ЗАМАНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ПРАВОВЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОСТИ

Порядина И. В.	ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ В КОММЕРЧЕСКОМ БАНКЕ.....	149
Белюсова Э. В.	ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ УСТАНОВЛЕНИЯ ЕДИНОГО ЗЕМЕЛЬНОГО НАЛОГА НА НЕДВИЖИМОСТЬ.....	151
Жүкібай М. Ы.	ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ: АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ДАМУЫ.....	153
Бектенов С. Ж.	ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАДА АЛАТЫН ОРНЫ.....	155
Бекбулатова А. Т.	НАЛОГОВАЯ ПОЛИТИКА СУБЪЕКТОВ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА КАК МЕТОД СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ НАЛОГОВОГО МЕНЕДЖМЕНТА КАЧЕСТВА НА ПРЕПРИЯТИИ.....	157
Гаитова З. А. Утибаева Г. Б.	СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ИПОТЕЧНОГО КРЕДИТОВАНИЯ.....	160
Ганиев Р. А. Утибаева Г. Б.	МЕТОДИКА АНАЛИЗА ЛИКВИДНОСТИ КОММЕРЧЕСКОГО БАНКА.....	161
Гусейнова С. С.	КРЕДИТНАЯ ПОЛИТИКА КОММЕРЧЕСКОГО БАНКА И ПУТИ ЕЕ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ (на примере АО «Казкоммерцбанк»).....	164
Ерғали А.	САЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ЖАҚСARTУДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	167
Жүкібаева Г. О. Сембиева Л. М.	ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЭКОНОМИКАСЫН ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ «ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТТІҢ» РӨЛІ.....	168
Ибрагимова Н. В.	ВНЕДРЕНИЕ СИСТЕМЫ МАТЕРИАЛЬНОГО СТИМУЛИРОВАНИЯ РАБОТНИКОВ ПРЕДПРИЯТИЙ НА ОСНОВЕ КОМПЛЕКСНОЙ ОЦЕНКИ РЕЗУЛЬТАТОВ ТРУДА.....	170
Кашикова А. К.	СОСТОЯНИЕ И ПРОБЛЕМЫ КОММЕРЧЕСКИХ БАНКОВ РЕСПУБЛИКИ	

Тажбенова Г. Д. Кусаинова А. Р.	КАЗАХСТАН НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ..... 172 МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА В КОНТЕКСТЕ ФОРМИРОВАНИЯ ЕДИНОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА..... 175
Манакбаева А. Б.	ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АДАМИ КАПИТАЛ МӘСЕЛЕСІ..... 176
Садирбаева Г. Н.	ОРГАНИЗАЦИЯ РАБОТЫ НА ФАКУЛЬТАТИВНЫХ ЗАНЯТИЯХ ПО ОРГАНИЧЕСКОЙ ХИМИИ..... 179
Сембиева Л. М.	СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ФИНАНСОВОЙ СИСТЕМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН..... 181
Станишевская О. В. г. Астана	СОЦИАЛЬНОЕ ПАРТНЁРСТВО – ОСНОВА ПОДГОТОВКИ КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ..... 183
Стацурина Ю. А.	НАЛОГОВОЕ СТИМУЛИРОВАНИЕ СУБЪЕКТОВ ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ..... 185
Тажигулова А. Ж.	ӨНІМ САПАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ..... 188
Таукелова М. С. Порядина И. В.	ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ТРЕХЛЕТНЕГО БЮДЖЕТНОГО ПЛАНИРОВАНИЯ..... 190
Тюлюбаева А. У. Жүкібай М. Ы.	ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАЛЫҒЫНДА КӨЛІКТІК- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ САЛАДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ..... 192
Цой А. Б.	СВЯЗЬ ХИМИИ С ПРОФЕССИЕЙ «ПОВАР»..... 194
Щербинина О. В.	ЭКОНОМИКО-МАТЕМАТИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА СОВРЕМЕННОСТИ..... 195
Мусина Р. С.	ПРОБЛЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКИМИ РЕСУРСАМИ..... 167
Ержанова А. А.	ОСНОВНЫЕ ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПРИОРИТЕТЫ КАЗАХСТАНА НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ..... 199
Овчинникова Т. В.	УПРАВЛЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫМ РАЗВИТИЕМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН..... 201
Горовая О. Н.	ИННОВАЦИОННАЯ ЭКОНОМИКА КАЗАХСТАНА..... 203
Әбдікәрімова Қ. Смагулова А. Б.	НАРЫҚ ЖӘНЕ НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА ТУРАЛЫ..... 205
Әбдікәрімова Қ. Тайшықова А. Х.	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕДЕЛТЕТУ ЖОЛДАРЫ..... 207
Бакиева И. И. Касенова А. Ж.	ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ В УСЛОВИЯХ КРИЗИСА..... 208
Садькова М. К. Касенова А. Ж.	СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ УПРАВЛЕНИЯ ОРГАНИЗАЦИОННЫМИ ИЗМЕНЕНИЯМИ ФИРМ В РЫНОЧНЫХ УСЛОВИЯХ..... 210
Әбдікәрімова Қ. Қазкен Н. Д.	ЖҰМЫССЫЗДЫҚ – ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ БӨЛІНБЕС ЭЛЕМЕНТІ..... 211
Kenzhebolatova M. Sh.	FINANCIAL MAINTENANCE OF THE AGRARIAN SECTOR IN CONDITIONS OF INNOVATIVE PROGRESS..... 213
Разуваева М. В.	СУДОПРОИЗВОДСТВО И НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИЙ..... 215
Пак А. Н.	ПРОЦЕСС ФОРМИРОВАНИЯ АРБИТРАЖНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В КАЗАХСТАНЕ.. 216
Мусынова Г. Е.	«ТҮЗЕУ» САНАТЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІ ҚҰЛМЫСТЫҚ ЖАЗАНЫҢ МАҚСАТЫ РЕТІНДЕ 218

Сәулен Н. С.	ПАРАҚОРЛЫҚҚА ДЕЛДАЛ БОЛУ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ.....	220
Жантаева Ә. Қ.	ҚЫЛМЫСҚА ҚАТЫСУ НЫСАНДАРЫН АЖЫРАТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	222
Нурлыбаев М. Н.	ЖЕРГЕ ЗАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	224
Байдалина Г. Ш.	ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ПРАВОВОЙ СИСТЕМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	226
Кожаметова А. Е.	ПЕРСПЕКТИВЫ РЕФЕРЕНДУМА КАК ИНСТИТУТА НЕПОСРЕДСТВЕННОЙ ДЕМОКРАТИИ.....	227
Суюндикова А. Х.	ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ПОЛИТИКО-ПРОСВЕТИТЕЛЬСКОЙ МЫСЛИ В КАЗАХСТАНЕ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА.....	230

III СЕКЦИЯ. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ КАЗАХСКОЙ И РУССКОЙ ФИЛОЛОГИИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ

Исаева Ж. К.	РОЛЬ АНТИЧНОЙ РИТОРИКИ В СТАНОВЛЕНИИ ТЕОРИИ АРГУМЕНТАЦИИ.	232
Жусупова А. К.	АКТИВИЗАЦИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ.....	234
Агибаева С. С.	МИФ О ТУРАНЕ В ПОЭЗИИ М. ЖУМАБАЕВА.....	235
Алипбекова Л. У. Ілиясова А. Ү. Ясинова Қ. А.	МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ХАЛЫҚ БІРЛІГІНІҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ.....	237
Байтанасова Қ. М.	КӨРКЕМ ТУЫНДЫДАҒЫ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК БІРЛІГІ.....	238
Батталова Р. А.	УРОКИ-МАСТЕРСКИЕ КАК СПОСОБ ОРГАНИЗАЦИИ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ.....	241
Бухарова З. С.	ЛИТЕРАТУРА – ОТРАЖЕНИЕ ДУХОВНЫХ И ОБЩЕСТВЕННЫХ ПРОБЛЕМ СОВРЕМЕННОСТИ.....	243
Жакеева Ұ. Қ.	ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚАТЫСЫМДЫҚ БАҒЫТТА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	244
Исина Н. У.	ПРОЗА А. АЛИМЖАНОВА В АСПЕКТЕ НАРРАТОЛОГИИ.....	246
Крылова Л. А.	«БОРИС ГОДУНОВ» ПУШКИНА КАК ДИАЛОГ О СУЩНОМ И ВЕЧНОМ.....	247
Кулькаева Ғ. Б.	КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ІСКЕРЛІК ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ.....	249
Мамбетова Б. М.	МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	251
Мисяченко С. В.	СТИЛИСТИЧЕСКИЕ СРЕДСТВА ПРАГМАТИКИ В РЕКЛАМНОМ ТЕКСТЕ.....	253

Мырзатаева Г. Ш. Накаткова О. И.	ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ПОТЕНЦИАЛЫН ҚАЛЫПТАСТЫР ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ И ВОСПИТАТЕЛЬНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ ЛИТЕРАТУРЫ В ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОМ РАЗВИТИИ УЧАЩИХСЯ.....	255 256
Пшембаева Р. Ж.	МОДУЛЬНАЯ ТЕХНОЛОГИЯ С ПРИМЕНЕНИЕМ ТРЕХМЕРНОЙ СИСТЕМЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА В ПРОЦЕССЕ КРЕДИТНОЙ ТЕХНОЛОГИИ.....	258
Сандыбаева А. Т.	ІС-ӘРЕКЕТ СУБЪЕКТІСІ – АВТОР.....	260
Сараева О. А.	ОЦЕНОЧНЫЕ АССОЦИАЦИИ НОМИНАЦИЙ ЮНОШИ.....	262
Сарсенова М. А.	ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННОГО МЕТОДА НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ....	264
Сағынадин Г. С..	ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АПОЛОГ: ТҮЛКІ БОЛМЫСЫ.....	266
Табакова З. П.	ЭТНОПОЭТИКА КАК КОМПОНЕНТ РЕГИОНОВЕДЕНИЯ В ВУЗЕ И ШКОЛЕ...	270
Шоқабаева С. С.	-УЫЛ, -УІЛ, -АУЫЛ, -ЕУІЛ ЖҰРНАҚТАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ ЖАЙЫНДА.....	272
Абилхамитқызы Р.	БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ МҰРАЛАРЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ.	273
Нұрбанова А. Қ.	ҮСТЕУДІҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ БІРЛІКТЕРІ.....	276
Сарсенбаева С. И.	ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАК УСЛОВИЕ САМОРЕАЛИЗАЦИИ ЛИЧНОСТИ.....	277
Елубаева К. К. Акылова Л. А.	СТИЛИСТИЧЕСКИЕ ФУНКЦИИ ОБРАЩЕНИЙ.....	280
Қосыбаев М. М.	М. ҚАШҚАРИДЫҢ «ДИУАНИ ЛҰҒАТ-ИТ-ТҮРІК» ЕҢБЕГІНДЕГІ ТҮЙЕ МАЛЫНА ҚАТЫСТЫ МӘДЕНИ ЛЕКСЕМАЛАР.....	282

IV СЕКЦИЯ. АУДАРМАТАНУ МЕН ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПЕРЕВОДОВЕДЕНИИ И МЕТОДИКЕ ПРЕПОДАВАНИЯ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ

Волкова Л. В.	ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ СТУДЕНТОВ ЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ.....	285
Савенкова Н. А.	РЕФЛЕКСИВНЫЙ МЕТОД ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ КАК СОСТАВЛЯЮЩАЯ ФОРМИРОВАНИЯ ЯЗЫКОВОЙ И РЕЧЕВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ.....	287
Сулятецкая Н. Л.	ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ДЛЯ ЭФФЕКТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ.....	291
Аренова Г. У.	КОММУНИКАТИВНО-КОГНИТИВНЫЙ ПОДХОД ПРИ ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ В ВУЗЕ.....	292
Дьяченко О. В.	РАЗВИТИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ НА ЗАНЯТИЯХ ПО ЛИТЕРАТУРЕ СТРАН ИЗУЧАЕМОГО ЯЗЫКА (АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА).....	294
Кюналь А. П.	ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МУЛЬТИМЕДИЙНЫХ СРЕДСТВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА.....	297

Турлина Г. З.	ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ПРИ ОБУЧЕНИИ РАЗГОВОРНОЙ РЕЧИ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА.....	299
Жусупова Г. М. Алтымбаева А. К.	ОСОБЕННОСТИ НЕВЕРБАЛЬНОГО ОБЩЕНИЯ.....	301
Берлібай А. Б.	ЯЗЫКОВОЙ ПОРТФЕЛЬ КАК СРЕДСТВО МОТИВАЦИИ СТУДЕНТОВ НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ К ИЗУЧЕНИЮ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА.....	303
Давлетова С. Е. Алипбекова Л. У.	ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА АУТЕНТТІК МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘСІЛДЕРІ.....	306
Берішева Л. Б. Берішева Д. Е.	ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ШЕТ ТІЛІН ОҚУҒА УӘЖДЕУ ӘДІСТЕРІ.....	308
Калиаскарова Г. Б.	ЛЕКСИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ.....	311
Салменова Г. И.	АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	312

**Қазақстанның білім беру жүйесі:
тарих және қазіргі заман**

Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары
/ Жалпы редакциясын басқарған А.Қ. Құсайынов. – Астана: ЕАГИ, 2011. – 322 бет.

**Система образования Казахстана:
история и современность**

Материалы республиканской научно-практической конференции
/ Под общей редакцией А.К. Кусаинова. – Астана: ЕАГИ, 2011. – 322 с.

Редактор: Жармаханова Гүльсулу Ескермесовна
Компьютерная верстка: Зубченко Денис Иванович
Ответственный за выпуск: Снаговская Наталья Борисовна

П.л. 40,0 Сдано в набор 22.11.2011 г. Формат 60x84/8
Усл. печ. л. 37,4 Уч.-изд. л. 20,1 Тираж 500 Заказ 50

Отпечатано в типографии АФ АО «НЦ НТИ»:
010000, г. Астана, ул. Пушкина, 15, тел.: 274-164